ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘӨЖ 811.512.122373 *Қолжазба құқығында*

ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ: ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ "ДАЛА" КОНЦЕПТІ

Мамандығы – 6D050400 – журналистика

МУКУШЕВА ҚҰРАЛАЙ

Философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Нұрғожина

Шетелдік кеңесші:

Давид Шомфай Кара
PhD доктор, профессор (Венгрия)

Қазақстан Республикасы
Алматы
2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3
1 XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ АСПЕКТІСІ РЕТІНДЕ 12
1.1 XX ғасыр басындағы Алаш көсемсөзіндегі “Дала-қазақ жері-қазақ елі” идеясының жаңғыруы 12
1.2 Ағартушылық мазмұндағы ұлттық дүниетанымдық көзқарас бірлігі 24
1.3 Қазақ дүниетанымындағы рухани-этнологиялық, әдеби-мәдени тың ізденістер және “Дала-еркіндік-азаттық” ұғымдарының тұтастығы 53
2 «ДАЛА» КОНЦЕПТІСІ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР МЕН СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР 68
2.1 «Дала» концептісі: тарихи-танымдық деректер мен пайымдар 68
2.2 «Дала» концептісінің семантикалық сипаты мен лингвомәдени өрісі 93
2.3 Қазақ көсемсөзіндегі «Дала» концептісі: тұрақты тіркестер мен тілдік бірліктер қолданысы 105
3 ДАЛА» КОНЦЕПТІСІНІҢ “ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ” ҰҒЫМЫНА ҰЛАСУЫ: ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ 123
3.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасының (“Туған жер”) «Дала» концептісімен сабақтастығы 123
3.2 Қазіргі ұрпақтың ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру және «Дала» концепті мен “ Рухани Жаңғыру ” идеологиясы 134
3.3 “Дала” концепті – ұлттық дүниетанымның алтын арқауы: Алаш мұраты және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы феномені 145

ҚОРЫТЫНДЫ 154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 164

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Тәуелсіз Қазақстан қазіргі кезде әлемдік қауымдастықтан өзінің әлем мәдениетіне қосқан тарихи үлес салмағына сай лайықты орнын алуға ұмтылуда. Бұл жолда ұлттық мәдениет пен халықтың өмірлік ұстанымдарына, қазақ тұрмыс-тіршілігінің рухани түпнұсқасының қайнарына соқпай өту мүмкін емес. Сонда ғана біз ұлттық сана-сезімінің талаптарға сайкестенуін және оның даму үрдісін жалғастыра аламыз. Бұл ел алдына қойылған мақсаттардың орындалуына апарар ұмтылыстардың айқын жолы. Осы тұста өткенді зерделеу, оның ұлы тұлғаларына жүгіну, ұлттық, азаматтық идеясын сараптау, әлеуметтік-саяси бағдарын бағамдау, дүниетанымдық көзқарастарын зерттеу орынды. XX ғасыр басында қазақ халқының саяси тарихы мен мәдениетінде жарқын із қалдырған, қазақ баспасөзін жаңа белеске көтерген – алашорда азаматтарының көсемсөзі.

XX ғасырдың бас кезі патша үкіметінің отарлық жүйесіне қарсы қазақ халқының бостандығы жолында күресе білген ұлт зиялыларының кезеңі еді. Сол тұстағы ұлы мұраттар сол кезде де, қазір де қазақ қоғамындағы рухани құндылықтар қатарында зор үлесі бар және елімізді дамыту жолындағы ізденістер мен жаңа зияткерлік бастамаларға негіз болады. Алашорда көсемсөзі бойына ұлттың ұлы жолдары мен мақсаттарына, тарихына, мәдениетіне, ұлттығына негіз болған қазақ дүниетанымындағы білік-білімнің әр түрлі салаларына қатысты өте ауқымды мәселелер мен көзқарастарды, мұраттарды тоғыстырған. Осы негіз, біріншіден, бізге тұтастық, бірегейлік жағынан әлі де тұғыр, бағдаршам бола алады, яғни, көсемсөзден ұлттық идеяны көруге болады, көсемсөзді тек жанр деп қарамай, оның қоғамдағы, ғылымдағы барлық салаға қатысын баса айтқымыз келеді. Екіншіден, көсемсөз адамның ішкі –сыртқы әлеуетін өсіретін қарымды күш.

Ғасыр басында Ресей империясындағы саяси оқиғалар қазақ даласында да ұлт-азаттық қозғалыстың өріс алуына, ұлттық сана-сезім оянып, ұлттың ұлт болып өмір сүруіне рухани таяныштар ізделіне бастауына негіз болды. Рухсыз ұлттың басқа халықтармен терезесі тең өмір сүре алуы – неғайбыл. М. Дулатов осыған орай «Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт» – деді /Қ. 1915, №155/. Сондықтан да қазақтан шыққан зиялы азаматтар мамандықтары басқа болғандықтарына қарамастан, халықтың ұлттық сана-сезімін ояту, қалыптастыру мақсатымен, қазақтың азаматтық тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерттеуді өз қолдарына алды. Осы кездерде Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтің, С.Торайғыровтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, С.Сәдуақасовтың, М.Әуезовтің, Р.Мәрсековтің, Қ.Кемеңгеровтің, Ы.Мұстамбаевтың, С.Қожановтың, С.Сейфуллиннің, т. б. ойлары «Қазақ», «Айқап», «Сана» т.с.с. газеттерінде жариялаған көсемсөз арқылы көрінеді, себебі олар зиялы қауыммен тығыз қарым-қатынаста болу газет арқылы жүзеге асатынын жақсы түсінді және газет бетінде оң-теріс пікірін білдірушілердің де бағытты дұрыс ұстауға көмегі тиіп отырған еді. Көсемсөз ағартушылық бағыт ұстады, ондағы бар мақсат халыққа түсіндіру, елді дамыту, тәуелсіздікке деген ұмтылыс болды. Тәуелсіздікке

ұмтылыс, азат ел болу арманының сан ғасырлық тарихы бар. Алашордашылар бұл мұратты тарихтың тағдырлы кезеңінде халық алдына, жаһан алдына алып шықты. «Алаш» партиясының төңірегіне топтасқан ұлт зиялылары қыруар жұмыстар жүргізді. Олар әрі саяси қайраткер, әрі шығармашылық иесі, әрі ғалым, әрі іскер адамдар бола білді. Сондықтан да олардың қалдырған мұрасы бірнеше саланың өзекті нысаны бола алады. Олардың ұстанымы –жер мәселесі, жердің асты-үстіндегі байлықтың қазақ игілігіне жұмсалуы, ел бірлігі, ұлттың руханиятының құлдырамауы, тәуелсіз ғылым мен ұлттық дүниетанымның өрістеуі болатын.

Алаш азаматтарының араласуымен қазақтың төл газет-журналдары басылып шыға бастады. Осы мәселелермен айналысатын, халық санасына жеткізуші жаңа рухани шығармашылық орта қалыптастырып, қазақ көсемсөзінің іргетасын қаласты. XX ғасыр көсемсөзінде патша үкіметінің тосқауылына қарамастан, қазақ идеологиясы қалыптасты. Олардың жақсы да, көлеңкелі тағдыр-талайы осыған байланысты шешілді. XX ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады.

Мұхтар Әуезов берген баға бойынша «жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газетінің болуы оның қадір-қасиеті мен мән-маңызын арттыра түседі. Қазан төңкерісіне дейін шыққан газет-журналдардың бірлі-жарымы болмаса, көпшілігінің бағыты «Қазақ» газетінің бағытына ұқсас, ұлтшылдық бағытта болды. Басылымдар сол кезеңде: «Ұраным, қорғаным, сен Алаш! Жолыңда құрбандық мал мен бас!» [1,б. 87],–үшін құрбандыққа баратындарын да жасырмады.

Қазақтың дала даналығын нәр алған алаштың арда ұлдары ұлтына деген шексіз махаббат, ұлты үшін қызмет ету жолын өздерінен соңғы ұрпаққа мәңгілік мұра еткені күмәнсіз.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық өмірінің шынайы шежіресі, ұлттық ой-сана ұясы болған басылымдар легі төл журналистикамыздың қалыптасып, дамуына әсер етумен қатар, халықтың ұлттық сана-сезімінің оянуына шексіз үлес қосты, азаматтық, саяси көзқарас қалыптастырды. А. Байтұрсынов қазақ даласына түскен ауыр жағдайларды «түнерген-түнерген қара бұлттарға» теңеді. «Түбі қандай белгісіз. Не боларын білмейміз. Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсыз, Ашылып-шашылып, қамсыз жатқан халықпыз» [2,б. 77],– ғасыр басындағы халықтың алаңсыз болмай, ес жиюын осылайша астарлап жеткізді.

«Басқадан кем болмас үшін білім керек, білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті олуға бірлік керек, осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» [2, б. 25], – деп ұрандады. Олар үшін ең басты іс бұл жер, тіл, ұлт, дін, билік һәм сот сияқты ұлттық, азаматтық мәселелер болды.

Ұлт руханиятын танытуда және XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының басынан өткерген тарихи әрі саяси оқиғаларды анықтайтын, дөп басып, дәл жазатын көсемсөзді зерттеу өзектілігі зор.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық мәдениетімізге айрықша мән беріліп, маңызды мәдени-тарихи құндылықтарды сараптау мүмкіндігі туды. Еліміздің алдында әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына

қосылу мақсаты тұр. Халықтың тарихи жадысын түлетіп, елдің тарихын, мәдениетін көптеген тың мағлұматтармен толтырыру көзделіп отыр. Қазақ ұлтының қай салада болмасын бәсекелестікке, білімге, ғылымға қайта қарап, «ұлттық код» мұраларын түгендеудің маңызы зор. Зерттеу жұмысында XX ғасыр басындағы көсемсөз ұлттық рух, ұлттық код, ұлттық ойлау тұрғысынан қарастыру көзделіп отыр. Алаш публицистерінің өмір тәжірибесін ғылыми тұрғыда тұжырымдап, әсіресе рухани-мәдени дәстүрлер мен дүниетанымдық құндылықтарын рухани жағынан қайта жаңғырту мен тұтас ғылыми жүйеде қарастыру қажеттігі туындайды. Сондықтан халықтың рухани қажеттілігін қамтамсыз ететін дүниетанымдық деректерге ғылыми зерттеулер жүргізіп, түрлі кітаптар, энциклопедиялар құрастыру, ұлттық мұрағаттық қорды келешек ұрпаққа жеткізу – бүгінгі заманның өзекті мәселелерінің бірі болмақ.

Қазір ғылым салаларын интеграциялау үрдісі басымдық танытып жатқаны белгілі. Қазіргі ғылымның беталысы – қоғамдық сананы жаңғырту. Гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпілістің көрінісі кез-келген ашылулардың ғылымилығы, оның методологиялық жағы деп түйсінген жөн. Методология күрделі теориялық және тәжірибелік міндеттерді жүзеге асыру мен қолданудағы әдіс-тәсілдер екені белгілі. Жұмысымызда заманауи дүниетанымдық қағидаларының жиынтығы мен жүзеге асыру жолдарын іздестіру мақсат етілді.

XX ғасыр басы әр түрлі күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі. Сол кезеңдегі нақты уақыттың өлшемі, көрінісі – көсемсөз, себебі ол нақты оқырманға нақты мәселемен жолданған, оның авторының айтпағы айқын, шынайы, ұстанымы белгілі. Көсемсөздің тілін зерттеу өзекті ойдың, ақпараттық дәлдіктің, авторлық позицияның нақтылығын береді. Көсемсөздің концептосферасын зерттеу XX ғасыр басындағы көсемсөз идеясын аша түседі. Ондағы ой – бізге бүгінгі күні бағдаршам.

Қазақтың дүниетанымдық құндылығына ара түскен көсемсөздік материалдарды талдай отыра, «Дала» концептін жан-жақты ашу ойға алынды. Тарихи-мәдени маңызы бар «Дала» концептісі алаш баспасөзі деректерін де көптеп орын алады.

Көсемсөздің тілін, оның бейнелілік концептілік өрісін зерттеуге деген қызығушылық көбінесе адамдар мен елдер арасындағы заманауи әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалдардың, халықаралық байланыстардың кеңеюімен түсіндіріледі.

«Дала» концептін нысан етуіміз – оның көсемсөздегі қолдану өрісін ғана айту емес, сонымен қатар тарихи – мәдени маңызын, оның материалдардағы қолданысын эмоцияналды-этикалы тұрғыдан қазақ діліндегі, мәдениетіндегі қабылдану ерекшелігін ашу. «Дала» концепті – қазақ табиғатын ашатын концептілердің бірі, сол себепті ол әлеуметтік-мәдени тұрғыдан көсемсөзде бедерлі орын алған, оның қазақ үшін көңілінің тоқтығын, мақтаныш, киелілік, жетістік, қадірлі бір ұғымды ұялататыны аңғарылады.

Концептосфера жөніндегі ұғымды алғаш рет Д.С. Лихачев тұжырымдап, бұл терминмен концептілер жиынтығын белгіледі. «Жиынтығында ұлттық тілдің концептосферасын жасайтын концептілер сан алуан салаларға жатады».

Сонымен қатар ғалым ұлттық тілдің концептосферасын халық мәдениетімен тығыз байланыстырып зерттеу қажет деп пайымдайды. Ол: «ұлттық мәдениет – әдебиет, фольклор, ғылым, бейнелеу өнері неғұрлым бай болса, ұлттық тілдің концептосферасы да соғұрлым бай болады, ол ұлттың бүкіл тарихи тәжірибесімен байланысты» [3, б. 177], – деп жазған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінде: «Күн батысы Сырдария, күн шығысы Ертіс, Оңтүстігі Жетісу, Солтүстігі Еділ-Жайық, сол төрт судың арасы Дешті Қыпшақ жұртының қонысы еді, сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел таралды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе? – деген мақал болған себебі осы»»[4, б. 303],– деп көрсетілген. Еуразия даласындағы мал өсірушілердің тіршілік аумағы Ұлы Дала деген атқа ие болғаны белгілі. Яғни, Қиыр Шығыстағы Корей түбегінен басталып, Қара теңізге жалғасатын, Байкал мен Оңтүстік Сібірден Ауғанстанға дейінгі шекараны алып жатқан байтақ өлкені «Ұлы дала» деп атаймыз. Осы далалық аумаққа қазақ халқының тікелей қатысы бар екендігін бүгінгі тарихи жәдігерлер мен ескерткіштер дәлелдейді.

Сол сияқты Л.Гумилевтың «Хунну», «Древние тюрки» кітаптарында жазған ұлы дала этностарының тарихы бар, сол себепті де теперіш көргені белгілі, кеңестік ғылымнан табиғаты бөлек, тарих ғылымына қосылған салмақты «Древняя Русь и Великая степь» мақаласы да қазақ үшін «Дала» сөзі бос үн емес екенін аңғартады.

Шежіреші ақын Мағжанның: Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?!»[5, б. 27],– деуі осыдан. Қазір барлық әлемді қызықтырып отырған Алтайдан Днепрге дейінгі Еуразия сахарасында әрі сулы, әрі таулы, әрі далалы өркениет болғанын пайымдау жолындағы зерттеулер. Сондықтан «Дала» концепті мен ХХ ғасыр басындағы көсемсөздің рухының тамырластығы зерттеуіміздің негізгі жаңалықтарының бірі.

Елбасы өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлестерін дәлелдеу арқылы жалпытүріктік рухани негіздегі қасиетті қазыналар жасалғанын, «рухани мұрагерлік жалғасын тауып, әрі сонау ғасырлардың терең түкпірінен ұлы түркі еліне жасампаздық серпін бере білді» [6, б. 75], – деп қорытады.

Дала дегеніміз қазақ, қазақ дегеніміз дала десек болады, себебі қазақтың дүниетанымы көшпелі далалық тұрмыс-тіршілікпен тығыз байланысты, қазақ тіні де соған байланысты қалыптасты. Ұлтарақтай жер үшін күресу, батырлықты әс көтеру, кез–келген қиындыққа төзімділік, өмірдің мәнін дала табиғатымен салыстыра екшеп ұғыну, салт-дәстүр, наным-сенім, киелілік, ән-жыр, сауаттылық барлығы табиғатпен үйлесіп өмір салтын қалыптастырудан өрбіген. Дала заңын бұзбау, даладай кең, қонақжай болу, бар қажетін дала төсінен өндіру сынды қазақтың болмысы қалаптасуына даланың ықпалы зор. Халықтың көшпенді өмір салты кеңістіктен өз малына қолайлы жайылымдық жерлер іздеумен қатар, даланың мал тұяғынан тозып кетпеуінен сақтану болатын. Қоршаған орта мен далалық әлемді түйсіну, сезінудің нәтижесінде дүниетанымдық көзқарастар қалыптасқан еді.

Түбі бір түркі тілдес халықтардың тарихи Отаны туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында КСРО-ның ыдырауы кейін

күшпен жойыла жаздаған, тарихи тамыры тереңде жатқан, мемлекеттердің қайтадан қалпына келуіне ұласқандығын тілге тиек етті. Қазіргі басты міндет ең алдымен ұлттық табиғатты қалыпты жағдайға келтіру болып табылады. «... Даму стратегиясын, ұлттық мемлекеттік ерекшеліктерімізді, саяси тарихымыз бен мәдениетіміздің өзіндік сипаттарын, этникалық дәстүрімізді, тағы да басқаларды ... қысқартып тұжырымдағанда, өркениеттік-мәдениеттік аямызды түгел ескере отырып, өзіміз сақтауымыз қажет» [7, б. 7], –деп халыққа жария еткен болатын.

Қазақ дүниетанымы көшпелілік менталитетпен тығыз байланысты болды. Қазақтың тұрмысы үнемі өзінің малына қолайлы жайылымдар мен өріс боларлық жерлер іздеумен байланысты болды. Қоршаған орта мен өз заманына сай далалық әлемді түйсіну, сезіну соның нәтижесінде дүниетанымдық көзқарастар қалыптаса бастады.

Тәуелсіздігімізді жандандыру жолындағы басты мақсаттарды ой елегінен өткізе отырып, академик Манаш Қозыбаев ұлттық дүниетанымымызды қайта жүйелеу қажеттігін алға тартады. Ғалымның тұжырымдауы бойынша «ұлттық дүниетаным дегеніміз – жай ұғымдар мен түсініктердің жиынтығы емес, ғасырлар бойы атадан балаға көшіп, ана сүтімен әрқайсымыздың қанымызға сіңген дүниені қабылдау ерекшелігіміз, ойлау машығымыз, бағалау өлшеміміз» [8, б. 221] Кез келген жаңа ілім-білімді, ғылыми жаңалықты өз дүниетанымдық көзқарасымызбен қабылдасақ қана, құнарлы топыраққа түскен әлгі ілім мен жаңалықтың жемісі баянды болмақ. Ұлтымыздың болашақ ғылымы мен білімі, мәдениеті мен өнері сияқты дүниетанымдық игіліктерімізді игере отырып, жоғары бағалау арқылы ғана әлемдік өркениетке қол жеткізе аламыз. Сондықтан еліміздің тарихын жұртшылық санасына жеткізуді мақсат еткенде, XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетанымды жүйелеу ісін еш уақытта назардан тыс қалдырмауымыз қажет.

Өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу –мемлекет тұрғысынан аса өткір қойылатын талаптардың бірі. Қазақ көсемсөзінің бай мәдени мұраларын сақтау, ана тілімізде әлемдік әдебиет пен ғылымның асқан үлгідегі қорларын жасау, ұлттың мәдени - интелектуалды білім деңгейін көтеру, өскелең ұрпақты жалпыәлемдік құндылық идеалда рына бойлатып, халықтың өз ұлтының мол мұрасына деген дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігін ескеру заманауи гуманитарлық ғылым саласында жемісті қадамдар болмақ.

Зерттеу нысаны:

XX ғасыр басындағы газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалар, қазақ журналистикасының тарихы және қазіргі зерттеулер аясы.

Зерттеудің пәні:

XX ғасыр басындағы көсемсөздеріндегі "Дала" концептінің ұлттық дүниетаным негізі ретіндегі көрінісі.

Зерттеу жұмысының дереккөздері: Зерттеу жұмысының дереккөздері: XX ғасырдың басындағы қазақ көсемсөзшілерінің 1900-1930 жылдардағы баспасөз материалдары, Алаш зиялыларының еңбектері, зерттеу-танымдық еңбектер.

Зерттеу жұмысының әдістері: Зерттеу жұмысына материал жинау әдеби талдау, жинақтау, тарихи- салыстырмалы және кешенді-түсіндірмелі әдістер қолданылды. публицистикалық материалдарды тұжырымдап баға беру, сараптау, талдау, лексика-семантикалық, бейнелі-символикалық, этно-әлеуметтік тұрғыда талдау, топтастыру, жүйелеу, жалпы халықтық түсініктерді модельдеу, интерпретациялық әдіс.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері:

Журналистика ғылымын зерттеген Қ.Бекхожиннің, Б.Кенжебаевтың[9], Т.Амандосовтың[10], Т.Қожакеевтің, Р.Нургали[11], Ш.Елеукеновтің, Ү.Сұбханбердинаның[12], С.Имашевтің, Ә.Ыдырысовтың, С.Матвиенконың, Т.Ыдырысовтың, Қ.Әбілдаевтың, М.Арғынбаевтың, С.Масғұтовтың, Р.Сағымбековтың, Н.Омашевтың[13], У.Қалижанның[14] Д.Қамзабекұлының [15], Т.Жұртбайдың, К.Матыжановтың, С.Қозыбаевтың, Ө.Әбдіманұлы [16], Б.Жақыптың[17], Қ.Аллаберген[18], К.Камзиннің, С.Медеубекұлы, А.Мектеп [19], Қ.Сақ [20], Ш.Нұрғожина, А.Рамазанова еңбектерінде де көсемсөз туралы жекелеген пікір-тұжырымдар кездеседі.

Сондай-ақ қазақ тіл білімі бойынша зерттеулердің тілдік символдар мәні арқылы әлемді тануды дәлелдеген Э.Д.Сүлейменованың [21], адамзаттың этноментальды әлемінің тілдегі көрінісін зерттеген Н.Ж.Жарқынбекованың [22], эмоция, гештальт-құрылым түріндегі концептердің көрінісін айқындаған К. Жаманбаеваның, сөйлеу әрекетінің когнитивті модельдерінің типологиясын жүйелеген Г.Гиздатовтың, концептілердегі ұлттық-мәдени компоненттерді зерттеу көзіне айналдырған Ш.Елемесованың [23], ғылыми-зерттеулері толыққанды қарастырылған.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері: Х ғасырдың басындағы қазақ көсемсөзіндегі дүниетанымдық көзқарастар мен қазақтың тілдік санасындағы «Дала» лингвомәдени концепті кешенді тұрғыда талдау. ХХ ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетаным, рухани құндылықтарды ашу үшін мәтінжасамда концепт әлеуетінің түзілуі мен сипатталуы және оның журналистика саласында іске асу заңдылықтарын зерттеу.

Осыған орай төмендегідей міндеттер қойылды:

- ХХ ғасыр басындағы Алаш көсемсөзіндегі “Дала-қазақ жері-қазақ елі” тұтастығын іздестіру;қазақ дүниетанымы қалыптасуының тарихи кезеңдерін жан-жақты талдап, оның ұрпақ тәрбиесіндегі өзара ықпалдастығы мен байланысын ашып көрсету;
- М.Көпеевтің көсемсөздегі ролін айшықтау;
- ХХ ғасырдың басындағы көсемсөздегі дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық сияқты тарихи, әдеби құбылыстар мен ұғымдардың мәнін ашу;
- қазақ дүниетанымының әдіснамасы мен оның мазмұндық құрылымын жасауда алаш қаламгерлерінің игі әсерін жаңаша бағамдау;
- «концепт» ұғымының негізі мен ұлттық-мәдени компонент мәселелерінің негізгі теориялық тұжырымдарын сараптау, көсемсөзге негіз болған белгілер тобын анықтау:
- алаш көсемсөзіндегі «Дала» концептімен берген авторлық саяси ойларының кодын ашу;

- көсемсөздегі «Дала» концептінің эмоцианалды-этикалы тұрғыдан қазақ діліндегі, мәдениетіндегі қабылдану ерекшелігін ашу;
- «Дала» лексемасының этимологиялық «интерпретациясын» қарастыру, қалыптасу үрдісіне тарихи сараптама жасау;
- қазақ көсемсөзіндегі «Дала» концептін бейнелік және символдық тұрғыдан сараптау, семантикалық өрісін ашу;
- «Дала» концептінің публицистикалық жанрдағы мәтіндік таңбасын анықтау;
- Қазақ көсемсөзін ЖОО-да жан-жақты оқытудың әдіснамасын әзірлеу, ғылыми-теориялық негіздерін айқындау, оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдарын негіздеу;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетанм бейнесі мен «Дала» концепті ұғымы тұңғыш рет бір ғылыми жүйеде қарастырылды;
- зерттеу жұмысында публицистиканың елшілдік мінезбен ұлт пайдасына қызмет етер табиғатының бастауын аша отырып, қазақ баспасөзінің қалыптасуындағы дүниетанымдық бағыттар жеке бөлініп қарастырылды;
- XX ғасырдың басында публицистиканың, публицистердің ұлттық қоғамдық ойды қалыптастырудағы өткір ойлар мен батыл ұсыныстары азаматтық, прагматизмдік позициясы бүгінгі көзқарас биігінен сараланды;
- халқымыздың дербес елдігі үшін күрескен алаш ардақтыларының қазақ даласындағы саяси, экономикалық, рухани мәселелерді көтерген ойлары бәсекелестіктің бастауы ретінде көрсетілді;
- Зерттеуде М.Ж.Көпеевтің публицистиканының қалыптасуы мен дамуына қосқан еңбектеріне ерекше маңыз берілді, рөлі байыпталды;
- «Дала» концепті еркіндіктің ішкі де, сыртқы көрсеткіші болып табылып, қазақ көсемсөзінің XX ғасыр басындағы ахуалын көрсеткен тұлғасына кешенді талдау жүргізілді;
- қазақ көсемсөзіндегі «Дала» концептісін құрайтын мазмұндық компоненттердің динамикасы құрастырылды;

Зерттеудің теориялық мәні:

Зерттеу жұмысы нәтижелері, пайымдаулары қазақ көсемсөзі жайлы ізденістердің ғылыми-теориялық негіздері және ұстаным бағыттарын нақтылауға, оның өзекті мәселелерін саралауға пайдасы болады. Сол сияқты қазақ публицистикасының қалыптасу және даму арнасы терең түрде жеке жүйеленді, алдағы уақытта осы зерттеу қазақ публицистикасындағы концепттік бейнелеу құралдарын тексеру, талдау бағытындағы тың ізденістер мен нақты ғылыми нәтижелердің жолын сала алады Инновация тәсілдері мен жаңа технологиялар маңызды салаларда ұлт дүниетанымы мен болмыстың алғышарт болуына көңіл аударады.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік мәні:

- зерттеудің материалдарын, нәтижелерін «Бақ саласының стилистикасы», «Алаш баспасөзі», «публицистика тілі», «Ұлттық дүниетаным» теориялық, практикалық курстарға пайдалануға болады;

- Зерттеудің тұжырымдары көсемсөз жанрынан арнайы курстар, семинарларда болашақ журналистке сөз қолдану шеберлігін жетілдіруде қолдануға болады;

- зерттеу барысында жасалған тілдік талдаулардың түсіндірме және фразеологиялық сөздіктерін тәжірибеде қолдануға болады;

- Алаш алыптарының салалық прагматикалық ойларын ЖОО-да арнайы курстар етіп өткізуге болады;

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзіндегі мемлекеттілікке, ұлттық-мәдени құндылықтарға көзқарастары, Алашорда қайраткерлерінің экономикалық тұжырымдары, әлеуметтік жаңғырту мәселесі, Қазақстанның кешегі саяси тарихы бүгінгіге бағдар болады;

- алаш көсемсөзі – ұлттың өзін бөлінбес территория ретінде сезінуі, ұлттың аспанның астында, жердің бетінде өз орны бар ел ретінде өз еншісін, үлесін анықтау харакеті, дала тағылымы;

- адамдар мен елдер арасындағы заманауи әлеуметтік-экономикалық, саяси ахуалдардың, халықаралық байланыстардың кеңеюіне байланысты көсемсөздің концептілік өрісін зерттеу тіл табысу жолы болып табылады;

- Алашорда қайраткерлерінің көсемсөз материалдарынан концепт арқылы жазушының сөйлеу әрекетінің когнитивті көрінісін, автордың ойын, ниетін іске асыруды қамтамасыз ететін журналистік мәтінді ұйымдастыру принципі ретінде жұмыс істей алады;

- Журналисттік мәтіндердегі концептілер автордың ой-арманын, ұстанымын жеткізеді;

- «Дала» концепті ақпараттық мәтіндерде болмайды дерлік. Көбінесе аналитикалық және көркем-публицистикалық жанрдағы мәтіндерде концепттік реңкі әртүрлі көрініс табады. Аналитикалық мәтіндерде концепт оқиғаны немесе жағдайды талдаудың жалпы үрдісіне енгізілген. Көркемдік және журналистік жанрларда «дала» концептінің көбінесе жеке авторлық қабылдауы берілген, бұл көсемсөзшінің немесе журналисттің болған жағдайды бірегей түрде түсінік беруіне мүмкіндік туғызады;

- «Дала» концепті автор санасындағы қарқынды шығармашылық белсенділіктің индикаторы, автордың жеке стилінің жарқын белгісі, оның басты мақсаты әлеуметтік құбылысқа теріс немесе оң баға беру, ол ұғымдық атау емес, концепт арқылы көсемсөзші немесе журналист өз сөзінің ауқымын әртараптандыруға мүмкіндік алады;

- «Дала» концепті XX ғасыр қазақ көсемсөзінде қоғамдық-саяси феномен ретінде аса әсерлі, бедерлі. «Дала» лингвомәдени концепт болып табылады, оның негізгі мазмұны зерттеу нысанында былайша көрініс табады:

1) екі бағыттағы саясаттың қарама-қайшылығын ұғындыратын образды бейнелілік-символдық жағы;

2) «Дала» концептінің көсемсөзші, саясаткер тұлғалардың мінезінің, саяси ахуалдың тұжырымдамалық көрінісі ретінде берілуі;

3) қоғамда қабылданған эксплицитті және имплицитті мінез-құлықтың нормасын интерпретациялаушы концепт ретіндегі құндылығы.

- «Дала» концептінің ұлттық маңызы зор, қазақ тілдік ортасында өсу, кеңею, толысу мүмкіндігі бар жаңару сипатына ие концепт.

Зерттеу жұмысының жариялануы және мақұлдануы: Зерттеу нәтижелерін сыннан өткізу мен ендіру: Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнының тұжырымдарын құрайтын мәселелер бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарда жарияланды. Сонымен қатар Scopus базасына енетін нәлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында баяндалып, мақұлданды.

Диссертацияның қолжазбасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тарау мен қорытындыдан, сондай-ақ пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ АСПЕКТІСІ РЕТІНДЕ

1.1 XX ғасыр басындағы Алаш көсемсөзіндегі "Дала-қазақ жері-қазақ елі" идеясының жаңғыруы

XX ғасыр басындағы қоғамдағы саяси жағдайлар мен тың өзгерістер қазақ дүниетанымының қалыптасуына әсер етпей қоймады. Кеңестік тәртіп 1917-1919 жылдардағы қазақ қоғамының саяси жағдайын оқырманына бір жақты өздеріне оң болған қырымен баяндап, өрескел бұрмалап ұсынды. Бақытымызға қарай, тәуелсіздік алған сәттен бастап қазақ тарихы қайта қаралып, қайта оқытылып келеді. Дегенмен сол кезеңге қатысты тарихи деректер мен тарихи жазбаларға әлде де тереңірек үңіліп, әр қырынан сараптау бізге міндет. Тарихшы ғалым М.Қ. Қоигелдиев: «газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамында болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы» [24, б.111], – деп өз бағасын береді.

Қазақ публицистикасының XX ғасыр басындағы кезеңі тәуелсіздік жылдарынан бастап, қайта сараптаулардан өткізіліп, тиісті бағасын да алып үлгерді. Оған дәлел ретінде бірқатар ғалым-зерттеушілердің көсемсөз саласының түрлі бағыттарына сай жүргізген еңбектерін келтіруге болады. Осыған дейін қазақ көсемсөзінің теориясы мен тәжірибесіне қатысты мәселелерді тұңғыш бір арнаға келтіріп, публицистикалық материалдарды жеке пән ретінде қабылдап, оның ішкі мазмұны, түрін, әдісі, қызметі туралы ғылыми тұжырымдар жасаған профессор Т. Амандосовтың «Современная казахская публицистика» [10], Н. Омашевтың жетекшілігімен жүзеге асқан «Ұлттық идеяның қайнар көзі – Алаш публицистері мұраларын жинастыру мен жүйелеу, талдау және жариялау»[13] бағдарламасының аясында атқарылған еңбектер, Ө.Әбдіманұлының «А. Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы»[16], Б.Жақыптың «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары»[17] атты қазақ журналистикасына сіңірген өлшеусіз еңбектерінің құнды екендігі даусыз.

«Публицистика сөз өнері саласының ең үлкені. Көркем әдебиетке иық тіреп, қалыптасып, өркендеп-өскен шығармашылықтың салмақты бір тармағы» [17, б. 10], – деп публицистиканы зерттеген сайын оның ашылар қыры арта түседі. Осының өзі – еңбекке арқау болған тақырыптың өзектілігі мен қоғамдық сұранысқа ие болып отырғандығының тағы бір дәлелі. Десекте, біздің айтпағымыз қазақ публицистикасының қазақы дүниетанымдық табиғаты. Бүгінде қай мәселеге де ел тәуелсіздігі тұрғысынан қарап, егемен еліміздің қажетіне қарай оң шешім жасауға бет бұрдық. Осы себептен де көсемсөздің табиғатындағы айтылмаған, зерделенбеген мәселелерді айқындап, еліміздің өркендеуіне, рухани жаңғыруына қолғабысымызды тигізсек деген ниет уақыт талабынан туындайды. Осы тұста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елін жаңа белеске көтеру мақсатымен айтылған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан тұшымды ой келтірсек: «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру

дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оңай-ақ...» [25] – екендігіне көз жеткіземіз.

Осы күні ұлттық сананы ояту, еліміздің барша тұрғынына отансүйгіштік қасиеттің дәнін егіп, оны дамыту және сол арқылы тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы үшін барша жұртымыздың бір ұлттық мұраттың маңайына жұмылдыру – мемлекеттік деңгейде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер. Осыған қалай қол жеткізіп, қайтсек баянды етеміз деген сауал төңірегінде Елбасымыздан бастап, Отанымыздың барлық саналы азаматтары ойланып-толғануда. Соның бір жолы ретінде өткенімізді танып-біліп, тарихтан салиқалы сабақ алу арқылы болашаққа қадам басу керектігі алға тартылуда.

Тәуелсіздікке қол созуда XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының өз халқының болашағы үшін жасаған еңбектері орасан болды. Олар өз ұлтының көзін ашып, селқос жатқан рухын оятып, білімге бойлатып, тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да қызықты, ең сенімді жолын саналылықпен таңдап алды. Ал халық рухын оятудың басты құралы –ел арасында кеңінен тарай алатын, тәуелсіз ел болуға жетелеу басты мұраты болып табылатын газет-журналдар ұйымдастыру еді. Баспасөзді елмен байланыс орнататын, ұлттық идеяны насихаттап, санада жаңғыртатын қарымды қару деп білді. Шынында, публицистиканың қоғамдағы рөлі орасан зор. Ол кез келген мәселеге қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоғамдық санаға ықпал жасайды. Әрине, қоғамдық санаға публицистикадан өзге де өнер түрлері, атап айтқанда, театр өнері, кино өнері, айтыс өнері т.б., сонымен бірге тәлім-тәрбие ошақтары, әлеуметтік орта, табиғат құбылыстары т.б. әсер ететінін жоққа шығармаймыз. Дегенмен қалың бұқараға қаратып айтылатын, көтерілген мәселе туралы пікірді иландырып, ұйытып, әсерлі жеткізетін публицистиканың орны ерекше екенін айрықша еске саламыз.

XX ғасыр басындағы Алаш публицистерінің қазақ қамы үшін жанұшыра еткен ерен еңбектері көсемсөз арқылы көрініс тапты. Газет бетіндегі жарияланымдар қаймана қазақ санасына найзағайдай әсер етіп, ұйқыдан жұлқып оятып, көкірек көзін ашып, рухани дүр сілкіндіріп, қоғамдық өмірде үлкен серпіліс туғызды.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамының үлкен этноәлеуметтік кеңістігінде саяси тұрғыдан алғанда сауаттану үрдістерімен қатар, оның әлемдік өркениеттегі маңыздылығы жоғары құндылықтар дүниесімен танысуға мүмкіндіктері ашыла бастады.

Тарих беттеріне үңілсек, патшалық Ресей өзінің қол астындағы елдерді барынша қараңғылықта ұстамақ болғаны белгілі. Себебі олар қазақ қоғамының өркениетті тұрғыда мәдени гүлденуінің қажеттілігін мойындағысы келмеді. Бұл біздің қазақтың ғана емес, әлем тарихында бодан елдердің басынан кешкен дүние екені белгілі. Бұл жерде орыс қоғам зиялы қауымының да біздің этномәдениетімізге көзқарасы өркениетті сипатта болғанын айтып кеткен жөн.

XIX-XX ғасырларда қазақ мәдениетіндегі, әдебиетіндегі, қоғамындағы ой-толғаныстар мен көтерілген негізгі мәселелер дәстүрлі қазақ ойшылдығына сүйенгенімен, олардың ойлау кеңістігі кеңейіп, қазақ дүниетанымын Еуропа дәстүрімен ұштастырды. Мұндай беталыс Абайдан басталып, XX ғасырдың

басындағы басқа да қазақ ойшылдарының шығармаларында өз жалғастығын тауып, кең өріс алды. Ал Абай, Ыбырай, Шоқанға қазақ публицистикасының алғашқы үлгілері ретінде баға беріледі [26, б. 440], [27, б. 263]. Оны бізге Абай, Ыбырай, Шоқан үлгі еткендей орыстың рухани мәдениетінің жақсы жақтарын қабылдауға, сөйтіп өз қазақы дүниетанымның негіздерін орнықтыруды басты мақсат етті.

Ш.Уалиханов – ұлтының ұлылығын әлемге әйгілеген ұлы ғалым. Болашақ ғалым дала әніне, ана уіліне, түркілердің елдігі мен ерлігіне әлдиленіп өсті. Ол арғы баба ғибратын, халқын, жерін, тіл мұрасын сақтауға негіз болған ұлттық фольклорды әс тұтты. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» «Сахарадағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (құдай)»деген еңбектерінде қазақтың ұлттық дүниетанымының негізгі мәселелеріне қатысты ойларын келтіреді [28, б. 440]. Қазақ даласында шамандықпен айналысуды түсіндіргенде күн мен айды сыртқы, жұлдыздар мен жер – алғашқы құдірет деп көрсетеді. Бұл кеністіктің көріністері. Бұл – Дала. Дала құбылыстарын түсіну, қабылдау негізінде далалықтардың дүниетанымы қалыптасқан. Далада қазақ халқының тіршілік ету пәлсапасы қалыптасқан. Мысалы, «Тәңір (құдай)» деген мақалада қазақ халқының қасиет тұтатын ырымдары себебін тіршілігі – малға байланысты екендігімен түсіндіреді. Қазіргі кезде қай ғылым саласын алмасаң да негізгі мәселелерінің маңыздылар қатарында адам және қоршаған ортаға қатынасы айтылады. Ш.Уалиханов бұны ауқымды мәселе етіп XIX ғасырда-ақ айтқан болатын. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде « табиғат және адам, өмір мен өлім әрқашан түпсіз сырға толы ғажайып таңдану пәні болды деп көрсетеді» [29, б. 440]. Солайша, орыс ішінде терең ойлы ғалымдармен қатар тұрып, өзін мойындатты.

Ыбырай Алтынсариннің тұлғалық дүниетанымына туған елі, ауыз әдебиеті, орыстың классика әдебиеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері елеулі әсерін тигізді. Халқының заманға ілесе білуінің бірден-бір жолы ағартушылықта деп сенді. Қазақ жерінде халық ағарту ісін ұйымдастырды және оның дамуына белсене араласты. Ы. Алтынсарин «Жаз», «Өзен» сияқты өленderінде табиғатты өзінше тамашалап қана емес, оның адам санасына сіністі болған көріністерін қоса көрсеткен, қазақ не айтса да, нені түйсінсе де сол дүниетанымын көрсетеді. Мысалы, «Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!» [30. б.18], «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым» деген өлең жолдарында, «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» т.б. шығармаларында осы пікірді қуаттайды.

Абай Құнанбаев – қазақ ағартушылығында қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті сатысында теңдесіз орын алған ұлы ақын, ойшыл. Абай – қазақ әдебиетінде сын реализмін негіз еткен тұңғыш адам. Оның ойынша ақынның азаматтық бейнесі, кейпі шындықты бейнелеуден, қоғамдық қиыншылықты әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіріре білгендігінен көрінеді. Дүниетанымдық мәселесіне келсек, Абайдың шығармашылығында жоғарыда келтірілген ұлттық дүниетаным нышандарының барлығы орын алған. Ол асқан дарындылығымен, ой-өрісінің тереңдігімен, халқына деген қамқорлығымен әлемге әйгілі болды. Абайдың тіршілікке көзқарасы ой-шұқыры көп күрделі мәселе. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде адам «...көзбен көріп, құлақпен

естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» [31, б. 48]. Бұл тағы да әр халықтың өзіне жақын нәрсесінен танымын дамытатынына куә сөз.

Бұны XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының да дүниетанымынан табамыз. С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жүсіп т.б. зиялы қауым қайраткерлері саясат сахнасына шығып, сөз алды етіп «Зар заман» дәуірі өкілдерінің ойларын, пікірлерін өрбітті [15, б. 32]. Өз шығармашылықтарында отар бұғауынан құтылу, қазақты өзін жеке тәуелсіз ел ету, халықтың санасын ояту, надандықтан арылу мәселелерін көтерді.

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ зиялы қауымының қуғын-сүргінге ұшырауымен қазақтың ұлттық дүниетанымдық ұстанымдары әлсіреп, ой-пікірлер жүйесінің дамуы бәсеңдеді. Қазақ қоғамы мен мәдениетінде жаңа идеологияға сай заманауи нышандар пайда бола бастады. Біріншіден, Ресей қазақ даласын толық отарлау саясатына көшті. Бұрынғы қазақтар ішіндегі дәстүрлі басқару мен реттеу тетіктерінің күші азайды, тіпті жоғалды десе болады. Билер соты өзінің ел ішіндегі қарым-қатынастарды реттеуші қызметінен айырылып қалды. Орнына патша үкіметінің заңдары қазақ даласына енгізілді. Бұл өте қауіпті ұсыныс болатын.

Ә.Бөкейханов осы жайлы анық түрде «Қазақтың би һәм билігін өзгертіп не керек, шірік жіп қанша жалғағанмен не іске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады; шариғатқа қарату керек деп біздің моллалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз» дей отыра, оны басқаша түсіндіргісі келеді: «…қазақ орыс сот жүйесіне аударылар болса, онда баяғы қаңғырған жаман биіне зар болар. Біз орыстың судьясына қарасақ бұл судья рәсіммен билік айтпас, закон жолымен айтар. Мұның бұл законы қайда? Қазаққа әкеліп мұжық қамытын кигізе салса, бұл бір түске кірмеген қиыншылық. Мұнан қазақ безуі керек. Не бұл судьяға қазақ рәсімін араластырып қазаққа ыңғайлы закон жасап берсе, онда орыс судьясын мойындау керек. Бірақ бұл орыс судьясына құл болсақ, судья біздің жұрттың тілін білмейді. Біздің өзімізден судья болатын қазақ жоқ есебінде. Переводчикпен биге түскен соң бұл дауда не қасиет қалады? Бірі бас десе, бірі құлақ деп қарап тұрмай ма? Судья даугер мен жауапкердің сөзін өз құлағымен естімесе, тәмәм мылқау ортасынан не жақсы билік шықпақ, елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса құрылған көп ұлтты Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресей өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия берілсін» [32, б. 28]. Тек сот жүйесіне ғана байланысты емес, Ә. Бөкейханов жалпы мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты осындай өткір пікірде болды.

Әрине, қазақ оқығандарының ұлттық мемлекет құру ісіне байланысты саяси бағыты ылғи да дамып, өзгеріп отырғандығы белгілі. Десек те, болашақ ұлттық мемлекет, сол сияқты демократия сипатындағы пікірлеріі осы кезде-ақ қалыптаса бастаған еді. Өз кезегінде ұлт зиялылары патшаның орнатқан мемлекет басқару жүйесінің түгелдей дерлік отарлық сипатын, әрине, жақсы түсінді. Әкімшіліктің осы ұстанымы қазақтарды жақындатпаған губерниялық

және уездік мекемелердің қызметінен ғана емес, ең азы қазақтардың қолына тиген болыстық қызметтен де анық көрінді. «Қазақ» газетінде жариялаған біраз материалдарының ішінде «Сайлау аяғы бітпейтін дауға ұласты. Болыс, көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелген бұралқы болды. Мұның сөзін тыңдаған адам жоқ, мұның болыстығында не қасиет, болыстық елде не береке...» [33, б. 38]. Ресей әкімшілігі шағым беруді ресми түрде бекітті, барлық мәселені болыстар мен ояз әкімшілігі шешіп отыратын болды.

Екіншіден, дәл Кеңес өкіметі кезіндегідей патшалық Ресей дәстүрлік мәдени реттеу тетіктерін толық жоймады, яғни, қазақ жеріндегі мүдде-мұраттарына қарсы келмеді, іске асуына кедергі жасамады, құқықтық ұстындардың, нормалардың өмір сүруіне бейтараптық танытты, «көнбістік» көрсетті. Оның жарқын мысалы, мектептер ашу, баспасөздің қанат жаюы, т.с.с. Бұл жергілікті халықты «игеріп», басқарып тұру, оны «тыныштықта ұстап тұру» мүддесі тұрғысынан туған, осы көзқарас аясында бағалап, пайдалануға тырысты. Қазақтардың мәдени-рухани, реттеушілік-басқару, іс-қимылдық бағдар беру әлеуметін Ресей мемлекеті өз мүддесі шеңберінде қолдап, қолданып отырды. Бұл XX ғасыр басындағы қазақтың оқыған азаматтары газет-журнал шығаруына ықпал етті. Бұл мәселеде де әр тараптың өзіндік мақсаты бар болатын. Патша үкіметі үшін қазақтың кең даласын басқарудың құралы болса, ал алаштықтар үшін патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан құтылудың, ұлт бостандығы үшін күресудің бірден-бір жолы – баспасөз бетінде халыққа сөз айтып, елдің санасында сілкініс туғызу арқылы қазақ азаматтығына қол жеткізу деп білді. Бұл үшін өзге дамыған елдер тәжірибесін үлгі ретінде ұсынды. Мысалы, А. Байтұрсыновтың мына түйіні осыған дәлел: «Халыққа газеттің осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газет-журналдары көп. Оны мынадан байқауға болады. 1909 жылғы санаққа қарағанда Америкада шығатын газет һәм журналдың есімі жиырма бір мың төрт жүз отыз бес, Францияда сегіз мың тоғыз жүз қырық, Германияда сегіз мың, Италияда үш мың бір жүз жиырма, Россияда екі мың елу сегіз екен. Бізде құр алақан болғанымыз жоқ. «Айқап» журналы шықты. Бұл бұрынғыдан гөрі, бір адым болса да ілгері басқанымыздың белгісі. Бірақ бір адым ілгері басып, сол күйімен тұрып қалсақ, онымен алысқа ұзай алмаймыз» /Қазақ. 1913, №1/. Сөйтіп, қазақтың оқыған азаматтары газет-журнал шығаруға басты назар аударды. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан құтылудың, ұлт бостандығы үшін күресудің бірден-бір жолы – баспасөз бетінде халыққа сөз айтып, елдің санасында сілкініс туғызу арқылы қазақ азаматтығына қол жеткізу деп білді. Бұл үшін өзге дамыған елдер тәжірибесін үлгі ретінде ұсынды.

Үшіншіден, қазақтың дәстүрлі мәдениетін түбегейлі өзгерту құйтырқылық күштеу ұстыны арқылы жүргізіліп отырды. Мысалы, бір отырықшылықты орнатудың өзі қазақ даласында қазақ мәдениетін қаншалықты өзгерткенін білеміз, оның ішінде ұлттық қолөнер, ұлттық музыка, ұлттық тіл, ұлттық әдебиет, атеистік көзқарас зардабынан ұлттық дәстүрлерімізге деген қысастық

деп санамалап айта берсек болады. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жататыны белгілі. Ал қазақтың дәстүрлі мәдениеті ешкімнен кем емес. Бір ғана эпос жанрын айтсақ, әлемде теңдесі жоқ десе болады. Қолөнердің ең ұлы шыңы – өзіміздің киіз үй, біріншіден, сүйектен, ағаштан, киізден, шиден, яғни, қолында бар материалдан құрастырылған, екіншіден, бұл – қазақтардың ақыл-ойының табысы. Қазақтар кез-келген тұтынған затын өнер деңгейіне жеткізген. Киім үлгісі, ою, зергерлік бұйымдар, домбыра, ешкімде жоқ күй өнері айта берсе қазақтың рухани мәдениеті өте бай. Ал XX ғасыр басында патшалық Ресейдің асқан өрескелдікпен ұлттығымызды жоюдың басты құралына айналдырған тарихымыздың, мәдениетіміздің белді де бірегей құрамдас бөлігі – ана тіліне деген қысастық болатын. «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [33, б 125,].

Қазақ халқының бодандыққа қарсы толассыз көтерілістер кезеңі – XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы. Қазақтың қазақ болып қалыптасқалы көрген талай соғысында жеңіліс таппағаны белгілі, ал бұл жердегі бодандықтың зардабы-дербес мемлекеті болмағандығы мен ресми әскердің жоқтығы, бұл көтерілістердің тағдырын алдын ала шешіп отырды. Елдегі қазақтардың ең басты келіспеушіліктерінің негізгі себебі – олардың жайылымдары мен шабындықтарын, мал өрісін тартып алуы. XIX ғ. аяғында бұл саясат үкімет тарапынан ресми сипатқа ие болды. Сөйтіп, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениетінің әлсіреуі далада мінез-құлықтық ретсіздікке әкеп соқты. Сонымен бірге ұлттық сананың оянуына әкелді. Қазақ даласында үздіксіз ұлт-азаттық қозғалыс дүмпуі бой көтере бастады. Ендеше, еркін егеменді ел – Қазақстанға бастау болған даңғыл жолдың сүрлеуі еді. Қазақ қайраткері М. Дулатұлы XX ғасыр басында өзінің атақты «Оян, қазақ!» деген мәдени бағдарламасын жариялады.

Бұл тұста қазақ халқы үшін ислам ерекше мәдени және рухани қорғаушы күш қызметін атқарды. Қазақ қоғамындағы дүниетанымдық бағдарларды, саяси ұстанымдарды тек дін тұрғысынан қарауға болмайды. Қазақ зиялылары қазақ руханиятының іргетасын тек мұсылмандықпен байланыстырмай, жалпы саяси, мәдени және әлеуметтік тұрғыда орыс мәдениетімен байланысты үзбеудің маңыздылығын да жақсы білді. Жалпы қазақ дүниетанымында ешкіммен дүрдараз болу деген ұғым жоқ, өйткені қазақ өмірсүйгіш халық, көршілермен тату өмір сүру – қазақтың ділінде. Қазақ сары далада табиғатпен үндесіп, асқан үйлесімділікпен өмір сүрген, көршілес елдермен де қарым-қатынас осы ұстаным негіздеріне жақын болғанын қалады. Бірақ күш патшалығы басымдық еткен заманда бұндай жақындық екіталай болатын. Ресейдің патшалығының пәрмені кең қанат жаюына байланысты, құнарлы жерлердің жетіспеушілігі, үкіметтің орыстандыру саясатына наразылық, өз жерінде отырып құқықтық теңсіздікке деген қарсылық, ислам дүниесі және т. б. факторлар қазақтардың наразылығын тудырды. Сондықтан да қазақ іші өжет түрде, қасқайып шайқасқа

шығуға мәжбүр еді, ең өткір қарсылықтардың бірі Ресейдің қатты тісі батып қатайған, нуы мен суы бар жерлерді тартып алған өлкелерде көрсетілді. Жазаланып жатса да, қазақтардың наразылығын біржола жоя алмады.

Қазақ дүниетанымы тікелей текетіресті өршітуден гөрі мәселелердің түбірін бейбіт жолмен шешуді көксейді, адамды рухани жетілдірудің тетігін іздейді. Сөйтіп оны әлеуметтік саладағы әділеттілікті орнықтыру тетігіне айналдыруды көздейді. Ресей патшалығы қазақ халқын отарлауда мынадай саясат ұстанған: қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру, тұрғылықты елдің рухын, сағын сындыру үшін христиан дініне енгізіп, яғни, орыстандыру еді. Ең қауіптісі – қазақтардың ұлттық санасын оятпау үшін болған құйтырқы істер болатын. Сөйтіп, қазақтардың азаматтық сезімін өшірудің бір құралы болыстық сатылы сайлау жүйесін орнықтырды. Қазақтың рушылдықтың отына май құйып, өзара жауластырып қою бағындырудың амалы еді. Қазақ зиялылары бұл саясаттың түпкі қитұрқы негізін аңғарып, оны жүзеге асыруға қарсы тұра білді.

Қазақ дүниетанымының іргелі түсініктері бойынша бәрі алдын-ала тағдырда жазылған деп келеді. Қазақ түсінігінде еркіндік – жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдау. Сол себепті, қазақтың дүниетанымы империялық нормаларды қабылдамады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін замана лебінің жаңа талаптарына сай әрі үйлесімді өзгертудің бір бағдарламасын қазақ ағартушылары негіздеген. Сол себепті төл мәдениетке қатысты құндылықтарды заман талабына сәйкестендірді. Бұған дейін «Зар заман» мәдениетінің өкілдері патша ықпалынан болған өзгерістерді теріске шығарып, өткенді жандандырғысы келсе, қазақ ағартушылары Ресейдің екі сипатын бір-бірінен айыра білді (орыс білімділері және әкімшіл жүйе).

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде жария етілген алашордашыл қаламгерлердің мақалалары мен шығармаларынан Кеңес өкіметінің қолдан жасаған таптық азаттығынан гөрі ұлттық бостандықты аңсайтынын аңғаруға болады.

Ғұмар Қараштың мезгілсіз таңнан, жауынсыз, құр желдеткен шаңнан, таң атты, мезгіл болды деп тездетіп құрылған заңнан қорқам деуінің өзі соның айғағы. Мұнда күн-көсемнің көлеңкесінде күні өтетін заманнан сескенетінін бейнелеп берген. [34, б. 107]

Міржақып Дулатов болса, алашының намысын қозғап, көзін ашып, басын көтеріп, нашарлап кеткен дінді, жерді қорғауға шақырып, қазағын оянуға шақырды.

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап, хал hарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты!»[35, б. 82], – деп, елінің намысын жанып, әсіресе, жастар жағының білімге ұмтылып,замана лебіне ілесуін көздеп, барынан айрылып, базары тарқап, бүтінімен көпе-көрнеу жұтылып бара жатқанына күйініп, шырылдап оятуға тырысса, халқының көз-құлағы болған "Сарыарқа" газеті арқылы: «Қазақ-қырғызды капиталист, буржуй, жұмыскер деп бөлуге болмайды. Бізде Европа халықтарындай зауыт, фабрика жоқ, бізде

миллионер, жатып-ішер жоқ. Біздің халық ақсүйек, қара сүйек, бай, жұмыскер, жерлі, жерсіздерге бөлінген емес. Қалың қазақ-қырғыздың тіршілігі, шаруасы – мал бағу. Қазақ жері бұрыннан да жеке адамның еншісіне бөлінген емес»[36. б. 203], – деп, қазақтың ел болуға бекемдігін, ынтымақта тіршілік етіп келе жатқан халық екенін жазады

Міне осындай қатынастардың терең астарын байқаған қазақтың бас көтерер азаматтары ағартушылық ісінің таусылмас қайнар көзін өрбітуді насихаттайды. Ал, Әлихан Бөкейханов 1917 жылы 26 қарашада "Қазақ" газетіне жариялаған «Ел қорғау» атты мақаласында: «Ел қорғау екі түрлі болады: халықтың құқын қорғау бар, мал-мүлкі, жер-суын қорғау бар. Қазақ орысқа қарамай тұрған шағында ел басына дау келсе, халық құқығын қорғайтын билері болған, елге тиер жау болса, халықтың мал-мүлкін, жер-суын қорғайтын батырларына ерген азаматтары болған... Қазаққа өз жабдығыңды өзің ойлап, өлмес қамыңды істе деп отырғанымыздың мәні осы... Россияға паналамаған кезде қазақ едің: өлер ме едің, яки өлмес қамыңды істер ме едің? Өлмес қамыңды істер болсаң, істейтін шақ міне туды»[37, б. 45], – деп, қазаққа қарата оятарлық сөз айтады. Бұл олардың қазақ жеріне тәуелсіздіктің туы желбіреп түбі бір келетініне, оның орнығатынына сенгені іспетті. «Атқа мінген азамат, сендерге ел керек, жұрт керек болса, басшылық қылып Алашты аман сақтау қамына кірісіңдер!

Намыстан, Алаш!

Жігерлен, Алаш!

Тас бауыр болма, Алаш!», – деп, «Сарыарқа» газеті (№33. 1918 жылдың 9 наурызы) арқылы Алашына үн қатады.

Сол бағытта сындарлы саясат жүргізіп, елі үшін қызмет етті. Олардың әрбір жазған қаламгерлік еңбектері ұлттың тарихи кеңістігі үшін үлгілі, ерекше келбеттегі азаматтардың қазақтың рухани әлемінің жаңғыруына шынайы қызмет еткенін, қарапайым қандастарының бір сүйем болса да рухани кемелденуіне түрткі болғанына күмән келтірмейміз. Әрине, олар өзінің ел сүйгіш іс-әрекеттері арқылы өз замандастарына игілікті ықпалын тигізгені айқын. Кейінгі ұрпаққа рухани, мәдени мұраларын қалдыру арқылы ғасырлардың арасына да зияткерлік «көпір» сала білді. Тарихи тұлғалардың дүниетанымдық төлтума ерекшеліктерін анықтау барысында қоғамдық ахуалдың даму үрдістерін, олардың өзара ықпалдасу сипаттарын қарастыру қажеттілігі туындайды.

«Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады» [25, б. 112]. Шынында да, ұлт-азаттық қозғалыстың қазақ даласындағы саяси ұйымдасқан құрылымы «Алаш» партиясының нағыз стратегиялық құжат екеніне дау жоқ. Бағдарламаларындағы ұлттың мүддесін көздеген қарарларына назар аударалық:

1. Ресей демократиялық Федеративтік Республика болуы керек, оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз әрекет етеді.

2. Қазақтар тұратын аймақтардан құралған автономия Ресей Федеративтік Республикасының құрамды бөлігі болып табылады.

3. Ресей Республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар бостандығы болады.

4. Дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы, қазақтардың өзіндік мүфтийлігі болуы керек.

5. Билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі міндетті.

6. Білім алу – барлығының ортақ игілігі. Бүкіл оқу орындарында білім алу тегін. Қазақтардың өз тіліндегі орта және жоғары оқу орындары, университеттері де болуы керек [38].

Алайда тарих қисыны бойынша бұл бағдарлама өмірде іске аспай қалды. Алаштықтар әлеумет үшін осындай тағдырдың тезінде өзіндік жолды негізінен халқымыздың сауаттана түсуімен, ағартушылық ісін дамытуымен байланыстырады. Бодандықтың ең қатал тұсы – ұлттық құндылықтарды жоюдың өзіндік сатысы болғандығын сол кезде баспа бетінде жарық көрген көсемсөз материалдарынан тұжырымдай аламыз. Сараптай қарасақ, ұлтқа тікелей қатысты құнды дүниелерді насихаттаудан қазақ зиялылары әсте жалықпаған. Ресей патшалығы болсын, кейіннен кеңес өкіметі болсын ұлттық мәдениетті шектеу бағытында мынадай іс-шаралар жүргізді:

1. Халықтың мәдени мұрасын «бай, кедей» екі бөлікке бөлу;

2. Атеистік идеология

3. Адам құқықтары идеясы (табиғи құқық) «ескіліктің жұрнағы» болып жарияланды.

4. Қазақтың әдет-ғұрып нормаларымен күресу, ұлттық сана мен психологияның ерекшелігін есепке алмау.

5. Қазақтардың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысатынын біле тұра, жаппай отырықшылық мәдениетіне ауыстыру [38, б. 5].

Бұның бәрі шапқанмен бірдей болды. Әрине, көшпелілік жағдайда қала беруге де болмайтынын баршасы да түсінді. Ал, енді Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және т. б. көптеген қазақтың бетке ұстар көрнекті қоғам қайраткерлер тәуелсіздікке қо жеткізбей қордаланған қайшылықты мәселелер тиісті шешімін таба алмайтынын білді. Міне, сондықтан «Ұлттық мемлекеттік автономия» идеясын іске асыруды көздеп, оның арғы жағында егемендік алуды, тәуелсіздікке қол жеткізу сияқты қадамдар жүзеге асатынына нық сенімді еді.

Бағдаршам іспетті бағдарламалар мен қазақ ішіндегі серпілістер қазақты рухани түлете түсті, діл мен тінін жандандырып, нығайта бастады. Сан ғасыр бойы тұмадай тұнған ұлттық сананың біршама есейіп, өзін-өзі тереңдей танып, Абай айтқандай, ұлт «Мені» негіздерін айғақтауын тездетті.

Қазақ зиялылары ұлтжандылығы жала боп жабылған қарабайыр ұлтшылдық емес еді. Туған еліне арнаған шексіз махаббаты, қазақ үшін күресуі болғанмен, елінің кемшін тұстарына сынай қарауға кедергі болған емес. Сонымдықтан «Қазақ» газеті айналасына жиылған топ Абай мектебінің ізбасарлары, дана ойшылдың негізінде орын тепкен қоғамдық сынның ары қарай жалғастырушылары болды деп нық айта аламыз.

Қоғамның білімалуға, жоғары руханилыққа ұмтылуы әрбір азаматтың сауатты да ақылды болуына жол ашу әлеуметтің жетілуіне, үйлесімділікті өркендете түсетініне XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялылары да

ерекше көңіл бөліп, үлкен мән беріп отырған. Мәселен, ұлтының жанашыры, халқының жан-жақты рухани жетілуінің қамын ойлаған Ахмет Байтұрсынов төмендегідей тұжырымдарын көпшілікке ұсынған еді: «Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Европадай зор істеуге болмаса да, бойымызға шағындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады. Осыны есімізге алып, Европа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтайық» [2, б. 86]. Сөйтіп, қазақ қоғамына XX ғасырдың басында рухани тұрғыдан алғанда өте қажет болған. «Әлеуметтік және мәдени дамуға барынша керек өзіндік әмбебап үлгіні Еуропадан, оның мәдениетінен іздеудің өзі дәстүрлі қоғам шеңберіндегі қауымдастық үшін руханият саласындағы жаңа бетбұрыс болатын» [16, б. 33]. Бұл қаракеттер өзгерістер кеңістігіне қарай қадам жасауға ниеттенген қазақ қоғамының зиялыларының жан-жақты жетілу тетіктерін іздеуі болды. Бұның қатпарында елінің болашағын ойлап, оған деген шынайы алаңдаушылықтар жатқаны белгілі. Өзгенің мәдениетін айтқанда, жастарды білім алуға шақырғанда, ұлттық мәдениетіміздің рухани мәйегін жоғалтып алмауымызға да үлкен мән беріп қызмет етті. Осы маңызды құндылық бағытта қажырлы еңбек еткен қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Жүсіпбек Аймауытовтың сөздері халықтың тағдырына деген терең жанашарлықтың айғағы: «Біздің халықтың ішінде жік те жоқ, құл да жоқ. Біртегіс өнер, білім алуға құқы бар, ерікті теңдес азаматтары ғана бар екенін білеміз. Біздің мақсатымыз: өнер-білімнің жарық сәулесіне ерікті азаматтарға жол ашу, тұйықта жатқан сансыз таланттардың (озаттықтардың) өрбуіне себепші болу. Сөйтіп, өнер, білім жемісін халыққа тегіс жеткізу әр адамның ақыл күші дамуына кең майдан ашамыз, көпке бірдей білім негізін құрамыз» [39, б. 128]. Қазақ зиялыларын өз халқының жарқын болашағына деген сенім алға қарай жетелейді, олардың көптеген қиындықтарға бас тігуіне рухани демеу болады. Міне, XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының өмірлік құндылықтық бағдарлары осындай еді. Қоғам қайраткерлерінің қоғамның рухани жетілуіне бағытталған идеялары жалпы адамилық бағыттағы қазақ зиялыларының қоғамдық болмысы еді. Олар осы мәдени және рухани байланыс арқылы қоғамдық қайшылықтардың біршамасын орнықты түрде шешуге болатындығына барынша сенеді. Бұл әрекеттердің түпкі негізінде гуманистік-этикалық, көркем ойлау, рухани сауықтандыру, әлеуметтік жетілдіру, адамсүйгіштік қасиеттер жатқан болатын.

Өмірдің егжей-тегжей тарихын сөйлетуші де, жеткізуші де ана тілдің құдіреті арқылы берілген «халықтың көзі, құлағы, һәм тілі». Әр халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі газет арқылы шынайы бейнеленеді. Баспасөз шынайы өмірден тыс өмір сүрмейді. Газет арқылы халықтың дүниетанымын, сол кезеңнің, сол уақыттың мәдениетін өз қалпында көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда ұлттың тарихы мен мәдениеті көркем әдебиетте де, өмірде де қатар дамиды деуге болады. Біздің де айтпағымыз, XX ғасыр басындағы көсемсөзден халықтың танымдық ерекшелігі мен табиғатын танытып көрсету, дәлелдеу болды.

XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзі тікелей алаштықтарға байланысты өркендей түсті. Алаш көсемсөзі туралы зерттелді де, зерттеліп те жатыр, күн санап оның тарихи маңызы арта түсуде. Халықтың санасына саңылау салып, ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға негіз болған рухани күштер мен тарихи деректерді сол кездегі өмірдің айнасы іспеттес баспасөз беттерінен оқып, хабардар болдық.

Бұл мәдени үдерістер қазіргі тарихи кезеңнің құнды тұстарын тереңдетіп отыр. Арыстарымыздың азаматтық бейнесін анықтаған сайын тарих қадірін, елдіктің қадірін бағалай түсеміз, ол сонымен қатар қазіргі замандағы ұлттық рухани жаңғыруымыздың да өзіндік жалғасы болатыны да хақ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [25.], – деген болатын. Сондықтан да бүгінгі күні ұлттың дүниетанымына сипаттама беру барысында тарихтың астарында жатқан терең әлеуметтік психологиялық ерекшеліктер мен іргелі ұстанымдарға тоқталғанды жөн деп санадық. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін алаштықтардың шығармашылығынан танып, сараптау маңызды деп есептейміз.

Алаш зиялы қауымының көрегендігі ғасырларды өзара жалғастырушы рухани күштің мәдени құндылықтарда жатқандығын жете түсінгендігінде болып отыр. Басқа елдер құқыққа, эстетикалық ұстанымдарға басымдық беріп жатса, қазақтардың дүниетанымы әруақытта мораль тілін, моральдің жүйелі қалыптарын ұстанған. Оның қайнар көзі – халық ауыз әдебиеті, жыраулық поэзия.

Қазіргі уақытта да жастарды дүниетанымдық тұрғыда жетілдіретін тәрбиелік қайнар көздерді ұмытпау қазіргі заманның зиялы қауымының негізгі парыздарының бірі деген ойдамыз. «Ғасырлардың сабақтастығын осы мағынада өзара рухани тұрғыда біріктіріп, оларды өзіндік эволюциялық тізбекке іліндіріп, жалғастырып тұрған нәрсе ол – адамгершілік қалыптары, рухани құндылықтар екені анық. Сондықтан бүгінгі жас ұрпақ құндылықтар туралы өздерінің көзқарастарын нақты кейіпте қалыптастырған сайын олардың дүниетанымдары да тұтастана түседі» [40, б. 3] Сонымен, біртұтастанған, жүйеленген, адамгершілік ұстанымдарды арқау еткен дүниетанымның иегері әр уақытта елдің бірлігін, мемлекеттің тұтастығын, халқының білімділігін ойлайды. Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек ойлау нағыз патриоттық істің белгісі екені анық. Осындай ізгі қасиеттерді тұла бойына жинақтаған қазақтың ірі тұлғалары – XX ғасырдың басындағы Алаш азаматтары еді.

Қазақтың кең даласын өзінің нәзік лирикасымен өрнектей білген белгілі ақын Мағжан Жұмабаев өзінің көркем образдарға толы дүниетанымын поэзиясында да жеткізе білген. Ол өзінің «Бір күні» деген көсемсөздік белгілерге толы өлеңінде тіршіліктегі өзара бәсекелестің бітпейтін негізінің құпиясын іздейді. Бұл құбылыстың, бұл қатынастың негізінен күшті мен әлсіздің арасында туындайтынына оқырманын мегзей келе «осы текетірестің нәтижесі қандай?» деген сауал да қойып үлгереді. Әрине, «әлеуметтік болмыста, табиғаттағыдай

күштінің басымдық танытатын кезеңі көбірек болады. Ал, енді «жағдай сондай болды екен» деп әлсіздер үнемі жүнжіп жүре беру керек пе? Осы жерде ақын «күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» [33, б. 8–9] деген өз шешімін ұсынады. Осы тұста ол өз ұлтының ашылмаған мүмкіндіктері бар екенін, солар дүниеге паш етілгенде ғана ол жаңаша қырынан танылатынын меңзеп тұрғандай. Жалаң саясаткершіліктен гөрі, осындай шығармашылықтың халықтың зердесіне рухани құндылық болып орныға қалатындай мүмкіндігі көбірек екенін атап өтуге болады. Себебі, қазақ халқы әруақытта өлең сөзге, оның даналыққа толы қадіріне өте үлкен мән-мағына берген және оны өзінің діліне барынша жақын еткен халық болып табылады. Шын мәнінде өмір деп аталатын үлкен теңіздің аңғарына тереңірек бойлау үшін әрбір адамның ішіндегі өзімшілдіктің шектеулі қорғанын бұзып, оның ауқымы барынша азайтылуы тиімді, басқаша айтқанда табиғи өзімшілдік рухани көмкөріліп, зерделенген сипатқа, үйлесімді күйге түсуі тиіс. Ол дегеніңіз Мағжан айтқандай «рухани күшсіздердің күшеюін қажет ететін нәрсе». Қазақтың танымал лирик ақыны болашақ ұрпақты сөзімен демеп, осындай әркімнің болашағы үшін маңызды және құнды нәрселерге үнемі назараудартып отырғанын байқаймыз. Әрине, бұл жасампаз ойды бұрмалап, тіршілікте оны басқаша түсінуге тырысқандар өмірдің ащы дәмін барынша тартары анық, сондықтан адам болу жолында рухани асқақтаудың орнына морт етіп, сынып кетуі де ғажап емес. Өзінің ғұмырын пендешіліктің тұрпайы құндылықтарын дәріптеуге арнаған жан түбінде түсіне алса жақсы, ал өмірден түсінбей-ақ өтетіндер қаншама. Осындай жаңылысу жолынан шығудың өзіндік тәсілі ретінде ойшыл дүниедегі ең құнды нәрселердің қатарын анықтауға тырысады.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласына қазіргі уақыттағы жаңа заманның алғашқы толқыны, өзіндік зияткерлік лебі келді, қазіргі тарихи кезеңнің алғашқы қарлығаштары халықтың өзіндік санасында және этникалық болмысында орнығып, гуманистік сипатта ұя сала бастады. Яғни, рухани дүниенің барынша демократиялана бастауының, тереңдей түсуінің алғышарттары орныға бастады. Осы тұрғыда тұғырлы ойлау еркіндігінің принциптері қоғамдық санада барынша рационалдық ұрықтар түрінде егіле бастады. Қазақтың қамын ойлаудың нағыз дарынды үлгісін өткен ғасырдың басында ұлт зиялылары көрсете алды. Егер тарихтан ұрпақтарға тәлім беретіндей тұлғалық шынайылылықтың үлгісін іздейтін болсақ, онда қазақ халқының өткен ғасырдың басындағы талай азаматтары өзінің халыққа, өнерге, білімге деген риясыз қатынасымен паш ете білді. Қазіргі заманның есепшіл, пысықай прагматизмі, әсіреқызыл сипаттағы еліктегіштігі, әлеуметтік қыспақтарға өзіндік бейімделгіштігі кейде тарихи тұлғалардың дәріптеген, насихаттаған биік деңгейлі руханилықтарының солғын тартқан ғана кейпіндей, жалғасындай әсер қалдырады. Замандастарымызға қазақ зиялылығының ерліктері жетіспейтіндей болады. Әрине, әрбір заманның өзіндік қиындығы да, жетістігі де болады. Өткенді идеализациялау бар да, одан жинаған тәлімдерді, жәдігерлерді құнды дүниелер ретінде қадірлеу бар. Қазақ ғұламаларының шығармашылығына, ағартушылық бағыттағы қызметіне терең дүниетанымдық тұрғыдан көз жіберетін болсақ, олардың тұтастанған дүниеге көзқарасы қоғамның рухани әлемінің көптеген саласын қамтығанын және

олардың бір-бірімен байланыста, өзара ықпалдастықта болғанын, көптеген өзекті мәселелерді қарастырғанын байқаймыз. Олардың шығармашылығы көбінесе энциклопедиялық келбетке ие болғаны байқалады.

Қазір Алаш азаматтарына арман болған, соның жолында құрбан болған тәуелсіздікке қолымыз жетті. Кеңестік идеологиядан арылып, ұлттық сана-сезіміміз алға шықты. Мұстафа Шоқайдың: «Ұлтшылдық идеясы – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да өмір сүреді»[41, б. 60], – деген сенімді сөздері ғасыр соңында жүзеге асты. Ендігі жерде тәуелсіздігімізді бақуатты етіп бекітіп, ұлттық сананың саялы өзегін орнатып, ұлттық жігер-намыс пен ерік-қайратымыздың тұла бойымызда жануы аса қажет. Ұлттық жаңғыру жолындағы мұраттардың елімізге еңбек етуін жолға қою – бүгінгі біздің маңызды мәселеміз. Өйткені ұлттың идеялары – кешегі алаш ардақтыларының бойтұмары болса, бүгінгі тәуелсіздіктің беттүзер нысанасы.

Қорыта айтсақ, Алаш қайраткерлерінің көсемсөздік мұрасы ұлттың баға жетпес мұрасы, олардың айтқан, жазған әр сөйлемі ұран іспеттес. XX ғасырдың басында қазақ елінің саяси-әлеуметтік құқықтарын қорғау, бірегейлікті сақтап қалу жолындағы қарекеттер елге қызмет етудің жарқын көрінісі екенін жеткізуші қазақ көсемсөзі екені даусыз. Қазіргі қоғамдық сананы заманның талабына сай жаңғырта отырып, мемлекетіміздің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін қазақ көсемсөзінің алғашқы бастамасы – Алаш мұраларын зерделеу бүгінгі заман талабы.

Алаш зиялыларының шығармашылығын зерделей келе ұққанымыз, ұлт жанашыры өз халқы үшін емірену керектігін, егілу керектігін қағидат етіп, ұлттық идея етіп алға тартады. [40, б. 7] Олар үшін өз елінің болашағы үшін барлық өмірін сарп ету әрдайым көзсіз ерлік емес, саналы іс-әрекеттің маңыздылығы. Сондықтан олар сауатты болудың, терең білім иесі болудың қазақтар үшін өте маңызды мәселе екендігін жете ұққанын көреміз. Ғылым мен білімнің әртүрлі салаларымен байланыса отырып, елдік мұраттарын өрбіткенін көз көріп отыр. Олар ел ішінде жаңашылдық бағыттағы мектептердің қатары молайғанын көргісі келеді. Адам Абайша айтсақ, білімге ғана қанағатсыздық таныту керектігін айтады. Жастардың білімсізғ өнер үйренусіз кеткен бос уақыты өкініш әкелетіндігін шығармашылықтарында айшықтап отырған.

1.2. Ағартушылық мазмұндағы ұлттық дүниетанымдық көзқарас бірлігі

«Қашанда тіл үшін болған күрес – күрестердің ұлысы» болып табылатынының себебін XX ғасырдың басында қазақтың арда ұлы Ахаң көтерді. Ол «Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып қалуды тілесек, қарын ашпас қамын ойлағанда, тілімізді де сақталуын қатар ойлау керек»[42, б. 112]. Ұлттың тілі үшін күрестің бастамасы Алаш қозғалысымен тұспа-тұс келеді, себебі сол кезге дейін қазақ жер дауы, өзгеден көрген түрлі озбырлық, әділетсіздіктің небір түрін көрсе де, тіліне-дүниетанымына деген қол сұғушылықты бастан кешпеген еді.

Алаш зиялыларының саяси және рухани бас көтеруіндегі негізгі мақсат пен ұрпақ алдындағы міндет – ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау болды. Осындай салмағы ауыр сауапты істің басы-қасында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Өйткені Алаштықтардың қай-қайсы да тілдің тегеурінді алып күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін айқын ұқты. Олар Ресей ықпалында кетіп, жұтылып бара жатқан ұлтының тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, қазақ боп қалуының бірегей себебі тіл екендігін байыптады. Оны рухани тәуелділіктен құтылудың, рухани жаңғырудың күретамыры деп түсінді.

1905 жылы Алаш қозғалысының бағдарламасы ретінде Министрлер кеңесінің төрағасына жазылған петицияда білім беру, кеңсе ісі, сот ісін қазақша жүргізу тұрғысында жазылған қазақтардың талап-тілектері жеткізілді. Бұнда ел басқару жүйесінде отырғандардың жергілікті ұлттың тілін, дәстүрін, әдет-ғұрпын білуі талап етілді немесе соны жақсы меңгергендер ел басқару ісінің басы-қасында болуын талап еткен еді. Себебі орыс тілін білмеу немесе өзгенің қазақ тілін білмеу салдарынан тұрмыстың қай саласында болмасын қазақ зардап шегіп жатқан болатын. Мәселен, қазақ жазуына орыс әріптерінің енгізілуі, қазақша хат тануға деген қарсылық, діни сенімі үшін қудалау барлығы қазақтың танымының тамырына балта шабу болатын.

Профессор Қойгельдиевтің айтуынша, «Қазақтар тіл білмейді деген сылтаумен уезд басшылығы қызметінен шеттетіліп, болыстық қызметтер ғана ұсынылған» [43, б. 77]. Егер тілдің қоғамдағы қажеттілігі мен сұранысы білім беру саласында, баспасөз құралдары арқылы өркен жаятынын ескерсек, патша өкіметі тұсында қазақ тілін тұмшалап, тұншықтыруға барынша сұрқия саясаттың семсерін жұмсап баққанын байқау қиын емес. Бұл әреет қазақ жерін бодандау, отарлау барысында жүргізілген, қазақ тілін ығыстыру – қазақты ығыстырудың бір ғана көрінісі. Мұндай саясат бірнеше бағытта жүргізілген еді, соның бірі-халыққа қызмет ету мекемелерінің істі орыс тілінде жүргізуі. 1867-1868 жылдардағы реформалар нәтижесінде пайда болған уездік басқарудың ең төменгі сатысы болыс және ауылдық билік қана қазақтарға тиесілі болды, қазақ арасында беделді, ел ұстауға ебі бар қадірлілерге жоғарлауға мүмкіндік жоқ, себебі орыс тілін білмеді. Дәл осы заңның патша үкіметі заңдарының ішінде мүлдем жоқтығына Ә. Бөкейхан ашынып, сұрқия саясаттың салқынынан секем алған. Өйткені олар биліктің басқару тетіктеріне ұлттық санадан ада, барынша кедей жастарды тағайындап, өз ырқымен билеуді жүргізе беруді ойлаған патша үкіметі ұлтсыздандыру ісін сол кезден-ақ бастап кеткендігін ашып айтты. Билік басында тілі жұтаң адам отырды дегенше, рухани жұтаңдық басталатынын баса аңғартты.

Шенді басшылардың жергілікті халықпен пікір алмасуы тілмаштар арқылы ғана жүзеге асты. Бұл да астары терең жатқан, жымысқы ниеттен туған тамырсыздықты қазақ арасына бойлату еді. Бұл мансапқорлыққа, руханилықтан материалдық құндылықтарды жоғары қою, биліктен үміті барлардың шектен тыс орыс тіліне құштар болуына жол салды. Бұл –мәжбүрлеу саясаты болатын. Сол арқылы қазақ даласының заңдылығын, қазақтың дүниетанымын өзгертуге негіз етті. Екіншіден, қазақ тілінің өзінің сары даласында қанаты қырқылып, қияға

самғауына бөгет болған қазақтарға ана тілінде оқуға шектеу қоюы болатын. Қазақ даласында көптеген орыс мектептері ашылып, бұл да қазақ тілінің тегеурінін тежеді. Әрине, бұндай мектептер қазақтың көкірек көзін ашу үшін жанашырлық танытқан әрекет емес еді. Керісінше , патша үкіметі алдында қазақ даласын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстау үшін өзіне кадр дайындау мәселесі туындады.

Осындай бодандау жолында жасалып жатқан жойқын әрекеттердің түбін анық аңғарған қазақ зиялылары қазақ тілінің басына үйірілген бұлт тұтас ұлттың күңгір келешегі екенін жанталаса халыққа жеткізуге тырысты.

Тарих беттеріне үңілсек, осы тұста XIX ғасырдың соңын ала өрбіген баспасөз ісі жаңа қарқынмен, жаңа рухпен қазақ даласына жолдама алғандығына куә боламыз.

Қазақ тілінде жарық көрген алғашқы ресми емес басылым «Қазақстан» газеті болып саналады. 1911 жылы 16 наурызынан бастап 1913 жылдың шілде аралығында Ордада, кейіннен Орал қаласында жарыққа шығып тұрған. «Қазақстан» газетінің ерекшелігі, біріншіден, газеттің атауы «Қазақстан» болғандығы. Басылымды шығарушылардың қазақ халқын дербес ел, ерікті мемлекет ретінде қалыптастыруды мақсат тұтқанын көрсетеді. Екіншіден, «Қазақстан» газеті сол кезеңдегі өте кезек күттірмес мәселелерді көтерген, халыққа өнер-білім жолын ұсынған, отырықшылыққа шақырған, нақты кәсіби кеңес берген озық ойлы басылым болды. Газет мақалаларында көтерілген мәселелердің арада бір ғасыр өткенде де өте өзекті екендігі анық көрінеді. Патшалы Ресейдің отарлық езгісінде тұншыққан, «қазақ» деген өз аты аталмай, «киргизкайсак, киргиз» деп бұрмалаған. Ұлт зиялылары тура жүз жыл ілгеріде «Қазақстан» атауын тарих сахнасына алғаш рет батыл шығарып, ресми жария етті.

Сол сияқты «Қазақ» газетінің маңайына жиналған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов т.б. ұлт зиялыларының тарихымыздың қай кезіндегі де саяси оқиғалар тұсында «дәуір үні», «өмір айнасы» бола білген – публицистиканы алдыңғы шепке шығарып, жолбасшылық рөл атқара білгендігін көреміз. Осы тұста да қазақ зиялылары газет беттеріне тіл мәселесін өндірте жазып, айта білді.

«Алаш» партиясының бағдарлама жобасында, тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде оқу мекемелерінде кім болса да білім алатындығын, ақысыз болуын, жалпы жұрттың оқуы жайлы; бастауыш сыныптарда ана тілінде оқыту және т.б. деп атап көрсетіледі. XIX ғасырдағы қазақ ағартушы қайраткерлері мен ақын-жазушылары арман еткен ілім-білімге үндеуі жаңа ғасыр бас кезінде орын алып, нәтиже беріп, көзі қарақты адамдардың қоғамды ояту мен азаттыққа, азаматтыққа жол бастауға шақырды. Осынау зиялылар ішінде елге бағыт берер сарабдал жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас жолға ұмтылған жаңа тұлғалар көріне бастады. Сол көшбасшылардың ең белгілісі– Ахмет Байтұрсынов болды. М. Әуезовтің сөзімен айтсақ, қазақ халқының «рухани көсемі» еді. Соның бірі, әсіресе, «Қазақ» бетінде жарияланған А.Байтұрсыновтың «Бастауыш мектеп» мақаласы оны тіл күресінің белді бастаушысы екеніне дәлел.

Бастауыш мектепте оқу баланың ана тілінде оқытылсын. Ана тілі болып өз үйінде ауыз екі сөйлескенде қолданатын тілі саналсын. Оқу орны бір және екі сыныпты болуын айтты. «Бір сыныпты школдың бірінші һәм екінші жылдық бөлімдері жер ретіне қарай өз алдына бөлек ашылса да болады (ауылнай школ сияқты)... Алғашқы екі жыл оқыту ана тілінде болсын, онан соңғы жылдары оқыту орыс тілінде болсын. Бірақ ана тілі оқу нәрселерінің бірі болып оқытылсын һәм басқа нәрселерді орыс тілімен үйреткенде түсіндіруге демеу болсын. Орыс тілін үйрету әуелгі жылдың соңғы жартысынан ауызша үйретуден басталады. Ана тілі басқа да үйретілетін нәрсенің бірі болмақ. Онан арғы жылдардың бәрінде ана тілі солай болып қала береді»[42, б. 34]. Қазақ баласының дүниетанымы өз тілі арқылы бойына даритынын айтып отырғаны, ана тілі арқылы ұлттық сана-сезім орнығып, ұлтына пайдасы тиер азамат боларына, сол заманда зұлмат болған «орыстану», «шоқыну» үрдісінің құрбаны болмайтынына сенімділігін білдіреді. Ең болмаса бастауышта қазақша білім алған, ұлттық негізде тәрбиеленген қазақ баласы осындай алпауыт замана ықпалының ығында кетпей, тоскауыл бола алатынынан үмітті еді.

Патша үкіметінің оқыту, білім берудегі астарлы саясатының бетпердесі ашылғаны, әрине, оларға ұнамады, ал қазақ үшін ішкі жарасының беті жарылғандай болған еді. Ахмет орыс мектептерін көптеп ашу арқылы тілді жою, тінді үзу мақсаты көзделіп отырғанын ашық айтты. Осы тұста отарлаушылар алғашқыда бастапқы екі жылды өз тілінде оқысын деген жарлығын артынан іле-шала өзгертіп, оқу тек қана орыс тілінде жүрсін деген жарлық шығарып, чуваш мектептерін өз тілінде оқуына тыйым салуы, көзі ашық, көкірегі ояу алаш азаматтарын алаңдатпай қоймады. «Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір ғана тілде, бір ғана дінде, бір ғана жазуда болуы екенін, ал әр халыққа өз жазуы сақталу, діні, тілі керегі » деп жанашырлықпен ескерте жазды [42, б. 56].

Осыдан былай қол астындағы халықты еппен емес, біржолата тұқырта ұстауды төте қойған патша ағзам отар елді орыстандыруға белсене кірісті. Олардың бұл пиғылы қазақ даласындағы орыстың миссионерлеріне тапсырылды. Осы тұста А.Байтұрсынов «...бастауыш мектеп, алдымен, миссионерлік ойдан, политикадан алыс болуы керек, қазақтың діні, тілі, жазуы суық қолдан, сұмдық пікірден тыныш болуы керек», - деді [2, б. 26].

Бұл ойды басқа да алаштықтар қолдап, баспа бетінде жазды. Қошке Кемеңгерұлының «Мектеп қай тілде болу керек?» деген мақаласы жарық көрді. Байқасақ, ұлт мектебі ұлт тілінде болу керек деген өзекті мәселені Алаш оқығандары сол уақытта көтерген. Егер негізгі мектепте оқыту өзге тілде болса, біздің ішімізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептерінің, ұлт мәдениетінің болмау қаупі бар. Өзге түрік ұлттары мектептерінде оқытуды ана тілінде оқытып жүргенде, біздің жұрт әркім өз білгенін істеп, өзгенің қолшоқпары болып айтқанын істеп, айдағанына жүргенін жандарына батады. «Оқыту орыс тілінде жүрсе, не үшін қазақ тілінде кітап басылуды өркендетеміз? Онда пәндік кітаптар қазақ тіліне аударылмайды, себебі түсінікті. Оқыту үшін кітап жоқ деген сылтау ғана, бірқыдыру кітап шығып қалды. Ал енді мектеп қабырғасындағы зерттеу әдістеріне қажетті кітаптарды шығару бір-ақ жылдық

жұмыс. Орта мектепте қазақша оқыту үшін, алдымен, жаңа түрмен орыс грамматикасын қазақшаға үйлестіру керек. «Орысша-қазақша толық тілмаш» шығару жұмысын қолға алу керек» [42, б. 140]. Сонымен қатар өзге тілді мектептерде, оның ішінде орыс мектебінде шет тілдері қалай оқытылып жатса, біздің ұлттық мектептерде де сондай әдіспен оқытылу керектігін айтады. Орыс тілін үйрену үшін, осы тілде кітаптар оқуды әдет етіп, түсінетін жағдайға жету керектігін және ендігі жерде орысша оқыту мен үйренудің тәсілін тәжірибемен ұштастыру керектігін айтады. Орта мектепті қазақ тілінде оқығандар, орыс тілінде сөйлеп, жаза білетіндер, яғни, жақсы меңгерген шәкірттер орыс тіліндегі жоғары мектептерде білім алу мүмкіндігін қиындықсыз алады.

Қазақ тілінде оқытатын орта мектептер оқытқан күнде аймақтардағы екі жылдық мектептер, педагогикалық техникумдер жеті жылдық болғаны дұрыс. Екеуінің де алғашқы жылдары даярлау курстары болады. Даярлық сатысына ауыл мектебінде оқығандар кіреді. Үш жылдық даярлауышта жаңа әдіспен орыс тілін көбірек меңгерткен жөн. «Осы даярлауышты бітіргендердің 50 процентін техникумдерге, рабфактарға жіберіп отыру керек. 3 жылдық даярлауышты жақсы бітіргендер техникум, рабфакке кіріп орыс тілінде берілетін сабақтарды тыңдауға әбден жарайды. Әр ауданда жатақты (интернат) 5 жылдық үлгілі мектеп болу керек. Осы күнде мұндай мектеп Өзбекстанда ашылғалы жатыр. Мұны бітіргендер орта мектептің негізгі бөліміне түсетін болсын. Енді ауыл мектептері көпшілікке отырықшылыққа қарай үйлес болу керек, оқытушыларын шақырып отыру керек» [44, б. 140]. Бұл Алаш азаматтарының қазақты көркейту, білімді, қарымды етіп, тәуелсіздікке жетелеу жолындағы жоспарлары болатын.

Сөйтіп, тілдің дәрежесін сақтап қалу, дамыту мен қолданыс аясын кеңейту міндеттерін мәселе етіп аша отыра, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі бағасын біліп, оған тұңғыш рет берілген тұщымды баға болатын. Бұл да тарихта тәлімі мол тағылым боларлық Алаштың орасан өнегесі. Ресей отаршылдарының саяси және әскери қысымын сезінумен қатар, рухани танымына өктемдігін сезген, қысастығын пайымдаған Алашордашылар ұлттың дүниетанымын аман сақтар қуатты құрал тіл деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті.

Тілге жасалған қиянаттың тағы бірі мектептерде орысша оқыту саясаты аз болғандай, іс жүргізу мәселесі болды. Орысша жүргізу, татарша жүргізу деген сияқты ұсыныстар біраз дүрбелең тудырып, біраз әбігерге салды.

Бұл қазақта оқығандар аз, оқығанының өзі орыстың тілмашы немесе «қағынан жерінген» қазақ екенін беттеріне басқан күндерді де алаштықтар бастан кешті. Ана тіліміздің сол кездегі ауыр хал-ақуалын Ә.Бөкейханның «Мұсылман сиезі» деген мақаласынан байқау қиын емес. Жазбада: «Көп таластан кейін сиез рухани мекеме қағазы «татар-түрік» тілімен жазылсын дедік. Біз қазақ тілі законға жазылсын деп қарыса алмадық, бүктемеде қалатын болғандықтан»[37, б. 56] Бұл оның өзіндік ұстанымын өрбітеді: «Жығылатын болған соң, «түрік» дегеннің ішіне кірдік қой дедік»[37, б.78]. Бұл енді бір үміт, бір өкініші еді, соны осылайша байқатады.

Аты аталған сиезде ресми іс қағазында «татар-түрік» тілі болып бекітіледі. «Қазақ тілі болсын» деген ойларын Ә.Бөкейхан, Ж. Досмұхамбетұлы қанша талап етіп қойса да, талаптары ескерілмейді. Ескерусіз қалғандығы – тіл күресінің бүгіннен басталмағанын аңғартады. Алайда мұның сыры ауыр әрі күрделі болатын.

Ол Абай мен Шәкәрімнің және М. Дулатұлының өлеңдерін тілге тиек етіп: «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған бес миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады? Біздің қазақтың осы тілін тастап, татарға мінгескені адасқандық болар, біз, қазақ, татар тіліне шорқақпыз, татар тілі деген тіл тағы біреу емес, Кавказ, Қырым ауылындағы татарларды Қазан татарымен сөйлестірсе, бірін-бірі ұға ма, жұртқа ыңғайлы болуы үшін рухани мекеме қағазы әр облыста әр жұрттың өз тілінде жазылса дедік»[38, б. 78]. Басқа , оның ішінде, татар тілінен гөрі осы жерде, қазақ тілінің мерейлі екенін атап кетеді. Шынымен, төрткүл дүниенің шартарабында тұрып жатқан қазақтар өзара еш кедергісіз түсінеді ғой. Басқалар ше? Бір ұлттан болса да, әр түрлі тілде сөйлейтін ұлт сирек емес. Бір ұлт өкілінің екеуара ұғыспау мәселесі тек татарларда ғана емес, сонымен қатар дүниедегі көптеген ұлттарға қатысты. Бүгінгі жаһандану заманында күні туып тұрған ағылшын тілі де солай. Осы жайттардан хабардар Ә.Бөкейханов ана тіліміздің біртұтастығын ойтүрткіге салып қойған[37, б. 81].

Алаш азаматтарының көпшілігі білімді татарша алған. Қысқаша түйіндесек, ол уақытта қазақтың зиялылары арасында татар тілі ықпалдылығы зор болды, мүмкін рухани мекемелердің оқыту тілі татарша болсын деулері ғылым-білімі жоқтарға іскери қағаздың маңызыдылығы шамалы дегендері, әйтседе, басқа тілде білім алушылар тамырсыз, ұлтсыз күйге душар боп кетпей, өзгелерден үйреніп оқығанын өз ұлты игілігіне жаратып, ұлтына жаны ашығандары бәріне де үлгі. Алаш оқығандарының басқадан озықтығы оқу-білімді өзгеден меңгере тұра, қазақ мүддесіне қызмет ете білгендігі, ұлттық танымын жоғалтпауы.

Мәселен, Әлихан Бөкейханұлы ана тіліне деген тұжырымын былай түйіндейді: «...Түбінде біздің қазақ тілі бізбен тіл тұқымы бір өзге мұсылманды байытпаса, бір-бірімізге қоңсы қонбаймыз ғой. Ғұмыр жүзінде қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Тарғыннан һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой» [37, б. 130], – дей отыра тіліміздің әлі де өркен жаярына сенім білдіреді.

М.Жұмабаев тілдің адам болмысындағы орны жайлы: «Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде алаты орны. Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілдің арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы – адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында. Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен

айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмыс, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік...» [45, б.108]. Осы жолдар еріксіз көз тартады. Алаш зиялылары ел тағдырына қатысты барша идеяларды өзіне өзек еткен, сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлттың бойындағы ұлы бұлқынысы бола білген. Күреске толы күндері келешекке көзқарас қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл үшін болған алуан күрестері – бүгінгі тәуелсіз елге, тәуелсіз тілге, тәуелсіз күнге жеткен қазақ баласына ғұмырлы ғибрат, өміршең өсиет. Алашордашылардың тіл мәселесі жөніндегі ізденістерінің молдығы елдің тарихында тіл төтенше маңызы бар, терең, жан-жақты екендігін олардың түсінгендігін көрсетеді.

Олардың ереуіл еңбегінің көрінісі болған «Алаш» партиясы бағдарламасының «Ғылым-білім үйрету» атты бабында «Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерінде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу» деп көрсетілген [38]. Сол сияқты «Билік һәм сот» бөлімінде би және судьялар жергілікті жұрттың тілін-қазақ тілін білуі керектігі, аралас жерде соттың тергеу-тексеруі және үкімі жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы қажеттігі, яғни қазақ көп жерде істі қазақша жүргізуді талап қылғандықтары қазақтың өркен жайып, өз алдына дербес ел болуына жанашырлық таныту еді. Кейіннен осы талаптарды тұншықтырып, қара құлыппен тарих қойнауына тоғытуы, қазақтың тілін «қойшылардың» тілінің күйін кештіріп, ұлтты қой бағудан асырмаудың амалы еді. Бұл өресі биік елдің бұндай бұлқынысының тегеурінімен озып кетуінен секем алу болуы да мүмкін.

Бағдарламада қойылған талаптар жер-жерлерде өткізіліп жатқан жиындардың мінберінде, баспа бетінде сөйленді, жазылды. 1917 жылы Жетісуда, Семейде, Ташкентте, Орынборда болған сьездерде мектеп қазақ тілінде болу керек деген шешім қабылданды. Онда:

- «Орыс-түзем мектептерін жауып, ұлт мектептерін ашу»;
- «Осы жылдан бастап орыс мектебінде оқып жатқан қазақ-қырғыз балаларына ана тілі мен мұсылман дінін оқыту»;

- «Жазуды «Қазақ» газеті тұтқан емлемен жазу»;
- «Бастауышты қазақ тілінде оқыту»;
- «Қазақтар ашқан баспаханаларды қазақ пайдасына жарату» сияқты талаптар басты назарға ұсынылды [38].

Осыдан соң XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған елеулі өзгерістер – білім беру жүйесіндегі білім ошақтарында оқу-тәрбие үдерісін балалардың ана тілінде ұйымдастыру мәселелері болды және бұл талап қазақ даласында көптеген өзгерістерді ала келді. Соның бірі жер-жерде ашылған білім беру ошақтарында оқу-тәрбие жұмыстарын ана тілінде жүргізу мәселесі қазақ зиялыларын бей-жай қалдырмай халқы үшін саналы ғұмырын жаңғыру жолына арнауды талап етті.

Жазуды «Қазақ» газеті тұтқан емлемен жазу мәселесіне келсек, бұл қазақ зиялыларының арасында үлкен дау тудырып, газет беттерінде қызу талқыға түскен мәселе болғандығына куә боламыз.

Тарих беттеріне үңілсек жазу, әліпби мәселесі ауық-ауық пікірталас тудырған ауқымды мәселелердің бірі болып саналады. Өз дәуірінің өзекті мәселелерін дер кезінде көтеріп отыратын қазақ баспасөзінің назарынан әліпби мәселесі тыс қалған емес. Шынында да, ғылым-білімнің есігін ашатын кілті жазу-сызудың рухани өміріміздегі маңызы зор. Өйткені, жазу, әліпби әрбір халықтың рухани және мәдени өсуімен қатар даму деңгейін көрсететін аса зор әлеуметтік мәні бар құбылыстың бірінен саналады. Оның кешегісі мен бүгінгісінің қоғамымыздың даму заңдылықтарымен бірге өзгеріске ұшыраған өзіндік тарихы бар. Қазақ даласына ислам дінімен жапсарлас араб жазуы да он ғасырдан астам қолданыс тапты. Қазақ жерін отарлап алған Ресей патшалығы түркі халықтарын рухани біріктіріп отырған араб жазуының орнына орыс жазуын енгізуді мансұқ етті. Миссионер ғалымдар араб таңбаларының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін нақпа-нақ бейнелеудегі олқылықтарын көлденең тартып кириллицаға көшіруге әрекеттенді. Бұл тұста да көзі ашық азаматтардың пікірі бөле жарылды. Кейбір қазақ оқығандары сан ғасырлар бойы пайдаланып келген араб таңбаларының кемшін тұстарын жоюға тырысты. Олар өз ойларын «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды мерзімдік газеттерде ортаға салды. Патша үкіметінің миссионерлік саясатының шешуші буыны қазақ даласына орыс жазу таңбасын енгізу екенін сол дәуірдің алдыңғы қатарлы өкілдері түсініп, оған табанды түрде қарсылық көрсетті. Сол тұстағы қазақ зиялыларының әліпби мәселесін көтерген жарияланымдарын зерделесе, әліпби ауыстырудың саяси астарына жатқан үлкен мәселелерге меңзейді. Газет беттерінде пікірлерін батыл білдіріп қана қоймайды, өз ұсыныстарын айтумен бірге, басқа да азаматтарды маңызды бір мәселе төңірегінде толғануға шақырады. Түркі халықтарының әліпбиі отарлаушы елдердің алпауыт күшімен небәрі 15 жылдың ішінде сан түрлі өзгеріске ұшырап, тағдыр тәлкегін бастан кешірді. Әліпби ауыстыру мәселесінің көтерілуі мен оған қатысты пікірталастың баспасөзде орын алуының саяси-идеологиялық себептері мол. Оның проблемаларын жан-жақты қырынан зерттеуге болады. Әліпби мәселесіне үн қатып пікір білдірген публицистеріміздің қаламгерлік шеберлігінің озық үлгісін көрсете білген тұсы осы кезең болатын. Олардың әрқайсысының қазақ

журналистикасында өзіндік орны бар. Ілгеріректе, ғасыр соңын ала тіл мәселесін үзбей көтерген Рақымжан Дүйсенбаев, А.Құрманбаев, Д.Сұлтанғазин сынды қаламгерлердің есімдерін атауға болады. Олардың шығармашылық шеберлігі бүгінгі қаламгерлерге де үлкен мектеп. Дәл осы ретте, Р.Дүйсенбаевтың: «Егерде біз өз көшімізге қарай шамамыздың келгенінше ескі әліпбиді жетпегенін қосып түзетсек, аз-мұз қате кетсе соңына бір ғұлама шыға келсе түзетер, онша тілден көп білмесек те үлкен қателер бұл турадан кете қоймас» /ДУГ. 1897, №10/, – деген тұжырымы, «Дала уалаяты газетінің» тілшісі А.Құрманбаев қазақ тілі мәселесіне ілгеріде көңіл бөліп «Қазақ тілі турасынан» деген мақала шығарып, қазақтың ана тілінің өзге түрік тілдерінен ерекшелігін, тазалығын ескерткендігін, тіліне деген мақтанышын, тілге деген мәртебесін көреміз, яғни, бұл мәселе сол уақыттың көкейтесті мәселелерінің бірі болғандығын көреміз. Мұнда тілші: «Қасындағы жауласқан халықтардан өздерін өзі сақтамаққа әрдайым аулақ болып тұрған соң қазақ халқының ақылы тың, мінездері қағылез, ойшыл һәм аңдағыш болып өскен еді. Бұл айтылған мінездеріне қарай қазақтың тілі де қағылез, анық, мол болып шыққан еді» /ДУГ. 1894, №27/, – деп туған тіліміздің мәртебесін көтере сөйлейді. Публицист сол кезде Ы.Алтынсаринді барша оқығандарға үлгі тұтады. Алтынсарин сөзімен де, ісімен де қазақ тілінің тазалығы үшін қызмет атқарған адам екендігін түсіндіреді. «Қазақтың тілі сонша мол, ләкін, қазақтың тілімен қандай да бір кітап болса да жазылады»[47. б. 37], – деп ұстаз сөзін қайтадан естеріне алып, оның ісімен де дәлелді етіп, «Қазақ хрестоматиясы» деген орыс әріпімен қазақ тілі байлығын көрсететін кітап шығарғандығын баршаға көрнекті үлгі қылады. Публицист соңғы кездері қазақ тілінің бұзылып, басқа тілдерден енген сөздермен былғанып бара жатқандығынан жалпы қауымды сақтандырады. Тіліміз таза болу үшін, Алтынсарин жолын ұстанып, кітап шығару керектігін айтады. Көпке тарайтын газетке, онда жұмыс істейтін, ат салысатын тілшілердің осы бағытта атқарар ісі өте маңызды екенін, баспасөз ісінің күші мықтылығын айтып өтеді. Сол уақытта бұл ғасыр жүгі болатын. Д. Сұлтанғазиннің бір мақаласы «Қазақ сөзін қалайша жазу турасы» деп аталады. Мақалада қазақ тіліне орыс әріпін пайдалану керек пе, жоқ әлде бұрынғыдай араб әрпінде жазу керек пе? – деген сауалдар төңірегінде ой қозғалады. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес еді. Бүкіл бір халықтың тарих, тағдырына байланысты зор саяси- қоғамдық мәні бар мәселе болғандықтан, Дінмұхамед-публицист тақырыпты жан-жақты ашып жазған болу керек. Әсіресе, қалыптасқан бірнеше пікірлерді құптайды. «Зор білімді адамдардың бағзысы қазақ сөздерін араб әріптеріменен жазу жарамайды деп, ешбір араб әліпбиін басқа әріптер қосып толтырса керек деп әр түрлі сөз айтып жүреді. Бағзы бір білімдіміз деп жүрген есерлеу адамдар қазақтар өздеріне бір түрлі әліпби ойлап шығарса керек, я болмаса азырақ өзгертіп латын жұртының әріптерін алса керек деп» ой түйіндейді. Осы жоғарыда айтылған адамдардың сөздерінің ешбір дәмі жоқ екендігі көрініп тұр. Себебі, қазақ білмейтін бір бөтен әліпби шығарғанша бұрынғысын түзеткені жақсы. Егер қажет болса және бір түрлі білімді адамдардың қазақ сөздерін орыс әліпбиіменен, орыс әріптеріменен жазу жарайды деп айтқандары бір таңсық сөз»/ДУГ. 1899, №22, 23/, – деп бір түйеді. Шын мәнінде автордың өзі сол уақыттағы қазақ жазуының қолайлы

екенін, әсіресе қазақ тілінің саздылығын, үндестігін сақтауға келгенде тиімді екенін, әрі қазақтардың мұсылман жұрты ретінде араб әліпбиімен хат танып, хат жазып жүргендігін тілге тиек етеді. Бірақ публицист бір жақты пікірге ұрынып, тек сол араб жазуын ғана қолдану керек демейді. Ильминскийдің кейбір әріптерін өзгертіп, қазақ сөздерін орыс әріптерімен жазылса, Григорьевтің қазақ сөздерін орыс әліпбиімен жазуға көшіру керектігін айтқан ұсыныстарының дұрыс-бұрыстығына өзіндік ойын айтып, саналы түрде салмақты тұжырымдар жасайды. Қазақ әліпбиінің келешегі ұлт зиялысын терең толғандырғаны оның әрбір жан ұшырған сөйлем-сөзінен аңғарылады. Оның жазғандарынан арабша да, қазақша да жақсы жазып, сөйлегенін, қыр-сырын білетінін аңғарамыз, нақты қазақ әріптерінің, сөздерінің жазылуынан мысалдар келтіреді. Әр түрлі пікірлерді сараптай жазып, оң-терісін, пайда-зиянын екшей жазып халық алдына жайып салып, қалай жүзеге асады дегенді де тарқатып, осының бәрін қалың оқырманға жатық, жалпақ тілмен жеткізіп, бір шешімге келуге халықтың өзін шақырады. «Бұл екі түрлі әріптердің қайсысының өнімді екенін ойлап білуді бағзылар жақсы тәлім алған құрметті газет оқушылардың өз ықтиярына салып біздің қарындас-туыстарға айтатын бір сөзіміз қырда балаларды қазақша оқыта бастаған уақытта балаларға біраз орыс әріптерін көрсетіп үйретсе пайдасы болар еді» /ДУГ. 1899, №22, 23/. Автор бұл жерде тек әліпби мәселесін ғана сөз етіп отырмағаны белгілі, бұл жердегі ой ұлтының ұлылығынан айырмайтын, оның сол сазды, әуенді, бай, қуатты күйінде келесі ұрпаққа жетуіне алаңдаушылық танытқаны байқалады. Сол заманның лебі солай ескен соң, қалың қазақ жастарының заманнан үлесін ала алмай қалмауы үшін орыс қарпін білу керектігін де ескертіп отыр. Өз ойын мектеп ашуға, өнер-білім үйренуге үндеген ағартушылық көзқараста аяқтайды: «Осы айтылғандардан білініп тұр жақсылардың сондай орысша, қазақша оқытатын медреселер ашуға жаһат қылатындарының қандай пайдалы екендігі. Екі жылдай болды қазақ газетіне жазған бір сөзді біз қуанып оқыдық. Семей облысында бір ояздың қазақтары сондай бір школ ашты һәм балалар жақсы оқиды деген хабарды. Енді сондай школ ашушы адамдардың көбейіп, көп заманға атақтарын шығаруын қалап тұрамыз да» /ДУГ. 1899, №22, 23/.

Көріп отырғанымыздай бұл мәселе бір күнде шешімін тауып, шешіле қалған емес. Кейіннен «Айқап» журналы жұртшылықты Абайдан үлгі алып, оның жолымен жүруге шақыра отырып, бұл жөнінде: «Біз Самарқан, Түркістан, Бұқара, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жаһиеттерінен арылып, енді Еуропа мәдениетіне суарылған өнерлі тілді жасалық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік, одан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерінен үйренейік», – деді [46. б. 42]. Ұлттың тілінің әліпбиін, емлесін жасау барысында, осы тілге тән заңдылықтарын ғылыми негіздеумен бірге олар тіл тазалығы, мәдениеті үшін де талас-тартыс жүргізді, күресе білді. Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы»[47.], М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы» [36.], Н.Төреқұлұлының «Ауропа сөздері» [48.] т.б. еңбектерінде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл болмысының бұзылмауы, сөзжасам т.с.с. мәселелер айтылып, қазақ тілінің

табиғатын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыбындағы ізденістер бүгін де өзектілігін жоймаған. Бүгінгі таңда осындай мақсат қоюдың өзін парасаттылықпен ұлтының жасампаздығын ойлағандықтың, таза ұлтжандылықтың көрінісі деп білеміз.

Ахмет Байтұрсынов – тілжанашыры. XX ғасырда Ахмет Байтұрсынов көтерген ірі мәселенің бірі – әліпби, емле мәселесі. Өзі білікті тілші ретінде де, әрі ағартушы-публицист ретінде Байтұрсынов бұл істің де басында тұрды. «Ақжол» газетінде Түркістан республикасы бойынша орталық органы Ахмет Байтұрсынұлы елуге толғанда: «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы деген ұғым ақсап, қазақ құлдыққа кез болғанда, бостандыққа жол сілтеген Ақаң еді» [49, б. 85], – деген әділ баға берілді.

А. Байтұрсыновтың осы тақырыпта жазған мақалаларының бірі «Жазу тәртібі» «Айқапта» жарияланып, көпке дейін айтыс тудырды. Араб жазуын қазақ сөзінің дыбысталуына келтіріп, жаңа жазу тәртібін енгізу туралы ойын ұсынды. Әр әріптің айтылу, жазылу түрі сәйкес келуін нақты мысалдармен айқындап берді. Жазудағы кем тұстарды санамалап көрсетіп, қазақша бір жүйеге түскен грамматика оқулығын шығаруды көздеп отырғанын және оның кезек күттірмейтін мәселе екендігін ашып айтты. Осы мәселеге қатысты әр түрлі пікір білдірген А.Жанталиннің «Жазу тәртібіне қосымша» /А-п. 1913, №12/, Ш.Жияшовтің «Бірге қозғалайық» [/А-п. 1912, №6/, Қ.Қайдауловтың «Емле қақында» /А-п. 1914, №6/ т.б. мақалалары да журнал бетінде жарық көрді. Мәселен, Ш.Жияшов Ахмет Байтұрсынов ұсынған жазу тәртібіне қарсы пікір білдіріп, өз ойын айтты: «Қазақ тіліндегі 28 дыбыстың бәрі де жарты дауысты. Ысмағұлбек Ғаспиринский жолымен татар әліппесін қабылдайық», – деді. Ал “Айқаптың” 1912 жылғы 8 нөмірінде жарық көрген “Жазу тәртібі” атты мақаласында Міржақып Дулатов Ахмет Байтұрсыновтың ұсынысын қоштайды. «Ноғай әліппелерін үлгілікке ұсынып, бүкіл түркі жұрттары бірге қозғалалық» деген Ш. Жияшовтың қателігін ашады. «Жияшов Ахмет Байтұрсыновтың харіптерді дауысты, дауыссызға бөлуін де дұрыс еместігін айтып, 28 хәріптің бәрін де жартылай дауысты дыбыс дейді. Бұл еш уақытта естілмеген жаңа хабар. «Дұрыс, түрік тілді екеніміз рас, береке-бірлікте тұрғаны да рас. Бірақ жеңілдік үшін әліппенің бірнеше харпін өзгертумен түрік қауымынан шығып қаламыз ба?» /А-п. 1912, №8/, – деп мәселені төтесінен қояды. «Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнатқанынан басқа айтарым бар: “қазақ әліппесіне Ф, Х-де енсе екен деп ой қосамын» /А-п. 1912, №8/, – деп өз ойын, талап-тілегін де білдіре кетеді.

Кейіннен Ахмет бұл мәселеге қайта оралып, «Шахзаман мырзаға» дәлелді жауап хат жазып, «Айқап» бетінде мақала жариялаған. Өзі ұсынған әліппенің оңай меңгерілетінін, басым тұстарын, жеңіл оқылатындығын, төл дыбыстарына дөп келетіндігін нақты дәлел- дәйектермен жазады, Шахзаман мырзаның қателіктеріне соққы көрсетеді. «Жазуымызда тәртіпсіздік, кемшілік барлығын жалғыз мен емес, басқалар да айтады. Еш кемшілігі болмаса, ешкім сөз қылмас еді ғой. Қазаққа пәлен ет, түген ет деп олар күн көре алмай жүргеннен айтпаймыз. Тіршілігінде кемшілік, ретсіздік болғаннан тәуірлен, реттен дейміз

ғой. Сондай, кемшілік, ретсіздік жазуымызда да бар. Оны реттеу, жөндеу керек. Жазуымыздың тәртіпсіздігі оқу кітабын шығаралық десек, алдымыздан көлденең келеді, бала оқытсақ кедергі болмақ» /А-п. 1912, №9, 10, 11/, – деп жазу тәртібін, әліппені өзгертудің түптеп келгенде не үшін керектігін ашық көрсете отырып, бұндай полемикалық мақала жазудағы түпкі ойынан хабар береді.

Сонымен алаштықтардың бағдарламасындағы Жазуды «Қазақ» газеті тұтқан емлемен жазу деген тұжырымдамасын Міржақып Дулатов «Жазу тәртібі» мақаласында /А-п. 1912, №8/, сондай-ақ «Тіл-құрал» деп аталатын мақаласында: «Расымен қазақша жазылып, тіл мәселесін айрықша көтерген «Қазақ» екенін ешкім бекер дей алмас, бұл неліктен? Әрине, шығарушылардың ұстанымынан дейміз» (50, б. 117),–деп қолдағанын көреміз. М.Дулатовтың қазақ көсемсөзіне қатысы жайлы сөз қозғай кетсек, «қоғамдағы зор саяси-әлеуметтік мәселелерді көтерумен, қарапайым оқушыға тілінің түсініктілігімен, проблеманы көтеріп қана қоймай, соның шешу жолдарын қоса көрсете отырып, халықпен кеңесіп отыратындығымен, ағартушылық, ілгерілеушілік ой-түйіндерімен құнды» [50, б. 10]

Алаш зиялылары облыс қазақ комитетінің, Алашорда партиясының құрылған кезінде, 1-ші, 2-ші қазақтың жалпы сиездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыру деп жеке бөліп қарауы тегін емес. Хандық кезеңде қалыпқа түсіп, артынша қазақ даласындағы саяси және қоғамдық өзгерістер арқылы адресаты, үлгісі өзгеріп, XIX ғасырдың соңын ала XX ғасырдың басында ресми-іскери стиль дамудың екінші кезеңін бастан кешірді. Ғасыр басында қазақша ресми іскерлік тілі тұрақталғандығын байқауға болады. Осы тұста өз алдына жеке дербес стиль болып қалыптасты. Өйткені басқару ісі, сот ісі құжат тілімен сөйлеуді қажет етті, талап етті. Әрине, ол бұрынғы ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің негізінде дамыды, әжептәуір өзгерістермен жетілді. Стильді көрсететін үлгілердің түрлері мен адресаттары өзгерді. Осы жанр материалдары негізінен ресми хат, арыз бен шағым және патшалық өкімет тарапынан жіберілген бұйрық түрінде болса, кейін осы аталғандармен қатар, өкіметтен жазылған бұйрық-жарлық, нұсқау, ереже, үндеу сияқты іс қағаздар үлгілері көбейе түсті. Олардың барлығы және аудармалар болып келетін еді. Ресми қағаздардың біразы көпшілікке арналғандықтан, оларды мерзімді баспасөз бетіне немесе жеке басылым етіп жариялайтын болды. Бұған сол кезде шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» сияқты баспасөз құралдары ерекше рөл атқарады.

Баспасөз тілі, көсемсөз тіліне деген талап та күшейе түсті. Тарихта алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиеттің жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптасқан, анағұрлым байып, қанатын кеңге жайған тұсы да осы XX ғасырдың басы. Әдебиет көзқарас мұраты жағынан да, тілдік оралымдар, сөйлем стилі жағынан да, тақырыптың алуандығы жағынан да, образдылық жағынан да, жанрлық жағынан да, ауыз екі дамыған сөз өнеріміздің жазба әдебиетке пара-пар деңгейде көтерілуіне зор ықпалды үлес қосты. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді аса мойындап, әдебиеттің

көркем стилінің өркендеуіне мүмкіндік берді. Алаш әдебиеті арқылы ұлттық сөз өнеріміз жаңа деңгейге жетіп, тіліміздің байлығы мен оралымдылығының, мағыналылығының, әлеуетінің мүмкіндіктері зор екендігі ашылды.

Қазақтың көрікті де көркем тілі шұбарланбай, таза жазу мәселесі де XX ғасыр басында көтерілген еді. М.Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы», «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» (51, б. 107-110) атты жарық көрген мақалаларынан, Б.Майлиннің «Мұсадан хат келді», «Олай емес, казахский язык», «Шәлдір-шүлдір», «Перевод», «Бидиш, Шалабек занит»(51), деген фельетондарында, Қошке Кемеңгерұлының «Қотыр сөздер» (44, б. 183-185) деген мақалаларында қазақ тілінің шұбарланып бара жатқанына деген алаңдаушылықты көреміз. Мұндай жан-айқайлар осы мәселеге тосқауыл қоямыз деген ойдан туғаны анық. Өз тіліміздің өзге тілдің шырмауында кетіп қалмауы үшін күресе білген Мағжан Жұмабаевтың: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлдем жоқ қылғысы келгендер де бар»[45, б. 208]. Осы пікірлері қазіргі қазақ тілінің жағдайымен сабақтаса байланысады.

Сол замандағы публицистер соңғы кездері қазақ тілінің шұбарланып, бұзылуы мен басқа тілдерден енген сөздермен былғанып бара жатқандығынан жалпы қауымды сақтандыруға тырысты. Осы мәселені зерттегендер: «... Баспасөздің тілі XX ғасырдың алғашқы жылдарында ұлттық публицистикамыздың үлгісі болды. Журналистер газет-журналдар арқылы қазақтың жазба тілін бір ретке келтіріп, көне, діни кірме сөздерден тазартты. Ол үшін Абай, Ыбырай бастаған жаңа әдеби тілді қолданды»[53, б. 72]. Бұған дейінгі «Түркістан уалаяты» газеті мен «Дала уалаятының» газетіндегідей орыс, ноғай сөздері араласқан материалдарға жариялануға жол берілмеді. Бұндай кемшілікке қарсы күрескендердің бірі С.Торайғыров та өз ойын айқын білдіреді: «Біз Самарқан, Түркістан, Бұхар, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жақиеттерінен арылып, енді Европа мәдениетінен суарылған жаңа өнерлі тілді жасалық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай береді. Абайдан үйренейік, онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың фольклорынан, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерінен үйренейік...» [54, б. 224], – деп атады. Осындай пікірден ұлт зиялысының қазақ тілінің, яғни көсемсөз тілінің тазалығына аса зор мән бергендігін аңғарсақ, екіншіден – қазақ көсемсөзінің қазақ ауыз әдебиетінің, шешендік сөздердің негізінде өрбігенін байқаймыз.

Шынында да, осындай күй кешкен қазақ тілінің мерейін, мәртебесін қазақ баспасөзі, оның ішінде «Қазақ» газетінің көтергені рас. Ұлттың рухын көтеріп, тілдің мерейін үстем ететін, қазақ даласында үнжария қызмет атқарған ол мәнді де мағыналы материалдар басып шығарды, сөйтіп өзгенің іштартпа қаһарына іліккенмен, қазақ дүйім жұртының ризалығына бөленді.

Алаш азаматтарының ұлттық дүниетанымды дамытудағы ізашар ретінде танылғанын өз алдына деп есептесек, соның ішінде ғылымның салмақты да

салиқалы саласы болып ең алғаш тілтану ғылымына талпыныс жасалды. Бұл– қазақтықты сақтау, қазақты көркейтудегі жарқын белестердің бірі болды. Өйткені, барлық ұлттық ерекшеліктердің ішіндегі халықтық болмысты, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы алаштықтардың ерлік істерінің бірі ретінде бағаланбақ.

Бүгінгі таңда еліміз жазу мәселесін тағы күн тәртібіне қойып, осыған қатысты әр түрлі пікірлерді БАҚ беттерінде жариялау үстінде. Тағы да әліпби таңдау мәселесі бүгінгі ұрпақ еншісіне тиіп отыр. Қазір де халық ішінде полемика көп. Сол үшін де біздерге 1937 жылғы Кеңес үкіметінің қазақ елін кириллицаға көшіру істерінің саяси астарларын анықтау арқылы ортақ шешімге келген дұрыс. Себебі «біздерге тарихтан сабақ алған аса маңызды болады. Осындай пікірлер туындағанда қазақ баспасөзі де шешуші сәтте елеулі міндеттер атқара білді» [55, б. 2]. Дәл осындай тарихи құбылыстар тұсында қазақ баспасөзі өз міндетін абыроймен атқара алғандығына куә болдық.

XX ғасыр басында қазақ тілі арқылы қазақтың дүниетанымын өзгерткісі келгендерден төнген қауіпті алаштықтар әріден сезді. Сондықтан кеңсе ісінде, оқыту, жазу, сот ісінде қазақ тілін орнықтыру үшін стратегиялық жоспарлар құрып, сол бағытта қарқынды еңбек етті. Әрине, тегеуріні мықты жойқын күштер оның бірін жүзеге асыртса, бірін асыртпады.

Міне, қазақ тілінің Алаш қозғалысы тұсындағы өрістеу бағыттары өз кезеңінің ғана емес, бұдан соңғы жылдарда да кейінгіге дәстүр болған, өнегелі үрдіс болған құбылыс, жанды үдеріс болатын. Қазақ зиялыларының қазақ тіліне жасаған өлшеусіз еңбектері, тіпті ұлы еңбектері қай жағынан алсаңыз да тарихи тағылым. Өмірлеріне қауіп төндіріп, бастарын бәске тіге жүріп еліне қызмет еткен азаматтардың еңбегіне тиіселі баға берумен қатар, оны іс жүзінде жолға қоюды да ойластырып, әрекет жасаған абзал.

XIX ғасырдың соңын ала үдей түскен қазақтың ағарту ісіндегі қайраткерлері, ақын-жазушылары арман еткен білімге ұмтылдыру ғасыр басында әр түрлі деңгейдегі мінберлердің, сонымен қатар мерзімді баспасөздің жалынды тақырыбына айналып, нәтижесін беріп, аптал алаш азаматтарының елді ояту, азаматтыққа ұмтылу мақсатына жетеледі.

«Дала уалаяты газетінде» оқу-білім мәселесіне қарымды қалам жұмсап, көсемсөзді қуатты қару қылған Д. Сұлтанғазиннің «Кейінгінің қамын ойлап жазылған ақыл»[54, б. 100] атты хаты жарияланған. Бұл хат – асылы ең алдымен қазақтың көзі ашық оқығандарына, ал түптің түбінде бүкіл қазақ халқына жолданған хат десек те болады. Ағартушылық бағытта жазылған осы шығармасында Д. Сұлтанғазин Сібірде жасалып жатқан темір жолдың ертең қазақ даласына да жететінін телеграф пен өткемелердің де қыр қазағына мәлім болатын күнінің алыс еместігін айтып, оқырманды өз ойымен қызықтырып, ілгері дамуға сүйрейді. Қазақ халқы да бұрынғы әдетін сақтап қала отырып, көп атақты халықтардан үлгі алып, ол жақсылықтарды өз ғұмырына пайдалану керектігіне мән береді. Егіншілік, жеміс егу, мал бағу сияқты шаруалармен бірге, білімі жеткеннің басқаны да меңгеретінін айтып, салмақты ой айтады. Дүниедегі білімді үйренбеген «надан халықтар қорқақ, именшек, жасқаншақ, не болса соған иланатұғын болады. Білімі көбейген сайын адамдар тиянақты,

батыл келеді, білім көбейеді…» [56, б. 105], – деп надандықпен алысқа ұзамасын, көпшілікті біліммен қаруланууға, заман соны талап етіп отырғанын түсіндіріп бағады. Халықты білім алуға шақырып, білім-ғылымның нұрлы жолын көрсетеді.

Осы тектес мақалалар газет бетінде үнемі жарияланып отырды. Газетте өнер – білімнің зәрулігі, жалпы оқу-ағарту ісі туралы көп жазылды. Бұл ретте газеттің атқарған ісі орасан зор.

Ғасыр тоғысында газет бетінде ұлтына жанашырлық танытып, өзінің ел алдындағы міндетін адал атқарған Қорабай Жапанов – «дүние кілті өзгенің қолында, орыста, орыстың тілі мен мәдениетінде» деп жазған Абай айтқан ойды қостаған. Бұл ой оның «Ғылым, оқудың қажет екенінің баяны» атты тырнақалды мақаласына да алтын арқау етілді [55].

«Біздің қыр даласындағы қызметтегі қазақтарға орысша тіл білмектің қажет екені, мұның баршаға бірдей пайдалы екені төмендегі жазуда баян етіледі» /ДУГ. 1899, №17/, – деп басталған мақалада сол кездегі қоғам өмірінде белең алып отырған жағдайларды ашына жазады. Публицист өзі көзімен көріп, көңіліне түйген жайттарға назар аудартады. «Халық арасындағы ұлықтардың қылған істеріне адамның ақылы жетіп болмайды. Халықтың пайдасын ойлаған адамдар аз… Болыс пен билер, сіздерге жаман атақтан құтылуға уақыт жетті ғой...» [57, б. 31]

. Автор қазақ мүддесін ойлар билер болса, оларың өзі тіл білмегендіктен даулардың шешімін үкім кітабына сауатты түрде жаза алмағандықтан халқына қиянат келтіргендерін қатты сынайды. Орыс тілн білу керектігін , оның аса қажет екенін ұлықтарға түсіндіреді, бұл өзгеге есе жібермеу үшін жанталасқан әрекеттің бір көрінісі деп пайымдаған жөн.

«Орыстың тілі мен оқуы білуге бір-бірлеп қадам басқан сайын қажет болып келеді. Қалаға келгенде переводчик таба алмай әуре боламыз. Бұған жалынып сөзімізді жеткіз деп арыз жазып, малымызды сатысып бергеніне көп ақша төлейміз» /ДУГ. 1899, №17/, – мұның бәрі күнделікті өмірдің деректері. Малы пұл болып, пұлын дұрыс өндірте алмай отырған қандастарына деген жанашырлық үн қатып, одан құтылу үшін орыс тілін білу керектігіне назар аударады. «Публицист тек сол күндердің кілтипанын ғана ойлап, шектеліп қалмайды, ол болашаққа көз жібереді. Болашақ жас ұрпақтікі екенін, халықтың болашағы солардың қолында екенін еске салып, жарқын болашақ үшін жастарды оқу-білімге ықыласты ету керектігіне баса көңіл бөледі» [58, б. 3]. «Балаларымызды орысша школдан оқытсақ қымбат емес қой, мұнан оқып шыққан балалар өзіміздің халқымызға көп пайда келтірер еді. Оқу оқып, орысша тілді үйренген соң біздің арамыздағы ретсіздікті жоғалтқаннан басқа хал-ахуал шаруамыз да ілгері басып, көтерілер еді» /ДУГ. 1898, №17/. Мұны дұрыс бағамдасақ, оқығандар халқына пайда әкелер еді дейді, ал оның кейіннен көбінесе өз мүддесін ғана күйттеп кетер оқығандардың көбейетінінен тіпті хабарсыз.

Шындығында, қазақтың қай мәселесі күрмеуі қиын білім-ғылымның жоқтығынан ушығып, есесі кетіп жатқандығын көрген көзі ашық қарақтылардың тағы бірі – Отыншы Әлжанов. Ол «Ғылымға қарай тағы бір

қадам» атты корреспонденциясында да – көпшілікті оқу-білімге шақырады. «Өткен декабрьде Семейден отыз шақырым тұратын Аққөл – Қызылкөл қаласында қазақ, ноғай болып бір медресе ашты. Онда балалар орысша, мұсылманша оқиды. Мұны байқау керек, Семей облысының ішінде орысша оқитын мұсылман медресесінің әуелі бұл, мұнан басқа жоқ» /ДУГ. 1898, №3/, – деп қуанышын жасырмайды, әрі қарай осындай медреселерде дәріс оқушылар жоқтығын мәселе етіп көтере отырып, жоғарғы ұлықтардан көмек сұрайды. Қазақ ауылдарына мұғалім жетіспейтіндігін айтып, мәселе көтереді, өз көзі көргенін айтып қоя салмай, сол мәселені шешудің нақты жолдарын да көрсетеді. “Қазақ балаларын тәрбиелемек турасынан өсиет әңгімелер” деген көлемді мақаласында ел ішіндегі бала тәрбиесінің жеткіліксіздігіне сын айтады. «Нәрестелік пен кәміл толық жастық арасын тәрбие уақыты деп білеміз» /ДУГ. 1898, №13/,– деген тұшымды ойымен бөліседі, егер мал күтіп, ата-анасын, өзінен үлкендерді сыйлап, құрметтеп, рәсімдер, заңдар бойынша жөн-жосық білсе болды – қазақтар бала тәрбиесі бітті деп есептейтінінің дұрыс еместігін көрсетеді. Ал әйел балалар мал сауып, тамақ даярлап, киім тігіп, үйді жығып һәм тігуін білсе, бұлардың да тәрбиесі бітті деп санау дұрыс еместігін айтады. «Жас бала ұрықпен тең. Жақсы жердің топырағына түскен ұрық өсіп-өніп шығады. Топырағы жаман жерге түскен ұрық күйіп, кеміп, қурап қалады. Баланың ата-анасы топырағы жақсы жермен тең, бала жерге шашқан ұрықпен тең»/ДУГ. 1898, №13/,–деп біздің қазіргі заманымызда да мәнін жоймаған, көңілге қонымды бағалы пікірлерімен бөліседі. Тәрбиенің: «дене тәрбиесі, әдеп-инабат тәрбиесі, һәм ақыл-өнер тәрбиесі, дін», – деп баланың азамат, тұлға боп қалыптасуына әсер етер факторларды да үлкен өремен көпшіліктің назарына ұсынады, баланы жас кезінен осы үш тарапта тәрбиелеп өсіру керектігін, олар – ел болашағы екендігіне көңіл аударады. Заманымыз жылдан-жылға тарылып, өрісіміз қысқарып, тынысымыз тарылып нашар болып бара жатырмыз, байқап қарасақ заманымыз түлкі болды. Мұны құм арлан тазы болып шалу керек. Қалайша?! Ғылымқор, өнерпаз, айлакер адам – құм арлан тазы. Кел қазақтар, балаларымызды жақсылап тәрбиелеп өсіріп, бұларды оқытайық, дүниенің кілті – оқу-білім» [59, б. 214] – деп үдете жазады. Кезінде «Кел, балалар оқылық!» – деген Ыбырай ұранымен, «Ғылым таппай мақтанба!» деген Абай тұжырымымен нұрлы жолға, жарқын болашаққа жол бастаушысы бола біледі. Отыншы Әлжанов екі тілге бірдей білікті де білімді қаламгер болған.

Қазақ зиялыларының бұл жандәрмен қимылдары патша үкіметіне ұнай қойған жоқ. Әсіресе жергілікті орыс әкімдері бұл жайтты үнемі назарда ұстап, жоғары жаққа жеткізіп отырды. Мәселен, 1901 жылдың желтоқсан айында Петропавл уезінің бастығы өзінің генерал-губернаторына жолдаған хатында былай депті: «Көшпелілер арасында орта және жоғары оқу орындарында білім алғандардың көпшілігі өз халқының жалпы білім дәрежесін көтеруге және шаруашылықты озық әдіспен жүргізуге барлық күшін салуда» [60, б. 11-12].

Осы тақылеттес мақалалар ғасыр тоғысында, ғасыр басында ең елеулі болды. Кейіннен баспа бетінде қазақтың өресі биік оқып білім алған, саяси қаруланып, азаматтық ойлары қалыптасқан Алаш арыстарының бірі М.Дулатов

өз мақаласында өз ойын былайша жеткізеді: «15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал» /Айқап. 1911, №11/. Міне сол пақырлықтың алдын-алу қазаққа дұрыс жолды таңдау. Ол көзі ашық, заң-законнан хабары бар, өзгеге өз есесін жібермейтін, тең тұрғыда сөйлесе алатын дәрмені болуы керектігін айтады. Әйтпесе, кейін кеш болатынын ел есіне салады.

Отырықшы болудың даулы мәселе болғаны белгілі, бірақ оның да пайдалы тұстары барын және мәжбүрлі түрде солай болған күнде қамсыз қалмау керектігін де түсіндіреді.

«Жер жүзіндегі халықтардың һәммесі бір аз ғана болмаса, қала болып отыр. Мал бағып көшіп жүрмегендіктен қырылып қалғаны естілмейді. Олар бізден кедей емес, бізден өнерсіз емес, бізден аз емес, бізден күшсіз емес. Бұларды көре тұра, біз қазақтарда қала болып, малдың санын кемітіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып өзіміз де алдағы жұрттың істегенін істеп солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтардың, бірі бола аламыз» /А-п. 1911, №11/,– деп жазады. Өз ойын былайша түйіндейді: «қала болуды құптаушылар (өзімізді де солар қатарынан санаймын) – дей отыра, өз көзқарасымен кімді жақтайтынын да жасырмады.

Осы пікірді жақтаушылар отырықшылық пен көшпелілік, ел басқара білу ісіне араласу, жер мен заң, ұлттық тәуелсіздік, дін, ағартушылық секілді заман алға қойған күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, өз туған елінің ұтылмас жағдайын қарастырады, халық мүддесі алғы шепке қойып, жанұшыра қызмет етеді. Бұған қарсы, жақтас әртүрлі пікірлердің де белең алғанын сол баспасөз бетінен көре аламыз. Осының бәрін сараптай келе, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін пәрменді болғанын, олардың осы қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлер орталығына айналғанын, ұлттық публицистиканы жаңа белеске көтеріп, дамытқанын көреміз.

Дәл осы оймен пікірлес екендігін М.Сералин өз мақалаларында қазақ ішінде оқу, оқыту, білімнің өрістеуіне отырықшы саясаты тура әсер етеді деп айтады. «Россия мемлекетінде бақытты болып тіршілік ету үшін ғылым, өнер керек, орысша тіл білу керек. Бұларды білу үшін мектеп һәм школ керек болатұғын болса, әлбетте мұндай істерді 4-5 үй біріге отырып істеп шығару мүмкін емес. Бұған қала болып жиылудан басқа ем жоқ»/А-п. 1912, №3/, – деп, ағартушылық бағытта мақсатқа жету үшін қазақ қауымы бас қосып, қала салу қажеттігін, мектептерді көбейтуді мәселе етіп көтереді.

Осы ретте қазақ баспасөзінің ұлт үшін қыруар қызмет атқара білгені бәрімізге үлгі-өнеге. Сол кездегі басылымдар ұлттың әлеуметтік, қоғамдық мәселелері туралы мақалаларды көптеп жариялай бастады. Олар ел тарихындағы ұлы өзгерістер мен күрмеуі қиын заман жаңалықтарын үдетіп жазды. Ресей қоғамындағы саяси оқиғалар легі ұлт санасының өсуіне, қоғам ой-пікірінің орныгып, әлеумет істеріне батыл араласуына, сөйтіп ұлттық дүниетанымның өрістеуіне ықпал етті.

Бұл жағдай XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ірі қоғамдық-саяси проблемалардың бірі еді. Отырықшылық орнатып, қала, дуал салып, білім

мекемелерін ашсақ ілгері басамыз, ұлттық дүниетанымымызды сақтай отырып алға жылжимыз деген ойларды халық жадына сіңіре түсті. Тарихқа үңілген бүгінгі ұрпақ бұл ойлар әсері мен ықпалының күшті болғандығын оқып-біліп көрдік. «Біздің қазақ жастары дүние күтуді екі нәрседен іздейді: біреуі-оқу оқып хакім болу (писарь, тілмаш секілді) яки мұғалім болып бала оқыту. Бұлары бек дұрыс, ләкін дүние осы екі жолға ғана тіреліп тұрған жоқ, басқа кәсіптерге, басқа орындарға неге кірмейді деп өкпелеймін. Алла тағала Құран шәріфте: «жақсылық істесеңіз ол да өзіңіз үшін» деген. Біздің бар болуымыздан, жоқ болуымыздан бөтендер үшін келіп кетер пайда, сор жоқ. «Ойланыз,жұртым!» /Айқап. 1912, №3/, – деген заман жүгін көтерген, елін соңына ертер үндеу іспеттес жанашырдың сөзі. Ащы да болса, шындықты көрсете отырып, халқының жігерін жанып, намысын жанитын өткір сөз.

Ахмет Байтұрсынов өз заманындағы барша озық мәселені сөз еткен. Көсемсөзінде біршама орын тепкен мәселе – оқу-білім, өнер мен кәсіп тақырыбы. Сонау шақта-ақ А. Байтұрсынов туған ұлтының «олжалы жерде үлестен қағылып отырғанының» себебін қалай көрсетті? «Қазақтың шаруасына, бір жатқан, надандығынан кемшілік келгенде, екіншіден, білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғанын санасы бар қазақ ескерер»[2, б. 251]. Қазағын осылай қамшылай түседі де: «Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер, білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдіреміз» [2, б. 255]. «Қазақ өкпесі» деп аталатын 1911 жылы шерін тарқата жазған мақала жолдарында: «Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтан болған кесапат» [2, б. 253]. Кейде күйініп те кеткен кездері жоқ емес. Бұның бәрі сөз жүзінде ғана емес, осы істердің, ойлардың іске асуына жарғақ құлағы жастыққа тимей қызмет қылғанын біз қазіргі биігімізден анық көре аламыз.

Заманымыздың озық ойлы азаматтары газет-журналдарда отарлық езгі туралы әбден көкейінде сайрап, толғанысқа жеткізген мақалаларын жариялай отырып, қазақ елін алдыңғы ел қатарына қосатын негізгі басты факторды ұлттық мемлекет құру деп білді. Мемлекеттіліктің бірқатар іргелі мәселелерінің бірі – оқу мен білім. Оқу-білімнің арнасынан ғылым өз алдына жеке сала болып қалыптасты. XX ғасыр басында қазақ ішіндегі оқыту, білім беру жүйесін тәртіптеу ісі алғы шепте тұрды.

Қазақ даласындағы оқудың жай-жапсарын ашып айтып, оның пайдасы мен зиянын екшей жазу мектеп ісін дұрыс жолға қоюды ұйымдастыру деген мәселеге әкеліп тіреді. Сол себепті де қазақ тілінде оқытатын қазақ мектептері әйтеуір оқу керек болған соң, оқытып жатырмыз деген желеумен жасалып жатқан жағдай екендігі Ахмет Байтұрсынов айтқандай еді. Қазақ баласы орысша оқыса, ол мектепке үкімет тарапы қамқорлық көрсетіп отырды. «Бірақ

сонысына қарай пайдасы аз. Бұлардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Сол үшін, әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс харпімен оқысын дейді. Соның ішінде біреулер ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс харпімен басталған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы», – деп жазды [2, б. 267].

М. Ауезов «Ақаңның елу жылдық тойы» мақала жолдарында: «Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұндалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын» деп айтқан сөздері «Қазақ» газетінің, оның басқарушы редакторы А. Байтұрсыновтың болашақ қазақ оқығандарын адастырмас сара жолға жөн көрсетушісі, бағыт-бағдар берушісі болғанын байқаймыз [49].

Туған халқының сол уақыттағы көңіл-күйінен оқуға ден қойып, жастарын оқытуға деген ұмтылысы байқалады. Зиялы қауым сондықтан да бастауыш мектептер ісін жөнге қоюды күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе етті. Өйткені бастауыш мектептерде оқытуды үкімет орыстандыру саясатының құралына айналдырмақшы болған мақсатын көздеп отырғаны белгілі болды.

Ахмет Байтұрсынов өзінің көсемсөздерінде оқу-ағарту мәселесіне қайта-қайта көңіл бөліп, ондағы қадам басқан сайын кездескен қиындықтар мен тапшылықтарды ашып айтып отырды. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйретететін мұғалим жоқ», –деп ұлттық мектептерінің заман көшінен соңына қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады [62, б. 78].

М.Сералин өзінің 1913 жылғы жазған бір бас мақаласында оқу-ағартудағы жетістіктер мен кемшіліктерді сарапқа салады, осыдан біз сол кездегі қазақтағы серпілісті көз алдымызға әкеле аламыз. «Оқу, оқыту жағына келсек, мұнда да шаттанарлық һәм қайғырарлық істер бар. Әр жерлерде «Төте» оқу менен балалар оқытылып жатқандығы, Ақтөбеде учительский школ ашылып, ел арасында әр жерде тәртіпті мектеп, медреселер ашылып, балалардың оқулары, шәһарлардағы тәртіпті медреселер де һәм школдарда қазақ балаларының көп жиылулары көңілді біраз шаттандырады. Іликин, күзгі оқу маусымы басталған кезде Орынборск учительск школға жүзден артық бала орын сұрап, сегіз бала алынып, Қостанайдағы педагогический класқа отыз бала орын сұрап, сегіз бала алынып, қалғандарының орынсыз қалулары, әр жердегі двухкласный һәм волосный школдарға кіреміз деп талаптанған балалардың көбіне орын жетпей қалулары һәм күйінерлік, һәм шаттанарлық іс. Шаттанарлық дегеніміз –

оқушылардың көбеюшілігі, күйінерлік дегеніміз соншама көп талапкерлердің орын таба алмай сандалып қалуы»/А-п. 1913, №1/, – деп ғасыр басындағы ағарту саласындағы болған жайларды айна-қатесіз көз алдымызға әкеледі.

Білім алу үшін мектептер ашылып, қыруар шаруалар жасалып жатқанда жалпақ жұрттың кертартпа әрекеттеріне де қамығып жазған мақалалар бар. Ұлттың сол керенау енжарлығына налып, байлық көзін білімге бұрмай тұрғанын да тілге тиек еткен «Аз – артылып жатыр, көп – жетпей жатыр» деген М.Сералиннің мәселе етіп көтерген мақаласында ғылым-білім, кәсіп пен өнер қуған Торғай аймағындағы қазақ балаларының оқығаны үшін берілетін шәкіртақысының аз-көбін бағамдайды. «Орынборда ерлер гимназиясы екі балада, реаль училищеде алты балада, Троицкідегі ерлердің гимназиясында алты балада шәкіртақы бар» /Айқап. 1913, №1/, – деп нақты дерек келтіріп, сол шәкіртақылардың аздығын, соның өзінде оқуын тегіс аяқтамай жатқан балалардың бар екенін мақаласында келтіреді. «Орыстар барын шашып баласын оқытады, біздің қазақтар стипендия болмаса, баласын малын сатып, ақша шығарып оқытпайды» /Айқап. 1913, №1/,– деп ашынып жазады. «340 000 қазағы тұратын Торғай облысы жиырма ғана бала оқытып жүргенінде, осыншы адам саны бар орыс губерниясының бір жылда оқуға түсетін оқушы саны 2000-нан аса түседі»,– деп сараптамалық деректер де келтіреді. Сол кездегі өзекті мәселе үшін, балаларды кінәламай, қайта дүйім жұртты білім алуға тартады. «Осылай болған соң гимназия мен реальный училищелердегі оқитын балалардың санын көбейтіп, оларға жеткілікті жаңадан стипендиялар ашып беруіміз – мойнымыздағы мықты бір парыз» /Айқап. 1913, №1/, – деп ой тастайды. Шешімін табудың, бағдарын анықтаудың амалын қарастырады. Газет бетіне жариялап қазақтардың, оқығандардың ой қосуына түрткі болады.

Заманның жан алқымнан алып, қазақтың тыныс-тіршілігі тарылған тұста, кеудені кең ашып қарбыта деміңді ашар дүние – білімнің есігін ашу екендігін жақсы түсінгендердің қазақ зиялылары халқын білімге, мәдени өркендеуге көп қажыр жұмсады, жол-жөн көрсетіп баспа беттеріне жазған назалы мәселелерін шешуге асқан ұлтжандылықпен кірісті. Соның бірі де бірегейі Ахаң:«Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білу керек» [62, б. 82]. Педагогика, психология, сабақ беру ұстанымдары жағынан мұғалімдерге, оқытушыларға кеңес береді. Содан кейін ғана , яғни, талаптарды орындағанда қазақ оқыту ісінде жүргендерге оңтайлы жақтарын байқатады. «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [62, б. 88].

Ахмет Байтұрсынов қазақ халқын әлеуметтік жағынан тең, азаматтық жағынан мәдениетті болуға жеткізетін, амал- әрекеттің ең тиімдісі «түгел қазақты» білімді етіп, ордалы жерде орын бұйырмай, жөні бар жерде жолымыздан жығылғанымызға надандықты кінәлай отырып, жаппай сауат ашуға,көзін ашу кіріседі. Халықты ағарту мектептен, баладан басталатынын, адал бала қазақтың болашағы екенін ескертеді. А. Байтұрсынұлы өз ұлтының балаларының әйтеуір сауаты ашылып, көзі ашық болуын ғана емес, оның ішінде ең алдымен өз тілінде сауаттануын, содан кейін ғана өзге ұлт мәдениетіне, тіліне ұмтылуын басты ұстаным етті. 1913 жылдары «Қазақ» газеті жарияланымын пайдаланып, қазақ ортасына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикасы мен тұрмыс жағдайын байланыстыра отырып жазады. Көкірегімен сезіп, көңіліне түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні де газет бетіндегі, мінберлердегі мәселелерімізбен үндес келеді. Автор «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатты сатады, шикізаттан жасалған өнімді қайтадан еселеп қымбатқа саудалайды. бұл Надандықтан болған кемшілік» деп «Қазақ» газетінде жариялады. Халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығын надандық деп отыр. Қалыс Қазақ жеріндегі мектептердің аздығы, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейдгі кейін қалуға үлкен себеп. Ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Осы жазғанынан-ақ, қазақ халқы қараңғы деп отырған жоқ, кінә халықта емес, сол қиындық-қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің болмауында екендігін түсінікті түрдегі тілмен білдіреді.

Ел назарындағы газет бетіне мақала жариялаудағы мақсаттың өзі дер уақытында шешім таппаған мәселелерді бақылауға қою ғана емес, тығырықтан шығарар жолды іздеп, жөн сілтеу, бағыт беру екендігі белгілі, осы пікірлер ұлт зиялыларының бас қосып, кеңес шақыруына әкелді.

1917 жылы Оралда өткен қазақтардың 1-сьезінен кейін қазақ даласында жүргізіліп жатқан оқыту мәселелерінің тиімсіз, талапты қанағаттандырмай отырғандығы айтылады да, осындай шешімдер шығарады:

- Мұғалімдер сьезін шақыру;
- Қазақ балаларына арналған мектептің бағдарламасын жасау;
- Қазақ тілінде газет-брошюралар шығару.

Съезде бұдан да басқа 23 қарар қаралған, оның ішінде білім беруді жақсарту ісі, халық ағарту ісін реформалау мәселелері қызу талқыланған еді. Мұнда оқытушы мен оқулық мәселесі қиындық тудырып отырғандықтары алға тартылды. Осы мәселе қызу талқыланып, кітап, оқулық жазу мәселелері, оқу құралдарын дайындау ісін жолға қою туралы алға міндеттер қойылды. Олар:

- Ұлт мектептеріне бағдарлама жасау;
- Мұғалімдерге оқыту жүйесін үйретететін жолбасшы кітаптар дайындау;
- Тәрбие жайынан кітаптар жазу;
- Оқу ісін жүргізу туралы жоба шығару;
- Қазақ емлесін түзету;
- Қазаққа пайдалы кітаптарды тәржіме ету;

Оқу комиссиясы құрылды. Оның құрамына А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сарсенов, Т.Шонанов сайланады (61, б. 24).

Бірақ замана желі, саяси-қоғамдық мәселелер Алаш азаматтарының жарқын ойын бірден іске асыруға мүмкіндік бермеген сияқты. Себебі, ана тілінде оқулықтар жазу, оқыту мәселесі кешуілдеп жүзеге аса бастағанын көреміз. Кеш болса да, алдына қойған мақсаттарын іске асырып, А.Байтұрсыновтың төрағалық етуімен оқулықтар құрастыру, аудару ісі қолға алынады. Аудару ісіне М.Жұмабаев, К.Кемеңгеров, М.Тұрғанбаев, Ж.Тлеулин, С.Мұстафин сынды азаматтарды тартуға қаулы етеді. Осы кеңесте қазақ тілінің синтаксисін, ана тіліндегі оқу хрестоматиясын, әдебиет теориясын құрастыру туралы шешім қабылдайды және де мұндай жауапты да көшбасшы іске ел ішінде ықтиярлы адамдар болса, газет арқылы хабар беруді, сұрастырып білуді тапсырады.

Осы қаулының нәтижесі ретінде, А.Байтұрсынов «Тіл-құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш», Е.Омаруының «Пішіндеме», Х. Досмахамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», Ж. Аймауытовтың «Психология», Ж.Кудериннің «Өсімдіктану», М. Жұмабайұлының «Педагогика», М.Дулатұлының «Есеп тану» оқу құралдарын жазып шығарады.

Бұл қазақ жеріндегі ғылымның өрістеуінің бастауы болатын. Қазақ әліпбиі мен қазақ тілі пәндік оқулықтарды жазуды, сонымен қатар қазақ графикасын дайындауға кіріседі. Қазақтың мәдени дүниесін, дүниетанымын көп ғасырлық дәстүрін қазақ графикасының негізіне алып, бар ізді қолданды, өзге түркі халықтары да қолданып отырғандықтан, жақындық әрі туыстық жақындығы бар арабша таңбаны қолданады. Қазақтың фонетикалық ерекшелігіне икемдеп жазып, қазақ дыбыстары жоқ таңба, белгілерді алфавит қатарынан шығарады, керісінше арабшада таңбасы жоқ дыбыстарға таңба қосып, қазақ тіліндегі жуан, жіңішке әуезділікке байланысты үндестік заңын алдыға қойып, соған сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасап шығады. Сосын 24 таңбадан құралған Ахметше «қазақтың жазуы» деп, өзгелерше «Ахмет жазуы» деп аталып жүрген қазақтың ұлттық графикасын жасап шығарып, ұлты үшін өлшеусіз еңбек етеді, мұндағы ойы – ұлтының бодандықтан босап, рухани дербестік алуын көздегені. Одан осы жазуды үйретететін әліппе жазады. Ахаңның артынан оқу - ағарту идеясына сол кезеңдегі интелегенция жаппай мойын бұрып, қазақтың оқу ағарту, ғылым саласына түрлі еңбектер қосылады. Әрбір оқыған азамат туған халқына қара айыртып, хат танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жарыққа шығарудан бастауын мақсат етті. «Әліппе» 1911-1912 жылдар аралығанда жасалып, Орынбор, Уфа, қалаларының баспаханаларында жарық көрген. А.Байтұрсынұлының«Оқу құралы» деген атпен белгілі әліппесі 1912-1925 жылдары жеті рет қайта жарық көріп, бала оқытуда ұзақ және кең көлемде пайдаланылды. Ғалым «Әліпбидің» 1926 жылы жаңа түрін жазды. А. Байтұрсынұлының ана тілінің табиғатын, қазақ санасына қонымды нұсқасын танытудағы ісі енді мектептерде ана тілі пәндік сипатында оқытатын оқулық жазу жалғасты. Атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарық көрген оқулықтары да осы тұста жазылды. Қазақ тілін ана тілі деп танығанымыздың басы «Тіл-құрал» еңбегінен басталады. Бұл еңбек тек мектеп оқулықтар бастауы ғана емес, біздің заманғы қазақ тілі ғылымдарының қайнар бастауы болып табылады. Бұл тұрғыдан, тарихымызда «Оқу құралы»

мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырған, зерттеп, танып-білуде негіз болған құнды еңбек. Тіл грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына Ғалым қазақша термин ұсынды. Қазіргі қолданылып жүрген сын есім, зат есім, етістік, шылау,одағай, есімдік, үстеу, бастауыш пен баяндауыш, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, сол сияқты қаратпа сөз сияқты сан түрлі лингвистикалық атаулар Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы, не қарапайым сөздің мағынасын қайта жаңғырту арқылы дүниеге келген жаңа сөздер. Сәтті шыққандығын ол атаулардың бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы айғақтайды. Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен құралған «Тіл жұмсар» атты еңбегі белгілі. 1910-шы жылдан бері 1928 жылға дейін методика саласында біршама ізденіс еңбектері жиналған. Таңбаларды жазып үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы да 1912 жылы жарыққа шыққан. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдар уақытында ана тіліміздің әдістемесіне арналған біраз материалдарды «Жаңа мектеп» журналы жариялаған. А. Байтұрсынұлы тіл мәселесін ана тілінде тұңғыш зерттеуші ретінде өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық (графикасын) жазуын құрастыруды мақсат түтқан, ол үшін арабша әліпбиге жақын «Байтұрсынов жазуы» жарыққа келсе, екіншіден, сонымен сауаттылықты ашу ісін ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған. Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен байланыстырып өз дүниетанымымыздан тауып, оларға тұңғыш сипаттамалық анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) ізденіспен шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді мәселелерді қозғаған оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» –, деген Сәбит Мұқанов [62, б. 104].

Осы тұста назар аударарлық нәрсе, XX ғасыр басындағы Алаш азаматтарының ұлттық тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы бір өлшеусіз зор еңбектері термин жасау мәселелерін қамтыды. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ зиялыларының бас қосқан сьезінде қазақ терминологиясы туралы мәселе алғаш көтерілді. Оның дамуы жөнінен қағидаттары қарастырылып, жат сөздерді тілдік қорымызға енгізудің шарттарын талқылап, сөзжасамдық жүйеде қазақ тіліне тән дыбыстарға мән беруді, ұстанатын алғы шарттарды алға тартты. Қошке Кемеңгерұлының ұсынысы да сьезд қарарына енгізілді.

Саяси өзгерістерге толы XX жылдардағы Ташкент тарихында Қошмұхамбет Кемеңгерұлы тек публицист емес, сонымен қатар ағартушылықпен айналысқан педагог ретінде де қалды. Оның 1926 жылы мен Түркістан әскери училищесі мен Орта Азия университетінде дәріс бергендігі жөнінде деректер бар. Қошке Кемеңгерұлының ғалым, тілші, ағартушы ретінде САГУ-дың рабфагында, даярлық бөлімінде, шығыстану факультетінде, кеңестік шаруашылық пен құқық факультетінде, педагогика факультетінде қазақ тілінен дәріс оқығандығы осыған дәлел.

Университет қабырғасында дәріс бере жүріп Қ.Кемеңгерұлының ғылымға деген қызығушылығы оянады. Сөйтіп кейінгіге тамаша тындырылған ізденістерге толы кітаптары дүниеге келген ол түріктануды қалады. Қошке 1928 жылы 23 қазанда Шығыстану факультетінің түріктану кафедрасына аспирант болып оқуға түсті және осы факультеттің аспирантурасында Қ. Кемеңгерұлымен қатар Мұхтар Әуезов те дәріс алған. Бұл екі дарынды азаматқа А.Дубсон, М.Гаврилов, А.Шмидт сияқты ғалымдар тәлімгерлік жасады.

Нағыз ғылымды ашық, жүйелі пікірталастар тудырады. Қошке тіл маманы ретінде Юдахин, Поливанов, Шмидт сияқты алпауыттармен қазақ тілінің күрделі мәселелері жөнінде келіспей қалып отырған. Мәселен, 1929 жылы мамыр айында болған орфографияға арналған конференция болған. Мұнда жаңа орфография мен терминология ұстанымдары туралы Қ. Жұбанов, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы орнықты пікір білдіріп, «өздерінің қара шекпенін жапқысы келген» еуропалық ғалымдармен айтысқан. Бұл қазақтың жаңа қалыптаса бастаған тіл ғылымының еуроцентристік көзқараспен текетіресуінің көрінісі еді.

Қошке Кемеңгерұлы Ташкент қаласында жүргенінде, тіл білімінің өзектілігі турала біршама зерттеулер жазған. Қ.Кемеңгерұлы ғылымдағы еңбегі қатарына 1927 жылы Г.Архангельский құрастыруымен орыс тілінде жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегі де кіреді. Қошкенің редакциясының зерттеу алғысөзінде: «Данное исследование представляет лекции по казахскому языку, его читал на Туркестанских Курсах Востоковедения РККА в 1924-1925 г. товарищ Кеменгеров, преподаватель казахского языка»[63, б. 251] –,деп жазба қалдырып, ұстазына үлкен ризашылығын білдіреді. Ал баспа тарапынан А.Байтұрсынұлының бұл еңбекті жоғары бағалағаны айтылады. Өткен ғасырдың бас кезінде Ә. Бөкейханов бастаған ұлт қозғалысында белгілі ізі бар Қ. Кемеңгерұлы (1896-1937 қоғам қайраткері болумен қатар мол мұрасы қалған қаламгер. Түрме ішінде замандас, қатарластары туралы жазған кітабы жарыққа шықпай құрыққа ілінген. Жарыққа шыққан күнде қандай құнды еңбек боларына кәміл сенімдіміз. Жиырмаға жуық драмалық туынды мен көркем әңгіме, әдебиеттің тарихы мен тағдыры, елдің әлеуметтік жағдайы, халықтың оқу-ағарту мәселелері сияқты ірі-ірі тақырыптарды қамтитын жиырмадан астам мақала Қошке Кемеңгерұлына тиесілі болды. Оның еңбектері 1924 жылы Мәскеуден «Қазақ тарихынан», 1929 жылы «Бұрынғы езілген ұлттар», 1925 жылы «Қазақша-орысша тілмаш», «Жабропалықтар үшін оқу құралы» деген атаумен басылды.

Өмірінің әсерлі шағы, қарбытып қызмет еткен кезеңі Ташкентте өтті. Қ.Кемеңгерұлының шығармашылық тынысы кеңейген тұс осы. «Қазақ тарихынан» деп аталатын зерттеу жұмысын аяқтап, Мәскеу баспасы «Күншығысқа» тапсырды. Осы баспадан қаламгердің «Бұрынғы езілген ұлттар» деп аталатын ғылыми зерттеуі мен «Қазақша-орысша тілмашы» 1925 жылы жарық көрді. Сөздікті түзуге Қ.Кемеңгерұлының жетекшілігімен Байғасқаұлы, Баймақанұлы, Дәулетбекұлы, Темірбекұлы, Сәрсенбайұлы қатысты. Ташкентте жүріп Қошке 2 кітаптан тұратын «Жабыропалықтар үшін оқу құралын» атты қазақша оқулық басып шығарды. Алғашқысы 1928 жылы Ташкент қаласында, кейінгісі 1929 жылы Қызылорда қаласында басылды.

Осы сьезде Х. Досмұхамедұлы «Қазақша пән сөздерін тексеріп, қабылдап алатын орын қазақша білім кеңесі болсын, жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын, пән сөздері әуелі білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған, әр пәннің өзіне дербес кемесіиелерде тексерілетін болсын, кемесіиесінің қабылдап алған сөздері баспасөз бетінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, білім кеңесінің қарауына тапсырылып, сонан бекіп шығатын болсын» [64, б. 58], – деген пікірі ескеріліп, жеке комиссия құрылатын боп, қазақ ғылымының өркен жаюына соқпақ салған қауырт жұмыс басталған еді. Аз ғана адамнан тұратын комиссия қазақ терминологиясын қалыптастыруда аянбай еңбек етті. Шамалы уақыт ішінде жүзден аса ұлттық терминологиялық қордың негізін қалаған терминдерді сөздік және жазба айналымына енгізді. Осы бағытта жұмыс жасаған Алаш ардақтыларының әрқайсысы дара жүріп бүгінгі тұтас бір институттың қызметін атқарғандары ұлтына деген шексіз махаббат, болашағына деген ерен сенімнен туған қаракеттері болатын. Ғылыми ұғымдарға атау беру – үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үрдіс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ол жүйенің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде есте ұстау қажет. Атаудың ұзынсонарлықтан ада, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы керек. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлт ұстазы қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете білді. Ахмет Байтұрсынұлы бұл туралы былай деп ой толғайды: «... Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында, ана тілдің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден сөз қарастыруымыз керек» [65, б. 118] Ол таланттылықтың көрінісі мен ұлтын өрден көргісі келген жанкештілік. Ахмет Байтұрсыновтың термин жасауға қосқан үлесін Р. Нұрғалиев «Әдебиет танытқышта Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөздерді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-біріне сабақтас, үйқас, ұялас, ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп шет тілді зорлап енгізу науқаны тұсында әдебиеттанудың да

шұбарланғаны анық. Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» [11, б. 34], – деп жазса, тілші ғалым Құрманбайұлы: «Ғалым терминжасау әдіс-тәсілдерін көрсетіп, әдісін пайдаланып тіл білімі, әдебиеттің ғылыми терминдерін, сол сияқты өзге арнаулы салаларға байланысты терминдер жасауы ғасырдың басы кезінде басқа ғылымдар бойынша оқулық жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Ахмет Байтұрсынұлынан кейін әртүрлі ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектердегі зиялылардың терминдері бұған айқындық береді. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 1914-1915 жылдары және одан да кейін бірнеше дүркін қайта басылған «Тіл – құрал», еңбегінде – уыш/уіш, -ша/ше, -лық/лік жұрнақтары арқылы жасалған сызықша, есімше, көсемше, бастауыш, баяндауыш, сұраулық терминдерінің үлгісі 1927 жылы басылған Ж. Күдериннің «Өсімдіктану» оқулығында сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық, Е.Омаруұлының 1928 жылы жарық көрген «Пішіндемесінде» (геометрия) тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік түрінде жалғасын тапқанын көруге болады. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады» [62, б. 11], – деп бағалады. XX ғасыр басындағы ұлты үшін еңбек еткендердің данышпандығы мен ұлылығы сол кезеңде де халықтың көңілінен шығып, қазірде де тарих төрінен орын алып отыр. Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері мен түрлі сала бойынша арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми көпшілік стильдері қалыптасты. Мысалы, Ә. Бөкейханның тарих, әлеумет, фольклортану салаларындағы ғылыми еңбектері, А.Байтұрсынұлының 1912-1929 жылдар аралығында жария болған оқу құралдары, ғылыми еңбектері, оқулықтары, Ж. Аймауытовтың психология бойынша және әдебиет жөнінен ғылыми ізденістері, Х.Досмұхамедұлының тіл, медицина мен биология бойынша ғылыми еңбектері, М. Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т. Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омаруұлының,С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгеруұлының, С. Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды. Алаш зиялыларының қазақ тіл білімі саласына сіңген еңбегі мен тарихындағы орнын 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сьезді аңғартты. «Осы алқалы, тарихи жағынан маңызды ғылыми жиындағы А.Байтұрсынұлының, Е.Омаруұлының, Н.Төреқұлұлының баяндамалары, Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедұлының, М.Тұрғанбайұлының, М.Саматұлының сөйлеген сөздері, ой-пікірлері тілтану ғылымының күрделі мәселелерін шешуде алаштықтардың қаншалықты үлкен еңбек сіңіргендіктерін қаншалықты эрудициясы мен инстуициясы бай тұлғалар екендіктерін айғақтады»[62.б 78]. Осы сиезде қаралған мәселелер тілдің сан алуан мәселелері төңірегінде сөз қозғауға өрісті ой тудырды. «Осындай білімпаздар

сиезі, біздің пайымдауымызша, бүгін де қажет сияқты. Себебі емледе болсын, терминологияда болсын, ономастика саласында болсын тілші ғалымдармен бірге басқа ғылым саласы өкілдерімен бірге ақылдасып ортақ уәжге келерлік мәселелер көп...» [67, б. 154].

Олар орыс миссионер оқымыстыларының қазақтарды орысқа айналдыру саясатын жүргізу үшін ойлап тапқан әрекетін жақсы түсінген, соның нәтижесінде қазақтың ұлттық дүниетанымына жақын, санасына өшпестей қонымды, жеңіл, мазмұны, тәрбиесі толық оқулықтар жазылды. Алаш азаматтары қазақ ұлтын Ресей сияқты үлкен мемлекеттің зымиян саясатының, ірі саясатының құрбандығына шалынып кетпеу үшін күресті. «Хүкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызу, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке одан артық іс болмас» [68, б. 86], – деп патша саясатының ұсақ ұлттарға ұстанған саясатын ашық, батыл көрсетеді. Қазақ өзінің халықтығын, ұлттығын жоймас қамын жасау қажет болған кезде қазақша мектептер ашып, бар қажеттілік жағдайын, мәселелерін оңтайлы ету үшін жанталасты. Олар ана тіліндегі әліппені дайындап, сабақ барысын ана тілінде жүргізіп, мектептердің жаңа талапқа тән жабдығын нығайтып, білікті педагог оқыту қазақ зиялыларының алдында тұрған маңызды міндетті асқан жауапкершілікпен, ұлтына деген асқан сүйіспеншілікпен, ұлтының өсіп-өркендеуіне жарқын сеніммен қараған. Алаштықтар армандаған азаттық рухтың биіктігі, қазақ дүниетанымындағы құндылықтар жүйесі, өмірсүйгіштік көзқарас, отансүйгіштік мұраттар адамның өміріне ту боларлық құндылықтар.

Газет бетінде жарияланған қазақтың басында тұмшаланған үлкен проблемалар ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың азаматтық ұстанымымен ұштасып, рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор рухани, дүниетанымдық мұраның ізін қалдырды. Дүниетанымдық мұралар ел жадында алатын орнымен ғана емес, қазіргі таңда да маңызын жоймаған өзектілігімен де ерекшеленеді. Ахмет бодандыққа қарсы шыға отырып, ұлттық публицистикада тұңғыш рет патриоттық, отаншылдық ой-пікірлерді таратушы болды. Ахмет идеясы ұйқыдағыларды оятты. Ақылы бар, ойы талантты жастар дүр сілкінді [67. б. 102]. «Дәуірдің негізгі оқиғаларына өзі куә болып, ой елегінен өткізген елі мен жерінің тағдыры қатты толғантқан жас дарындар отаршылдық идеяға қарсы болып, қазақтың еркін өмір сүруін қалады» [69, б. 77].

Қорыта айтқанда, XX ғасырда зиялылықтың таза үлгісін көрсетіп, әрқайсысына тарих төрінен орын сайлап, Алаш зиялыларының ұлттық рухын асқақ еткен тарихи тұлғасы бізге үнемі өнеге. Нағыз зиялы болғысы келетін әрбір қазақтың рухани ұстазы болуға лайық. Өйткені, Алаш зиялылары қазақ ұлтының даму тарихының өрісін бойлаған қазақ рухын дер кезінде, қазақтың бір «мүлгіп» кеткен тұсында өзіне табыстыра білді. Олар туған халқы үшін жан аямай еткен еңбектің арқасында аз уақыт ішінде ұлттық рухты көтеріп, ұлтына уақыт сынын сындарлы түрде ұғындырып, заман тығырығынан шығудың сан-қырлы жолдарын көрсетіп кетті.

Біріншіден, Алашордашылар қазақ ғылымына алғаш келген лек, төлбасы. Тілтану ғылымының іргетасын қалады. Себепке үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін байқатарлық тіл тәріздес ең көрнекті құбылысты таңдауы аса орынды еді. Алаш оқымыстылары еңбектері Ахмет Байтұрсынұлының ғылымнан бастау алған тіл мектебін орнықтырды . «Бұл мектеп ілгеріде есімдері аталған тілтанушыларды өсірді, бұдан кейінгі кезеңде Ахаңның көзін көрген өнегесін алған қаншама ғалымдар қалыптасса, совет заманындағы қазақ тіл білімі де Ахаңның ізімен жүрді, оның атын атай алмаса да, еңбектерін пайдаланды. Енді тәуелсіздік алған заманда тағы да Ахаң өзінің ұстаздық мінберіне барша тұлғасымен көтерілді» [16, б. 24]

Екіншіден, Алаш қаламгерлері ұлттық жазба әдебиетін жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды. Тақырып, бейнелілік, тіл оралым жағынан, стильдік жағынан қазақ баспасөз ісінің жаңа деңгейге биіктеуіне зор ықпалды еңбек етті.

Үшінші, Алаш зиялысы ғасыр басында ұлт тілі мен ұлттың тәуелсіздігіне бағытталған ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысудағы көркем қазынаның асылы тіл екендігін көрсетті. Олардың мақсаты – тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту, саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне көтеру. «Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті»[70, б. 12]. Ахмет «...Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Тіл – ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы!» [71, б. 100]. Осылайша ұлттық болмыстың, рухтың өзегі де, арқауы да тіл болатынын тұңғыш байқатты.

Сол сияқты «Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаймыз» [72, б.154], «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» [41, б. 72], «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпайды»[64, б. 92], «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарттың біріншісі – тіл» [73, б. 47]. Біздің заманымызда да бұл өзекті болып отыр.

Төртіншіден, Алаш қозғалысы тұсында ұлттық дүниетаным айшықталған қазақ баспасөзі қалыптасты. Бір «Қазақ» газетінің өзі неге тұрарлық! Заңғар тұлға Мұхтар Ауезов: «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905-ші жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді» деп айтқан болатын [74. 108 б.].

Бесіншіден, Алаш зиялыларының ғылыми, ғылыми-танымдық еңбектері ғылыми-көпшілік стильді қалыптастырды. Атап өтсек, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы, А.Байтұрсынұлының оқулықтары, оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина саласына сіңірген ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарих саласындағы зерттеулері, М.Дулатовтың әдебиеттану, тілтану, математика саласындағы еңбегі, Ж.Аймауытовтың алғашқы психологиялық ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика мен әдебиеттану, Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары, Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақ танымын ескере жазылған құны өлшеусіз еңбектер болатын. Бұл еңбектер қазір де қазақ ғылым айналымында маңызын жойған жоқ. Әсіресе, терминология саласында ғылыми жетістіктер көп болды. «Алаш санаткерлері қалыптастырған осы терминологиялық қор, біздің ойымызша, ғылыми тұрғыдан қорытылу қажет, соған орай оның қағидаттары мен тұжырымдары осы саладағы барлық мамандарға жеткізілуі тиісті» [75, б. 50]. Алаш оқымыстыларының терминология саласына сіңірген еңбектерін зерделесек, термин саласындағы қиындықтардың басы ашалар еді және таза ғылым ретінде зерттелген болар еді.

Алтыншыдан, Алаш қаламгерлері аударма саласын дамытты, күшейтті. Бұған олардың ғылыми аудармалары дәлел боларлық.

Жетіншіден, Алаш қозғалысы кезінде ресми-іскери стиль қалыптаса бастады. Бұл қазақ тілінің мемлекеттің тілі болуына ұмтылатын алғашқы кезеңі десек болар.

Міне, қазақ көсемсөзінің, оның ұлттық дүниетанымының басты белгісі – қазақ тілінің Алаш қозғалысы тұсындағы өрістеу бағыттары осылайша өрістеген болатын. Көрнекті алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: «Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих қысыр әңгіме ғана. Егер біз Алаш қозғалысын ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде ғана бағалаумен шектелсек, онда біз оны түсіне алмаған ұрпақ болып шығар едік. Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни, ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені, Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харекеті» [24, б. 29].

Қазіргі таңда бабаларымыздың ұлттық ойлау нақыштарымен бойымызға таралатын, бүгінгі күннің мұратымен сабақтас рухани құндылықтарды өзімізге үлгі етуіміз керек. Бұл құндылықтар біздің бағдары анық, мақсаты айқын бүгінгі күнімізге көсбасшы болары хақ.

Сол тұстағы мерзімді баспасөз беттерінің мазмұны Алаш көсемсөз зергерлерінің ерлік-істерінің айнасы іспеттес болды. Олардың ұлты үшін

жасаған ұлы істері публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай жасаумен қатар, қазақ баспасөзін де ілгері дамытты. Сол бір алақұйын тұста ірілі, ұсақты мәселеге, қазақ жұртының тағдырына қатысты мәселелерге өз көзқарастарын білдіріп, аянбай тер төккен ұлт зиялыларының дүниетанымдық мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

1.3. Қазақ дүниетанымындағы рухани-этнологиялық, әдеби-мәдени тың ізденістер және “Дала-еркіндік-азаттық” ұғымдарының тұтастығы

XX ғасыр ұлт жанашырларының ұлттық-мәдени ұстанымдарының бір көрініс табатын жері – әдебиет пен өнер. Жалпы дүниетаным өмірдің, әлемдегі болмыстардың, адамның мақсаты мен мәнін, оның құндылықтар әлемін тұтас қамтып танытады. Дүниетаным халықтың табиғи әрі тарихи даму жолдарымен анықталатын жүйе. Соның ішінде әдебиет пен өнер, сондай-ақ дін де сол халықтың мәдениеті, ойлау жүйесі мен дүниетанымдық ерекшеліктерінің көрсеткіштері болып табылады. Дәстүрлі дүниетаным барлық халыққа тән құбылыс, ол дамиды, түлейді. Әрбір мәдениеттің белгілі бір уақыт шеңберінде, ғасырлар белесі мен тарихи кезеңдерінде өз ұстындарын ұрпақтан-ұрпаққа тарату құбылыстары толассыз жүріп жатады. Дүниетанымның негізі ұстыны – мәдениет болса, мәдениеттің күретамыры оның тіршілігі мен қалыптасуына қажетті құндылықтар жүйесі ұлттың әдебиеті болмақ.

Әдебиеттегі ұлттық рух! Бұл басынан бостандығы таймаған қуатты елдер үшін кәдімгі, күнделікті нәрсе. Ағылшын, француз, неміс т.б. елдер әдебиеті оны ешқашан біздегідей өткір сезінген емес. Ал бізде мәселе мүлде басқаша қалыптасты. Ойлана қарасақ, мәдениеттегі ұлттық рухты жоюды мақсатты түрде жоспарлаған «бұратаналық кезең» одан кейін Кеңес үкіметі үнемі ұлттығымыздан қауіптенген сияқты. Ұлтшылдық дегенді рухы берік жандарды басу, жаншу үшін алғашқы күндерден бастап қолданған.

XX ғасыр басында бұл мәселе оған дейінгідей өткір қалыпта қозғалған емес. Нақты ұлттың тұрмыс-салтындағы қалыптасқан тұрақты, дәстүрлі белгілерді бұзып беймәлім, жат, жаңа қатынастар мен үлгілерді күшпен таңа бастау текті халықтың ашу-ызасын, қарсылығын туғызатын нәрсе. Отарлаушы мемлекет үшін отар елдің халқынан гөрі, байлығы, жері ғана қымбат. Оны еркін иемдену жолында ұлттық рухты жою Ресей тәрізді отаршыл елдің басты міндеті болып келді.

XX ғасыр басындағы Алаш көсемсөзшілерінің қазақ қамы үшін жанұшыра еткен ерен еңбектері, дүниетанымдық ұстанымдары көсемсөз арқылы көрініс тапты. Сол кезеңдегі баспасөз жарияланымдарының қаймана қазақ санасына әсер еткені соншалық, оны қалың ұйқыдан жұлқып оятып, көкірек көзін ашып, тұла бойын тоқ соққандай сілкіндіріп, қоғамдық өмірде үлкен серпіліс туғызды. Дана Абай жолын жалғастырған Алаш азаматтарының еңбегі еш кеткен жоқ. Жастар ағалар ісін іліп әкетіп, білім-ғылым, өнер жолына лап қойды, өшуге айналған қазақ рухы қайта жанданды. Ой-сана сілкінісі мұның алдында бір мезет мызғып кеткен қазақ қоғамының тұла бойына қан жүгіртіп, кемінде елу жыл ілгері озуына себепші болды. Қазақтың арда ұлы Қошке Кемеңгеров Ташкент

болған кезінде, мұндағы 1921-22 жылдар аралығында келе бастаған Алаш азаматтарымен жиі кездесіп, жиі сұқбаттаса бастады. Осы уақытта Ә. Бөкейхан Мәскеудегі "Күншығыс" баспасының қазақ секциясында, Ахмет пен Міржақып – Орынборд қызметте еді. Ташкентте Қошке, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, М. Жұмабай, Ж. Аймауытұлы, Абдолла Байтасұлы, Даниял Ысқақұлы сияқты Алаш арыстарымен кездесіп тұрды. Қошкенің Түркістанға ат басын бұрған кезі әйгілі "Алқа" бағдарламасының зиялы қауым ортасында кеңінен талқыланған тұсына дөп келді. Бағдарламадағы мына жолдар Қошке мұратымен үндесіп жатты: «Жаңа әдебиеттің тартылса ағұзысы ғана тартылды, біссімілдәсі әлі басталған жоқ. Өміріміздің күнді һәм күңгірт дәуірлері болған һәм бар. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған һәм бар. Осылардың бірі туралы әлі айтарлық қалам тартылған жоқ. Осылар түспей, әдебиет өз әдебиетіміз бола алмайды» [76, б. 150]. Бұл «Алқалықтардың» қағаз бетіне түсірген қазақтың дүниетанымен үндестіру үшін қойған талаптары еді. Полемикалық көсемсөз де сол кездің жаңалығының бірі еді. Одан біршама уақыт өткен соң, 1926 жылы "Көркем әдебиет туралы" деп аталатын мақаласында осы пікірді Қошке таратып жазып, жүйелеп жақсылап айтқан. Сол кезде айтқан көркемөнер табиғаты және заңдылығы туралы пікірлері әлі де көкейкесті болып келеді.

1918-1919 жылдары С.Садуақасұлы: «Жас талап Кемеңгерұлының прозасы келешегінен үміт күттіреді»[77, б. 110], – деп өзі жазғандай, Қошке қаламынан оның өмірінің Ташкент жылдарында «Қазақ әйелдері», «Отаршылдық ұсқындары», «Ерлік жүректе», «Қанды толқын», «Момынтай», «Назиха», «Жетім қыз», «Дүрия» тәрізді тумысы ерекше әңгімелер туды. Суреткер Қ.Кемеңгерұлы әріптесі М. Ауезов, Ж. Аймауытұлы сияқты прозада ұлттық бояуды сақтай отыра, көркем бейнелеуде сөзге мән берді, сөзді ойната қолданды.

Қызылордада 1926 жылы қаңтардың 13-і мемлекеттік ұлт театры Қ.Кемеңгерұлының "Алтын сақина" қойылымымен тұңғыш шымылдығын түрді. Осы пьеса драматургке қанат бітірді. 1926 жылы "Парашылдар", 1927 жылы "Ескі оқу", 1930 жылы "Күнәсіз күйгендер" атты пьесалары көрерменге жол тартты. Шығармаларының атауынан-ақ оның қойылымдары арқылы сол кезгі көрерменнің сана саңылауына әсер етуді көздегені аңғарылады. Талантты сыншы С.Садуақасұлы Қошкенің драмалық шығармаларын: «Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрлым танысырақ» [77, б. 130], – деп баға берді.

Қошке Кемеңгерұлы Ташкентте қызмет еткенде шебер журналист ретінде де қабілет-қарымы қарышты болды. «Ақ жол» тілшілерінің 1925 жылы өткен тұңғыш бас қосуын ұйымдастыруға атсалысты. Өзі де сол тірліктің ішінде біте қайнасып, әлеумет, шаруашылық, ғылым-білім хақында алуан-алуан мақалалар жазды. Әдебиет жөнінде сындарлы пікірлер айтқан. Журналистің, ағартушының күйбең тіршілігінен қолы босағанда қатарластары туралы роман жазбақ болып материалдар жинады. Ұлттық қауәпсіздің комитетінің архивінен табылып отырған, 1925 жылдың 16 наурызында Д.Әділұлына жолдаған хатында: «Сен өміріңде талай тарихты бастан кешірген жансың ғой. Менің ептеп қаламды ермек ететінімді білесің. Өмір жолыңмен танысқым келеді.

Кішкене уақытыңды бөл. Мен қазақ зиялылары жөнінде роман жазуға отырдым... Есеп беру кезеңі туды»[19, б. 53].

Қазақ дүниетаным тіршілігіндегі аса маңызды бір бөлігі – ән, күй, өлең, жыр. Онсыз өмірдің қызығы, сән-салтанаты жоқ. Осы ойларды ақын «Өлең һәм айтушылар» атты мақаласына негізгі өзек етіп алды. Автор халық өміріндегі өлең-жыр, әдебиеттің атқарар қызметін дәл көрсете білді: «Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар... Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысыңдар, болмаса жым-жырт... деп сөйлегеннің аузына қарап қалатынымыз хақ» [78, б. 251]. Сонымен, өлең-жырды, әдебиетті халықтың жан-жүрегіне теңеген Сұлтанмахмұт сол кездің өзінде-ақ бұл мәселеге жұртшылық назарын аудара білді.

Абайдың ізімен жол тартқан жазушы-ақындардың бірі – Сәбит Дөнентаев. Ол елеулі уақиғалардың ішінде біте қайнасып жүріп, журналистік қызметінде ел ішіндегі елеулі оқиғаларды көсемсөздің түрлі жанрында әсіресе соны жанр-сатираны қолына садақ еткен сөз мергені еді. Оның шығармашылығы өз алдына бір жүк, дегенмен, бүгінгі айтпағымыз оның әр шығармасында ұлттық сипатқа аса көңіл аудара жазуы жайлы. Яғни, публицистің негізгі мақсатының бірі рухани саланы жетілдіру болса, ол сол ұстанымын адал атқара білген қаламгер. Оған куә, қаламынан туған «Әйел теңдігін қалай түсіну керек» (1924), «Хат танымаған қатарға қосылмайды» (1924), «Баспасөз күшейсін» (1926), «Әуелі шаруа оңалу керек» (1924); «Қытайда әлеумет соғысы» (1924), «Саясат дүниесінде» (1924), т. б. мақалаларында әйел теңсіздігі, ауыл тіршілігі, халықаралық саясат туралы айтылған мақалалары.

«Көркемтай» деген әңгімесінде (1924) жетім баланың көрген қорлығы, аянышты өмірі суреттеледі. Жастардың білім алуының орнына босбеулікке салынып, жалаң сөз қуып жүргенін «Екеуі де дұрыс» атты оқшау сөзінде (1925) мінеп-шенейді. Жазушы – публицист қазақ әдебиетіндегі фельетон, сықақ, әзіл - қалжың, мысал жанрының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Осы тұста көрнекті әдебиет зерттеушісі Қ. Ергөбектің мына пікірін келтіруді жөн көрдік: «Сәбит Дөнентаев өзінің дарын қуатын әр жанрға қалам тартып ұштады. Қай жанрда жазса да игі мақсаты – халқына адал қызмет ету. Аз ғұмырын халқының тағдырын жырлауға арнады. Сондықтан, Сәбит Дөнентаев ұрпақ есінде қазақтың бозторғайы болып қалады» [79, б. 155]. Сәбит Дөнентаевтың публицистикалық мақалаларында негізінен ел тұрмысындағы өзгерістер, қазақ дүниетанымына енген жаңалық, әлеуметтік теңсіздік, өнер тақырыбы, кедейлердің қатарда тұруы, заман, уақыт туралы толғанысы тағы басқа мәселелері сөз болды.

Жалынды журналистің қаламынан туған отты мақалаға ұлттың ой санасының өркендеуіне өлшеусіз еңбек сіңіріп, соны серпіліс туғызады. «...Ресей елінің әкімшілік басқару жүйесіне түскен, орыс патшалығының ыңғайына көшіп, заңдарына бағындырылған, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан жан-жақты тәркіге түскен қазақ халқының рухани этникалық белгілері де жойылуға шақ тұрған кезде, қаламымен елдің жүрек түкпіріне нұр сәулесін

түсіріп, рухани дайындығын шыңдауға өлеңдері мен сыни мақала, сықақ әңгімелері арқылы ойларын жеткізуді парыз санаған. Ұлт зиялысының мақсаты оның баспа бетін көрген шығармашылығынан көрінді» [80, б. 77].

Адамның қоғамдық-әлеуметтік ортамен байланысын, әркімнің өз ортасында қоғамға пайдалы іс атқару тиістігін көтерген С.Дөнентаев : «Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда әр нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Біреу оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Қайғылысы, өз жолын шу дегеннен тауып алатын адамдар сирек болады. Адамның көбі ана жолға бір, мына жолға бір түсіп, өмір бойы өз соқпағын таба алмай, сенделумен күні өтеді. Әлеумет те, мемлекет те әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын қалайды» [81, б. 178]. Публицист «Неге арналса, соны істеу» деген мақаласында осы мәселелер туралы сөз қозғады. Мақала жастарды мамандыққа бағыттаудың, мамандық таңдаудың мәселелерін қарақты көзбен шолуымен бағалы болмақ.

С. Дөнентаев сын мақалаларды көптеген әдебиетке арнап жазған. 1925 жылы «Аударма туралы», одан соңғы «Сұңқар жыры» атты еңбектері әдебиет мәселелері, әртүрлі жанр ерекшеліктері туралы, жазушы творчествосын түсінудің принциптері жайындағы ұғым-түсінігін, көзқарасын көрсете алатын елеулі туындылар.

С.Дөнентаевтың сын пікір көзқарасында жазушы және ақын шығармашылығын оның өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті мәселелерімен, өнер жолындағы адамға тән ерекшеліктерін есепке ала отырып, талдау ұстанымы бірінші орында тұрады.

Сонау ертеректен бері қай халықты алып қарасаңыз да сол елдің өсіп-өркендеу жолында баспасөздің өте жоғары рөл атқарғандығын аңдаймыз. Өркениеттің көшіне ілесудің бір амалы сол ұлттың білім-ғылымының, әдебиеті мен мәдениетінің өрісін сол кезеңдік баспасөзінің қаншалықты дамығанына байланысты білінетіндігі шын. «Баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, соңынан жаңаша сипат алуға ұмтылған оқыту қажеттігін тудырды, ол педагогиканың дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Білім беру ісі өркен жайып, әдістеме дамыды, жаңа көркемдік ізденістерге ұмтылды. Баспасөзде фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды» [82, б. 41]. Білім беру саласы да әр дәрежедегі биіктерге қол жеткізе бастады. Кітап басып шығару ісі қызу қолға алынды. XX ғасырдың бірінші 20 жылы бойында бес жүзге жақын кітап жарық көрді. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері, әдеби жинақтар, қиссалар, оқу құралдары мен әліппелер, сол кезеңдегі ақындар мен жазушы жазбалары т.б. Классика мұраларынан Ибн Сина, Қожа Ахмет Яссауи. Шортанбай, Шоқан, Ыбырай, Абай, Дулат, Мұрат Мөңкеұлы шығармашылықтары кітап болып жарық көрді.

«Қазақ» газеті өлең кітаптар, оқулықтар, қазақ тілі тазалығы, баспадан жарық көрген халық ауыз әдебиеті жинақтары туралы сыни мақалалар мен рецензияны көп жариялап, оқырмандардан ой-пікірді толықтыра түсті. Ғылым саласының алғашқы кезеңінде айрықша аударарлық мәселе қазақ тіліндегі оқулықтарға деген талап-тілектің күшеюі болды, бұл жанашырлық позиция. А.В.Луначарскийдің «...Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тіл біліміне арналған оқулықтардың өзі сыншыл, ғылыми ой-пікірмен сабақтасып жатады»[79, б. 102]. Осы пікірге сүйенсек, М.Нұрбаевтың «Қазақша әліппе», «Ғалия» медресесі шәкірттері шығарған «Әліппе яки төте оқу», М.Кәшімовтің «Ақыл кітабы» (1903), М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (1910), Қ.Қожықовтың «Әліппе», «Әдеп», «Үгіт» (1907), Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915), С.Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы құптарлық құбылыс болды. Аталмыш кітаптарға жазылған сын мақала оқулықтың педагогика мәнділігі жағынан, таза қазақ тілі болуы жағынан балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгі ретінде ұсынып отырды.

Тәуелсіздігімізді қолымызға алғаннан бері А.Байтұрсынұлының ғылыми әдеби және шығармашылық мұралары әдебиет, тарих танушыдан басқа, заң қызметкері , ұстаз, лингвист тілшілер, журналисттер, ғылыми қызметкерлердің талай ізденістері мен еңбектері арналып жатыр. Ө.Айтбаев ғалым толықтай ақталғаннан кейін «Қазақ терминология атасы» деген ғылыми мақала беттерінде : «А.Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады....қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [84. 106 б.], – деп бағасын береді.

Ахмет Байтұрсынов: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған», – деп жоғары бағалайды [2, б. 219].

Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін айқын берген. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз», – деп Ахмет сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр [2, б. 220]. Ахмет Байтұрсынов ел қамы мәселелеріне қалам тартқан мақалаларында өз кезеңінің

өзекті тақырыптарына бойлап, елге қызмет жасау, халқына қамқор болудың озық үлгісін насихаттай білді. Осылайша қазақ көсемсөзінде жөн істі желбіретіп, «Ұятың, арың оянсын» деп жырлаған Абай дәстүрін өз кезегінде тарихпен сабақтастыра дамытады. Ғасыр басындағы публицистика өзіндік өзгешелігімен тағы бір сапасымен танытылды. Заңғар тұлғалар сапында А. Байтұрсынов өз биігінде жарық жұлдыз боп жарқырай бермек.

ХХ ғасыр әдебиетінің қозғаған мәселелерінің шарықтау шегінде тұрған тақырып әйел теңсіздігі болатын. Осында айтылған әйел теңдігі тақырыбына жазуды М.Дулатов «Айқап» журналының бетінде бастады. Дәлелі «Екі қыздың мұңы» жаңа үрдіспен, соны пішінде жазған мақаласы. Қазақ қоғамындағы әйел теңсіздігі проблемасы Нұрила және Ұлбосын есімді екі қыздың әңгіме диалогы негізінде ашылады. Бұл – жай үй-ішілік әңгіме емес, бүкіл қоғамдағы қазақ әйелінің ауыр тауқыметті, қиын тағдырды қаламына азық етіп, содан шығудың жолдарын іздестірген, көпшілік қауымға ой тастаған салиқалы ой мен сөзге кезек беру.

Қыздар өз тағдырлары жайлы тауқымет азабын мұңдасып сөз қозғайды. Кейіннен там-тұмдап бүкіл қоғамдағы үлкен мәселеге бет бұрады. М.Дулатов қазақ әйелдерінің басына үйірілген қара тұманды сейілтіп, еңсе көтерер сөзді Нұриланың еншісіне салады.

«... Нұрила: Бұрынғырақ заманда қыз-қатындарды кемге ұстау, оларды мал орнына сату әр жұртта болған. Бұл кезде ол жұрттардың көбі оқу-өнерге молығып, арасынан білгіштер шығып, кітаптар жазып, дүниеге таратып, әйелдер жер жүзіндегі халықтардың жартысы ғана һәм олар халықтың анасы, тәрбиелі ананың балалары жақсы болып, көргенсіз ананың да баласы да көргенсіз болатын. Сол себепті әйелдерді ерлермен бір дәрежеде ұстау керектігін жұртқа түсіндіріп, берірек келген соң әйелдердің өздері де көтеріліп, бастарын қосып, дауыстарын жаңғырықтырып, өздерін жәбіршіліктен қорғап, оқу оқып, ақырында сондай теңдікке жеткен, бұ заманда қатыннан патша болғандар да бар…»/Айқап. 1911, №12/,

Публицист М.Дулатов қазақ әйеліне жеткізетін ақыл-кеңесін де Нұриланың атынан айтады: «Нұрила: бір ғана сен емес, күллі қазақ қыздарына айтатұғын насихатым мынау. Атасының малға сатқан жеріне егер өзі риза болмаса, басын кессе де бармасын. Ғұмырын қол ұстасып өтсе де, өзінің сүйгенімен кетсін. Бұл іс шариғатқа да теріс емес. Қызын сатсын деген шариғат жоқ. Қыздың басына закон көптен ерік берген. Бұларды көре тұрып пайдалана алмаған қыздардың обалы өздеріне. Қызды балам деген аталар жылатпасын, оқуға берсін» /Айқап. 1911, №12/. Міне ғасыр басындағы қазақ әйеліне теңдік әперуді көздеген публицистің ақжарма ойлары осылай ақтарылады. Мақала диалог түрінде жаңа пішіндік ізденіспен, қалың көпке түсінікті тілмен жазылған. Қаншама қазақ қызының көкейіндегі арман-зарын, үміт-мұңын ашып көрсетеді.

Ол «Қазаққа бөлек муфтилік керек пе?» /Қ. 1913, №43/ жазбасында дін мәселесін көтерсе, «Қазақ қайда бара жатыр?» /Қ. 1914, №62/ қалам тартты, проблемалық мақалаларында мәдениет, билік, оқу-ағарту мәселелерін көтереді. Солойша, Райымжан көсемсөзші қазақтың қоғамында көкейтесті тақырыптарға

өз уақытында сөз қозғады. «Оның қамтыған тақырыптарының аясы да кең: діннен оқу-ағартуға дейін, саясаттан шаруашылық мәселесіне дейін, жер, отаршылдық қиянаттары, әйел теңдігі, мәдениет, әдебиет, баспасөз, билік, сайлау сияқты ауқымды қамтиды. Аталған тақырыптарды ашып жазуда, өзінің заңгерлік білімін тиімді пайдаланып, кез-келген мәселені шешуді заң тұрғысынан жүйелеп, елге пайдалы етуді басты мақсат тұтады»[17, б. 128] көсемсөзінің басты өзгешелігі осы еді. Тағы бір өзгешелігі – публицистикалық пікірталастарға қатысқанда, қаламгер шындықты, әділдікті ұстанды. Газетке шығарғанда «Марсеков» , «Р.М.», «Райымжан», «Ром» деп қол қойып, ұлттық көсемсөздің қалыптасуына үлкен үлесін қосады.

Р. Марсековтің «Қазақ әдебиет кеші» деген репортажы «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 28 наурызындағы нөміріне жарияланады. Мұнда Семейде оқушыларға әдебиеттік шара өткендігі баяндалған, «кеш басталарда Райымжан Марсеков шығып, ұлт әдебиеті жайлы біршама сөз етті», – деп көрсетіледі. Нұрғали, Нәзипа Құлжановалар ұйымдастырған бұл әдеби кеш – алғашқы ойын-сауық кеші деп бағаланды. Оны Райымжан сөзінің бастауында: «Бұ күнгі жиын әдеби кеш делінген. Осылайша ізгілікті шаруа бастауының, осындай жиналыс болуы қазақтар арасында, қоғамында тұңғыш та шығар» /Қ. 1915, №114/. Марсеков қазақ әдебиеті саласының да білім-білігі келіскен маман екендігін осы баяндамада көрсете алады. Жалпы әлеуметтің кәдесіне жарайды деген мақсатпен «Қазақ» газеті «Қазақ әдебиеті жайынан» деп атап Райымжанның сөзін тұтастай басады. Р. Марсеков өзінің әдебиеттік мәселелер жайлы пікірін елмен бөліседі. Әсіресе «…Әдебиет «сөз» деген мағынада. Сөз дегенмен сөздің сөзі болады. Сөздің сыры болса, сынды болып, іші мағыналы, ойлы болса, сонда ол әдебиет болып табылады. Өлең, жыр, мақал, жұмбақ, ертегі, хикая баршасы әдебиетке қосылады. Бұл сөздің қай түрін алсаңыз да әрқайсысында мағына бар. Халықтың ойлаған ойын, пікірін білдіретін, мұңын, мұқтажын көрсететін осы әдебиет. Бұл жұрттың айнасы. Халықтың түрі, қалпы, салты бәрі сонда көрініп тұрады» /Қ. 1915, №112, №113/, – деген әдебиет туралы айқындама ойлары бүгін де маңызды. Публицист Р. Марсеков өзінің әдеби біліктілігін «Қалқаман – Мамыр» дастанынан, қазақ билерінің шешендік сөздерінен, Орынбай ақын жырынан, Абай мен Алтынсарин өлеңдерінен мысал келтіріп дәлелдеп бағады. Оның қазақ әдебиетінің дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруынан зерттеушілік бағдарын байқауға болады. «Біздің қазақ әдебиетінің осы кезге шейінгісін үш дәуірге бөлуге болады: Бірінші дәуірі – ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез…Енді әдебиеттің екінші дәуірі келеді. Бұл екінші дәуірі жазудың халық арасына көбірек таралған заманы. …Түрлі-түрлі кітаптар таралып тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп, жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған…Өстіп әдебиетіміз төмендеп, тіл болса, кедейленіп бара жатқан уақытта ардақты Абай марқұм шығады. Қазақ әдебиетін көркейтіп, түрлендіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жан кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болды. …Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталды» [85, б. 102].

Р.Марсековтің әдеби шығармалар туралы бұл толғаныста ойларын ол заманда салмақты да салиқалы сөздер деп есептеу керек. «Әдебиет жас баламен бірдей, сүйеу күтеді. Халық әдебиетке оң қараса, сол демеу болады, әдебиет дамып өркендейді», – деп көрегендікпен өз пікірін білдіреді. Райымбек Марсековтің баяндамасы: « Халықтың ойын, пікірін білдіріп, мұңын, мұқтажын көрсететін, бұл жұрттың айнасы», –деуі қазақ көсемсөзіне де байланысты ой білдірді.

Орыс зерттеушісі И.Лаптевтің ертеректегі кітабында Р. Дүйсенбаев туралы мынадай дерек келтіріледі: «Господин Дуйсенбаев – уроженец Каркаралинского уезда, Семипалатинской области. Как человек «образованный», он не прочь иногда употребить иностранное слово (хотя сравнительно редько), он принадлежит к числу и молодых киргизов – старающихся о чистоте языка литературного, обыкновенно испещренного множеством арабских, сартовских, а еще более татарских слов» [86, б. 215]. Бұл қаламгер де ертегі мысалдар жазып, қазақ өміріне бейімдеп жариялауды машық етіп, сол арқылы да қоғамдық пікір қалыптастырып отырды. Ертегілерінде ақылдының күштіні жеңгендігі туралы, қорқаулық пен жауыздық, жасырын зымияндық жайында сөз қозғайды. Газет басылымдарында білікті де білгір жазушылардың ертегіге көп көңіл бөліп, көптеп жазуында үлкен мән бар. Қазақтан оқып білім алғандар ертегі, мысал арқылы астарлап патшалық Ресейдің отарлау саясатын, бейбастақ әрекеттерін сынға алған, халыққа жеткізіп отырады. Бұл еліне өз ойын жеткізудің бірден-бір қысқа да тиімді жолы болатын. Райымжан Дүйсенбаевтың ауыз әдебиеті үлгісімен мысал, ертегі жауының себебі де осы. «Оның ертегілерін шартты фельетонның ертегі түріне жатқызуға әбден болады» [87, б. 45].

Сол кезде көсемсөз жанрында қарқынды жазғандардың бірі – Асылқожа Құрманбаев. Публицистің жазу мақсаты жалғыз ғана, қазақты қамсыз жатыс пен еріншектік әдеттен құтқару, яғни, қамсыз отыратын уақыт еместігін жеткізу. Ұстанған идеясы – қыстың қамын жазда ойлау. Бұл қаламгердің де көсемсөздегі күші қазақ баласына өмірлік сабақ болса керек. Бірде қара жұмыс туралы зиянды пікірлерді әшкерелей отырып, шаруашылықты өркендету үшін ашылған мектептердің пайдасын ашып көрсетсе, кейде қазақтардың жай қара жұмысты менсінбеуін сынға алады. Ағартушы – публицистің өзі дәл осындай мектептің бірінде төрт жыл жарым, бірінде бір жыл жарым қызмет етеді. Жақсы мамандар шығатынына көзі жеткен соң, көпшілікті иландырғысы келеді. Шаруа жайын, егіншілікке, шаруашылық ебіне үйретететін шаруа мектептерінде білім алуға қазақ атаулыны шақырады. Бұл қазақтың малдан айрылып қалған күнде, қамсыз қалмасын деген ойынан шыққан жанашыр сөз еді. Малға, малдың жайылымына деген қысастық боп жатқанын жалпақ жұртқа газет бетінде абайлап жеткізе білу үлгісі кейінгілерге де сабақ болды. Мұндай ойлар – сөзге жұртты ұйыта білер көсемсөз зергерінің өз жанының айнасы.

«Қазақтар қандай адамды жақсы кісі деп айтады» деген мақаласы да сол замандағы өріс алып бара жатқан байлыққа құмартуға қарсы жазылған. Бұл қазақтың байлықты тіршілігін жақсарту үшін ұстап, көбейтетінін, бір-бірімен

байлық жайынан бәсекелесудің жолы еместігін айтады. Нық бай болу – елге пайдалы болу екенін түсіндіргісі келгенінің белгісі. Нағыз публицистика қай кезеңде де өзекті, көкейкесті мәселеге көрініс береді[88, б. 245].

Осы тұста көсемсөзші бұрынғы замандарда қазақ бай болмаса да туғаннан ақылы көп, қайырымды, әділ һәм параға қарамайтын адал адамды құрмет тұтқанын тілге тиек етіп, өз дәуренінде атақты адамдардан Тезек батыр (Абылайхан ұлы), Төле би (Жетісуда), Сармантай би, Шоң би, Қазыбек би (Семей облысында), Бағай-әке би (яки Ыбырай), Хұсейн би (Ақмола облысында), Балғожа би (Торғай облысында) деген халайыққа қадірлі, құрметті болғандарды халыққа үлгі етеді. Яғни, қазақ дүниетанымының бағытынан ауытқуын, ол сол қазақ үшін пайдасыз екенін айтып жеткізгісі келеді.

«Мұнан басқа егерде әділ һәм ақылды кедей адам бірер анық ақылды һәм пайдалы сөз айтса да мұның сөздері ештемеге жарамастан босқа қалады. һәм мұның ақысына мазақ, күлкі қылып бұған айтады: “Егерде сен мұндай ақылды болсаң, өзің не үшін кедей болдың», – дейді. «Егерде сен мұндай көп білсең, әуелі өзің бай бол. Сирағың қуарып шығып жүріп не қыласың насихат айтқанды”, – дейді». [89, б. 214]. Дәл осы психология қазір де белең орнығып барады. Бұл бір індет. Қазақ дүниетанымында басты орын рухани байлық екені белгілі. Осыны алғышарт ету бағытында жұмыстар атқарылса екен деп ойлаймыз. Осылай публицист заман аяқалысын сынға алады, оның айтқандары бүгінгі біздің өскелең ұрпақтың санасына сіңетін өсиет, ақыл. Тәлімі мен тәрбиесі мол, нұрлы, шуақты көсемсөз.

Қазақ әйел теңсіздігі туралы жазған көсемсөзші – Отыншы Әлжанов. Бұл мәселе жөнінде газетке шыққан «Қазақ қыздары», «Осы уақыттағы қазақ ұрғашыларының көрген күнінің қайғы-қапалықта өткенінің баяны» мақалалары– мазмұндас, мұраты бойынша сарындас көсемсөз үлгілері. Ел ішіндегі қазақтың қызының ауыр жағдайы, ықтиярсыз тұрмысқа шығатындығы, ата-анасының айтқанына көніп не жас балаға, не жасы ұлғайған шалға күйеуге шығатындығы сөз болған мақаласы – «Қазақ қыздары». Екінші мақалада қазақ әйелінің өмірі қорлық, зорлықпен өтетіні, өз сүйген жігітіне тұрмысқа шыға алмай бүкіл өмірі қуғында, қамауда өтетіні баяндалады. Бұл да бағанағы баюды, қызды малға сатуды көздегендердің себебінен орын алып отырғанын айтады. [88, б. 27]

Қазақ дүниетанымында қыз баланың орны ерекше, ал XX ғасыр басындағы жағдай түрлі алым-салықтың салдарынан болған зұлмат деп ұғамыз, әр түрлі мекемелеріне құдалық, неке турасынан арыздың көп түсетіндігі де тілге тиек етілген мақала қазақ даласындағы сол көріністі айғақтайды. Қазақ қыздары іштей қайғы-қапасын өленмен сыртқа шығаратынына көптеген зар өлендердің текстерін келтіріп, көтеріп отырған мәселені нақты жыр жолдарымен аша түседі.

«Қазақ қызының бар арманы», «Дүниеде армансыз болар едік», «Күйеуге тиіп кетсек көңілімізбен» деген мақалалар О. Әлжановтың әйел теңдігі мәселесі толғандырғанының белгісі. [90, б. 24]

Сонымен қатар О.Әлжанов жер-жерді аралап, ел аузынан ескі әдебиет үлгілерін жинаған. Оны құр жинап қоймай, ертегі, аңыз, әңгіме, хикая түрінде өңдеп жазып, газет бетінде жариялаған. 1899 жылы №5, 6 басылымда шыққан «Тақ Сүлеймен», 1900 жылы №47 номердегі «Едігенің төресі», 1899 жылы

№30-40 болып шыққан «Байғыз», 1899 жылы №13-те басылған «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер» шығармасы, 1899, №49 «Төрешіден қалмайды айтушыдан қалады», 1897, №40,43-те шыққан «Танабай һәм Бабыр», «Құдайдың нақ сүйетін құлы» (1900, №17), «Түлкі мен тырна хикаясы» (1900, №48), «Біреу жамандық қылды деп өзің жамандық қылма, өз жамандығың өзіңе жетер» (1901, №11, 13), «Алдаркөсе мен жылан» (1901, №14), т.б. ертегі, аңыз, хикаяларда астарлап болса да заман шындығы айтылады. Бұл шығармалардың тәрбиелік, тағылымдық мәні өз құнын жоймақ емес. Ел ішінде жүріп, ел қамын ойлаған, ірі қоғамдық-саяси мәселелерді батыл жазған Отыншы Әлжанов өз заманының озып туған публицисі екендігіне ешкім күмән жоқ.

Осы орайда әдебиеттің жарқын тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы да сөз қозғау заңды. Ол ел әдебиеті үлгілерін жинаған материалдарын тек қолжазба күйінде қалдырмай, баспа бетінде де көзі тірісінде жариялағанына арнайы көңіл бөлуді жөн көрдік. Бұл ақынның ел әдебиетін жинаумен ғана емес, сонымен қатар оны жариялау ісімен айналысқан көсемсөзші, зерттеуші болғанын да дәлелдей алады.

Мәшһүр феноменінің қалыптасуына «мүмкіндік» туғызған сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуал деп тануымыз қажеттілік. Бұл жайында сөз қозғамай Мәшһүрдің тарихи болмысын елестету мүмкін емес деп ойлаймыз. «Әр адам өзі өмір сүріп отырған заманының ақиқатын айтқанда ғана түлейді. Демек әр заманның өз ақиқаты бар деген сөз. Бірақ, ол ақиқат ұлы мұратпен астасқанда ғана баянды» [91, б. 40]. Мәшһүр заманы дәуір құндылықтарының алмасу кезеңіне тұспа-тұс келді. Бұл қандай алмасу десек, елдің көшпеліліктен отырықшылыққа өту кезеңі болатын. Жүздеген жылдарға ұласқан қазақтың тәуелсіздігі үшін білек күшінің күресі Кенесары көтерілісі арқылы аяқталды. Ақселеу Сейдімбекше айтқанда «қазақтың бес қаруын асынған еңгезердей батырын, орыстың жаман мұжығы ағаш түбінен шүріппені басып қап шалқасынан түсіретін» [91, б. 51] заман туды. Өйткені, дүркін-дүркін бой көтерген ұлт азаттық көтерілістердің тас қамалдай болып қаруланған патшалық жазалаушы отрядына, шоқпар арқылы қарсылық көрсетуі заманның қарқынды алға жылжуын мойындағысы келмесе де мойындатарлықтай көріністер еді. Ендігі ұлтазаттық күрестің тәсілдік-амал-шарғылары түбегейлі өзгеріп, «білім-күш» қағидасы Абай және оның шәкірттері арқылы жүзеге асты.

Салмағы зор әдеби, мәдени мұраларды елдің ішінен жинап, газеттерде жариялаған адамның біразы тілші-жинаушы ретінде баға алса, екінші топ мәтіндерді саралап, түсіндірме жасап, осы бойынша өзінің де таным-түсінігін көпшілікке танытып отырған.

Мәшһүр Жүсіптің қазақ даласын көп аралағаны, фольклор мен әдеби мұра сөздерді көп жинағаны мәлім. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің тек жинаушы емес, сол сияқты үлгілерді, ел ішінен табылған материалдарды саралау, зерттеу және пікір түюді де т.б. қоса атқарғанына назар аударған жөн.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевті, оның шығармашылығын зерттеушілер революцияға дейінгі ақын-жазушылардың ішіндегі соңынан ең көп мұра қалдырған адам деп таниды. Дегенмен де, халық ауыз әдебиетін хатқа түсіру

барысында атақты түрколог-ғалым В.В.Радловтың ықпалы болған деген тұжырымға бой ұрады. Бұған себеп Радловпен кездескені болса керек. «Василий Василевичтің еңбектерінің қандай да бір ықпалы болған да болар, бірақ хронологиялық өмір жолын бейнелейтін өлеңдері мен қара сөзбен жазылған еңбектерінен ол ғалымға дейінгі Мәшһүр танымында басқа себеп, басқа ішкі тіннің (стержен) барын аңғарамыз. Ол қандай тін десек, ел-жұртына деген мейлінше сүйіспеншілігі дер едік» [93, б. 215].

Алғашқы рет он төрт жас шамасында өз туған өлкесінің және нағашы жұрты Нұра өзені бойындағы Қуандық елінің жақсы-жайсаңдары мен жер-су аттарын қағазға түсіргендігі ертеден, өмірінің соңына дейін ат үстінен түспей, өзі айтпақшы ескі сөз білетін біреу бар деп естісе, ішер асын жерге қоюының мәнін мына бір сөзінен байқаймыз. Тілеуімбет деген Мәшһүр-Жүсіптің арғы бабаларының бірі болған, осы кісінің он бес ұлы бар екен. Олар 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» жылдары түгелге жуық жау қолынан өлген екен. Тек Тайлақ пен Сексен батырлардың арқасында түйе қомында бесікте жатқан қос сәби аман қалады. Соның бірі Бесім. «Сол Бесімнен өсіп-өнген нәсілден келіп, мен мұны сөйлеп тұрмын. Мұны ұмытпай жүргенім осындай ата-бабам қалмақтан не үшін қырылды? Кейінгі үрім-бұтағына жер-су алып берем деп қырылды. Жалғыз менің ата-бабам емес, жер-суға таласып, көп қазақ қырғын тапты. Бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының құны болып, олжа болып еді. Біреу біреуге: «Соңымнан қалмастай, атаңның құны бар ма еді?!», – дейді ғой. Сондай-ақ: атамның құны болғаны үшін, жер-судан айрылып қаңғып, қоныссыз жүргеніме ішім күйіп, өлсем, ойымнан кетер емес»[94, б. 265], – дегендегісі дәлел бола алады. Бұл Мәшһүрдің негізгі тұғыры. Оны қамшылаған да осы ойлар болса керек. Сонымен бірге газет авторларының көздеген мақсаттары да, ғылыми білімдері де әр түрлі екендігін еске ала отыру керек. Аты аталған ғалымдардың көбі өзге ұлт өкілдері болған соң, ұлттық ауыз әдебиетіне деген көзқарастарының көпшілігі тек таным сипатындаа жүргендігін де есте ұстаған жөн. Мәшһүр-Жүсіп еңбегі ұзақ жылдар бойы қалтарыста келді. Кеңес үкіметінің қатаң қадағалау астына алуының өзіндік дәйектемесі де жоқ емес еді. Себебі сол уақыттағы пролетариаттық қоғам құру жолындағы үкіметке бұратана халықтардың халықтық құндылықтарының қажеті шамалы болатын. Ал, Мәшһүр бала жастан ұлт құндылықтарын асқан зеректікпен бойына дарытқан, нағыз құйма құлақтың өзі еді. Мәшһүр өз балалық шағы жайындағы естелік өлеңдерінде шар кітабын, арап тілінің граматикасын, фиқх – құқықтану, мұхтасар сияқты т.б. кітаптарды мән мағынасымен өзгелерден бұрын меңгеретіндігін өзіндік хиқаятпен жеткізсе, «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш» жырларын Мұса Шормануұлының алдында жырлауын «Мәшһүр» атын қосақтауға байланысты өлеңдерінде айтып өтеді.

Оның бала жасынан қазақ мәдениетін, қазақ дүниетанымын терең білгендігін, ықыластығын аңғару қиын емес. Бұдан байқағанымыз Мәшһүр еңбектерінің бүгінгі күнге дейінгі мекені архив сөрелері болғандығына үш бірдей себеп бар деп тұжырым жасауға болатындығы: Біріншісі, жоғарыдағы кітаптар негізіндегі ислам діні. Ислами түсініктегі Мәшһүрдің атына, жаңа қоғамдық қатынаста (кеңестік) керітартпа, панисламист деген «таңбалы мөр»

басылуы еді. Екіншісі, ұлт діңгегі – тарихи жады. Мәшһүр қағазға түсірген әдебиет, тарих, мәдениет жауһарлары. Яғни, кеңестік үкіметтің өресі бойынша, Мәшһүрмен бірге небір ұлт саңылақтары бірге көмілу керек еді. Өйткені олар туралы, олардың кайраткерлігін, ескірмес даналық нақыл сөздерін алғашқылардың бірі болып, Мәшһүр қағазға түсірген болатын.

Үшіншісі, 1907 жылы шыққан антиотарлық үш бірдей кітап. Бұл кітаптардың жарыққа шығу тарихы өз алдына бөлек мақаланың өзегі. Біздің айтпағымыз осы жағдайдан кейінгі Мәшһүрдің жай-күйі. Мәшһүр Жүсіптің белгілі фольклортанушы ғалым Ш.Уәлихановтан кейінгі өз ұлтының тұңғыш тума, ұлттық ауыз әдебиетін жиыстырушы ғалым болуы көп нәрсені байқатады. Яғни, ана тілі өзге өкілдері ғалымдарына қарағанда жетік білуінің өзі ел арасынан фольклорды жиыстыру қызметін жеңілдететіні сөзсіз. Екіншіден, Мәшһүр Жүсіп қазақтың әдет-ғұрпын, көшпенді тұрмыс-тіршілігін т.б. жетік білгендіктен де қазақ елінің біртұтас ұлт болып қалыптасуы үшін, өркениетті, мәдениетті халық ретінде қалыптасу үшін ненің қажет екенін назарға алып ескеріп отырған. Негізінен, осы бағытта газеттің бетінде жарияланған Мәшһүр Жүсіп материалдарын үш салаға бөле отырып қарастырған жөн. Екіншісі, ақынның өз тұсындағы ел ішінде болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары: егіншіліктің зиянсыздығы, бал арасы кәсібін дамыту т.б., күнделікті шаруашылықпен айналасулары /«Тұрмыс жайындағы хабарлар», «Баянауыл хабары», «Баянауладан», «Баянауылдан хат», т.б. Бәрі үлкенді-кішілі 14 мақала. Үшіншісі – ел аузынан жинаған фольклор үлгілері. [95, б. 15]

Жарияланған бұл фольклор үлгілері негізінде Мәшһүр Жүсіптің фольклорды – жастарға үлгі-өнеге, насихат, тәрбие беретін т.б. педагогикалық, тәлімдік ойлардың түп қазығы деп түсінгенін көреміз. Жинаған фольклорын жариялай отыра қазақ жастарына үлгі - өнеге болатындай іс-әрекетімен ауызға іліккен Алшын Кіші жүз Қаражігіт би деген атақты кісінің басынан өткен бір оқиғасына көңіл бөлгізеді. Онда бас кесір – еріншектіктен, ортаншы кесір – ұйқышы болудан, кенже кесір – кедейліктен құтылу үшін жастардың кәсіп іздеу, еңбек ету т.б. сияқты жолдарды іздестіру керектігін паш етеді. Шығарма соңында Мәшһүр Жүсіптің өз ойы да беріледі: «Мұны айтып тұрғаным, біз балалар, еріншек болмаңдар, «еріншектің қолы жетпейді, үлгісіз нұсқа бітпейді», –деген сөз бар, ұйқышы болмаңдар, «ұйықтаған ұйқы алар, ұйықтамаған жылқы алар», – деген сөз бар. Сөз көтермейтін кедей болмаңдар, «жетесі асыл арланбас, жеті атасына дарымай" деген сөз бар» [96, б. 205], –дей отырып, көзқарастарын халықтың дана сөздерімен, философиясымен бірге ұштастырады.

Мәшһүр Жүсіп халық әдебиеті үлгілерін жариялауға ұсынғанда, тек кездейсоқ қолға түскенін бере салмаған, арасынан елге пайдасы тиеді деген, жұртты ұйқысынан оятады деген, қоғамға ең қажетті т.б. әңгімелерді саралай білген. Сол бойынша ақын замандастарына, кейінгі ұрпаққа айтар ойларын да жеткізіп отырған.

Мәшһүр Жүсіп белгілі бір ірілі, ұсақты рудың тарихын, сонымен қатар белгілі бір атаның шежіресін, яғни, тарихи мәні бар айғақтарды беруді жеке

алмай, қолында барды өз замандастарына үлгі, насихат айтуға мысал етіп пайдаланып отырған.

Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің материалдарынан өзінің жазбасын тарихқа, өмірге маңызды, пайдалы деп қарағанын да танимыз. Ақын мұрасын зерттеу енді-енді қолға алына бастады. Әзірше қолда бар деректердің өзінде халыққа тиесілі әдеби, дүниетанымдық рухани мұрасын төл шығармашылығында керегінше пайдалануы да, ел ішінен жиналған фольклор үлгілеріне сипаттама, түсініктемелер жазуы да, – бәрі сөз жоқ Мәшһүр Жүсіптің көсемсөзші ретінде ой-пікірлерін танытады. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиетінде көп кездесетін өрнекті сөз айшықтарының, мақал - мәтелдердің қайдан алынып, қалай шыққандығы туралы мағлұматтарды көп берген. «Жиренше мен хан» әңгімесінде [97, б. 56] ханға бір жасың мың болсын сияқты бата беріледі де, оның мәнісі де түсіндіріледі. Яғни, адам өмірден озса да, соңындағы жақсы аты, ісі өлмейді дегенге әкеледі. Мұндай ой келесі «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөздері» атты әңгімесінде[97, б. 26] жалғасын берген. Онда Абылай ханның «не өлмейді?» деп сұрау салуы, қарадан шыққан адамның оны шешуі, яғни, «өлмегенде не өлмейді, жақсының аты өлмейді, молданың хаты өлмейді» дегені келтіріледі.

Мәшһүр Жүсіптің қай әңгімені қашан, кімнен, қай уақытта жазып алғаны туралы жазғаны мұраның әдебиетке ғана тиесілі емес, тарихқа қатысты мәнін де жоғарылата түседі. Жалпы, Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын жинауы, қазақ тарихы, экономикасы, этнографиясы, географиясы, тіл тарихына т.б. қатысты деректерді мол келтіруі – осының бәрі қазақ мәдениеті, әдебиет тарихы т.б. үшін құнды деректер көзі, асыл қазына екені анық.

Жалпы жиналған шығармалардың тұтастай мазмұнын, сюжетін хатқа түсірумен тоқтамай, халықтық әдебиет үлгілерін орындаушылар қоршаған айналасын, халықтың түсінігін, ойларын т.б. бірге беруге тырысқаны белгілі. Демек, ақын жинаған әңгімелер арасында белгілі хандар, билер т.б. өміріне қатысты тарихи мәліметтердің көп болғаны, оның жинаудағы өріс кеңістігінің ауқымды екенін танытады.

Мәшһүр Жүсіптің біраз мақалалары «Айқап» журналына да /1912,7, б. 146-154, 1912,8, б. 170-175/ жарияланған. Онда елдің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына, оқу-тәрбиеге қатысты т.б. ақынның ой-пікірлері жинақталған. Жинақтап айтсақ, Мәшһүр Жүсіп жазбаларының көпшілігінде малдың өрісі тарылған адамдардың арасында айтыс, дау мен дамайдың өршуі, ел бірлігі, тыныштығы кететіні, әр түтіннің төлейтін алым-салығының қаншалықты ауыртпалықты кімдерге келтіретіні, бал арасын өсіретін шаруашылықтың пайдалы жағы, елге ғылымның тигізер әсері, әйел адамды оқытудың мәні т.б. – бәрі де қамтылған. Бұл ақынның әлеуметтік, қоғамдық мәселемен де шұғылданғанын көрсетеді. Дерек сөйлете отырып үгіт жасау, ел мұқтажын жеткізу Мәшһүр Жүсіптің көсемсөзші ретінде қызметтерінің көкжиегін кеңейте түскені сөзсіз.

1903-1907 жылдарда Баянауылда да казактар станциясы ашылып, қоныс аударушылар сапында әртүрлі ниеттегі адамдар да келді. Олар қазақ ауылдарына

шабуылдар жасап, соққыға жығып, тонап олжаға кенеліп жатты. Қоныстанушыларға еркіндік берілді, қазақтан қарсы келген азаматтарының көзін жойды. Бұл да сорақы саясаттың көрінісі еді, себебі патшалық Ресей үшін бұл қоныстанушылар қазақтарға қарсы жұмсалған әскері іспеттес еді.

Қоныстанушыларға сақтану үшін деген сылтаумен қару берілді, атуға, тонауға ерік берді. Отарландырудың экономикалық зардаптарын атап өткен жөн, себебі осы жайттер де егіншілікті алға бастырмап еді. «Шаруалар өздеріне берілген жердің шекарасын ұлғайтып қана қоймай, бұрын жергілікті адамдар өңдеген жерлерді тоздырып жіберді, бір жерде бір қазақты мұжық атып тастаса, қазақ өлгенін қолына алып, көміп, мұжық үйіне қаннен-қапersіз тыныш отыра береді. Егер бір қазақ бір урядникке қарсы келсе, атқанын атып, айдағанын айдап, қазақты қойдай тізіп, қозыдай көгендейді» [98, б. 285]. Елдің ішіндегі әділетсіздікті жаза отырып, Мәшһүр-Жүсіп елді атақонысынан қозғалмауға шақырады, егіншілікпен айналысуға шақырады. Казак басшыларының қазақтарды қанауы ел ішінде дүркін-дүркін қақтығысқа әкелді.

«...Қалмақтан қазақ алды қанын шашып алса, сол жерге бостан-бос орыс басып ие болды, асудан асқан сайын жылап асып, біз зорлық пенен зомбылықта жүрміз» – дейді [97, б. 282]. Қалмақтың шабуылдап, орыстың алдап, сайран мекен Сарыарқаға қол салу, көз тігу жалғаса бергенін Мәшһүр-Жүсіп жазады. Дәлел ретінде Мәшһүр-Жүсіптен алсақ: « жер-суын «участке» деп бір алды, «войсковой» деп бір алды. Бұл екі алыспен ағашты, шабынды жерден қазақ айырылды. Суырша жонға шағып, жан сақтап жүр еді, «егінге лайықты!» деп, ол жан сақтап жүрген жерлерін және келіп мұжық алды» [98, б. 282].

Мәшһүр-Жүсіп «Сарыарқа тарихы» еңбегінің бірінші нұсқасында елдің азаматтары мен алаш зиялы тұлғаларына ұлттық нақышты, сана мен дүниетанымды жаңғырту үшін, төмендегі мәселелердің әрдайым есте болғанын ескертеді. Демек қазаққа ел болу үшін:

1. Халықтың қамын күйіттейтін бір партия керек. Мәшһүр-Жүсіп: «Қай жерде қажы көрсең, партия басы, қай жерде ишан көрсең, партия басы, қай жерде халфе көрсең партия басы, қай жерде қожа, молда көрсең, партия басы. Бұл күнгі қожа, молда қазақтың соңына ереді, қазақ малдың соңына ереді. Мал далаға өреді, сонан соң жұрт қалай оңсын, қалай түзелсін?» [96, б. 270], – деп ұлт оқығандарының әрқайсысы өз алдына партия ашып, қажетті адам санымен жасақтап, өз ұстанымдарын дәлелдеп, насихаттап, ел ішін бүлдіріп, алға басуға кедергі болғанына көңілі толмайды. Осындай әркімнің өз пайдасын ойлап, әрі бері тартқанынан партиялардың тұрақ таппай, бірінен соң бірі жабылып, із түссіз жоғалып жатыр, бастысы, ешқандай іс бітпей жатқаны қынжылтады. Демек, алауыздық кеулеп, тату болмағандықтан жолында кездескен қиындықтарға шыдамайды, әлсіз ағаш тәрізді.

2. Байларды ауыздықтау. Елдегі қожа, қажы, ишан, молданы тыю, «бұрынғы адасу еркіне жіберілместігі».

3. Білім беру тәртібін енгізу (усули жәдит, жаңа тәртіп берілуі).

4. Көшіп-қонуды бір жүйеге келтіру. Әйтпесе қазақ бұрынғы ата-баба үрдісін ұмытып, әркім өз білгенін жасауда. Мәселен, бір жерде 10-15 күн ғана

орнығып, кейін қоныс аударуды әдетке айналдырған. Демек, байлар, барлар әлсіздерге қорлық көрсетіп жүріп, өздері де отаршыл саясаттың жемтігі болды.

5. Ата-бабамыздың шариғат жолымен жүріп, имандылыққа бет бұру. Ас пен тойда ысырап болмасын, –деп жазады.

Мәшһүр-Жүсіптің сөзімен айтар болсақ: «...қазақты бұрынғы ата-баба рәсімімен, солардың жақсы үлгісімен жүргізіп, тұрғызса, қазақ сонда көңілді, ықыласты болып, бір түрлі жақсылыққа рағбәтілі болады» [99, б. 275]. «Бұндай ұлттық түлеудің қайнарында сол заманғы жаңаша ойлау үрдісі – жәдиттік тәсілді атаймыз. Себебі бұл жаңаша сауат ашу, білім алу жүйесі ескі қадымдық үлгіден заман талаптарына жауап бере алатын діни ілімнің ғылыммен сабақтасуы арқылы ерекшеленді»[100, б. 111].

Ақынның Бұхара, Ташкент, Түркістан бағытына қарай үш мәрте сапар шеккені мәлім. Осы үш сапарының соңғысы кітаптарының жариялануынан кейін болып отырған жағдай. Бұл Мәшһүр соңына шам алып түсудің және еріктен тыс жер аудару тәсілінің басы болатын. Бұдан шығатын қорытынды Мәшһүрдің «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарының 1907 жылы шығуының мәнін және жарияланған өлеңдерінің мазмұнынан әділетсіздікке қарсылықтың негізін көреміз. Сондай-ақ бұл еңбектер «қамауға алынғандығын», Ақынның ел ішінде өзін «Мүсәпір» атап қара тізімге іліккендігін айтуға болады. Бұдан шығатын қорытынды жалаң қол, көзсіз ерлікке баруды заман талабы көтермейтінін Мәшһүр жан-дүниесімен ұққандай.

Қорыта келгенде, Алаш көсемсөз туындыларының сан ғасырлық тарихы бар замана көшінің ұлттық идеялық мұраттарын кейінгі ұрпақтың санасына жеткізу үшін өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат. «Айқап», «Қазақ» сынды газет-журналдарға мақалаларын жариялап, ұлттық фольклор мен рухани-әдеби шығармаларды көп мөлшерде жинастырған Мәшһүр Жүсіптің белгілі фольклортанушы ғалым Ш.Уәлихановтан кейінгі өз ұлтының тұңғыш тума, ұлттық фольклорист ғалымы ретінде бағалануы Алаш мұраларын одан әрі биіктете түседі. Осы орайда олардың орыс империясының отарлық саясаты мен ұлттық езгісіне қарсы тұру үшін жасалған дүниетанымдық мәселелерді жаңғырту істері халықтың көкірек көзін ашып, рухани дүр сілкіндіріп, қоғамдық өмірде үлкен серпіліс туғызды. XX ғасыр басындағы қазақ тарихының шынайы шежіресі болған Алаш баспасөзі әдебиет пен өнер, мәдениет және журналистика салаларын да жанрлық жағынан дамытып, өзінің құндылығын арттыратыны даусыз. Бүгінде Мәшһүр-Жүсіп өмір сүрген кезеңнен қаншалықты алыстасақ та, оның жер туралы, ана тілі, қазақ салт-дәстүрі, қазақтың тарихы өз құндылықтарын жоғалтпай, «Дала мәдениетін» бабаларымыздың аманаты ретінде қабылдауын зерделеу заңдылық.

2 «ДАЛА» КОНЦЕПТІСІ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР МЕН СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

2.1 «Дала» концептісі: тарихи-танымдық деректер мен пайымдар

Қазіргі ғылыми танымға тән ерекшелік – тілді адаммен, оның санасымен, адамның айналадағы болмысты тануымен және іс жүзіндегі әрекетімен тығыз байланыста зерттеу. Адамдардың ақиқат болмысы ойлау әрекеті барысында жаңа концептілерді жасай отырып, концептілер арқылы ойлайды. Адам ойлау арқылы эмоцияларды, идеялар мен толғаныстарды жинақтайды. Сондықтан ұғымдар мен түсініктердің және білімдердің «торабы» концепт болып есептеледі. Концептілер ойлау әрекетінен ғана емес, адамның ішкі сезімінен туындайды.

Мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде тіл болмысты қабылдаудың ұлттық ерекшеліктері мен ойлау құрылымын көрсетеді. Әрине, ол ұлттық мәдениетті толық көлемде меңгеру жөнінде айтылған сөз емес, дегенмен, «ұлттық мәдениетке енген және ұлттық тіл иеленушілері оны табиғи деп есептейтін» болмысты қабылдаудың белгілі бір өлшемі туралы айтуға болады.

Зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі – көсемсөздегі ұлттық дүниетанымды берудегі тілдің аясын зерттеу мен сипаттау. Біздің білгеніміз, тіл, оның ішінде, сөз қолданысы тіл иесінің мәдениеті туралы ақпарат береді. Сонымен қатар белгілі бір мәдениеттіқабылдау барысында тілдің кейбір ерекшеліктеріне аса мән берсек, тұтас бір танымды тәптіштей аламыз.

Осы тұрғыдан қарағанда, тіл қолданысымен кез келген саланың маңызды мәселесін зерттеу ісінің болашағы зор: мағыналарындағы сыртқы ұқсастық бар болғанымен, тілдерде түстің, кеңістіктің, уақыттың, эмоцияның және т.б. айырмашылық бар, жалпы, түрлі дүниетанымның өзіне тән «концепттері» болады.

Мәселен, әдебиеттің кез-келген жанрына бағытталған зерттеулер вербальды деңгейде көрініс тапқан ерекшеліктерді, белгілі бір халықтың ойлау әрекетінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, ментальды дүние мен ұлттық мінезге тән сипаттарды белгілеуге мүмкіндік береді. Осыған орай өмірдің, уақыттың кеңістік, бостандық, тағдыр, жер, су, нан және т.б сынды ұлттық концептілерге тән ерекшеліктерді іріктеу тұтас бір кезеңді тануға жол ашады. Нәтижесінде ұлттық-мәдени тұрғыдан таным-түсінікке кең мүмкіндік береді. Тілді ана тілі ретінде қолданатындар, яғни тіл иеленушілер қалыптастырған және адамдар жадында сақталып жүрген концептілер тілдің концептосферасын құрайды.

Концептосфера жөніндегі ұғымды алғаш рет Д.С. Лихачев тұжырымдап, бұл терминмен концептілер жиынтығын белгіледі. «Жиынтығында ұлттық тілдің концептосферасын жасайтын концепттер түрлі салаларға бөлінеді». Сол сияқты ол ұлттық тіл концептосферасын да халық мәдениетімен өте тығыз байланыста зерттеу қажет деп тұжырымдайды. Ол: «ұлттық мәдениет – әдебиет, фольклор, ғылым, бейнелеу өнері (оның да тілге деген, демек, концептосферасына да тікелей қатыстығы бар) неғұрлым бай болса, ұлттық тілдің концептосферасы да

соғұрлым бай болады, ол ұлттың бүкіл тарихи тәжірибесімен байланысты»[3, б. 8], – деп жазған.

Дүниенің құндылық бейнесі мәдениеттің өзіндік ерекшелігін және оның тілдегі объективтенген көрінісін білдіретін концептілердің құрылымдалған жиынтығы іспеттес болады. Кез келген ұлттық тіл колдану аясының қалыптасуына әлеуметтік-тарихи да, діни-рухани факторлар да басты ықпал етеді. Адам мен қоғамның өлшемі шеңберінде негізгі үш фактор: этносы (ұлты) және конфессионалды діни ұстанымы басты орын алады [101, б. 53].

Біздің айтпағымыз, қазақ тілі байлығының басы – концептінің барлық аспектісін зерттеу, көсемсөздегі концепт сөздер әр қилылығы және халықтың мәдениетімен тұтасығын көрсету. Оның халық ауыз әдебиеті, әдебиет пен өнер арасындағы байланысты ашу болатын.

Қазіргі кезде ғылымның жаңа бағытында қоршаған ортаның тілде концептуалды және вербальданған пішінінің психо-лингвистикалық жағынан қабылдануын ұлттық-мәдени сипатта зерттеуге баса назар аударылып жүр. Ендеше, біз зерттеу жұмысымызда қазақ көсемсөзіндегі концепт бола алған сөздерге тоқталамыз. Олар арқылы түсініктер дамиды, біртіндеп санаға енеді де бекітіліп, жүйеге түседі.

Дүниенің тілдік бейнесіндегі адам ортасы өзінің қоршаған ортасымен, атмосфера, география ландшафтымен, өсімдігімен, суы ен тіршілік иелерімен анықталады. Кез келген ұлттың дүниетанымы ең алдымен жер мен су, яғни, географиясына, табиғатына тәуелді болады.

Кеңістікті тануға деген ұмтылыс қазақтың генетикасында жатыр деп түсінуге болады. Кеңістік адамның мекендеген өз қонысын игеруі арқылы танылады. «Өзінікі» игерілген соң, енді белгілі бір этнос үшін бейтаныс, «бөгде» кеңістікті тану қажеттілігі туындайды. Әр ұлттық әлем (дүние) бейнесінде өз концептерінің жиыны болады, олар белгілі бір этностың дүниетанымы мен дүниетүсінігін дәлірек көрсететін кеңістік ұғымын анықтайды.

Қазақ тілінде де кеңістік ландшафттық сипатқа теңестіріліп, дала, кең-байтақ жер болып анықталады. Көшпелі қазақ үшін кеңістік – ол аспан астында орналасқанның барлығы, ол шетсіз-шексіз, кең-байтақ дала, яғни, кеңістік – ол қоршаған әлем (дүние): «шөл, шөл дала, дала, шөлейт, алқап, аланқай, шабындық» [102, б. 115]. Қазақ әлемінің тілдік бейнесінде кеңістік табиғатпен толығымен үйлесіп кетеді. Қоршаған ортаны игерген сайын кеңістік те кеңейе түседі. Алайда, кеңістікті қабылдау ерекшелігі көшпенділер мен табиғат біртұтас болған уақыттан бастама алады. Оның ішінде қазақы дүниетаным: жер, аспан, тау, дала, тас. Жұлдыз, ай, күн, аң-құс, мал, орман, тоғай бәрі біртұтас дүние. Бірінің бірінсіз күні жоқ.

Осы орайда «Дала» сөзінің ұлттық тұжырымды қалыптастырудағы мәні ерекше маңызды. «Ол аңыздарда айтылып, діни ұстанымдарда көрініс тауып, мәдени салт-дәстүрлерге еніп, тілде бекітілген. Тілде ұғымдық категориялар концептілер, бейнелер түрінде жүзеге асады; атап айтқанда: кеңістік шексіздігі, оның адамнан алшақтығы, мысалы: қол созым жерде, таяқ тастам жерде, бір қадам, иек астында, қарға аттам жер; кеңістікте жайғасу немесе орналасу жеріне

қатысты белгісіздік, мысалы: адам аяғы баспаған жер, жердің түбі, ит арқасы қиянда, алты қабат аспанның ар жағы» [103, б. 5].

Қазақтардың «Дала» концептісінің тілдегі көрінісі – белгісіз кеңістіктің анықсыз алшақтыққа немесе анықсыз жақындыққа орналасуын білдіретін бейнелі сөздер. Аталмыш сөздер арқылы, мысалы: «көз көрмес, құлақ естімес жер, ит өлген жер кеңістіктің алшақтығы я жақындығы белгісіз, бірақ осындай жағдай қазақтың кеңістікті қабылдауында аса маңызды емес» [104, б. 46]. Қазақ тілінде қашықтық, оңашалану, алысқа кету сынды ұғымдар кеңістікте берілгенде адамның қол, аяқ, көз, иек сияқты дене мүшелерімен байланыстырылады. Ал француз тілінде өзгешелеу, мұнда басқа дене мүшелері: doigts (саусақтар), barbe (сақал), nez (мұрын), coude (шынтақ) өте жиі пайдалынады. Француз тіліндегі sous le nez (мұрын астында), au nez et à la barbe (мұрын мен сақал астында), sous le coude (шынтақ астында) деген сөз ораалымдары осыған дәлел болады. Мәселен, Француз тілінде жақындық концептісі жиі қолданылады, мысалы: à de nez (мұрын ұшында), à la barbe de qn (сақал астында), à deux pas (екі адым жерде), sous la moustache (мұрт астында), à deux doigts (екі саусақ арасында) [105, б. 42]. Адамның кеңістікке ықпал етуі, әлемдегі барлық тілдік бейнелерде сол кеңістікті «орнықтыруы» жекелеген географиялық ұғымдарды адамның дене мүшелерімен атау арқылы жүзеге асырылған. Қазақта «Дала» концептісі шексіздік, кеңдікті меңзесе, француздарда жақындықты айтады. Екі елдің дүниетанымындағы «дала» ұғымы екі түрлі болады.

«Дала» қазақтың (коммуникативтік), мінез-құлықтық стильдерін, олардың менталитетін сипаттауда тиімді фактор болып табылады. Мысалы айтқанда, қазақ даласындағы «бөгде» – ол қонақ, демек оған деген көзқарас та өзгеше. Қазақтың шексіз даласын кезіп, ауыр өткелдерін/асуларын асып жүрген саяхатшыға да, жай жолаушыға да біреудің үйінде түнемей шықпаса қиын болар еді. «Қазақтар қонақты төріне отырғызған, ең дәмді тағам ұсынып, қонар жерін ұсынған. Қонаққа шапан жауып, сый-сияпатқа бөлеген. Қазақтар әрдайым қонақты күтеді, қонақсыз отыра алмайды. Қонақ дәстүр бойынша үй иесіне деген құрметі мен алғысын білдіру мақсатында ән айтып, қонақ кәдесін өтеген» [106, б. 53]. Бұл жазылмаған дала заңы. «Дала» – далада өмір салты өткен ұлттың дүниетанымына әсер ететін фактор.

Көптеген зерттеушілер батыс адамы үшін локус, аумақ (өмір сүрген ортасы) маңызды рөл атқаратыны жөніндегі пікірді қостайды. Мұндағы қонақ орыс пен қазақтың тілдік бейнелеріндегідей болмайды. Ол тілдің лексикалық жүйесінен де анық аңғарылады: hôte сөзі әрі қонақ деген, әрі үй иесі деген мағынаны білдіреді. «Батыс мәдениеті өз кеңістігінің аумағын берік қорғайды. Мысалы айтқанда, Францияда қазақ менталитетіне сай қонақжайлылық жоқ, мұнда аяқ астынан қонаққа келе салу әдеті жоқ. Француздар әдетте кафеде, бистрода т.б. кездеседі» [107, б. 52]. Тілдік құбылыстар француздар мен қазақтардың кеңістікке байланысты ойлауындағы айырмашылыққа тән болып келеді. Бір жақтан – Франция кеңістігінің лық толуы, кеңістік шектеулері, алып жатқан аумағының көлеміне байланысты болса, екінші жақтан – Қазақстанның шексіз, шетсіз даласына негізделеді.

Кеңістік пен уақытты зерттеу мәселелері адам баласын ежелгі кезден толғандырып келеді. Көшпелілер мәдениетінде уақыт шеңбер тәрізді циклді болып келеді, ол тәулік кезеңдерінің, жыл маусымдарының және адам ұрпағының қайталануы сияқты қабылданады. Яғни, тағы да уақыт далада болатын құбылыстарға байланысты өлшенеді. Қазақ халқы табиғаттың әрбір жаңа циклінің келуін, баланың тууын, үйлену тойын, малдың төлдеу уақытын және т.б. табиғаттың кезекті жаңаруы деп біледі.

Көшпенділер үшін уақытты кеңістік арқылы және кеңістікті уақыт арқылы қабылдаудың көрінісі ерекше болады. «Таза уақыт» ұғымы қазақтарда, олардың материалдық рухани мәдениетінде жоқ. Уақыт жиі кеңістікпен өлшенеді және керісінше, кеңістік уақытпен өлшенеді. Сезім арқылы қабылдаудың басым болуы дүниенің қасиеттерін құндылық тұрғыдан ұғынуға әкеледі.

Шексіз далада жүрген қазақтарға аспан шырақтары бойынша бағыт-бағдар ала білу қажет болды. Жұлдыздар, планеталар, күн, ай, табиғатта болып жатқан барлық құбылыстар мен үрдістер көшпелілер үшін табиғи өмір сүру ортасы ғана емес. Ғарыш, дүниежүзі – көшпелілердің үйі, ал табиғат құбылыстары мен үрдістері – бұл олардың тұрмысы мен күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі. Көшпендінің күнделікті өмірі, тіршілігі, тұрмысы, қарым-қатынасы оның жақын табиғат пен шексіз, шетсіз дүниеге үнемі үзілмей еніп отырған. Бұл – көшпенділер мәдениетінің негізі.

«Дала» концепті этномәдени ерекшеліктермен де сипатталады: қазақ санасындағы кеңістіктің кеңдігі ұлан-ғайыр. Ол кең-байтақ аумақ ретінде қазақтың жері туралы түсінігімен байланысады. Бүкіл концептуалды жүйені құрастыруда «дала» концептісіне басты рөл бөлінеді, мысалға, «үй» деген ұғымды алайық. Отырықшы адамның үйі – ұйымдастырылған нәрсе, ал көшпелінің үйі болса – уақытша тұрақтану орны, жүріс барысындағы аялдаманы белгілейтін бір нүкте. Үй ұғымы мұнда заттықты (нысандықты) білдірмейді. «Мұны классикалық көне заманның «жеті данасының» бірі Анахарсис ең жақсы «түсіндірген». Анахарсис үшін үй – «тас қалаушы мен балташының өнімі» емес» [108, б. 32]. Ол үшін «үй» деген ұғым – бұл «оның ішінде өмір сүретіндер – балалар, ерлі-зайыптылар, достар, қызметшілер және бірлесе, ақылға салынып, дұрыс ойластырылып құрылған, тіпті құмырсқа илеуінде де, құстың ұясында да бақытты үй деп атауға лайықтының барлығы».

Отырықшылық мәдениетте «дала» концепті ерекше маңызға ие болды. Егер еуропалық ландшафт «өз тарихын жазып жатқан адамның ізі» сияқты болса, көшпелі үшін дала – «өзіндік дауысы бар болмыс», ол тұтас әлеммен үйлесе білетін тіршілік. Бұл біздің мәдениетіміздің ерекшелігін сипаттайды. Аталмыш ерекшелік қазақтың әлемге ашықтығын, яғни өзгеріске бейім болуын сипаттайды.

«Дәстүрлі өмір салты далалық әсерлерді қалыптастырады, олар: қоршаған ортаны қабылдаудан алынған ерекше, тұрақты әсерлер жиынтығы, аталмыш әсерлер белгілі бір халық өмір сүретін ландшафт түріне және шаруашылық әрекет ету сипатына байланысты болады, бірақ қандай да бір жасанды ғимарат-үймереттерден алынған әсермен тікелей байланыспайды» [109, б. 23-24].

Ш. Уәлихановтың нақты этностардың шығу тарихы мен жалпы адамзаттың дамуы туралы «ландшафттық» концептісіне сәйкес «адамның барлық талап-ниеттері мен уәждері сыртқы және әлеуметтік жағдайлардың жиынтығымен негізделеді» және де бірінші орынға «тайпалық қоғам жағдайы» қойылады. Қазақтан шыққан тұңғыш ғалымның пікірінше, «ортаның, климат пен топырақтың» жағдайлары «тайпаның» (этностың) ерекшеліктерін алдын ала белгілейді [110, б. 72]. Этникалық өзгешілік «сол жердің әсерінен (белгілі географиялық және климаттық жағдайлардың жиынтығына қарай ландшафттың әсерінен)» [111, б. 568], тіл мен біздің әдет-ғұрып, мінезіміздің ықпалынан» көрінеді.

Кеңістік пен уақыт анықтамасына енгізілген үлкен түзетулерге қарамастан, күрделі құбылыстардың гносеологиялық болашағы ауқымды және көптармақты болып келеді.

Кеңістіктің, этностың алып жатқан аумағы этностың дүние қабылдауына, дүниетаным және ұлттық мінездің ерекшелігіне, менталитеттің, яғни «қоғамдағы ойлау мен психиканың ұжымдап қалыптасқан тәртіптің» [112, б. 338], ұлттық тілдің қалыптасуына ықпал етуі туралы ойлар бүгінгі таңда қолданылып жүрген теориялық концепцияларда көрініс тапқан Аталмыш концепцияларда «механистикалық» үлгілермен қатар түрлі этностардың кеңістік туралы түсінігінің (адам мен адамзат «өмірінің кеңістігі», кеңістікке байланысты түсініктердің және олардың дифференциалдық ерекшеліктерінің адамның әрекет етуіне тәуелділігі (Э. Гуссерль), «географиялық детерминизм» (Л. Гумилев), «этногеография» (А. Гумбольдт, Ф. Ратцель) биоәлеумет және геоэтностық саяси негіздемелері үйлесімді тұтастығына дәлел ретінде көрсетер ғылыми концепция саны бар.

Дүниені танып, қабылдау, ұлт менталитеті мен мәдениеті, тіл сынды өмір кеңістік әлемін көрінетін табиғи-география өлшемдері ұлтқа байланысты. Ал ұлттардың өзара айырмашылығы нәтілі, нәсілі, діні, білімімен анықталмайды, оның тұрмыс, тіршілігімен анықталады,яғни, қоршаған ортаны қабылдауына байланысты, ол адамның кеңістікке бейімделуінің жоғарғы формасы болған» [113, б. 42-57].

Этностардың өзгешелігі ішкі этникалық құрылымы мен менталитетінен байқалады. Басқа сөзбен айтқанда, табиғи-географиялық жағдайлар шаруашылық жүргізу түрінің ерекшелігін, еңбек әрекеті түрін, тұрмысын құру, кеңістікте орналасу және этникалық қоғамдастықтың «дүние моделін» белгілейді [102, б. 63]. Қазақтардың этникалық түсініктерінің өзгешелігі кеңістікті өлшемдеуде де көрінеді. [114, б. 63]. Мысалы, біздің ұлтқа тән ұзындық өлшемі төмендегі ретте берілген:

35-45 км–Аламан бәйге, 25 км – ат шаптырым, 10-15 км – тер алатындай, 8-10 км –құнан шаптырым, 3-5 км– тай шаптырым, 3-4 км– қарасы шалынбайтын.

Жол өлшемі: қажылық сапар (хадж) –Алты айшылық, 2500-3200 км – айшылық жер, 200-250 км – атпен ара қонып жетерлік, 90-100 км – бір күншілік сапар, 40-50 км – түстік жер, 30 км – бір лау жер, 20-30 км – қозы көш жер.

Кеңістік өлшемді білдіретін тілдік құралдардың ұлттық ерекшелігі қазақ ұлтының дүниетану ұстанымына байланысты. Мысалы, жаңағы өлшеніп

отырған дүниелер ұлттық өлшемге салу болып есептеледі: қазақ малмен айналысқандықтан малдың белгілі бір уақыттың ішінде жүріп өтетін қашықтығы уақытты тану кезеңдеріне бөлу болып саналады: 2500 шақырым деудің орнына, бұл қашықтық уақытын айшылық жер деп айту.

Ұлттың табиғи-географиялық аумағының жағдайы, қоғамдық тірлігінің түрі, шаруашылық ету түрі, еңбек әрекетінің түрі, тұрмысының жайғасуы – бұның барлығы дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыруға негіз болады.

Этнографтар, тарихшылар, филологтар, музыка танушылар мен сәулетшілер өз еңбектерінде қазақтардың кеңістікті қабылдауының қайнар көзін атап өткен. Қазақ даласы қазақ үшін көзге көрінбейтін күрделі орасан зор лабиринт сыңайлас болады. Дәстүрлі өмір салтын ұстанатын малшы қазақтың бар әрекеті бұл «лабиринтті» зерттеп тануға арналған. Бабаларынан мұра болып қалған ол туралы білім күн сайын, маусым сайын бекітіліп, молайып, дами түседі. Дегенмен, лабиринтті тану ісі бұдан жеңілдей түспейді. Бұл лабиринттің климаты шұғыл континенталды: қысы боранды, суығы өткір, жазы ыстық. Бұндай лабиринт бойынша саяхаттауға болады, бірақ қауіпті әрі саяхат сәтті өтеді деген кепілді ешкім бермейді.

Шөл даланың ауа райы қолайсыз: жазда – қалжырататын ыстық, қыста – қатты боран мен аяз. Поляк ғалымы А. Янушкевич жазғы даладағы саяхатын былай суреттейді: «Біздің алдымызда, артымызда, оң жағымызда, сол жағымызда – көзді жүгірткен барлық жерде жан түршігерлік шөл дала жайылып жатыр, еш жерінде тірі жан: не адам да, не жануар да жоқ, ал оның үстінен, өлі теңіз суының үстінен сияқты – бір де бір құс ұшпаған, біз тірі әлемнің шекарасын аттап өткендей болдық, енді бір сәтте жылқы тұяғының астынан, осы шөл даланың рухы сияқты, қара бозторғай ұшып кетті...»

«Бұлтсыз аспандағы күн баяу жылжып, бізді өзінің отты қамшыларымен сабап, қапырығымен шыжытып жатты. Бұл ыстықты Сирияның шөл даласын немесе Сахараның құмынан өткен адам ғана көз алдында елестете алады. Денемізді де, миымызды да жанға бататын азап қинады: өзімізді тозақтың мәңгілік азабына жазаланғандай сезіндік, әлсіреген қолымыздағы тізгінді әзер ұстап, алдымыздағы жазыққа түнеріңкі қарап, сабындай сабылған аттарымызды мініп келе жаттық. Қыста боран соғып тұрған кезде малдың артынан жүру қажеттілігі адамдарға қолайсыз ауа райының аяқталуын жылы жерде күтіп отыру мүмкіндігінен айырады. «Боран» сөзінің айтылуы ғана оңай, табиғаттың бұл құбылысы адам жанын қаншалықты түршіктіретінін оның үш айға созылғанында ерекше сезінуге болады. Боранды жылы үйінің терезесінен ғана көрген адамдар бұл сұмдықты, оның зұлымдық күшін соншалықты сезіне алмайды. Бұны мал шаруашылығымен күн көрген көшпелі ел ғана түсініп, жан-жақты сезіне алады», –[115, б. 63]деп Ы. Алтынсарин да қазақтың шөл даласын сипаттаған.

Осы зерттеу аясында көшпелілердің өмір сүру, тіршілік ету, соның ішінде олардың менталитеттерінің өзгешелігі туралы түсінікті қалыптастыратын амалдарды анықтайтын табиғи жағдайларды қарастыру маңызды міндет болып табылады. Бұл контекстегі кеңістікті ұғымдар көшпелі халық тұрмысының сипатын да, эстетикалық көзқарасын да көрсететін тіршілік ету амалдарының

құрамдас әрі кешенді негіздері ретінде қарастырылады. Осы жағдайда дәстүрлі және қазіргі мәдениеттегі табиғи ландшафттың эстетикалық сипатын түсіну өте маңызды.

Қазақтар – көне көшпелі халық. Олардың ежелгі ата-бабалары – көк түріктер жабайы жылқыларды қолға үйретіп, ұлан-ғайыр кеңістікті Алтай тауларынан Каспий және Қара теңіздер жағасына дейін, Батыс-Сібір жазығы мен Орал тауларынан Тянь-Шаньнің солтүстік сілемдеріне дейін кезіп жүрді. Сол кезде олар темір үзеңгі мен арба доңғалақтарын ойлап тапқан.

Қазақтар жыл құстары сияқты өмір бойы көшіп-қонып жүрген. Құстар күзде оңтүстікке ұшса, көш те арттарынан сол жаққа бет алады. Міне, сондықтан да қазақтар жабайы қаздар мен аққуларды алыс бабаларымыз деп санайды, ал аспанда шоғырланған жұлдыздар жолын Құс жолы деп атайды.

Қазақтар меридиандық та, ендік те бағыттары бойынша көше берген. Айдамалы малшаруашылық жақсы дамып тұрған кезде жайлау мен қыстақ арасындағы қашықтық 3500-4000 шаршы шақырымды (км) құраған. Жартылай көшпелі малшаруашылығы Жетісу мен Шығыс Қазақстан аудандарының жазық даласы, орманы мен биік таулы өсімдіктері алмасып отырған аймақтарында кең тараған. Сол себепті қазақтар Тянь-Шань мен Алтайдың таулы жері аумағын қоныстады. Енді көшіп-қону қашықтығы онша үлкен болған жоқ. Сол кезде көшудің сатылы түрі кең тараған: қазақтар қыста өзендер бойында, көктемгі-күзгі маусымда – тау етегінде, жазда Альпа таулары биігіндегі жайылымда мекендеген. «Шаруашылықты жүргізудің бұл түрін адамның нақты табиғи-климаттық ортаға бейімделуінің нәтижесі, оның әр географиялық аймақтың мүмкіндіктерін мейлінше пайдалануға деген ұмтылысы деп саналады» [116, б. 5-18].

Қазақтар негізінен меридиандық бағытта көшіп жүрген, әр көктем сайын таудың оңтүстік баурайына – күнге, алғашқы көк шөптерге жақынырақ келіп отырған. Жаз бойы малын Альпа тауларының шүйгін шөбінде жайып, күздің алғашқы суығы келісімен жайлаудан жинап, оңтүстікке – қатты қарлы боран болмайтын жартылай шөлге қарай жылжитын.

Ежелде қазақтарда табиғи үрдістердің циклдығына негізделген жер иелену және жер пайдаланудың ру-тайпалық жүйесі болған. Әр рудың қатаң белгіленген көшу бағыты болған, басқа рулардың оны иелену құқығы болмаған. Қырдағы қазаққа азық беретін, үй шаруасы мен тұрмысына қажетті заттарды жасау үшін қажет шикізатты беретін басты байлығы – мал болды. Малдың өсіп-өнуі жайылымның ауысуына және су көздерінің молдығына байланысты болды.

Қазақтарда қой шаруашылығында еңбекті ұйымдастыру қысқы, жазғытұрғы, жазғы және күзгі көшумен тікелей байланысты болды. Бұл үрдіс жылдық жұмыс ауқымының әр түрлі сатысы болып есептелетін. Мәселен, Перовск, Қазалы, Ырғыз уезінің малмен айналысушылары жыл сайын оңтүстіктен солтүстікке меридиандық бағытта көшіп отырды. Қысқы көшудің орны Қуандарияның, Жаңа-Дарияның Іңкәр-Дарияның арнасы, Қызылқұмның қуаң даласындағы топырақты кеңістігі қой малының қысқы жайылымына жарамды болды. Бұл жерлер 80-90 пайыз көлемінде түрлі жайылымдық шөптердің өсуімен ерекшеленеді және осы өңірлерде қыс айларында қатты

боран болмайды. Қазақтар бұл жерлерді қызылдың қиясы деп атады. Қызылқұм қой малы үшін қыстың суық күндерінде де, тіпті, қалың қар басқан уақытта да тендесі жоқ жайылым деп есептеледі. Қызылқұм қатты жұтты білмейді, бола қалған күнде айтарлықтай сезілмейді. Перовск және Ырғыз, Қазалы уезінің малшылары Қызылқұмдағы қысқы жайылымнан жазғы жайылымға қайта көшулері наурыздың алғашқы күндерінде бастайды.

Перовск уезінің орта жүз қазақтары Сырдария өзені жағалауында нулы қамысты жерлерде қоныстанды. Қыс жылы болған кезде қойларын жайылым үшін Қызылқұмға қарай жүре көшеді. Әдетте, Қызылқұмда қыс жұмсақ, қар да қалың түспей, шөп қыс бойы сақталады, себебі ол жерлер бүкіл жаз және күз айларында да елсіз тұрады. Қызылқұм аймағында 2-2,5 ай көлемінде ғана көшпелілер болды, алыстағы Бестөбе, Ақбайтал, Бигеліг, Бозкемер жерлеріне желтоқсанның ортасынан бұрын келмеген. Қуандария, Жаңадария және Ескідарияның құрғақ жиектерімен көшу жолы жүргізілген. Көшу жүрісі күніге 15 шақырымнан аспаған. Бұл жазғытұры қойдың әлсіреуімен тікелей байланысты, өйткені, мал ұзақ жолға шыдай алмайды деп есептеген. Бұл тәсіл әлсіреген, жүдеген малдың шығынын әлдеқайда азайтты. Сырдария, Қызылқұм, Байқожа, Төретам, Дирмантөбеге дейін жол 300-320 шақырым болатын. Осы жол арасын қайсыбір көш он бес, жиырма күн жүрген. Олар мал төлдейтін уақытқа дейін жету үшін, Сырдария ерімей тұрғанда өтіп кету қажет деп есептеген.

Көшу жолдары мен көшу тәсілдері көшпенділердің тұрған жерінің табиғатына байланысты қалыптасты. Көштің тасымал түрінде ауылдың бір бөлігі бірінші көшіп, тұрар орынға қонған соң, жүктерін, көліктерін қайтарып, келесі бөлікті көшірді. Көштің бұл түрі жартылай көшпелі мал шаруашылығымен машықтанған елдер арасында жиі қолданылды. Ал шөлейт аймақты кесіп өтетін көшкен ел суға келген кезде судан әбден қанып ішіп, келесі суаттыққа жету үшін тоқтаусыз «үдере көшіп» отырды.

Қазақстанның солтүстік өңірі мен орта аумағында көшіп-қонған елдер «меридионалды» көш тәртібін ұстаған. Көктем шығып, малдың ауызын көкке тигізу жайлауға қозғалып, жайлаудың өрісінің шөбі таусылғанда өзге жайылым іздеп көшті. Бір көшкенде ең азы 800 км жүріп өткен, қара мал осындай ұзақ көшуге төзе бермейтіндіктен де қазақтарда қара мал басы аздап саналды. Көшті ақсақалдар немесе ру басшылары басқарған, жөн сілтеп, жол көрсетіп отырды. Қас қарая көш уақытша тоқтатылып, шағын жолым үйлер, қостар, уықсыз жаппалар тігіліп, демалыс жасалды. Көштің барлық шаруасын, үй тігу, тең жинау, бұзу, т.б. жұмыстары түгелдей әйелдің шаруасы саналды. Сонымен қатар, көшпелілердің жайлау көлемі де әртүрлі болды. Мысалы, Өскемен уезінің Алтай жағы наймандары «Жайдақ» деген жайлауда, Үркердің наймаңы «Күршілік» жайлауына жайланады. Алтай тауының етегін ала 10-15 шақырым шамасында созылып жатыр.

Жыл ішінде көштің жүріп өткен жолы 100 шақырымдай болған, ал кейде шекті мен адай, табын сияқты рулар 1000-2500 шақырымға дейін жеткен.

Малшаруашылығының жақсы дамуы көшпелілер өмірінде сандық қатынастың пайда болуына негіз болды: «үйсіндердің жылқысы көп; олардың ең бай дегендері төрт-бес мың бас жылқы ұстайды» [116, б. 3]. Қазақтардың

еңбектену әрекеті көшудің ұзындығы 100 км және одан көп шақырымды құрайтын қашықтық ретіндегі кеңістік ұғымның дамуына әкелді. Ол қашықтық неше күн, неше ай ішінде өтілетіні белгілі болған, сонымен қатар бір күндік жолдың (көш), апта ішінде өтетін жолдың қашықтығы белгіленетін.

Көш – кішкентай киіз үй, оны алыс жаққа көшкенде, аңшылыққа шыққанда қояды; көшпелі лагерь, бар мүлкімен көшу; әскери жасақ, әскердің жеке бөлімі [117, б. 156].

Көш I – 1. Қоныс, орын аударған үйлер, ауыл тобының тізбегі, кіресі. 2. Ауысп. Өмір кезеңі, ұлы тарихи белес. Көш аман болсын! – қоныс аударушыларға амандық тілеу. Көш артық [ілгері, төмен] – анағұрлым, әлдеқайда. Көшбасы – а) көшті бастаушы адам, керуенбасы; ә) спорт жарыста бірінші келе жатқан команда. Көш бойы – жаңа қонысқа жеткенге дейін. Көш ілгері – әлдеқайда, анағұрлым. Көш жер – а) көш жолының ұзына бойымен өлшенетін халықтың қашықтық өлшемі. ә) алыс, ұзақ жер.

Көш II – 1. Бір жерден екінші жерге ауысу, қоныс аудару. 2. Бір орыннан жылжып қозғалу. 3. Ауысп. Бастан өткізу, кешу. 4. Амал- тәсілді өзгерту, ауысу. 5. Сыры ұшу, бояуы кету [118, б. 420]. Қыз көші (салт). Құдаларды аттандыру жоралғысы жасалғаннан кейін ұзатылып жатқан қыз шешесі мен жеңгесі, жас інісі мен сіңлілерін ертіп, бірге көлікке отырып, жолға шығады. Қыз артындағы жұртына қарамауы керек. Құдалар өздерінің ат көлігімен алға түседі. Олардан соң шаңырақ түйе (қыз көші) ілеседі. Тойдың көрігін қыздырушы жастар әдемі киініп көштің соңынан ереді. Көште ерекше сән салтанат, жарасымдылық болады. «Қыз көші» жеріне дейін шығарып салады, яғни, қыздың ауылы жайлаған аумақты осылай атайды. Одан арғы қашықтықты «келіншек көші» деп атаған.

Мұндай көштің келе жатқанын білсе, жолдағы ауыл қыз-келіншектері, жастары келіншек көшінен «түйемұрындық» алады, «жол болсын» айтып батасын беріп шығарып салады. Бұл да даладағы бір салтанат көрінісі болып, қазақтың ұлттық дүниетанымын бейнелейді.

Тайпалар көші – белгілі ең үлкен көштердің бірі. Адамзат тарихына үлкен әсер еткен және дүние жүзінің бейнесін өзгерткен осы көш қозғалысын ғұндар бастаған. Тайпалар көшінен бұрын Азия ғұндары б.д.к. II ғасыр бастарында бір-бірлерінен бөлінген үш бөлім күйінде болатын. Балқаш көлінің қойнауында ғұн қауымдастықтары өмір сүретін. Жоңғария және Баркөл маңында солтүстік ғұндары, сол жақтағы қытайдың аймағында болса, оңтүстіктегі ғұндар тіршілік еткен. Сол жақтағы бұрынғы ғұн астанасының аймағында қалса, екіншілері арадағы соғыстар салдарынан екіге бөлініп, жерлерінің барлығы қытайлар тарапынан басып алынды. Осы оқиғалардың нәтижесінде Қытай өңіріндегі ғұн саяси өмірі тарихта қалды.

Қыстау мен қоныстарда жер өңдеу телімі мұқият сызылған, арықпен бөлініп, отбасы мүшесінің санына байланысты алпыстан жүз елу шаршы метр көлемге дейін барады. Бұл қазақтың кеңістік жайын геометрия тұрғысынан меңгерңп, өлшеу функциясын білетінін көрсетеді.

Кеңістікті бағдарлау қасиеті көне түрік пен қазақты өзге халыққа қарағанда үйдегі есіктерді шығысқа қаратуымен ерешелендіреді. Сонымен қатар ғұндар

туралы «шань-юй таңертең лагерьден шығады да, атқан таңға иіліп, кешкісін айға бас иеді. Ол бетін солтүстікке қаратып сол жақта отырады» деп жазылған. Бұл дәстүр есіктерін оңтүстікке ашатын моңғолдарға қарағанда, ұндардан түріктерге көшкен. Монғолияға қоныс аударған қазақтар есіктерін оңтүстікке берген, ал шаңырақтарын шығысқа қаратып ашқан, соңғысы түркі халықтарынан алынған дәстүр екені анық.

Қазақтар бағдарлау кезінде шығысқа көп мән бергенін беттері шығысқа қаратылған тас мүсіндерден, ескі молалар құрылысынан аңғаруға болады. Көне түркі тілінде де шығыс – алдыңғы жақ болып, батыс – артқы, оңтүстік – оң жақ және солтүстік – сол жақ болып саналған. Күлтегін ескерткішінде «Түн ортасы еліне қарай, күн батыстың сол жағы», – деп жазылған [119, б. 27]. «Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ілгері /шығыста/ Қадырхан жынысына дейін, кері /батыста/ Темір-қақпаға дейін қондырған. Екі аралықта» [120, б. 186].

Бірақ көшпелілік дамыған сайын бұл бағдар өзгеріске ұшарады. Егер алдында шығысқа қаратылған есік пен шаңырақ атқан таңның алғашқы сәулесін аңғарып, кейін шаңырақ пен уықтармен жылжыған күннің нұры сағат сияқты тәуліктің мезгілін білдірсе, бұл кеңістікте орналасқанның белгісі болды, енді басқа жерлерге көшкенде көне түркі халықтары бұдан былай есіктерін өз ыңғайларына келістіріп, желге қарсы қоймай, көз аясынан жабық кеңістікте орната бастады. Қазақтар болса, есіктерін оңтүстік-шығысқа қаратқан, оған себеп – солтүстік пен батыстан соққан желдер және табиғи жағдайлар. Киіз үй есігінің және оның орналасу жерінің мәні былай түсіндіріледі: киіз үйді құруды есіктен бастайды және ол қалған құрылымның барлығына негіз болады.

Киіз үйдің түр-түрі барлық көшпелі халықтардың баспанасы болып, осы күнге дейін сақталғандығынан ғана оған көп көңіл бөлініп отыр, сонымен қатар киіз үй көшпендінің жанына жақын мағынадағы әлемнің моделі болды. Ақиқат пен нышанның бірлігін жоғалтып алған киіз үйдің бүгінгі үлгілерін қарастыру қызығушылық тудырмайды. Кескінінде ерекше бір мағына сақтаған, ішкі жасаулары мен бұйымдары өткеннен сыр шертетін киіз үйдің алғашқы формасын қарастырған өте қызық.

Киіз үй көшпелі үшін Ғаламның моделі: адам басынан жоғары төңкеріліп тұрған аспан күмбезі – адамды өз құшағына алған әлем кеңістігі. Ақиқаттың, нышан мен қызмет етудің бірлігінің көрінісі ретінде киіз үй материалдық және рухани дәстүрлер мен мақсаттар симбиозы болады. Киіз үйді сұлулық заңы бойынша салынған ежелгі мысырлық ғарышқа теңеуге болады, сондықтан да киіз үйде кеңістіктің көптеген ерекше артықшылықтары көрсетілген.

Табиғатта шектеулі болатын және аяқталған әлемнен бастама алатын аспан мен жердей, су мен оттай, үсті мен астыдай киіз үй кеңістігі табиғаттың шеберлікпен қолдан жасалған үзіндісі (фрагменті), бөлігі болады. Киіз үйдегі құрметті орын – төр. Киіз үйдің бір жартысы ер адамдікі, екіншісі әйелдікі болған, ер адамның жартысында В.В. Радлов жазғандай: «ер азаматқа тиесілінің барлығы: мылтықтар, оқшантайлар, жүгендер, белбеулер, атқа салт міну үшін қажетті бұйымдар, ер тоқымдар, қамшы және т.б. Ал төсектің оң жағындағы

іргеде әйел адамның заттары: әйелге атқа салт міну үшін қажетті заттар, содан кейін, есік жаққа қарай – шаруашылық бұйымдар және түрлі ыдыс-аяқтар». Бұл кеңістіктегі барлық нүктелер мен сегменттердің орналасу тәртібі болған, сондықтан үй ішіндегілер мен қонақтарға кейбір тыйымдар салынған. Мысалы, босағаны басу үй иесін қорлау деп саналған, қонақтарға ошақ маңайынан теріс жүруге болмаған. «Ханды таққа отырғызғанда, жақын мәртебелі төрілер оны ақ киізге отырғызады да, күннің көзі бағытымен тоғыз рет айналдырып өтеді. Айналдырған сайын шенеуліктер ханға тағзым етеді» [121, б. 229]. Дегенмен, әйел адамдарға теріс жүруге рұқсат етілген, себебі, төр жақтан, қонақтар мен ошақтың арасынан өтуге тыйым салынған.

Көшпенділік кеңістікті талап етеді, ол жиналмалы баспананы, қозғалмалы шаруашылықты, қатынас құралдарын, азық қорларын, арнайы киім мен аяқ киімді және т.б. қажет етеді. Мәдениет элементтерінің әрқайсысы дүниетанудың барлық кезеңдері әрі халық ғарышының кез келген бөлшегі болып саналады. Көшпенділік кеңістіктің өзі сияқты кең болуын, құрастырушы бөліктерінің өзіне ұқсағанын талап етеді, басқаша айтқанда, біркелкі кеңістікте әртүрлі жаққа бағытталған қозғалыс тең дәрежеде болуы керек, яғни кеңістік изотропты болуы тиіс еді. Көшпенді бір жерде тұрақтағанын қалар еді, алайда, ол жайылымын үнемі ауыстырып отыруға мәжбүр болды.

Көшпенді үшін кеңістік үлкен немесе кішкентай бола алмайды, ол тек қолайлығы мен сұранысты қанағаттандыру деңгейіне байланысты ыңғайлы/ыңғайсыз ғана болады. Ұлы дала сол үшін қолайлы болды, сондықтан да Жетісу қазақтары «жазын Бұлғар өлкесінде (Волгада), қысын Баласағұн өлкесінде өткізген». Малдың негізгі түрі, әрине, жылқы болды. Баласағұнның өзі былай деп жазған: «Олар жылқы табындарын бағады. Азық, сусын, салт атқа міну үшін жылқылар пайданылады; тайлар мен биелер санын көбейтеді, жүк таситын аттар да бар. Қымыз, сүт, жүн, май, ірімшік және сүзбені азық етеді, киім мен үйге қажетті бұйымдарды да мал өнімдерінен алады».

Кез келген халықтың тарихи даму сипаты табиғаттың қолайлы және қолайсыз жағдайына: климаты, топырағы, рельефы, қарастырылып жатқан аумақта тұратын адамдардың нәсілдік-этникалық мінезіне байланысты болады. Айдалмалы мал шаруашылығы жағдайында табиғи жағдайлар ғана тіршілік етудің, өндіріс жүргізудің, белгілі бір қоғамдық құрылымның құрылу амалдарын анықтайды [120, б. 45-65, б. 53-55].

Зерттеушілердің айтуынша, көшпелі елдерді біріктіретін бір негіз бар, ол – үлкен отбасы ру ішіндегі байланыс. Көшпелі қоғамның берік болуының себебі осында [122, б. 418, б. 419, б. 126] Бұл таза рулық қоғам. Егер қыр далада адам қоғамға қабылданбаса, ол өлімге жазаланғандай болады – «қырдың қатаң ғарышында» ол отбасынан тыс, панасыз өмір сүре алмайды. Қазақта «далада қалу» қорқынышы бар, бұл тірі концепт [123,б. 197]. Бұл жағдайда ол сусыз, тамақсыз, күнге күйіп тұрған шөлге түседі, оның өміріне үнемі қауіп төніп тұрады. «Мұнда жартылай жаны бар деген күй болмайды. Қырда Робинзон болу мүмкін емес – ғарыштан өлім күтіп тұрады, мұнда айнала құм, не тамақ, не су жоқ» [124, б. 195-303,б. 197].

Қазақтардың дәстүрлі өмір салты туралы айта отырып, ресейлік антрополог Георгий Гачев өмір салтын құрастырушыларын, соның ішінде жағымсыздарын да, эстетикалау ерекшелігіне назар аударады: «Жел мен Ыстық мұнда Өлім бейнесін білдіреді». Көшпенді толығымен отарына тәуелді болады. Бірақ дәл осы тәуелділік көшпенді жанының малмен жақындығын сезіндіреді. Фольклордағы малды, әсіресе жылқыны, тәңір ету осыдан шыққан» [124, б. 125]. Ғалым «көшпелі ұжымды» біртұтас денемен салыстырады. Оның пікірінше, адамдардың қоғамдық бірлестігінің ешқайсысында бұндай тұтас бірлік жоқ. Тек көшпелі тайпа ғана бұл қасиетке ие, өйткені мұндағы жеке тұлға ұжым денесінен еш бөлінбейді. Қазақ санасында, еркін даланы мекендеген елде, «қатаң ислам әлемінде еркіндік сезімі отырықшы, жерді өңдейтін және қалалық аймақтардың тұрғындарына қарағанда әлдеқайда күшті. Қалалық және жерді өңдейтін аймақтарда мемлекет шариат заңдарының орындаулын мұқият қадағалап отырады. Міне, сондықтан да отырықшы елдер санасына көшпелі елдер еркіндік нышаны ретінде – құстар ретінде енді» [124, б. 127]. Көшпелі елдер менталитеті үшін тоқтаусыз қозғалыс туралы ұғым үйреншікті. Бұл алдымен кеңістіктегі қозғалысты қабылдауға, содан кейін ғана уақыт ішіндегі қозғалысқа қатысты. Бұл жағдайды Еуразияның ежелгі көшпенділерінің мәдениетін сипаттайтын «аңдық стиль» суреттейді [125, б. 127-128]. Қозғалысты көрсетудің бұндай амалы зергерлік бұйымдарды әшекелеуде көрініс тапты.

Кейінгі уақытта тоқтаусыз қозғалыс идеясы көшпелі өмір салтына жақсы бейімделген номадтардың барлық дәстүрлі мәдениетіне енеді. Дәстүрлі қазақ мәдениетін зерттеуші Н. Масановтың пікірінше, тоқтаусыз қозғалыс идеясы «максималды жұғысу» сипатына ие. Сонымен қатар аталмыш қозғалыста көшпелілердің еңбек ету тәсілдері мен дағдылары нақты экологиялық «қуыстағы» ерекше табиғи ресурстарға сәйкестендіріліп, экологиялық орындағы жағдайларға «бейімделген» деп жазады [126, б. 55]. Дәстүрлі тұрмыстың бұл аспекттерін адайлардың өмір салтын сипаттағанда Р. Карутц та белгілейді [127, б. 94]. Көшпелі санасының бұл ерекшелігін көрсететін заманауи көрсеткіші, – деп Г.Гачев қазақ романы композициясының жетекші формасын белгілейді. Композицияның бұл түрін ғалым «дума» деп атаған [124, б. 200-203]. Ол кеңістік-уақытты қабылдаудың дәстүрлі түріне негізделеді және сайын дала мен шөлден өтетін ұзақ жолдың сипатын метафоралық және композициялық түрде суреттейді. Атқа мінген кейіпкер ақырын теңселіп келе жатады, өткенін есіне түсіріп, ойға батып келеді. Мәтінді ұйымдастырудың бұндай композициялық формасы біздің ғана қабылдауымызға тән.

Бұдан нақтылықты және қазақ ойының ақиқат болмыста негізделуін аңғаруға болады. Дүниенің бастамасы – табиғатта деп, қазақ болмысты құдірет және мәңгілік тұрғыдан қабылдайды. Осылайша, қазақ халқы тұтас әрі басқаларға тең этнос мәртебесіне жетеді. Себебі қазақтың табиғатқа деген жақындығы айдан анық және даусыз. Ғасырлар бойы қазақ этносы үнемі табиғатқа оралып отырды, табиғат әрдайым оның басты әрі ажырамас атрибуты болды.

Қазақ дүниетанымының басты дерлік ерекшелігі – қашанда олардың еркіндік пен бостандық сүйгіштігі. Қазақ ішінде ешқашан құлдық болмағаны

осыған куә. Ары қарай сараптай келсек, қазақ қашанда теңдік пен әділеттілік мәселесіне қатты назар аударған.

Сондықтан да қазақ арасында әлеуметтік тұрғыдан теңдік, теңгерімдік қалыптасқан, әділеттілікті негіз еткен қазақтар үшін әлеуметтік айырмашылықтар мен әлеуметтік топталу болмаған, болса да аз болған.

Қазақтың дүниетанымында байлыққа жетуден гөрі ар-намысты жоғары ұстау халықтың қанына терең сіңген құндылық, оны біз фольклордан, оның етегінен өріп туған басқа жанрлардан да кеңінен сөз ете аламыз. Байлықты мансұқтаудан гөрі, оған тығыз қатысы бар затты қанағатшылық тұту да біздің ұлттың айрықша белгісі. Келесі бір қазақ үшін келелі мәселе – қазақ халқы қашанда көптің мәселесін, мүддесін жеке мүддеден гөрі жоғары ұстауы.

Қазақтың дүниетанымы жайында сөз қозғағанда тағы бір айта кететін жайт өне бойы көшіп жүргенде көптеген қиындықтарға кезігіп, қауіп-қатерлерді басынан өткеруге тура келеді. Сондықтан ерлік, батырлық біздің басты қасиетіміз.

Осыған орай, көшпенділердің өмірі өне бойы қауіп-қатерлерден, соқтығыстардан тұрғаннан кейін, олар күнбе-күнгі өмірді бағалап, өмірдің өткіншілігін барлық ұстанымына арқау еткен. Әрбір күнді той-думанға айналдырып «дүние есігін өлеңмен ашып, өлеңмен қоштасу» салтын дәстүр еткен, өзін шешендікпен, даналық танытумен, әртүрлі сайыстарда көрініп, сегіз өнерді бойына сіңіру бабалар тағылымы болып қала береді.

Өмірге деген риясыз танымы дүниеге, басқа халықтарға деген көңілінің ашықтығына, қиналғандарға еш қайтарымсыз қол ұшын беру, қанға сіңген қонақжайлылық – бұл да біздің халықтың керемет қасиеттерінің бірі болып саналады.

Қазақ болмысындағы ұлттық, отбасылық құндылықтардың бірі – ата-ананы, үлкендерді сыйлау. «Қазақ халқының рухани шалқарын танытатын телегей теңіз мол мұрасы – фольклорлық құндылықтары. Қазақ фольклоры – әлем халықтарының ауызша мәдениетінде теңдессіз құбылыс болып саналатын ерекше болмысқа ие» [128, б. 6-7]. Қазақ тәрбие басы – тал бесік деп, тәрбие негізін халық ауыз әдебиеті негізінде түзілген дниетанымдар арқылы тәрбиелеу негіз алған. Халық мың жылдықтар көлемінде бойына жинақтаған көп қадір-қасиетінің ішінен біз негізгісін ғана көрсеттік.

Ежелден бастап халық мәдениетінің өзіндік ерекшелігіне негіз болған ол – сол мәдениеттің мазмұны болып табылатын руханилықтың имманенттік формалары. Қазақ сана-сезімінің ішкі логикасын іздеу жалпы мәселелерді дұрыс қоюдың өзін, оларды тану амалдары мен сол сананың заттығын (нысандығын) белгілейді. Қазақ мәдениетінің өзгешелігін түсіну қоғамның дербестігін, сапалық кесімділігін көрсетеді. Ол қоғам мүшелерінің әрқайсысына ортақ және жекелік өмір басымдылықтарына негізделген. Мұнда қоғамдық болмыстың түрлі жақтары, қоғамдық сананың онтологиялық және гносеологиялық аспектілері, тіршілік етудің күнделікті элементтері мен дамудың ішкі көздері тұтас болып біріккен. Өзіндік ерекшелік тарихты жылжытатын қағидалардың бірі, мәдениеттің маңызды өзегі, түйіні, қоғам дамуының негізі және динамикалық қағидасы болып саналады.

Қоғамның өзгешілігін түсіну үшін оның салт-дәстүрі мен ұстанымы, құндылықтары мен мінез, жүріс-тұрыс формаларынан көрінетін ерекшелігін ұғыну керек. Осы тұста тәуелсіз табиғат пен даму көздерінің көрінісі адам өмірі рухани, құндылық негіздері белгіленген. Шығыс халықтарының жан – жақтылығына, өткен тарих пен бүгінгі сабақтастықты бағалауға, сан алуан уақыт пен кеңістіктегі мәдениеттердің ішінара байланысына негізделген. Әр дәуірдегі халықтардың мәдениетін тарихы мен мазмұндық тұрғыдан салыстырып, шығармашылық және патриотизм идеялары негізінде бірыңғай мәдениетті жақтаушылардың басын біріктіру мүмкін болды.

Қазақ өркениеті тарихи уақыт пен кеңістікте тұрақты, жеке тұлға мен топтардың материалды және рухани өлшемдеріндегі байланысына негізделген әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың ірі көлемді нысаны ретінде көрінеді. Қоғамдық өзара байланыстың рухани формалары ерекше мәнге ие болады. Олар жалпыға бірдей маңызды және қажетті құрылымдық компоненттерде жүзеге асады. Бұл өркениеттің әлеуметтік өкілдері оның тұтастығын сақтайды. Тұтастық рухани құндылықтар, идеялар, білім, бағыт-бағдарлар, нормалар мен нышандардың бірлігі болып саналады. Өркениет қоғамның дамуындағы сабақтастықты, оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді, қоғамды өз динамикасына бағындырады, соңғысы қалыптасу, өркендеу және тоқыраудың түрлі кезеңдерінде көрінеді.

Қазақ қоғамы тұлғалар арасындағы қатынастарға, қолдағы құндылықтардың тұрақтылығы мен рухани реттеу салмақтылығына негізделген екен. Ол экономикалық қатынастардан асып түсетін тұлға аралық қатынастардың фундаменталдылығымен сипатталады. Бұл қоғам мүшелері үшін маңызды болып саналатын жалпыға бірдей құндылықтар болады. Оның астында ерекше рухани байланыстар жатыр, күнделікті өмірде үйреншікті көрінеді және қатынас жасаудың коды, тілі мен қарым-қатынасқа түсудің амалын, сонымен қатар сол қоғам үшін маңызды болатын символ-белгілерді тасымалдау формаларын құрайды. Өркениет ұстанымдары қоғамның сапалық ерекшелігін, рухани өмірінің өзгешелігін, экономикамен және саясатпен салыстырғанда, мәдениеттің маңыздылығы басым болуын бағалауға мүмкіндік береді. Қажетті рухани байланыстар бұл өркениетті байыта түсіп, оны басқа қоғамдардан ерекшелендіреді.

Өркениет қоғамның барлық салаларына енетін, мәдениеттің барлық түріне бастама болатын, қоғамның рухани негізін құрайтын, тұтастықты дәлелдейтін белгілі механизмі бар субстанция ретінде қабылданады. Қалың бұқараның барлық топтары сол қоғамға тән құндылықтар мен идеяларды ұстанады. Қолданыстағы рухани өндірістік жүйесі басыңқы болып табылады, ол материалдық өндіріс факторларынан гөрі әлдеқайда тұрақты. Бұл өз тарапынан қоғамның өзгешелігін тұжырымдап, ондағы рухани эволюцияның ішкі көздерін бөлуге, ерекшелігін және қозғалыс күшін анықтауға мүмкіндік береді. Мәдениет проекциясына деген бейім оның негізінде және оған тән құралдар арқылы әлеуметтік-мәдени туындының қайталанбас күйіндегі тұрақты, ауыспайтын түрін бекітуге мүмкіндік береді.

Дамып келе жатқан тұтастықтың барлық модификациясында орын алған жалпы бастаманы іздеу ісі оның бұрыннан белгілі және тарихи жадыда сақталған тұлға аралық қатынастарды ресімдеу қағидалары екеніне көз жеткізеді. Тұлға аралық қатынастардың бұл қағидалары ұзақ уақыттың ішінде күрделі эволюцияға ұшырайды, дегенмен, өзінің бастапқы мағынасын «концептуалды ядросын» жоғалтпайды, сондықтан да, ғасырлар бойы барлық рухани өндіріске, оның ішінде қоғамдық қатынастарға да ұйымдастырушы әрі реттеуші ықпал етеді. Тұлға аралық қатынастар сананың негізгі заттығы (нысандығы) болып есептеледі.

Қазақстандағы өркендеудің рухани аспектісі едәуір салмақты болып саналады, себебі, қоғамның не экономикалық, не саяси ракурстары тарихи естелікті сақтаушының және тасымалдаушы рөлін дәл рухани құрылым сияқты табысты атқара алмайды. Ол тарихи тәжірибені үнемі еске түсіріп отыруға мүмкіндік береді, қоғам ұстанатын өнегелерді тұжырымдайды, мәдени мұраны бір жерге жинайды. Руханилық үлгілерді, яғни ұстануды талап ететін «паттерндерді» жасайды, оның аясында әлеуметтік жүріс-тұрыс траекториясы қалыптасады.

Қазақ өркениеті әлеуметтік даму сан түрлілігі арасында, Шығыс пен Батыс қарқынды дамып жатқан заманда өзіне тән айрықша орны бар. Осы ерекшелік шығыс қоғамының жеке тәуелсіз тарихы туралы айтады. Ертеде, мәселенің қазіргі кезде қойылу жағдайымен салыстырғанда, мәдениеттің әлемдік тарихында еуропоцентризм басым болған, ол барлық мәселелердің шешімі Батыста жатыр деп, философияның шығыс нұсқасын теріске шығарған. Осыған ұқсас пікірлер осы күнге дейін де сақталған. Олар Шығыста біркелкі философия болған және бұл философияға пессимизм, интроверттілік, иррационализм, идеализм тән деп ойлайды. Отарлау саясаты ғасырлар бойы жалғасқанда шығыс ойы салғырт және пассивті деп саналып, еленбей келді, бұл Гегель концепциясында да тіркелген. Басқа жақтан қарасақ, отарлау саясатымен күресу барысында Шығыс халқы «мәдени имперализммен» күресудің түрлі амалдарын қалыптастырды, олар ұлтшылдықтың түрлі формаларында жинақталған.

Бұл амал Шығысқа тән, себебі, мұнда орта ғасырларда Еуропада ашылғандай философиялаудың академиялық түрі де, басқа рационалды түрлері де болған жоқ. Мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін ұғыну барысында философия жаңа мағыналар тудырады, санасыздықтан бұл универсалийлерді алып шығады да, мағынасын жаңаша өзгертіп, философиялық ұғымдар, категориялар қабатын жасайды. Алайда, философияға жатпайтын ойлау түрі кең тарағандықтан, Шығыста бұл ұғымдар көркем немесе діни үлгідегі мәтіндердің дәстүрлі түрлеріне кірігіп кетеді. Ол философиялық жүйелердің зерттелуін әлеуметтік-мәдени контекст ретінде құруды мәжбүр етеді, дүниетану үлгісінде жазылған мәтіндерден философемаларды шығаруға әкеледі.

Қазақ қоғамы үшін адамның тіршілік етуін дүниетанымдық ұстанымдарды қабылдап, ойлау қасиеті адамға жақын. Сондықтан пәлсапалық тарихшылар философия жүйелерін әлеуметтік жағынан, мәдени тұрғыдан зерттейді, дүниетану сипатындағы мәтіндерді зерделейді.

Философиялық тұрғыдан мемлекеттілік неғұрлым осал болса (ол қазақтарда да, қазақтардың ата-бабаларында да осал болған), соғұрлым табиғи орта этностық қоғамға ықпал етеді. Қазақстанды мекендегендер үшін табиғат абсолютті және мәңгі бастама болды. Олардың түсінігіндегі табиғат – тіршілік етудің имманентті себептері мен факторлары бар, белсенділік пен эволюция негіздері бар жалғыз ақиқат. Алғашқыда адамдар табиғи заңдылықтарға бағынып, олардың негіздерін тануға тырысқан, табиғи катаклизмалардан сақтанып, сол болмыста өзін-өзі «жасаған». Табиғат мұнда сарқылмас тереңдігі мен тіршілік ету логикасы бар, тұлғаларды болмыстың формасы мен амалдарына еріксіз көндіретін Ғалам ретінде қабылданады.

Көне заман адамды күн сайын ру мен тайпаның дүниетанымдық мақсаттарына берік екенін дәлелдеуге итермелеген. Себебі, тіршілік етудің қатаң жағдайлары тайпа мүшелерінің әлеуметтік бағыттар мен салттарды елемегенін кешірмеген. Бағынбағандар тайпадан шығарылған, бұл жаза өліммен тең болды. Дүниетаным айқын бола бастады, дүниені түсіну белгілі істерге итермеледі, дүниеге деген көзқарас нақты әрі анық болды. Табиғат – бекітілген тәртіп, заң, ал адам болса табиғаттың бір бөлшегі деп саналды.

Қазақстанның негізгі шаруашылық-мәдени түрі ретінде көшпелі малшаруашылығы халықтың күнін көру негізін құрады, ол болмыс қағидалары мен дүниеге деген көзқарастың саналы түрде қабылданған құндылықтарына айналды. Олар пайда болғанына талай уақыт өтті, ғасырлар бойы қазақ психикасына еніп кеткен. Адамдар санасында жеке тұлғалық болып саналмайтын элементтер жиі кездеседі, олар тұлғаның жеке өмірінен алынған жоқ, олардың тамыры тереңде жатыр, бұл адам психикасының тұқым қуалаған нормалары деп түсінуге болады.

Бұл көне қалдықтар адам психикасының мәртебесін, оның ұжымдық бейнелері мен мифологиялық негіздемесін құрайды. Мифтер негізгі білім ретінде адамның ойлау аппаратында үнемі сақталып тұрады. Ұжымдық бейнелер мен мифологиялық негіздемелер архетип, яғни бастапқы тип, және бейне алды (прообраз) ретінде негізгі білім қорында орын алуда. Мыңжылдықтарға созылған көшпелі малшаруашылығы мынадай тақырыптар қатарын тудырды: дала, батыр, ат, көшпелілік, жылы оңтүстік өлкелер, күйеу жігітті тосқан қалындық және т.б. Аталмыш тақырыптар өндірістік қатынастардан да, қоғамда мәдениеттің болғандығынан да туып отыр.

Қазақтардың болмыс ақиқатына жақындығы, бақылап отырғаны мен қабылдап отырған әлеміне сезіммен қарауы, сол болмыстан тамыр алуы оның уақытты, кеңістікті, адамның жан дүниесін, өзге тіршілік әлемін, болмыс мағынасын, адамгершілік қасиеттерді қабылдай білгенінен, түсіне білгенінен көрінеді. Бұлардың барлығы қазақтардың қоғамдық тұрмысына тамыр жіберген. Осыдан қазақ ұлтының әлем бейнесі, дүниетанымы шығады, оны ешбір өзге дүниетаныммен шатастыра алмайсың.

Қазақ мәдениетінің тарихына көз жүгіртсек, онда этнос менталитеті ұғымының алатын орнын түсінуге болады. Этнос менталитеті – сол қоғамның барлық мүшесінің бойына сіңген, әркім өз деңгейіне сәйкес көрсететін, қоғамда ұжымдасып қалыптасатын ойлау мен психика. Мәдениеттің бұл «феномені» әр

адамның әлеуметтік жүріс-тұрысында шешуші рөл атқарады, себебі, ол адам бойына сіңе отырып, қоғамда өзін ұстау траекториясын білдіреді, әрқилы дүниеге бейімделуге мүмкіндік береді. Егер санасыздық деңгейдегі таңдау көне формалар негізінде жасалып, түйсіктер мен импульстар түрінде берілсе, менталитет таңдау шарты мен бағытын «гендік мінез-құлыққа», тәрбие, білім алу және т.б. барысында қалыптасқан дағдылар мен әдеттер жиынтығына негіздеп, бағыттайды.

Ежелгі қазақтардың дүниеге деген көзқарасын, дүниетанымының өзгешелігін мифология айқын бейнелейді. Мифологиялық ойлау – дүниеге деген эстетикалық қатынастың бастапқы кезеңі. Қазақ фольклорында дүние құрылысы (сұлу, үйлесімді немесе жағымсыз, мағыналы немесе күнделікті) туралы мифологемалар нақты көрініс тапқан. Олар даланы мекендегендердің өмірімен тығыз байланысты мифологиялық бірліктер. Олар өздерінің кеңістік пен уақыт туралы «жердегі» түсініктерін аспан әлеміне бейімдеп көшірген, айналасында мекендеген жануарларды да аспан әлеміне көшірген. Сезім арқылы қабылданатын табиғи әлем – көшпендінің ұлттық дүниетанымының қалыптасуы мен дамуының негізі. Әрбір халықтың өз ландшафты бар. Ландшафтты қабылдау үшін халық мәдени дәстүрлерін (дала мен таулар) онымен байланыстырып икемдейді.

Көшпелі өмір әртүрлі жерді көруге, ашық болуға, әрекет бастамасын дүниетану элементі ретінде қабылдауға мүмкіндік берді. Сондықтан да «адам – ұшы-қиыры жоқ әлемнің орталығы, ол елеусіз нүкте емес, адам мәңгі аспан, шексіз дала, кең-байтақ жазық сияқты дүниенің кең әрі құдіретті бөлшегі»[129, б. 17].

Табиғат өнердің басты тақырыбы, рақат алудың, сұлулықты (немесе үрейді) сипаттаудың қайнар көзі болып қала береді. Жер... Дала.... Атамыздан қалған қысқа да нұсқа ұғым. Қасиетті сөз, киесі бар сөз. Кез-келген тіршілік иесі, адам баласы жер бетінде дүние есігін ашады, кең даланың төсінде өсіп-өнеді, жерден несібесін теріп жеп, далада сайран құрады, өзіне бұйырған ырыздығы таусылған күні фаниден бақиға көшеді. Ойлансақ, адам баласының жерсіз, даласыз өмірін елестете алмайсың. Ұлы Жаратушының адамды жерге жіпсіз байлағаны, оның ішінде қазақты далалық көшпенді етіп жаратып, кіндігін жерге байлағаны айқын көрініп-ақ тұр. «Тал бесіктен жер бесікке дейін» немесе «Ұлы дала ұрпағы» деген қазақтың бір ауыз сөзінің өзінде бұл ұғымдардың адам табиғатындағы орнын меңзейтін терең фәлсафа жатқан жоқ па?

Есте жоқ ескі замандардан бері ұлттар мен ұлыстар, тайпалар мен рулар, үлкенді-кішілі мемлекеттерде тәуір деген жер мен суға ие болып, қоныс тебуге күрескенін білеміз. Тарих қойнауындағы басқыншылық соғыстардың да басты мақсаты – жаңа жерлерді басып алу, дала үшін тартыс, жер бөлісі болатын. Мәдениет те, өркениет те айналып келгенде осындай шұрайлы, суымен нуы жайқалған, шиманды жерлерде пайда болатыны бүгінгі таңда баршаға аян.

Дала төсінде өрбіген, немесе дала үшін жасалған сауда- саттық пен алыс-беріс, яғни, экономика бойынша қатынастар саласында да байлықтың белгілі көрсеткіші. бұл осы кезге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Өз алдына мемлекет болып құралған әрбір ірілі-ұсақты халықтың ауа жайлап өмір сүретін жер аумағы, яғни территориясы бар.

Қорыта айтқанда, *жер мәселесі* адамзат қайнарынан келді, оның белгілі де салмақты сипаттамаларының ең бастысы десек, үлкен қателікке ұрына қоймаспыз деп ойлаймын.

Қазақтың және оның прототектерінің туған жермен аралық байланысы бірнеше дүниетанымдық принциптерге негізделген. Біріншіден, көшпелі қазақтар айналаны, табиғат пен қоршаған ортаны адамға қарсы қоймаған. Табиғатты аялау адамдық парыз. «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны толмас» [130, б. 124-128],– дейді Абай 7-ші қара сөзінде. Көшпелілер түсінігінде Дала жай ғана кеңістік емес, ол тірі, жанды бейне, *«ҰЛЫ ДАЛА».* Көшпелі өзін сол Жер-Ананың перзентімін, «Ұлы дала ұрпағымын» деп санайды. «Туған жер топырағынан жаралдым» деп жырлаған адам табиғатқа қиянат жасамаған. Адам табиғатында өзен-суды, туған жерді қорғау, өз өміріңді, арыңды қорғау деп есептелген. «Ер – елдің көркі, ел-жердің көркі», «дала төсін еміп өскен, ат жалын тартып мінген» дейтін мақалдардағы ой оралымдары біздің айтқанымызға дәлел» [131, б. 12]

Жер-Ана, яғни, туған жер, дала – қазақтың таза экологияға жақын мәдениетінде ата-бабалардан мұра болған басты құдірет, өткеннің рухы қалған, сүйегі жерленген деп қадір тұтқан. Ақселеу Сейдімбектің жазғанында аталарымыздың жерді қалай қасиет тұтқаны жайлы мынандай мысал бар: «Парсының патшасы Дарии Сыр жағасына дейін барша жерлерді бағындырып алған. Бірде сақтарға жорық жасайды. Бірақ сақтар ақтық шайқасқа бармай, қарсыласын титықтату үшін қаша соғысады. Сақтардың патшасы Иданфирс онысын Дарийге былайша түсіндіреді: «Патша менің айтарым мынау. Мен бұрын да ешкімнен қорқып қашып көрген жоқ едім, енді сенен қорқып қашып жүргенім жоқ. Алайда сені көрген бетте неге шайқасқа түспегенімді айтайын. Бізде не қалаларымыз, не өңделген жеріміз жоқ. Біз талан-таражға түсуден қорықпаймыз, сонан соң да сендермен соғысуға асыға қойғанымыз жоқ. Егер, сендер қайтсек те бізбен соғысамыз деп өңменңдеп қоймасаңдар, онда жолдарыңда біздің ата-бабаларымыздың бейіттері бар. Соны тауып алып, бірінің мұртын сындырып көріңдерші, сол кезде бейіт үшін біздің қалай соғысқанымызды көресіңдер» [132, б. 21].

Белгілі қазақ мәдениеттанушысы Т.Х. Ғабитовтың қазақ жерінің кеңістік-уақыттық өрісі қарастырылған «Қазақ мәдениетінің типологиясы» еңбегінде мынадай тұжырымдар келтірілген: «Түрік этностарының мәдени кеңістігін қарастырғанда мынандай ерекшеліктерге назар аудару керек.

Біріншіден, түріктің төлтума мәдениеті арабтар сияқты шөл сахарада емес, жері құнарлы, қоныстануға қолайлы Саян-Алтайдың нулы даласында бастау алған.

Екіншіден, түріктік этномәдени тұтастықтың тарихи тұрақтылығына тағы бір себеп – Орталық Азия мыс-темір кендеріне бай болуы. Метал өңдеуді өте байырғы кезден меңгерген прототүріктік өркениет қуатты күш болған. Мәдениеттанушы зерттеушілердің кейбіреулері шумер металлургия мен сібір қару-жарақтарында ұқсастық барын атап көрсетеді.

Үшіншіден, дала биоценозының тағдырын күтпеген жағдайда «құрғақшылық пен ылғалдылық циклдерінің ауысып тұруы шешіп отырған» [133, б. 21].

Көшпенділер Отан деген ұғым өте қадірлі, қасиетті деп бағалайды. Ол Атамекен делініп асқан мақтанышпен айтады. Ғалымдардың бірі Ж.Молдаспеков «атамекен» ұғымына былайша түсіндіреді: «Атамекен – дала өмірінің қазығы, қоныс кеңістігі. Қазақ өзін атамекеннен, атамекенді өз болмысынан ажыратпаған. Атамекен – мал мен жанның ырыздық бұлағы, кір жуып, кіндік кескен қауымның тұрағы. Атамекен ұғымы үш түбірден құрастырылған сияқты: ол әлем мен мүлік атасынан тұратын дүние, мал-жанды көбейту мен оны жақсарту бағыты, ата-тегі мен үрім-бұтақтың дәстүр салты» [134, б. 57].

Қазақтың дүниетанымында жер киелілік түсінігімен астас келеді. Оның негізінде көне нанымдар да астасып жатыр. Батыстық мәдениет зерттеушісі Ю. Лотман осы жайында былай деген: «Пұттар мен киелі жерлер ғана арқау болар ауызша текстің белгілі бір орын мен белгілі бір уақытқа бағышталуы (киелі пұттың қызметі мәдениет аясы тұрғысынан салттық жағынан да соның ғана уақыты болатын, әрі жергілікті аңыздардың мәйегіне айналатын белгілі бір уақытта ғана жанданады) жазба және жазусыз мәдениеттердің жергілікті ландшафтыда мүлдем әрқилы күй кешулерінен байқалады. Жазба мәдениет Құдай немесе табиғат жасаған дүниені текст ретінде қарастыруға әрі ондағы мәліметті оқуға тырысушылыққа бейім» [135, б. 57.].

Киелі заттардың, құбылыстардың табиғат феномендерін адамға киелі немесе кесірлі деп бөлуден туындайды. Жер шары бойынша адамзаттың орныгуы олардың белгілі бір табиғат ландтшафына икемделуіне тығыз байланысты. Ландшафт дегеніміз табиғи территориялық жүйе. Ол өзіндік бедерімен (рельефімен), ауа райы жағдайымен, ерекше өсімдіктер мен жануарлар әлемімен айқындалады. Өзін өмір сүру ортасының ерекшеліктеріне бейімдеу барысында адамдар өзі тұрған жеріне қарай өзіне қажетті құрал-сайман түрлерін, азық табу тәсілдерін, жолын көрсетеді.

«Қазақ ұлты ру бойынша, қанаттас көшіп қонады. Көктеулі, жайлау, күзеу, қыстаулықтар үлкен жағынан ру негізінен болады. Тек қора-жайлар ғана, жеке отбасының меншігінде болған. Осындай болғандықтан көктеулік, жайлау, күзеу, қыстаулық жерлерге рулар арасында ішінара қонысқа таласу кезігіп отырған. Жер туралы белгілемеде: қонысқа кім бұрын қонса, жер ошақ қазып, күл төксе, қоныс сол адамдыкі, қонысқа иелік етуші басқаларды өрістен қууға болмайды. «Алдымен қонғандар қоныс алса, сонғы қонғандар өріс алады», – дейтін сөз содан қалса керек.

Егіндік жерге кім еңбек етіп, тоған қазып су шығарса, жер сонікі болсын: басқалар таласпасын. Бастау, бұлақ суларын кім бұрын тауып көзін ашса, иегерлік ету сол адамда болады. Біреудің меншіктенген жер-суына, қонысына таласуға болмайды. Егер зорлық істеп тартып алушылар болса, оның кім болуына қарамай тартып алған, зорлық етіп алған жер-суын қайтарып берумен бірге, зорлығының сипатына қарай айыпқа кесілмек» [136. б.133] .

Туған жермен, даламен байланыстың рухани практикалық тәжірибесін терең сезіну қазақ мәдениетінде бар, жер мен ел егіз деген концептілік және бейнелі пішінде көрсетілген.

Жермен, даламен рухани жақындық әлемді, өмірді ерекше түйсінуді, сезінуді, мінез-құлықтың ерекше қырларын қалыптастырды. Мұны халық мінез-құлығындағы көнтерілілік, төзімділік, мейірімділік сияқты қасиеттерден көреміз. Шығыста өмірдің мәні мен мағынасына тереңдеп енудің, Жаратылыстың құпияларын түсінудің басты мүмкіндігі көрегендік болып табылады. Адам өзін жердің сыңары деп жете түсінген адам тіршілік пен болмыс мәніне де жетудің тәсілдерін ойлап шығарды. Ол әрбір күнді терең бағалауынан көрінді. Бұл жердегі қазақтардың данышпандығы – әрбір күнді өмірдің «өзегі» ретінде қабылдауы.

Мұнда күнделікті өмір барысы «Даламен» тұтастықтағы бағасы үстем игілік. Осы әркім өмірінің ішкі жаратылысы, осы өмір шығармашылығы қатал көшпелі болмысы мен тұрмыстық жағдайында аса құнды болып табылды. Күнделікті өмірге аса зор мән беру, сырына тереңдеп ену бұл қазақтар үшін өзіндік ақиқат және өмірінің зор қағидасы болды. Жермен өзара тұтастықта болу рухани тірек ретінде өмірді жаратты, осы бірлік мәдениеттің барлық сипаттарында өз келбетін тапты.

Қазақ қысы - жазы, күні - түні ат үстінде дамыл таппай даласын күзетті, туған жер үшін жанын пида етті. Табиғатқа деген қатынас көңіл аударуды үнемі талап етеді, ол табиғатты тек өмірдің ортасында, еңбектену, бір жаттанған зат сияқты түбегейлі ерекшеленеді. Қазақтың дәстүрлі экологиясында басты мұрат табиғат пен адамның алғашқы бөлігін негізгі өзек деп түсіну, сосын дала «Ұлы дала» деп органикалы пайым қабылданады, ара қатынастың үзілмес, қайта, уақыт өткен сайын тереңдеп, байи түсетін өнегелілік өзегі туындайды: адам жер арқылы бүкіл ғаламмен байланысып тұр. Бұл жерде дәстүрлі мәдениеттің терең этикалық құндылығы көрінеді.

Табиғатқа деген халықтың көзқарасы оның рухани дүниесінің ең терең қасиеттілігіне жатады. Дәлел ретінде мынадай теңестіру келтіруге болады. Табиғатқа деген басқа елдің, мысалы , европалықтардың көзқарасын алсақ, оның біршама өзгешелігін көреміз. Олардың түсінігінше, табиғатқа көзқарас принципті түрде дамыған деуге негіз бар, табиғат – қоршаған орта деп түсіну. Табиғатты өзінен тыс, өзіне байланыссыз деген түсінік пайда болған. Адамның кең дүниенің өзегі екендігін антропоцентристік дейді. Осы түсінікке қарай табиғат тек қолданыстың көзі етіп қойғандықтан, қазіргі кезде рухани тығырыққа тұйықтады, дағдарысқа апарады оны көріп те жатырмыз. Европалық көзқарас бойынша, адам табиғаттан биік тұрады, өзін ерекше алапат күш иесі күйде сезінуі. Табиғат байлығын пайдалану, оның қазынасын алып қажеттілікке жарату деген біржақты дүниетаным пайда болған. Екіншіден, осындай ұғым санаға енгендіктен, күнделікті өмірде де, қоғамдық өмірде де осы көзқарас зор мәнге айналғанын білеміз, тіпті табиғатты игеру былай тұрсын, пайдалану былай тұрсын енді оны бағындыру деген ұғым іс-әрекетте кеңінен орын алып отыр. Табиғатты осылайша қабылдау қоғамның негізін руханилық, мәдениет жағынан да күйзеліске ұшыратқанын көреміз.

Ал біздің дүниетанымға тоқталсақ, онда табиғатпен байланысқа түсіп, қарым-қатынас құру өзегі өзгеше. Қазақ табиғаттың қыр-сырын етене меңгерген, оның рухани жақындығын, кіндіктестігін өте жақсы және пәлсапалық ұстаным етіп жалғастырады, ел жердің ажырамас бөлігі.

Біз табиғат пен адам жақындығын аса жақын данагөйлікпен, көрегендікпен тұжырымдағанын байқаймыз. Егіз сынды тандемді байланысын сонымен қатар көркем түрде, көркем бейне концепт түрінде ұққан, неге десеңіз, адамның зияты мен қарқынды шабыты көркем қиялмен біртұтасып, көркем бейне түрде философиялық тұжырымға айналған.

Көшпенділердің табиғатпен құратын байланысының жұмбағы осылай жасырынған. Сонымен бірге, күн мен түн, ай, жұлдыз, кең жазира, сылдыр су, т.б. Тәңірдің көп көрінісінің бірі деп білгендігінен. Біздің табиғатымызға образды, бейнелі ойлау өрісі тән. Мысалы, ай-жұлдызға бата қыламыз, онда астарлы мән бар, аталы ұғым жатыр: Жарық Дүниенің, Жер Ананың сан алуан шексіз көріністері – Көк Тәңірдің –Жаратушының жарылқаған көріністері. Осының негізінде табиғат пен адамның үйлесімділікке орай қазақ мәдениетінде көркем бейнелер мен әдеп принциптері қалыптасқан.

Ән мен жырда екеуін асқақтату сезімі қазақ дәстүрлі мәдениетінің мәтіндерінде – ауыз әдебиеті үлгілерінде, жыраулар, ақындар шығармашылығында, ағартушылар деп аталып келген интеллектуальды алыптарымыздың еңбектерінде, алаш қайраткерлерінің саяси-әлеуметтік, әдеби-публицистикалық шығармаларында, кеңестік кезең мен тәуелсіздік тұсындағы мәтіндерде кең өріс алған.

Құттың, берекенің, бақыт қонысы Жеруйықты тапсам деп Асан Қайғы бабамыз желмая мініп, жер – ананы кезіп, баспаған тауы, бармаған жері жоқ. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жарқын өмірді аңсап, жоқ пен мұң-зарды, жау қақтығыстары мен қиянат, қысастықты, қасірет- қайғы білмейтін, жері шүйгін, суы мөлдір шүйгін өлкені іздеп, бүкіл ғұмырын арнаған. Қазақтар дархан да берекелі далаға қоныс тепкізсем деп асыл армандарына келешекте елдің қол жеткізетінін білді.

Біздің зерттеуіміздің айтпағы осы дала түсінігінің концептке айналғындығы. Концепт дегеніміз философия және лингвистика саласында белгілі бір ұғымның аталуы, мазмұны мен белгінің ұғымын білдіреді.[137, б. 80] Осы тұрғыдан алғанда, осы зерттеу жұмысымызда біз жер концептісінің қазақ мәдениетіндегі орнын анықтауға талпыныс жасадық. Жер, Дала, Атамекен концептісі – қазақ мәдениетінің ең іргелі де тұрақты, құрылым құраушы сипаты басым, қазақтың төл ұжымдық тіршілігін айқындайтын мәдениеттану саласындағы категория.

Адам мен табиғаттың бірігуі, эпикалық қаһарманның құдіреті күшті Табиғат-анаға жақындығы, онымен өмірдің ағынында қосылуы арқылы беріледі. Күннің өзі тіршіліктің бастамасы болып саналады. Алпамыс шығыстан арайлап атқан таңмен бірге туады, күн сәулесі шығысымен өлтірілген Қозы-Көрпештің басы денесімен бітіседі де, Қозы-Көрпешке үш күнге жан бітеді. Өлім күннің батысымен ұштастырылмайды. Қайғы түсінік бойынша қара бұлтпен,ал зұлымдық тастай қараңғы түнмен салыстырылады. Байырғы қазақтарда

табиғатты тылсым әсемдік тұрғыдан сезіну қасиеті аса дамыған болатын, оған дәлел «Алпамыс», «Қобланды батыр», «Қамбар батыр» атты батырлар жырлары дер едік. Зооморфтық теңеулер де поэзияда керемет берілген, онда сұлулыққа деген көзқарастың мифологиялық негізі, адамның жануарлар әлемімен байланысының сарыны сезіледі [138, б. 95].

Эпостағы табиғат мифтер дәстүрінде сипатталып кетсе де, оны қабылдауда өзгерістер бар. Табиғат құбылыстарының күрделілігі емес, ал әлемді, болмыс қызығын, жарқын өмірді қабылдаудың жаңа ракурстары өздігінен эпикалық әңгімелерде көрініс таба бастайды. Бұл дүниені сезінудегі жаңа көзқарастың – табиғатқа деген қарапайым және кәдімгі қызығушылықтың пайда болуын білдіреді. Табиғаттың әсем көрінісі толық суреттеле бастайды. Қоршаған дүние кеңістікте қарастырылады: көшпенділер дүниені, даланы шеңбер ретінде қабылдаған. Қазақ эпосы тарихи болып келеді. Дүниенің мифологиялық бейнесі оның алуан түрлі, көркем, әсем әрі икемді қабылдануымен үйлеседі. Дүниені эстетикалық тұрғыдан танудың эволюциясы оны жаңа қырынан қабылдауға әкелді. Қазақ эпосына тән жануарларды қорғау уәжінде табиғатқа деген жаңа қатынас байқалады. Адам мен табиғат әлемінің рухтандыратын қарым-қатынасының уәжі күшейе түседі.

Алайда табиғаттың тұтас бейнесін қайта жасауда оралымдылық, көркемділік сақталады. Көне заманның өзінде пейзаж болмыстың жалпылығын түсінудің маңызды түрі болды. Бұл жанрда адамның қауқарсыздығына қатысты мәңгілік табиғаттың ырықсыздығы жиі аталып өтетін. Рақат, риясыз сүйсіну, болмыстың толықтығы мен қуанышын сезіну, масаттану, шаттық, ләззат және керісінше, уайым, қайғы, сағыныш, наразылық сияқты адамның сезімдері, көңіл-күйі, бейімділіктері мен ұнату қабілеттерінің өзгеріп, түрленуінің рет қатары қазақ эпосында табиғатты, оның ерекше әрі қайталанбас көріністерін игерудегі құрал болды. Әу баста бұл кеңістікте бағдарлау дағдысын білдірді, бұл жердегі табиғат құбылыстарын білуден басқа, аспан денелері қозғалысын зерделеуді де талап етті.

Қазақ эпосының шексіздік туралы түсініктері қандай болды? Табиғатты меңзей қарағанда адам шын мәнінде шексіз дүниеден тыс болды. Ол психологиялық жағынан шексіздік деп аспанның алыстығын, даланың кеңдігін, яғни, шегі бар кеңістікті ұғынды. Бірақ алыста бұлдырап жоғалып кететін осы көрініске меңзей қарау шексіздік сезімін туғызатын. Шексіз уақыт та емес, шексіз әлем де емес, тек тұрақсыз сипаттағы алыс көрініс. Шексіздіктің психологиялық нәтижесі көз алдымыздағы ұшы-қиыры жоқты шынайы болмысқа ауыстырғанда туындайды. Ол дала, көк (аспан), жұлдызды аспанның кеңдігіне қарағанда туындайды. Гегельдің түсінігі бойынша, өнер туындысын көркем және эстетикалық тұрғыдан дұрыс деп мойындау үшін суретші өзге халықтардың немесе өткен дәуірде өмір сүрген этностардың ойы мен жанын алып тұрған «рухына» ене білуі керек. «Ол (рух) дәуір мен халықтың субстанционалдысына жатады да, әр заманғы шынайы ақиқат болып қала бермек» [139, б. 17]. Қазақ батырлық эпосындағы (батырлар жырындағы) субстанционалдысы тарихи-мәдени және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан өзіндік теңестіру мен ұлттық мінезді қалыптастыру болды. Қазақтың көшпенді

қоғамының эпосы негізінде жатқан дүниеге деген көзқарастар жүйесі қазақ халқының дәстүрлі санасының жүйе түзуші элементі болды.

Миф пен эпостан алынған сипаттай әңгімелеу тәсілі, табиғатқа, ғарышқа, адамға деген байқағыштық қатынас, дүние заңдылықтарын өлеңмен түсіндіріп беру, әдемілікті сәйкестік деп түсіну, көркем сананың, жалпы мәдениеттің метафоралығы мен гиперболалығы, болмысты қарама-қарсы суреттеу, сөзге деген құрмет, мәдениеттің адамгершілік басымдықтары қазақтардың ұлттық сана-сезіміне толықтай енді. Эпикалық кейіпкерлер, фольклор сюжеттері қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің поэзиялық белгісі еді. «Фольклордың, ұлттық дәстүрдің әдеби көркем шығармашылықпен байланысы қазақтың ұлттық менталитетінің мифологиялық және эпикалық уәждерін жеткізу әрі жинақтаудың өзіндік аясын қалыптастырды...» [128, б. 95]. Этнос әлемін - адам әлемін осы этносқа жататын адам ісінің маңыздылығын, құдіретін мифтің өмір шындығы дәріптейді, табиғат адам әрекетінің алаңы түрінде болады, бұл жеке тұлғамен біріккендегі өмірдің өзі, өткен мен бүгінгінің байланысы: «ландшафттық» мифтер арқылы тарихпен байланысты байқауға болады.

Тарихи пейзаж саналы (тиянақты) болмыс, әлемнің ұлылығының, уақыт қозғалысының, ұрпақтар сабақтастығының айғағы ретінде келеді. Адам болмысының қозғалысындағы уақыттың өтуі, ұрпақтар эстафетасы, ұрпақтардың мақтануы мен масаттануы, тарихи көріністер қазіргі ұлттық сана-сезімнен көрінеді. «XX ғасыр адамына табиғатқа, оның сұлулығы мен үйлесімділігіне деген тұтас, жинақы көзқарас қажет, оны алдыңғы буын жыр, ән, аңыз, эпикалық шығармалардың үзілмейтін тізбегі түрінде береді. Оларда құдайлар мен батырлар, дәстүрлер мен нанымдар, дүние мен адам тағдыры туралы ойлар, сонымен қатар ғасырлар бойғы рухани тәжірибенің жақсы жақтары, ертедегі адамдардың дүниеге көзқарастарының өзіндік ерекшелігі, олардың мақсаттары мен үміттері орын алады» [140, б. 209-211].

Ауызша көшпенді мәдениеті арқылы берілетін, ұлттық діл – менталитет пен психологияда айтарлықтай із қалдырған қазақтар әлемінің ұлттық бейнесі, сөйлеу, бейнелеу, мінез-құлық таптаурындары қазіргі өмірдің бағытына, тәжірибесіне көп жағдайда сәйкес келмейді [141, б. 212]. Уақытты еркін өткізуге, сағат сайын еңбектенудің қажеттілігіне міндет артпайтын бірқалыпты өмір сүруге ұмтылатын көшпендінің мінезі байқалады. Олардың бойында жеке басының пайдасын ойлау, пайдакүнемдік, жеке дарашылдық сезімдері жоқ. Сөйте тұра, ішкі рухани мәдениетке сәйкес кеңшіліктің өмірлік қажеттілігін сезіну, таршылықты қабылдамау, өз қонысында Ғаламды көрудің қажеттілігіне деген құштарлық бар. Мұның барлығы батыс үлгісіндегі индустриалды өркениеттің қазіргі қарқынына сәйкес келмейді. Осыдан барып этнос санасының қолайсыздықты сезінуі, оның эмоционалдық жағдайының «шиеленісуі» туындайды.

Ұлттық сана-сезімде менталитет ерекше қызмет атқаруда. Ол этностың рухани, көркем мәдениетін оңтайлы, логикалық құралдардың көмегімен емес, шартты белгілермен көрсету арқылы әлемнің үйлесімді ұлттық бейнесін жасау қызметін атқарады. Мұндай өзгергіш нұсқалар ұлттық мәдениет темпоралдығы мен қарқындылығының ауысуын көрсетеді. Ұлттық мәдениет әлемі адам

әрекетінің аясында табиғи және әлеуметтік болмыстың бірлігі ретінде көрінеді. Сондай-ақ ол адам әрекетінің түрлерінің өзгеруіне, уақыттың құндылық деңгейінің артуына байланысты этнос мәдениетіндегі аталмыш салалардың заманауи бірлігі ретінде көрінеді.

Ұлттық мәдениет кезеңі мәдени-тарихи эволюцияның диахронды қимасын, үзіндісін ашып көрсетеді, «уақыт-табиғат-қоғам-адам» ара қатынасының ерекшелігін, нақты тарихи кезеңдегі өркениеттерде түрліше көрінген тіршілік әрекетінің объективті және субъективті мерзімдік ырғақтардың байланысу ерекшеліктерін тіркейді. Жергілікті қоғамдар аясында үнемі аритмия, шақтық формалар мен сол қоғамды құрайтын жеке тұлғалардың ішінде, олардың тіршілік әрекеттерінде, ол тіршіліктің жағдайларында сәйкессіздік байқалады. Ұлттық мәдениет көп тармақты: адам өзінің, табиғи және әлеуметтік болмыстың ырғақтарын әрі ретроспективті, әрі перспективті түрде меңгереді. Уақыттың қайтымдылығы әр түрлі уақытқа қатысты мәдениет феномендерін байыта отырып, біріктіретін фактор бола алады.

Қазақ ауыз әдебиетінде көрініс тапқан дүние бейнесінде, көркем-мезгілдік құрылымында эмоционалдық, рационалдық мағыналар бар. Ол перцептуалды қабылдау түрінде болады. Перцептуальдылық – бұл көркем шығарманы жазатын немесе түсінетін субъектінің жеке қабылдау призмасы арқылы өткен уақыт пен кеңістік. Көркем бейне тек перцептуалды уақыт пен кеңістік аясында ғана жүзеге асады.

Көркем кеңістік белгілі бір ақпаратты тасымалдайды, бұл – осындай өнер үшін қажетті қызмет. Жол бейнесіне келетін болсақ, ол кеңістікті-мезгілдік сипаттар бірлігінде анағұрлым айқын байқалады. Бірақ жол бейнесін беруде аталмыш бірлік аса маңызды емес. Мұнда шынайы өмірлік және шақтық мәндермен толықтырылған кеңістіктің нақтылығы айрықша маңызға ие болады. Жол – өмірдің өлшемі. Жол – тағдыр ғана емес, ол жақсылық пен жамандықтың баламасы да болады. Тау, дала, аспан бейнелерін сыйғыза отырып, көркем кеңістік «көшпенділер ғарышын, оның шынайы кеңістікті-уақыттық көрсеткіштерін, координаттарын бірлікте бере отырып, сапасы жағынан елеулі, ұзартылатын уақытпен сәйкестендіріледі.

Бұл – уақыт пен кеңістік туралы концептуалды түсініктер және уақыт пен кеңістік туралы перцептуалды түсініктер толыққанды тұтас бірлік құрап жатқандығын білдіріп, ұғым мен бейненің жақындасуын көрсететін мысалдардың бірі» [142, б. 72]. Бұл қазақ әдебиетіндегі уақыт және кеңістік бейнесін шығарды. Басқаша айтсақ, табиғат көріністерін сипаттау. Оны философия, тарихи және өнеге-этикалы суреттеу, өткен дәуірдегі оқиғалар мен бүгінгіні үнемі ауыстыра отырып, әдеби суреттеу (соның ішінде бұл прозаға қатысты) тән. Көркем уақыт пен кеңістік нық құрыла бастайды. Түрлі тарихи кезеңдердің ара қатынасын көрсету, оларды біріктіру, уақыттың түрлі қабаттарының алмасуы мен қақтығысуы, кеңістікті қарыштап өту – қазақ халқының ұлттық әдебиетіндегі кеңістік-уақыттық өзгерістердің маңызды жақтары.

Көркем шарттылықтың әр алуан нысандары сияқты түрлі кеңістікті-мезгілдік өзгерістер болмысты көркем игерудің мақсатын жүзеге асырады. Қазақ

әдебиетіне миф (қиял) пен шындық аралас, батырлар жыры мен өнегелі-психологиялық зерттеу шектескен көркем-философиялық мазмұн тән келеді [143, б. 210]. Қазіргі шығармалардың көбінде кеңістікті және мезгілдік шектеулер кездеспейді. Кеңістікті-мезгілдік көлемділік және универсализм көне мифопоэтикалық ойлауға тән космогониялық құрылымдармен біртекті. Тегіс руханилықты, ғарыштың адамның шағын дүниесімен байланысын, мәңгіліктің бір сәттік жалғандығын қарастыратын туындылар сөз өнерінің көне ескерткіштеріндегі мифопоэтикалық түсініктерге жақын.

Ұшы-қиырсыздығы бойынша, кеңістіктің кеңдігі мен байтақтығы бойынша дала жері аспанға тең келеді. Көшпенділердің құдайы – Тәңірі тіршілік ететін аспан жұлдызды әлемге толы. Көне түркі Орхон-Енисей жазбаларының (7-8 ғасырлар) төмендегі қос тармақтан басталуы тегін емес:

Үсті Көк: Тәңірі; асты: Нығыз (қоңыр) Жер
Биікте көк Тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ататегім Бумын
қаған, Істеми қаған отырған,
Отырып, түрік халқының ел – жұртын
Қалыпастырған, иелік еткен.
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздары ен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп қалған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны – еңкейткен,
Тізеліні – бүктірген...

Ұлы түрік қағандары ерлік эпосын тасқа бәдіздеп қалдырып отырған. Жарау атты, ұзын найзалы түрік сарбазы жортуылда шөл дала, құба түзді басып, асқарлы таудан асып емін – еркін жүре берген. Шығыс пен Батыс арасындағы, Ұлы Жібек жолы деп аталатын керуен жолы негізінен түріктер қол астына қарайды [144, б. 260].

Дала – іргетасқа тұрғызылған табиғаттың сәулет кереметі, үйлесімді, математикалық тұрғыдан нақты болып келетін, Аспан тұрған негіздеме. Даланы егжей-тегжейлі түсіну мүмкін емес. Дала номады – қазақтың ойлау космизмі, дүниетанымының кеңдігі, жанының кеңпейілдігі мен мейірімділігі. Көшпендінің ойлауының космогониялығы мен астрономиялығы даладағы тұрмыс-салтымен, үнемі көшіп-қонуымен белгіленген. Көшпенді санасында Аспан және Жер-Дала өзара тең.

Біз «Тәңір жарылқасын!» дегенде, «Сені Аспан жарылқасын!», яғни, «Құдай жарылқасын!» дегенді меңзейміз. Немесе бұның ең қысқа тұлғасы «Спаси тебя бог» («Құдай сақтасын») не орысша «Спасибо!». Әйтпесе «Тәңірберген», «Құдайберген», «Аллаберген» сияқты есімдер немесе олардың орысша және болгарша баламалары – Богдан, Федор, немісше – Теодор. Ал осының барлығы ата-анасына құдай сыйлаған бала – Тәңірбергеннен бастау алады.

Көне түркі халықтарының ата-тектері «Тәңірі», парсылардың «Құдайы», арабтардың «Алласы» – әр түрлі тілде бір мағына береді. Қазақ халқы табиғатында қабылдағыш, зерек, алғырлық қасиеттеріне байланысты үш сөзді де пайдаланады. «Тәңір жарылқасын!», «Құдай сақтасын!», «Алла-тағала байлық-береке берсін!», – деп жатамыз. Әр кезде де еске алынып жатқан жоғарғы құдай– Аспан құдайы. Тәңір. Мұсылмандық қабылдағанмен қазақ өзінің түп-тамыры, басты діні – тәңіршілдікті ұмытқан жоқ.

Ұлы даланың географиясы, тарихы мен табиғат жағдайлары Орталық Азияның орасан зор аумағын алып жатқан халық, белгілі этникалық тип (түр) – қазақтарды қалыптастырды. «Қуаң даланы тек бақташы ғана игере алады, алайда сол далада тірі қалып және өркендеу үшін көшпенді-бақташы үнемі өзінің шеберлігін жетілдіріп, жаңа дағдыларды, сонымен қоса өнегелі әрі зиятты қасиеттерді шығарып, оларды дамытып отыру керек болған» [144, б. 60],. Беделді ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнбидің пікірі бойынша, осылай қазақтың тарихи мұрасының ерекшелігі түрінде қазақ халқында толығырақ сақталған номадтық дүниетаным қалыптасқан. Оны Аруаққа сену деп атауға болады. Осы феномен қазаққа рухани тұрмысында жазулы канондық ілімсіз-ақ, дін жазбаларынсыз-ақ тілдік бірлік пен ұлттық бірлікті сақтап қалуға, діни соғыстарды болдырмауға мүмкіндік берді.

2.2 «Дала» концептісінің семантикалық сипаты мен лингвомәдени өрісі

Мәшһүр шежіресі: «Күн батысы Сырдария, күн шығысы Ертіс, Оңтүстігі Жетісу, Солтүстігі Еділ-Жайық, сол төрт судың арасы Дешті Қыпшақтың қонысы еді, сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел таралды, «қытай көп пе, қыпшақ көп пе» деген мақал болған себебі осы»[145, б. 260]. Еуразия даласы мал өсірушілер тіршілік аумағы «Ұлы Дала» деген атқа ие. Қазір бұл тұрақталған географиялық, геоклиматтық, тарихи термин. Тарихтан бұрынғы заманда «Мамонт даласы» деп аталғанын білеміз. Мұз дәуірінде тіршіліксіз мұзды шөл даласы болды. Неолитте оны «Жылқы Даласы» деп атайтын. Заратуштра заманы «Тұран» деген ат берді. Антик (көне) әлемінің авторлары Скифтер, қытайлар – «әзезілдер елі», ал арабтар Дешт-і-Қыпшақ деді. Орта ғасырларда және XIX ғасырға дейін еуропалықтар оны Ұлы Татария деп атады. Орыс эмигранттары – Еуропаның ресейлік классиктері Н. Трубецкой, П. Савицкий одан кейін Л.Гумилев Ұлы Даланы материктің өзге аймақтарынан: Еуропа, Үндістан, Азия, Қытай, Қиыр Шығыстан ерекшеленетін, географиялық, экономикалық және тарихи тұрғыдан тұтас өзгеше субконтинент – Еуразия деп атауды ұсынды. Шынында да, Ұлы Даланың таулы-далалы және шөлді ландшафты, сонымен қатар шұғыл-континентальды құрғақ климатының Еуропа және Азиямен ортақ тұстары көп. Байырғы тұрғындардың да көптеген ұқсас жақтары, өзгеше мәдениеті, ортақ этносаяси тарихы бар және ұлы суперэтнос – Еуразияның далалық мал өсірушілері болды.

Еуразияның қос құрылығында тарихтың құдіретті төріне бір-ақ шықты. Шежіреші ақын Мағжанның: Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара

шаңырақ қалған жоқ па?![146, б. 26], – деуі осыдан. Қазір барлық әлемді қызықтырып отырған Алтайдан Днепрге дейінгі Еуразия сахарасында әрі сулы, әрі таулы, әрі далалы өркениет болғанын пайымдау жолындағы зерттеулер.

Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: Түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлестерін дәлелдеу арқылы жалпытүріктік рухани негіздегі қасиетті қазыналар жасалғанын, «рухани мұрагерлік жалғасын тауып, әрі сонау ғасырлардың терең түкпірінен ұлы түркі еліне жасампаздық серпін бере білді» [6, б. 155] – деп, қорытады.

Қазақ дүниетанымы көшпелілік менталитетпен тығыз байланысты. Қазақ халқының көшпенді өмір салты кеңістіктен өз малына қолайлы жайылымдық жерлер іздеумен байланысты. Әрбір ұлттар мен ұлыстар, қоршаған орта, заманына сай әлемді түйсіну, сезіну соның нәтижесінде түсінуі оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ендеше ұлан байтақ Азия даласында өмір сүрген түркі халықтардың географиялық орналасу кеңістігі бірнеше рет жүрілген Ұлы көштің (миграция) әсерінен ондаған мәрте өзгеріске түсті. Өмір сүру алаңы – Кеңістік өзгерген соң рухани құндылықтары, тілі, ділі, діні де өзгерді. Үлкен империялар мен көрші болумен қатар иық тіресе өмір сүріп, бірде жеңіліп, бірде жеңіп, олардың рухани мәдениетін өзіне сіңірумен бірге өз мәдениетін оларға беріп келген.

Сондықтан олар үшін кеңістік ерекше сипатқа ие. Еуразияның негізгі ландшафтық сипаты – шексіз кең байтақ дала – шартты түрде «жазық» деп аталатын кеңістік түсінігінің пайда болуына ықпал жасады. Бұл түсінік тарихи тұрғыдан бұрынғы кезеңдерге тіркелген және географиядан кең мағынасы болған. Әр түрлі халықта ол түрлі мазмұнмен толығып отырды. Орыс халқының тарихында көшпенді халықтар – «қыпшақтар» («половцы»), яғни «далада тұратын адамдардың» жері мағынасын беретін «Поле» ұғымы бар. «Поле» ұғымының кеңістікті сипаттамасы анық – бұл «үлкен жазық орын». Бұл терминнің қазір жаңа баламасы бар, ол – «степь».

«Дала» терминінің шығуының әлі де болса бір мағыналы түсініктемесі жоқ. Бұл сөз көптеген жалпы еуропалық тілдерде кездеседі, «step» дегені «жазық, тегіс болу» деген. Латыш тілінде stiept – «созылып жату» дегенді білдіреді. Әзербайжандық «tap» – бұл «ашық, тегіс орын», хинди тілінде tap – «алаң, иен жер». Әр түрлі елде дала әр қилы аталады: Солтүстік Америкада «прерия» (көгалды, шалғынды аймақ); Оңтүстік Америкада «пампа немесе пампас», ал тропиктерде «льянос». Льяностың Африкада және Австралиялықтардағы аталуы саванна деп аталады. «Туссоки» деп Жаңа зеландықтар атайды.

Географиялық әдебиетте дала мен оның түрлеріне берілген ондаған анықтама бар. Қазіргі географиялық анықтамалар мен энциклопедиялар дала табиғатына төмендегідей сипаттамалар береді:

Дала – солтүстік және оңтүстік жарты шарлардың қоңыржай және субтропиктік зоналарында шөптесін өсімдіктер өскен жазық. Ағаш өспеген кеңістікте жартылай тығыз шабындық, шөп басқан, өсімдік түрлеріне де өте бай. Географиялық қоңыржай белдеудің континентальды бөліктеріндегі ландшафт түрі. Дала климатының ерекшелігі әртүрлі температуралы ьолатын диапазонды болып табылады, яғни, жазы өте ыстық, қысы суық және ылғалдылығы төмен.

Даланың табиғат әлемінің көптүрлілігі ғалымдарға даланы аймақшаларға бөлуге мүмкіндік берді, алайда бұл аймақшалардың барлығын біріктіретін өзіндік ерекшеліктері: ағаштың жоқтығы, шөптесін өсімдіктердің басым болуы, ал жануарлар әлемінде кемірушілердің көптігі.

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде дала – «шөптесін өсімдікті кеңістік; жайылым». «Кеңістіктің» семантикалық үлесі қарастырып отырған лексикалық мағыналарды біріктіреді.

Қазақ тілі түсіндірме сөздігі мына түсініктемені келтірген:

«Дала – 1. Кең–байтақ жазық өңір, құла түз. Сусыз шөл дала. 2. Есік алды, тыс. 3. Ауылды жер, қыр. Дала қосы – науқан кезіндегі уақытша баспана. Дала поштасы – әскери бөлімнің далаң жердегі поштасы. Далаға айтты – сөзі зая кетті. Далаға тастады – а) қараусыз қалдырды, қадірлемеді. ә) шаңына да ілеспеді, маңайламады. Даланы басына көтерді – қатты сөйлеп даурықты» [108, б. 120].

В.И. Дальдың «Словарь живого великорусского языка» сөздігінде «дала-степь» – ормансыз және үлкен қашықтықта жиі сусыз келетін тақыр жер, шөл. Дала сағымы – су, орман және қалалардың елесі. Дала шай қурайы – кнафлик өсімдігі, күйе шөп. Дала тауығы – безгелдек құсы»[147, б. 55].

Біздің айтпағымыз бойынша, «Дала» концептінің қазақ тілдік бейнесіндегі түсіндірме мағынасынан көп ілгері, бай.

Бетеге біткен далада қиянкескі ұрыстар болып, халық тағдыры шешілетін еді.

«Дала» ұғымы – тарихи жыр сияқты эпикалық мағынаға ие сөз.

Даланың ландшафты және оның шексіздігі бұрын-соңды дала кезіп көрмеген, тамашасын сезбеген адамдарға қатты әсер еткен. Мәселен, Вильгельм Рубрук (XIII ғ.) өзінің Алтын Ордаға жасаған саяхат барысын, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасқа түскенін суреттегенінде туындаған қиындықтарға оқырманның көңілін аудартып, шексіз жазықтықпен қозғалып бара жатқан көрген көші жайлы толғаныспен еске алады: «Оңтүстік-шығыс бағыттағы заңғар таулардың арасында аңғар созылып жатты, сонан соң таулар арасында тағы бір үлкен теңіз көрінді, осы аңғар арқылы бірінші теңізден екіншісіне дейін өзен ағып жатты, сол аңғарда қатты желдің тоқтаусыз соғып тұратыны сонша адамдар бұл жерден жел теңізге ықтырып әкетпесін деген үреймен өтеді... Біз теңіздей кең жазыққа кірдік» [148, б. 117].

1736 жылы Джон Кэстль Қазақстанның аумағына жасаған саяхаты жайлы былай жазған: «...Жер жаппай төбешіктер тізбегінен тұрады және теңіз дауылынан кейін толқындары тыныштанбаған ашық теңіздей көрінеді. Бұл шөл далада өсетін шөп үшкір болып келеді, екі күн жаяу жүрсең, аяқ киімсіз қалуың мүмкін»[149, б. 85-86]. Дәстүрлі тұрмысқа байланысты табиғи ландшафт пен көшпенділік ерекшеліктері қазақтың дәстүрлі мәдениетінде кеңістікті қабылдау өзгешелігінің бастапқы кезеңі болады.

Дәстүрлі көшпенді тұрмыс қалпында табиғи ландшафтты эстетизациялау орын алады. Көшпенділердің ұлттық лингвомәдениетінің негізі болатын, өзіндік кеңістік түсініктерінің қалыптасуына қозғалыс сипаты әсер етеді. Кеңістік ұғымы, басқа да көшпенді халықтар түсінігіндегі уақытпен жарыса дамыған, қозғалғыш, жылжымалы, ауыспалы категория. Өйткені, қазақтардың әлемдік

образы қазақ халқының үнемі жолда, қозғалыста, дамуда болғандығын аңғартады. Көшпенді өмірінің басым бөлігі даланы игерумен байланысты. Олардың ішкі жан дүниесінің ұлылығы дүниені қабылдауының мағыналық тереңдігіне, космоспен біртұтас сәйкес түсіністікте болатынына келіп саяды. Кез келген қазақ өзін өзгеше дамыған тіршілік иесі болып әлемнен бөліп қарамайды, әлем ол үшін ашық, әрі кең.

Осындай ерекше қасиетке ие болып сипатталатын нысан ретінде даланы қазіргі кезде концептуальды ұғымдарға жатқызады. Ол тек географияның нысаны емес, сонымен қатар көркем бейне әрі нышан. Кез келген шығармада дала ерекше жұмбақ және керемет әдемі кеңістік, әлем түрінде суреттеледі. Авторлар өз дүние қабылдауына, табиғатқа деген көзқарасына, туған жерге деген махаббатына сай даланы суреттеп, ішкі сезімін білдірген, шығармалары өз кейіпкерінің сезім, ой-арманы, жай-күйін бейнелеген. Мәселен, Төрткүл дүние – дүниенің төрт бұрышы, (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс) яғни төрт полюсі. Бұлардың әрқайсысы түрлі мағынаға ие, оның ішінде терең мазмұнды мағынаға, айрықша атауға ие ұғым – «Құбыла». Мысалы, қазақтар дүниеден өткен адамды құбылаға бұрып жерлейтін болған, тіпті бес уақыт намаз оқу ережесі де дәл осы құбылаға бағытталған.

Дала – қайталану заңына сәйкес жер мен аспан өлшемдерімен орталықтан бөлініп шыққан, реттелген, меңгерілген физикалық кеңістік. Кеңістікті бірнеше деңгейге бөліп қарауға болады:

Біріншіден, бұл тұрақ, яғни, адам барынша меңгерген кеңістік;

Екіншіден, тікелей тұраққа жақын жылқыны үйрету, мал бағу т.с.с. басқа да шаруа тіршілігімен шектелген кеңістік. Яғни, тұрмысқа икемделген кеңістік;

Үшіншіден, ру мен тайпа, отбасы шаруашылығымен меңгерілген территория, яғни өңделген егістік, өзен мен көлдер, жайылымдар.

Қазақтың дүниетанымының бастау бұлағы, қайнар көзі – ТАБИҒАТ. Табиғаттың құбылысын, оның ритімін өзгертпестен философиялық ой-тұжырымының, дүниетанымының арқауы еткен. Мәселен, «Жаз жайлау, қыс қыстау, күз күзеу» сияқты ұғымдардың табиғат бесігі – даланың мал аяғынан тозып кетуін сақтау екенін түсіну қиын емес.

Ал әр малдың киесі ұғымы олардың тіршілігінің қайнар көзі болған шаруашылығын ұлықтауы болса, аңның, малдың пірінің болуы – даладағы әрбір жаратылысқа өзінше баға беріп құрметпен қарағаны. (Түйе атасы –Ойсыл қара; жылқы атасы – Қамбар ата; қой атасы – Шопан ата)... Жер-судың киесіне байланысты, атап айтар болсақ, ағын суға кір жумауы, суды ұлықтауы, «Көк шөп жұлма», Бұл үрдістің сабақтастығы қазірге дейін жалғасып халықтардың салт-дәстүрінде орын алған. Далаға аса құрметпен қарап, аялауы болмақ.

Қазақ дүниетанымы табиғатты кие тұтумен сипатталады, оның терең экологиялық мазмұны бар. Мұнда аруақ рух, т.б, яғни тау қожайынымен, су тасқынымен, нақтырақ айтсақ, табиғат құбылыстарымен адамдар сырлас, мәндес өмір кешеді. Ендеше, келтіріліп отырған мысалдар көріністерінен дала ұғымының дүниетанымымызға етене жақын екендігін аңғару қиын емес.

Ал саяхатшылардың хаттары мен күнделікті жазбаларындағы шұғыл континентальды климатта орналасқан дала –олардың қабылдауынша, санасына

бекігені басқа далалар көрінісі. Еуразия ортасында орын алған даланың келбеті мүлде басқа. М. Пржевальский Гоби шөлін тіршіліксіз, адам тіршілік етпейтін әлем ретінде суреттейді: «Апталар бойы жолаушының көз алдында қайталанатын сол бір бейнелер: біресе қыста былтырғы қурап қалған шөптің сарғыш түсімен құбылып тұратын ұшы-қиыры жоқ жазық, біресе жартастардың қаралау, айғыздалған тізбектері, біресе арасында шыңынан жүйрік бөкеннің бейнесін байқауға болатын жайпақ төбелер... Ондаған, тіпті жүздеген шақырымдар бойы үнемі жолаушыны өзінің шыжыған ыстығымен тұншықтыруға немесе құмды дауылымен көміп тастауға дайын тұрған тақыр сусыған құм. Онда бір тамшы су жоқ, не бір аң, не бір құсты көрмейсің, тірі жансыз бос қалғандық мұнда адасып келген адамның жанын түршіктіреді» [150, б. 21-22].

Адольф Янушкевич (1803-1857) польшалық демократ көптеген жылдарға жер аударылған, Қазақстанда өткізген кездерінде жазған хат пен күнделіктерінде қазақтың даласын анық суреттейді [151, б. 82-84].

Ал А. Янушкевичтің жер аударылғандағы серіктесі Бронислав Залесский оның ойын мақұлдап, қайталайды. Қазақтың даласы антика тозағының орны болуы әбден мүмкін еді деп жазады. «Қазақ даласының өмірі» атты суреттер альбомының (1865) алғысөзінде ол шөлді ландшафтардың сұлулығымен қатар олардың адамды тұнжырататын бірқалыптылығын да атап өтеді: «...Мен шөл даланың кеңдігіне үйрендім... Осы кең байтақ көкжиек, осы шексіз кеңістік адамға азаттықтың өткір сезімін ұялатады. Бұны әркім сезініп көрді, бірақ ол ұзақ уақыт жалғаса берсе, біртүрліліктен жалығасың, қаңырап тұрған шөлден шаршайсың» [152, б. 14].

XX ғасыр басындағы ақын-жазушыларда туған даласын өлікке теңеген, қарсы жақтың позициясына дала туралы өз тенденцияларын аша түскен шығармалар көбейді. Ұлтшыл ақындардың туған даласын өлікке теңеген, қара жамылған күңгірт бейнеде көрсеткен жазбаларға қарама - қарсы қазақтың еркін далада елдіктің ізі жатқан даланың жарқын көріністерін бейнеледі. Барлық дерлік алаш азаматтарында туған даласына арнаған шығармалары бар. С.Сейфуллин, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың даланы шығармаларына арқау ету сезімі өздері шексіз сүйген өмірдің әсемділігінен, байтақ қазақ даласының сыры мен шындығынан туған қадамдар.

Кейіннен ол тенденция басқа да өнер салаларында жалғасын тапты. Даланың шексіз жазығында бүкіл өмірін өткізген қазақ даланы музыка және поэзиялық туындыларында да жырлайды. Даланың айбынды бейнесі Тәттімбеттің «Сары жайлау» күйі сияқты музыкалық туындылардан көрінеді. Құрманғазы шығармашылығының биік шыңы таза үндестілікке толы, қазақ даласының шексіз жазығының бейнесін суреттейтін «Сары Арқа» («Кең дала») күйі болып табылады.

Сол сияқты шетсіз-шексіз көсіліп жатқан дархан дала суретшілердің әсерімен ұлттық бейнелеу өнерінде өзінше бір рухани белгіге, ұлт болмысының табиғи сипатына айналды. М. Кенбаевтің «Асауға құрық салу», «Шопан әні», «Әңгіме» атты туындыларында, Телжановтың «Қыз қуу», «Көкпар», «Бәйге»,

«Бүркітпен аңға шығу» атты туындыларында дала табиғаты мен адам арасындағы ажырамас байланысы, үйлесімділіктің дәстүрлі идеясы ашылған. Бұл табиғат пен адам арасындағы тұтастық. Сары дала да, емін-еркін жайылып жүрген қой да, түйе мінген қойшы да бір-бірімен жымдасып, анық байқалатын бір түсті колорит жаратылыстың тұтастығын сездіреді.

Дала – дүние қабылдау мен тіршілік әрекетінің барлық деңгейіне – табиғи және мәдени, саналы және санасыз, эмоционалды түрде меңгерілетін, жеке және қоғамдық деңгейлеріне әсер еткен, түркі менталитетінің қалыптасуында анықтаушы белгі. Э.Шакеновaның зерттеуінде, « Әр халықтың өз ландшафты бар, оны қабылдауда халықтың мәдени дәстүрлері икемделеді, қазақ халқының табиғатындағы осындай анықтаушы кешен дала мен тау болды. Шексіз кеңдік пен биіктік көшпенді тайпалардың өміріне ықпал еткендігі сөзсіз, онда қатаң тұрмыс және ұлылық пен руханилыққа деген анық байқалатын талпыныстары үйлесіп жатыр» [110, б. 70].

Дала бейнелері кез келген қаламгердің үнемі көшпенділердің мекен еткен орнымен байланыстырылады. Даланың жағдайын қаламгер жылдың ең ыстық кезінде жазса, соның салдарынан ол құрғақ, үнемі ыстық, ормансыз, шөлді жазық, күйіп кеткен және т.с.с. түрде анықталады. Бұндайда Дала пейзажы сараңдығы және бір түрлілігімен ерекшеленеді. Оның жамылғысы – сор-тақыр, саз, құм, тас. Өсімдіктерден қарағаш, тал, бетеге, жусан өседі. Негізгі түстері – сары мен жасыл. Бірақ шығармаларда шыдатпайтын ыстығына қарамастан дала өз түстерін сақтап қалады. Пейзаж бір түсті емес, ол – жасыл шөппен әрі «күрең сары», «күрең жасыл» қырандар және бүркіттермен ойнайтын күн сәулесінің алтын нұры өткен, жарқыраған әсем көрініс. Олардың суреттеуінен даланы кеңдік, маңғаздылық, асықпаушылық және немқұрайдылыққа дейін жеткізетін тыныштық сипатталғанын көресің. Бірақ бұл тыныштық тіршіліктің жоқтығын білдірмейді. Керісінше, табиғат әлемі өзінің қарқынды және әр түрлі тіршілігін кешуде. Жазық далада, шексіздік тәрізді кеңістікте жүген-құрық көрмеген жылқылар табыны мен отар-отар қойлар мекендейді, түйелер жайылып, кесірткелер шапшаң жорғалайды. Бұл қаламгердің даланы қабылдауын, осы далаға қатысын көрсетеді. «*Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл көде, кербетеге, тобылғы беткей, төбешік, обашық, қызыл құмайт, шөптесін шұңейт. Қоңыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, бозторғай – осыдан басқа көзге түсер қара-құра жоқ. Даланың көркі ел екен-ау! Елсіз дала емсіз жарадай көрінеді. Малшы байғұстар не ғып іші пыспай жүреді екен?.. Ай, қу дала! Қу далаларда жалғыз жаяу бір мұңдық. Сар далада сары уайым жамылып, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдады»* [153, б. 106].

Дала, тау тізбектері мен су көздерінің ландшафтын қамтитын Отан, сүйікті өлке ретінде ұғынылады. Қаламгер үшін дала – бұл оның туған жері мен халқының тарихы.

Даланың семантикалық баламасы – шөл. Шөл пейзажының дала көрінісінен айырмасы шамалы, ерекшелік тек «майда тас» – құмның көптігі мен бүкіл шөлді әлемді өз бойына тартатын жалғыздықта деуге болады. Шөл даланың сипаттамалары қазақтың мифтік әңгімелерінде айқын көрсетілген. Қазақ

халқының тіршілік ететін табиғи ортасына деген мұндай көзқарас жалпы қазақ кеңістігін, дала маңыздылығын ерекше бағалауын білдіреді.

Қазақ даласын жеті жасында сонау 1941 жылы кішігірім ауыл бейнесінде алғаш көрген Г. Бельгер «дала – ауыл» синкреттік бейнесін өзінің бүкіл өмірі мен шығармашылығына арқау етті және сол себепті де даланы ауыл бейнесі арқылы суреттейді. Г. Бельгердің эсселеріндегі жалпы қазақ ауылдары – тыныш, тың ауылдар; бұл дала шөптерінің аңқыған жұпарын жеткізетін, алуан түрлі шөптерде тұндырылған, даланың бірқалыпты, еркін, талмайтын желі соғып тұратын, кең жайлау; бұл ұшы-қиыры жоқ дала; бұл табындар, отарлар, жайлау, бәйге, көкпар, құм төбелер, өзендер. Ал Есілдің жағасында орналасқан туған ауылын қайың ормандарымен, көне көлдермен, бетеге дала ортасындағы шағын да қарапайым, ыңғайлы да тыныш, жасыл желек көмкерген ауыл етіп елестетеді. Ал мұнда шексіз жазық, көкте қаршыға балапандары қалықтайды, төбеңде бозторғай сайрап жатыр, күміс бетеге будасы жасыл шегірткеге толы, жидектңғ тәтті иісі ше....басыңды айналдырады. Мұндағының бәрі де: шексіз жазық, үздіксіз нажағайлы жазғы нөсерлер, қаһарлы қысқы борандар, қатты аяздар, жаңа шабылған шөптің елтіретін иісі, тұрақсыз қою тұманы, таң сәріде Есілдің үстінде тұрған жеңіл мұнар, су тасығандағы мұздардың құтыруы да, тезектің будақ түтіні де, ауыл адамдары да жаныңды рахатқа бөлейді. Жаңа ғана келтірген туған ауылдың суреттемесін оқып отырғанда бірден автордың Волга жағасынан Қазақстанға келген жеті жасар бала мен оның ата-аналарынан бұрын ештеңе білмеген қазақ ауылын тұңғыш қабылдауы еске түседі («Ауыл» эссесі осы естеліктен басталады). Тұңғыш рет ауыл жағымсыз баға беретін эпитеттердің көмегімен суреттеледі: шатыры жоқ жұпыны үйшіктеріне қураған талдан жапсыра салған қоралары бар, сиырлары арық, аласа бойлы, бақташылары ескі-құсқы киім киген қазақтың ажарсыз қыстағы. Ол кезде мұндай бағалау орынды болатын, себебі бала туғаннан бастап әлеуметтік, климаттық, этникалық жағынан басқа жағдайларда өмір сүріп келді, ал бұл жердегінің барлығы оған таңсық, жат болып көрінді. Барлығы таныс емес, барлығы жаңа. Бәрі басқа: адамдардың келбеті де, үйлер де, тұрмыс та, иіс те, тіл де, ал өзінің туған жері алыста, Волганың жағасында қалды.

Ақырында Г. Бельгерге «өзінікі» болып кеткен ауыл бейнесі оның барлық шығармаларында «өзінікі» – «бөтен» сөздерін қарама-қарсы қою арқылы ашылып, ауылға қатысты «менің» тәуелдеу есімдігі қолданылады. Керісінше, кейіннен ол үшін тың игерушілердің әрекеттері қазақ ауылының көптеген ғасыр бойында қалыптаса білген этика қағидасына сай болмады: балағаттайтыны жаман (лас сөзден құлағың тұнады), арақ ішетіні, балықты динамит арқылы өлтіріп судың бетіне көтереді, үйдің қаздарын соймайды, атады. Ал жұмыс істеуге келгенде комбайн, трактордың жоспарлы іске қолданбай (дүкенге араққа барады, жарысып ойнайды), соның кесірі себебінен адамдар далаға шығудан қалған, қорқады, қадірлі ақсақалды «бабайлар» деп атайды. Себебі: жер де, жергілікті тұрғындар да олар үшін ешкім де мес еді, жат еді.

Мұндағы қорытынды, басқа үшін байтақ дала «бөтен», ал біз қазақ үшін атамекен, жері туған мекен болып табылатыны, онсыз өмір жоқ, ол барлығының өлшемі болғаны көрініп тұр. Демек, дала адамның дүниетанымына әсер етеді.

«Дала» ұғымының қазақ халқы үшін лингвомәденитанымдық құндылығы жоғары, бұл өзге оқиғалар, өзге психология бейнесі. Көшпенділер белгілі бір заңдар бойынша өмір сүрді, бұған оларды дала көндірді. Жыл маусымдарымен санаса отырып, көшіп-қонуға бейімделген көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырды. Мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені орнықтырды. Ендеше, «көшпелілердің барша таным мен түсінігі, болмысының табиғатпен етене екендігін, олардың артықшылығы болмаса кемшілік балаңдығы деп емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек…» [154, б. 43]. Осы жөнінде Л.Н. Гумилев көшпелілердің табиғат жүйесін тани алғандығын айтып, былай жазады: «дала ландшафтарына бейімделіп алғаны сондай, олардың шаруашылық тірлігі табиғатта болып жатқан процестермен бірігіп кетті де, өздері белгілі дәрежеде игеріп алған жер табиғатының құрамдас бөлігіне, яғни дала биоценозының ең жоғарғы, қорытынды буынына айналды» [155, б. 32].

Орыс тіліндегі «степь» сөзінің қазақ тілінде бірнеше нұсқалы балама бар: сақара, қыр, дала, жазира, түз, айдала. Бұл сөздер семантикалы жиынтық көрінісі.

«Дала» концепті - күрделі ментальды, ол келесі компоненттермен толыққан, ұғымдылығы: құла тұз, ауылды жер, жазық өңір, кең байтақ, сусыз шөл дала, қыр; бейнелік: құрамдас бөліктері белгілі мағыналардың метафоризациялануының нәтижесінде жасалады (дала поштасы – әскери бөлімнің далаң жердегі поштасы, белгілі бағыты бар, далаға айтты – сөзі зая кетті); аксиологиялық бөлігі: адам өмірінің маңызды компоненті ретінде кең даланы оң бағамен байланыстыру («Дала қызы табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті? Кең дала.. көк дала, сары дала.. сағым.» «У-ғ-ғ-h!» деп барып басылған ырғалаң боздасы сайын даланы жаңғырықтырып. [142, б. 50-77], немесе «сырт, бөгде, бейтаныс жер» деген жағымсыз сипатта бағалау: «Оған молда өлгелі иесіз далада жын-шайтан өріп жүретін болыпты ғой..». Иесіз дала, сусыз шөл дала, дала-дала, пәре-пәре, быт-шыт. «Апырым-ай, тым құрыса, бір ауыл, ауыл емес-ау, бір қазақ, қазақ емес-ау, бір мал көрінсейші. Бір мал көрінсе де, Ақбілек қатерден құтылғандай көріп келеді. Ойын баласы ғой, көбінесе балалармен ойнап, далада жүреді» [153, б. 15-28].

«Дала» концептісі қазақтардың концептосферасының негізгі бірліктерінің қатарына жатады, ол орталығы мен шеткі бөлігі бар күрделі құрылым. Қазақ тіліндегі «кең дала» тіркесінің мағынасы «дала» номинативті лексемасының мәнімен беріледі, себебі ол тіркестің жалпы концептуалды мазмұнына негіз болып табылады. «Дала» концептісінің барлық шеткі элементтері қазақ тілінде туынды мағыналар арқылы беріледі және түп тұлғалық мағынасын сақтайды. «Дала» концептісінің негізгі аксиологиялық сипаттамасы «сусыз шөл дала» сияқты жағымсыз бағамен және антонимиялық мағынадағы «кең байтақ жазық өңір» деген оң бағамен анықталады.

«Дала» концептісі қазақтардың ұлттық-мәдени дүние қабылдауының өзгешелігін береді, қалыптасқан этникалық қоғамдастық ретінде осы халықтың ұлттық мінез-құлқының ерекшелігін – сабырлығы мен үйлесімділігін көрсетеді.

«Дала» концептісінің қазақ тіліндегі өрісі қазақ тілінде *қыр, тыс, жер, ауылды жер* сияқты әр түрлі лексикалық бірліктер және олардың туындылары түрінде көрінеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. «Дала» концептісінің аясын түзетін барлық лексемалардың сөздіктегі анықтамаларын зерделей келе, концепт атауы ретінде «дала» сөзі жүре алады деп санауға болады: оның бірнеше мағынасы бар, олардың ішінде бірінші мағынасы «дала» болады, соның негізінде бірнеше туынды тұрақты тіркестер жасалады, ол түрлі лексика-грамматикалық топтағы сөздермен тіркесіп келеді.

«Жығылатын кісің мендей бола ма?» дегендей қамшыны бір сермеп, құйғыта берді. Көштің алдына таман шығып, бұдырдан асып, алдынан Арқалықтың көлденең жотасы көрінгенде, Күнікей артына бір қараса, Шәмши қапты далада. [153, б. 47].

«Дала-дала», «далаға айтты», «далада қалды» архетиптерін зерттеу негізінде басты архетиптер айнасы болып табылатын фразеологиялық қордағы «дала» концептісінің көрінісі сипатталған. Қазақ тілін иеленушілердің санасына енетін «дала» көнцептісінің сөз тіркестеріндегі ортақ және дара қасиеттері анықталды. Қазақтардың түсінігінде дала адамның жанында (жүрегінде): кең байтақ дала, сары дала. Қазақ тіліндегі фразеология бірліктері архетип көрінісінде қарастырылып жатыр. Лингвомәдениеттің «дала» концепті ішкі амбиваленттілігі байқалады. «Дала» концептісінің этимологиялық сипаттамалары этимология сөздігінің мәліметімен беріліп, талданады. Олар «дала» концептісінің этимологиялық номинанты *дала* зат есімі «халқы», «қызы» зат есімдерінен шығады деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

«Ел қазағының шатақ жұмысына кірісе берсем, толып жатыр, әйтпесе тұтынған мақсұттарым далада қалады ғой».

«Қазақ даласын көмірдей басып ақтар өтті. Қазақ даласындағы соғыс майданы ашылды. Мұның бәрі қандай із қалдырды? Осыларды қайсың жаздың? «Дала халқы, жаңа заман келе жатыр», «Дала қызы – табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді». [153, б. 107].

Тіл – ұлттың айнасы десек, сол ұлттың айшықты тілі көркем шығармаларда да көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шынайы болмысын бейнелей алады. Қазақ дүниетанымындағы концептілерді талдау оның өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдарын анықтайды.

«Дала» концептісі. *«Дала – атамекен», «Дал – туған жер», «Дала – Отан», «Дала – жер», «Дала – жерұйық», «Дала –жер, су,от», «Дала – бизнес», «Дала – рух», «Дала – өркениет», «Дала – мәдениет», «Дала – билік», «Дала – руханият», «Дала – Жібек жолы «Дала – сәулет өнері», «Дала – ескерткіш», «Дала – қала», «Дала – территория», «Дала – флора», «Дала – фауна», », «Дала – әдебиет», «Дала – байлық», «Дала – тарих», «Дала – ұлыс», «Дала – шаруашылық», «Дала – еңбек», «Дала –күнкөріс», «Дала – философия», «Дала – Қасиет», «Дала – дәстүр», «Дала – ескі жазулар», «Дала – тыныштық» «Дала – ән-күй» , «Дала – жұрт», «Дала – жазира», «Дала – уақыт», «Дала – көш»,*

«Дала – жол», «Дала – қоршаған орта», «Дала – аңыз», «Дала – заң», «Дала – еркіндік», «Дала –тылсым дүние», «Дала – саясат», «Дала – саяхат», «Дала – Даналық», «Дала – сағыныш» «Дала – жылқы», «Дала – бостандық» .

Қазақ дүниетанымы даланы осылай сипаттайды. «Дала» біріншіден, *атамекен*, *туып-өскен, өсіп-өнген мекен.* Себебі, *«Асуға шыққанмен, жан-жағын орайлаған тау көрінісінен шыға алмады, бұраңдаған қиялай қаланған тас, ойқы-шойқы тар соқпақ беті* ***ашық даланы*** *көрсетпеді*

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,
Сарыарқа, ***Сарыдала туған жерім.***
Көк күмбездің астында көк масаты,
Сәулемен алтынданған сары белім.
Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Исі аңқып, бетім сүйген самал желім.
Кіндік болып мал менен жанды өсірген *(«Айтыс» поэмасы,С.Торайғыров).*

Екіншіден, *«Дала» – тыныштық, мәңгілік орын, жарық дүние.* Дала лексемасының көркем мәтінде берілген мәні – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. *Дала* ұғымының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын «*қасиетті, киелі мекен»* деген ұғымы ақын дискурсында одан әріге тереңдеген. Мысалы,

«Құтылмасына көзі жеткен соң, тым болмаса мынау саусылдаған сары қолдың ішінен сытылып, даланы бір көргісі келді Акбілек» [153, б. 100].

Даламның еш нәрсесі жасама емес,
Ешкім оны бояма және демес.
Бәрі шын, бәрі таза, жаралғанша,
Фалынылықпен ешкімнің жанын жемес.
Даламда бар ұят, құдай деген [156, б. 47].

Үшіншіден, *«ДАЛА» – «рухани кеңістік».* Көшпенді түркі халықтары үшін рухани кеңістік – дала. Ақын танымында дала кеңдік эталоны ретінде алынып, кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Ақын қолданысында дала *кең дала, боз дала, құ дала, ен дала, сар дала, жапан дала, кер дала, кеңесті дала, бетпақ дала, құм дала*, *дала өлкесі* сынды бейнелі тіркестермен келіп, ұлттық таным маңына шоғырланған тілдік бірліктер ретінде танылады. Көсемсөзде «ДАЛА» концептісі *«Жердің құты», «Құтты қоныс мекен», «Қара орын»* мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Көсемсөзшілер тіліндегі «дала» концептісіне қатысты *«ауыл», «жайлау, қыстау, күзеу», «атажұрт», «құтты қоныс», «құтсыз қоныс»* ұғымдары көшпелі халықтың таным әлемімен байланысты көрініс тауып, «Дала» концептісін танытудағы өзек концептілер болып табылады.

Тұтас мәтінде «дала» сөзі сөздіктегі негізгі мағынасынан басқа бірқатар ауыспалы мағыналарды да қамтиды. Тұтас мәтін арқылы «дала» сөзінің параллелі – туған жер, отан сөздері өтеді:

Дала сөзі адамды бір тыныштыққа, жайлылыққа, кеңдікке шақырады. Адамды еркін әңгімеге жетелейді. «Ар жақ – қазақ даласы. Өзен өрлей салынған екі мешітті, бір шіркеулі, ығы-жығы тайпақ қала. Ағашы, кірпіші, төбесі, тоқалы

жапырайған тәукеншік үйшіктер». «Әйтпесе даланы, елді өзі де сағынып еді» [153, б. 46]. «.....Әмірқандікі қаланың дәл шетінде. Үйінің ар жағы жасыл дала, қымызды ішіп алған соң көгалға шығып, сейіл құрдық. Ән туралы әңгіме қылдық [153, б. 47].

Дала сөзінің тура мағынасы мен «туған жер, отан» деген метафоралық мағынасының айналасында жұмбақтық және сұлулықтың метафорасы қалыптасады. Таныс емес, әсем, жұмбақ даланың бейнесі – тұтас мәтіннің эстетикалық орталығы: «Ол бірінші рет даланың осынша айбынды келбетін, жаратылыстың тұнығы бұзылмаған сұлулығын кең сезініп, шексіз-шетсіз көкжиегіне толықсып шешек атқан шағына ұзақ көз салды. Байлығы да, мырзалығы да мол жер жатыр аяғының астында. Кішірек төбелер, аласа тау сілемдері ұлы теңіздің қатып қалған жал толқындары тәрізді; күнге шағылысқан өзендер бір қиырдан екінші қиырға қарай жарқырай созылған. Алайда Кенже батырды тек табиғат көркі ғана сүйіндіріп тұрған жоқ. Ол жауынгер ретінде, басқа жат көзден жоңғардан жасырын жатқан құпияны тек осы арадан ғана көруге болатынын ұқты. Бүкіл халық жасақшыларының жиыны көз алдында жатыр еді» [157, б. 167].

Мәтіннің нақты бір үзіндісінен мәтін ішіндегі «таныстағы бейтаныстың» мәні айқындалады. Дала тұрғыны, оның нағыз иесі жау көзіне ілінбейтін белгісіз дүниені көрді, даланың құпиясын ашып, оның сұлулығынан ләззат алды. Жұмбақтық және сұлулық метафорасы эстетикалық қызмет атқарады. Соңғысы табиғаттың жұмбақ сыры, туған жердің сұлулығы мен тартымдылығы туралы мәдениетаралық диалогтің негізі болады.

«Бұлардың өмірінде не қызық бар? Тар үй, тар көшеде, анау ұлан байтақ даланы, асқар Алатауды, жасыл орманды, ит жүгіртіп, құс салғанды көрмей негып шыдап жүрді екен?! Негып бойы жазылады екен? Япырау, бұлар мүлде осыған үйреніп алған-ау... Әке-шешесін, ел-жұртын бұлар да ойлай ма екен? Бұлар да бізге ұқсап Ақбілек сынды қызды жақсы көре ме екен деген ойлармен ауыз үйде отырды көп» [153, б. 164].

Жанр түзуші «даланың» қатарлас бейнесі – ұрыс алаңы болып табылады. Дала соғыс әрекеттері жасалатын ашық кеңістік түрінде көрінеді. Соғыс метафорасының семантикасын мынадай сөздермен беруге болады: жаулардың тобы, сарбаздар, әскер, атты әскер, лагерь, ұрыс алаңы, жоңғарлар, жаралылар, жебелер, қылыштар, жан тәсілімдегі айқай, адамдар мен аттардың ыңырсыған дауыстары, отряд, жасақ, шайқас сияқты тарихи роман жанрының белгісі болатын ұлттық сөздер де, сөз тіркестері де әрі орыс халқында, әрі қазақ халқында кездеседі. Түрлі эмпирика мағыналарды өзектілендіре отырып, мәтіндер метафораның семантикасын ашады: «Жолдарын тосқан аттыларды көрген олар аттарының басын іріккен. Екі жақтың да қолы бір-біріне бетпе-бет кеп қарсы тұр. Даланы тым-тырыс тыныштық жайлайды, аттарға дейін іш тартып қалған. Құс екеш құстар да жым-жылас жоғалған» [153, б. 111].

Сонымен қатар далаға – ән параллелі де тән.

Әке мен баланы көзге көрінбейтін үміт жібімен, өткеннің және бүгінгінің үнімен жалғап тұрған мұңлы дала мен қайғылы ән бейнелері теңдестірілмейді, бірақ жинақталады. Осы ассоциативті параллель кеудесінен ән – жан дауысы

еріксіз шығып жатқан, даланың ұлы – көшпендінің «көрнекті» бейнесін жандандырады. Бұл бейнелі параллель эмоционалдық қызмет атқарып, оқырманның туғаны мен жақынына деген сезіміне әсер етеді.

«Дала – мешіт» тұрақты бейне параллельдік негізін алғанда Құдайдың бәріне қатыстылығы барын айтқан ұлттық және эмпирикалық ұғым қалыптасады. «Дала-мешіт» метафоралық тіркес Құдай және Отанның мәңгілік, ол сенімнен бас тарту арасында ұшырасады. Отан мен сенім – халықтың өмірлік құндылықтары деп пайымдалады.

Тұтас мәтінде «дала - өмір» бейнелі параллелі қолданылады. «Қыс болса түсіп қалды, Қарашаның қары жауды. Бермегі, алмағы, соғымы, қаласы мен даласы дегендей, орда-шарқы үйдің жабдығы аз ба? Еркек үйде отыра ма? Малға, шаруаға бас-көз боп, көбінесе далада жүреді ғой» [153, б. 180]. «Қырдың шырқау шыңындағы жусан сабақтары ыстықтан шытыр-шытыр сынып, төменде үкідей үлпілдеген боз шөптер үнсіз егіліп өліп жатыр, ал жалғыз шал өзін өмір жырының қайта оралмас тұңғиығына біржолата лақтырып тастар кенет соққыны күтіп, кәрі маралдай қаңқиып тұр» [153, б. 187].

Жылдың әр мезгілінде және әр тәулігінде дала көрінісі бір-біріне ұқсамайды, әр қилы және түрлі түсті болады. Мұндай ассоциациялардың адам өмірінің кейбір кезеңдерінен туындауы әбден мүмкін. Адамның туған жерімен байланысын, атамекеннің оның өміріндегі орнын кейіптейтін даланың бейнесі жалпы адамзаттық мәселелерді қозғайды, мәдениетаралық байланысқа септігін тигізеді. Сөйте тұра, орыс оқырманы қазақ даласының, ал қазақ оқырманы «степь» ерекшелігін түсіністікпен қабылдайды. Кеңістікті бейнелі түрде түсінудің нәтижесінде туындаған параллельдер далалы өлкені қабылдаудың ерекшелігімен байланысты.

Қорыта айтқанда, кез келген шығармашылықтың адамы өзінің ұлтының ұлттық мұраттары мен халықтық рухын айтарына өзек етеді. XX ғасыр басындағы көсемсөз қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына орасан үлес қосты. Олар аз ғұмырларында өз заманының тағдыр-тәлкегін, қуаныш-үмітін дәл көрсетіп, халқының болашағына зор сенімін білдере алған. Олардың шығармашылығын концептуалды тұрғыдан зерттеу рухани, ұлттық бейнені тануға мол әсер етті. «Дала» концептісінің XX ғасыр көсемсөзінде өте көп кездесетініне назар аударғымыз келеді. Бұл кездейсоқтық емес, заңдылық деп ұққанымыз дұрыс болар. Егер адам қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды алдымен түйсік арқылы қабылдағаннан кейін санада қорытып барып, сана қызметі арқылы тілде бейнелейді. Сондықтан халықтың ұлттық санасында қалыптасқан стреотиптер жүйесі ғаламның тілдік бейнесін құрайтынын ескерсек, XX ғасыр басындағы көсемсөзшілер жасынан дала тірлігін, тұрмысын, салт-дәстүрін, мәдениетін бойына сіңіріп, қазақ даласын сүйіп өскен азаматтар. Олардың шығармаларына туған даласының ерекше бейнесі, оның жай-күйі молынан ықпал етті.

Тіл адамзат өмірінде, қоғамда зор үлеспен қызмет ететіндіктен, тілдің кез-келген деңгейінде адамның рөлі, адамның мақсаты, адамның дүниені қабылдау танымы мен тағлымы ескеріледі. «Дала» концептісін жан-жақты қарастыру арқылы біз қазақ танымында ол халықтың ішкі танымын, ұлттық болмысын,

аялық шегін, көркемдік әлемін, менталитетінің, талап-талғамының көрсеткіші бола алатынын дәлелдедік. Яғни, «Дала» концептісі – адамзаттық құндылықтардың барлығын тілдік бірлігіне салған тілдік, мәдени, тарихи ақпараттар коды. Дала – тарихи эпикалық мағынасы бар сөз.

«Дала» концепті қазақ ұғымында әмбебап категория. Оны қаламгерлер шығармаларында мифтік, биологиялық, экологиялық, әлеуметтік, психологиялық, азаматтық түрінде танып білген.

Біріншіден, Дала» концептісі қазақтардың ұлттық-мәдени дүние қабылдауының өзгешелігін береді, қалыптасқан этникалық қоғамдастық ретінде осы халықтың ұлттық мінез-құлқының қалыптасуына ықпал етуші фактор. Бұл – ұлттық нақыш. *Екіншіден*, адамдар қалай таниды, қалай түсінеді деген сұраққа жауапты ежелден келе жатқан дүниетанымдық пайымдаулардан іздедік. Өйткені, онда танымдық жүйе қалыптасқан. Көсемсөздегі «дала» концепті күнделікті қарым-қатынас тіліндегі ұғымнан кең танылатынын көрсеттік, себебі ол жазушының дүниетанымымен, оның тұлғалық ұстанымымен ұштасып барып, мазмұндық қыры танылатынын айттық. *Үшіншіден,* зерттеу жұмысының талдау-сараптау мәтініне Алаш арыстарының мақалалары арқау болды, өйткені ғасыр басына біздің ұлттық дүнитанымымызға қол сұққан тұста, баспа беттерінде, шығармаларда «Дала» ұғымы барша бояуымен көрінді. «Дала» концептінің көп аспектілі және ішкі мазмұны өте бай екенін таныдық. «Дала – мешіт», «Дала– ән-күй», «Дала – тіршілік», «Дала – күрес» т.с.с. «Дала» концепті – алаштықтардың өзі, себебі алаштың екінші аты –қазақ болса, қазақтың тағы бір атауы – Дала. Олай дейтініміз, біз өмірлік сұрақтарымыздың жауабын өзіміздің даламыздан да іздейміз. Қазақтың жаны дала сияқты, кең, жайсаң, ерке, күшті, мөлшерінше момақан, мөлшерінше күрескер, рухани бай, дала сияқты үнемі қозғалыста, ізденісте, танымдық даму үстінде. *Төртіншіден,* алаштықтардың тағдыры халық алдында маңдайларына жазылған үлкен сынмен өлшенеді, сыннан сүрінбеген олардың танымын «Дала» концепті арқылы қарастырып, олардың шынайы елжандылығын, азаматтық-адами ұстанымдарын тани алдық. Жеке тұлға ретінде ұлт алдындағы борышын өтеу ғана емес, жалпыадамзаттық биіктік өресінде көргісі келгенін, сол биікке көтергісі келгенін аңғарамыз. *Бесіншіден,* дүние бейнесі ерекшелігінің тілдегі көріністері мәдениаралық қатысым мен кәсіби/жағдаяттық аударма беруде қиыншылық туғызады. Қазақ тілін үйренушілер мен қазақ тілін коммуникативтік мақсатқа сай қолданатындар «Дала» концептінің қазақ дүниетанымындағы көрінісін білуі шарт. Бұл біздің жұмысымыздың тәжірибелік мәнін арттырады.

2.3 Қазақ көсемсөзіндегі «Дала» концепті: тұрақты тіркестер мен тілдік бірліктер қолданысы

Ұлттық дүниетанымның тілдік, көркемдік бейнелеуіндегі ерекшеліктері деген мәселеге сөз қозғамас бұрын біз дүниетаным дегеніміз не? Оның тілдегі көркем бейнеленуі деген мәселелердің басын ашып алуымыз қажет. Сөздікте: «Дүниетаным дегеніміз – жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі.

Дүниетаным қалыптасуына саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар көп әсер етті»деп көрсетіледі» [158, б. 123]. Тіл өркениеттен тыс тіршілік етпейді. Халықтың дүниетанымын тіл арқылы көркем шығармада бейнелейді. Мәдениетті тіл арқылы көруге, түйсінуге болады, өйткені тіл болмысты өз қалпында көрсетеді. Сондықтан тарихы мәдениет тарихы қатар өркен жайды деп айта аламыз. Әр халық танымдық ерекшелігін те тілінің табиғатынан көрсетіп таныта алады, дәлелдейді. Осыған орай адамның дүниетануы мен ойлауы арасы байланысы тіл арқылы жүзеге асады.

Осы ұлт дүниетанымының тілдік ерекшеліктерге тоқталсақ, ғылыммен дәлелденген ой-тұжырымдар, негізімен, халықтың тілі мен мәдениеті арқылы толықтырып, Ұлттың мәдениеті со этнос тілмен сақталып, тарихқа аманатталатынын айтқан астарлы пікірлердің жиыны. Осыған орай В.Гумбольд: «Халықтың рухы-тіл, рух тіл арқылы көрініс табады» дегені жаға ғылым жолының қағидасы болып табылады. Атап айтсақ, ғалым пікірі былай тұжырымдалады: бірінші, мәдениеттің түрлері – материалдық, рухани мәдениеттер тілде сақталған. Екінші, мәдениет дегеніміз ұлт пен табиғатты жалғастыратын күш, үшінші, халықтық рух және мәдениет тілдің ішкі мазмұнын береді», – дейді. [159, б. 32].

Мәдениет тарихының арғы-бергісін сөйлетуші, жеткізуші тек қана ана тіл құдіретімен беріледі. Әр халық тұрмыс-тіршілік көрінісі тілі арқылы бейнеленіп, басқа да елдерге танылуы арқылы тіл мен мәдениет арасында ажырамайтын байланыс барын көрсетеді. Қандай да бір тіл құбылысының табиғаты дара тілдік заңдылыққа ғана сүйенбейді, сонымен қатар халық дүниетанымы, салт-дәстүрі, болмысына қатыстырып қарастырылады. Тіл – этностың тағылым мұраты, әр дәуірлердегі ұрпақ жалғасына мәдени, тілдік мұра ретінде сақталатын және мәдениет пен тілді табыстыратын негіз.

Номадтардың көне діні – тәңіршілдіктің ережелеріне сәйкес табиғатты жаратушы – Тәңір берген дүниеге адамның қол сұғуының мүмкін еместігі немесе бұл килігу бәрінің жойылуына әкелетіндігі сияқты дүниенің тұрақтылығын қазақтар жете түсінген. Бұның нәтижесінде қазақстандық өнердің азды-көпті маңызы бар барлық көркем шығармаларында белгілі бір дәрежеде кездесетін айрықша кеңістіктік-уақыттық түсініктер орын алып, номадтардың рухани мәдениетін көрсетуде [160, б. 124].

Еуразияның негізгі ландшафттық көрінісі – шексіз созылып жатқан жазық кең дала – шартты түрде «жазық» деп аталатын кеңістік түсінігінің пайда болуына ықпал етті [161, б. 83-84]. Бұл түсінік тарихи тұрғыдан өткен кезеңдерге жатады, оның мағынасы географиядан кең. Әр халықта ол түрлі мазмұнмен толықтырылып отырды.

Ұлт дүниетанымын тілде бейнелену ерекшелігін анықтау халықтың тұрмыс тіршілігі ір түрлі болғандықтан, олар үшін әр зат атаулары да әр түрлі, содан сөздік қор түзілген. Тіліміздегі бай сөз қорының болуы, әлемдегі ең сөздік қоры мол тіл болуы – ұлтымыздың болмыс-бітімін танытар тіл этнодеректерінің қазынасы. Халықтың ұлт болмысы арқылы туындайтын, санада саралауға түсіп, тарих жадысында сақталады. Тілмен бірге көп ғасыр бойы қалыпқа түсіп, қордаланып, рухани-мәдени мұра болып ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп

жаңартып, тәптіштеп зерттеп, таным-түсінік мәніне бойлап, ел ертеңі-ұрпаққа жеткізу мақсатымен қалыптасқан сөз қоры ұлт дүниетанымын тіл өрнегімен бейнелеу ісінде аса маңызды болып табылады. Екіншіден, қазақтардың, түркі мәдени концепт жүйесімен өзге мәдениет негізін салыстырсаңыздар айқын көрінеді, концепттің тілдегі көрінісіне түсінік беру мақсаты ұсталған. Сонымен қатар, символдық мен этномәдени белгілері бейнеленген айналаны танып-білу үшін тереңдегі таным құрылымдарын айқындау жұмысымызда міндеттелген. Үшіншіден, танымдық әдіс-тәсілдерді қолданып, салыстырмалы-салғастырмалы түрмен қазақ тіліндегі фразеологизмнің таным тетіктері қандай жолмен бейнеленгенін анықтаймыз. Мәдени реңкі бар фразеология бірліктерінің коннотациясына лингвомәдени сараптама жасау, көңіл-күй білдірер эмотив мағыналы фразеологизмнің образды негізін талдау, фразеологизмнің мағынасына түсінік берудегі этнолингвистикалы құзірет рөлін айқындауды мақсат еттік.

Тіл тек мәдениет таныр құрал емес, тіл бойына ұлттық рухтың арқауын артып, негізі болатын іздерін айқындайтын ұлы күші болады. Тіл рухы – ұлы күш! Ол халықтың ой-танымы, мінез-құлқы, әлеуметті өмірінде қалыптасқан. Себебі, адам баласы ой-сана арқылы істеген еңбегін, мінез-құлқын табиғатына сай қалыптастырып, өз таным-түсінігіне орай өмір сүру қалпын қалыптастыруы тұтас бір мәдениеттің орнығуының үлкен себепшісі болады. Осымен ұлттың психо-эмоционалды жайы тілге байланысты болжаумен дәлелденген.

XX ғасыр басындағы публицистердің баршасына ортақ тақырып ғасырлар тоғысында үлкен өзгерістермен, қоғамның индустрияландуымен келген келеңсіз, ұлттық дүниетанымнан айыруға бағытталған «алдауыш» саясатқа қарсы күресу болғаны белгілі. Елдік, тұтастық ұлы мұраттарының орнына қазақтың ауқаттысының да, кейбір оқып хат танығандарының да, мал басындағылардың да басты құндылығы баю, пұлын көбейту, шенін өсіру мәселелері дүниенің құндылығына айналып, алғы шепке шығуы алаңдатарлық еді.

Сол кезде осыған алаңдаушылық танытқан қазақ зиялыларының қай – қайсысының жазғандарынан индустриалды өркениеттің ағы мен қарасы, ұлтымызға тиімдісі, тиімсізі, елдігімізге нұқсан болғаны қайсы деген сұрақтарға жауап ала аласың. Онда тарихи есімдер, хронологиялық даталар, нақты оқиғалар, дәуірдің ағымындағы тарихи және әлеуметтік мәселелерге жасалған сараптамалық көзқарастар берілген. Ол тек қана жалаң ұлтжандылық емес, елдігіміз бен билеуші үкіметтің экономикалық қызығушылығы және өз пайдасы үшін жасалып жатқан шаралардың ара-жігін, қазақ үшін «пайдасын» жақсы аңғара білгендігін көреміз. Соның бәрін екшей келе қазақ зиялылары «мұны қайтпек керек» дегенде, осы бір елдігімізге елеулі қара дақ – рухани жүдеулік, құндылықтың ұсақталуы деп таниды. Соның ішінде басты қауіп – қазақ менталитетінің өзгеруі және оны өзгелердің өзгертуге «аса қызуғушылық танытуы», жаннан тән рахатын биік қою осының бәрі – қазақтың қанына сіңген және жалпы әлемдік рухани құндылықтардың жүйесін бұзып, тозуына әсер ететіндігі айтылады.

Ғасыр басындағы көсемсөзді сөз еткенде ондағы негізгі мұраттың бірі – жанр, стиль, концептілік ұғымдар толықтығы жағынан болсын , жазушының елі

алдында борышкерлігін түйсіне білуі, әрқайсысы бірегейлік танытуы, не жазса да халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жаза білуінде. Жазбаларынан ішкі жан дүниесі көрінетіндігі, тәуелсіз тұлға боп танылуы, өзіндік қадір-қасиетін сақтауы, халқы үшін қауіп болған орасан күш – саясатқа қарсыласу, тұтас алғанда елінің ғасырлар бойғы өркениетінің бұзылуына әкеле жатқан өзгерістерге бөгет болу немесе оңтайлысын ұсыну болғандығын тани білу бізге парыз. Олардың осындай жантәсілім әрекеттері келер ұрпақ алдындағы парызын ұғынуын, кейінгілерге де рухани бағдаршам бола білгендігін байқатады, сондай-ақ публицистикаларымен халыққа үндеу тастау арқылы өзінің тыңдарман, оқырмандарымен дүниетанымы бір, бір рухани әлемнің өкілдері екендігін білдіреді. Тілдік деректер – ақиқаттың символдары мен тілдік таңбалары. Ұлттық менталитеттің құндылықтары тілдің қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдыретімен бейне жасалып, шынайылық танытылады. Осы тұрғыдан әрбір халықтың тілінде тіршіліктен қалыптасқан немесе табиғаттан дарыған ұлт мәдениетінен із қалған деуге болады. Сондай-ақ, ұлт болмысының тіл бейнесіндегі көрінісін, фактісі және хаықтық таным, этика, эстетика, категориясы бойынша руханилық мәдениетті таныттырып, орны мен қызметін анықтау дегендей түйіндейміз.

Даланың келесі бейнесі – орасан зор өріс. Ж.К. Каракузова мен М.Ш. Хасанов көшпенді-қазақ даланы мал шаруашылығының жылдық циклімен суреттелетін, дала жазығының алып шеңбері бар, көзге көрінбейтін орасан зор өріс ретінде қабылдағандығын айтады. Олар былай деп жазады: «Далада айқын дүние Құдай жаратқан табиғат, кеңістіктің шексіздігі осы жаратылыстың қасиеті бола бастады. Жайлаудан күздеуге, күздеуден қыстаққа, қыстаудан көктеуге, ал көктеуден тағы да жайлауға жеті жүз шақырымдық шеңбер бойынша көшіп жүргендіктен, жер көшпенді үшін айналып тұратын шар болды. Яғни жер беті өзінің тұрғындарына Дөңгелек шар түрінде көрінді [162, 96-б.].

Киіз үй немесе ауыл тұрған жерде қазақ даласының орталық нүктесі болды, бірақ үнемі көшіп-қонып жүргендіктен, бұл нүкте кеңістікте қозғалып отырды. Жердің Ғалам шеңберінің орталық нүктесі бүкіл жерде, яғни, даланың әрбір нүктесінде болды. Шеңбер нүктесінің жанында жеті жүз шақырым айналып жүріп, көшпенді әрбір көшу кезінде осы нүктеден алыс болды. Орталық қозғалмайтын, бірақ кеңістікте ауысып тұратын нүкте ретінде қазақтарға түсінікті болды [163, 91-б.]. Ал өрістің өзі мәңгілік пен шексіздіктің белгісі – эмблемасы болып есептелді. Көшпенділер бұл құбылыстың мәнін түсінді, себебі өрісті оның орталығынан – кеңістіктен көре алды, өріске тән радиустар болып айналадағы шексіз көкжиектерді аша отырып, көшпендіден жан-жаққа таралды, бірақ айналым орталығына қайта оралып тұрды.

Ендеше біздің тоқталғымыз келгені, XX ғасыр басындағы публицистикалық шығармалардың ерекшелігі тіл тазалығы мен сөз қолданысында: эмоциялық бояуы қанық, көркем жеткізе білу, сөздің астарына мән беру, ойната білу. Бұл газет бетіне жариялану мүмкіндігін қалт жібермей, көсемсөз зергерлерінің көздеген мақсатына орай іс атқаруда өте тиімді еді. Мұнда жазбаларының көркемдігі мақсат емес, астарындағы ойларын байқай білу, қазаққа таныс көріністер, ұғымындағы концептілер арқылы шынайы

көріністі байқату. Мұндайды тіпті газет атауларынан да байқауға болады «Дала уалаяаты», «Қазақ», «Айқап», «Серке», «Алаш», бұл тек қана газет атаулары ғана емес, бойына бірнеше мағына тоғысқан концептілік ұғымдар. Бұл әсіресе қарапайым күнделікті қым-қуат тірліктің хабаршысы сияқты көрінген жазбаларда метафора, символ болған концептілер астарында үлкен танымдар айтылған еді. Оған мысал: Дала – Алтын бесік. Дала – кіндік, т.с.с. [164].

Бұл сөздер жиынтығы талайдан хабар берген дүниелер еді. Бұл қарапайым ғана сөздің, жай ғана детальдің қайталануы, сезіммен суреттелуі оны тамырлы метафралық ұғымға айналдырады және еріксіз ойландыратын тәсіл. Кішкентай детальдің-концептінің санада жаңғыруы күнделікті істерден тіршілік тынысын аңғартуға, одан әрі тарихи, саяси мәселелерге жетелеуге апаруы кездейсоқтық емес, бұл – қылқалам шеберлерінің еңбегі.

Э. Шакенова дала өзінің тұрғындары үшін орталығында адам болатын нақты әлем, даланы тұтастық ретінде қамтитын шеңбер түрінде көрінетінін атап өткен. Дүниені алып шеңбер ретінде қабылдау көшпенділердің эпикалық түсініктерінің негізінде жатыр [111, б. 83].

Ұлт жанашырларының көсемсөзінде осындай ұлттық танымға сай, қазақ үшін құнды концептілік ұғымдар жүйесі түзілген деп айтса болады. Атап айтсақ: Жер, атақоныс, ар-ождан, сана, жайлау, жылқы, дала. Осылардың ішінде біздің жеке тоқталғанымыз – «Дала » концептісі. Бұл қарапайым кеңге танымал, көпке ұғынықты сөз көсемсөзшілердің барлығында дерлік орнықты орын алған. Тіпті сол кездегі іс-қағаздардың рәсімделуіндегі атаулар – Дала өлкесі, Дала комиссары, Дала ережесі деген сөздер көптеп кездеседі. Одан ілгеріде «Дала биі».

Тағы бір жарқын мысал:

...Түн. Терезе қармен көмулі! Дала боран, жел дүрілдейді, ысқырады, ұлиды. Қараңғы үйде, Қуандығын бауырына басып, бүк түсіп Айша жатыр. Үйқы қашқан. Ауыр ой кернеп, оқта-санда күрсінеді. [165, б. 83]. Қаратоқалдың күйеуі Қожақұлдың «ортақ мүлікке» бола шу шығарған Айшаны «сот-потпен» қорқытқаннан кейінгі күй. Бұл Айшаның ғана күйі емес – Даланың, қазақтың күйі.

...Қала мен далаға құтырған қасқырлар тиді. Қасқыр тұмсығын тықпаған жер, таламаған ел қалмады. (Колчак әкімшілігі. Сәкен Сейфуллин)

...Терезеде отырып көк белес, көк далаға қарадым. Анау қазақты-ай, өгізге жеккен ырдуанмен тезек теріп жүрсе де , шіркін, бостандық артық екенсің! Мынау ана құшағын, ақ төсін ашқан кең даладан келеді-ау! [166, б. 83].

Бұл жердегі әрбір сөз концепт десек артық емес. Қазақтың даласыз өмір сүре алмайтынын, жан-тәнімен даланы аңсап тұратынын әрбір адам мойындайды. Қазақтың даласыз тынысы тарылады, өз-өзімен өше бастайды, сондықтан қазақ пен дала сөзі біртұтас ұғым, «дала» концептісінің басқа мағыналарын айтсақ – теңдік (табиғаттағы теңгерім); құқық, еркіндік, әділеттілік, тыныштық, ән-күй. Үлкенге де, кішіге де ұғынықты.

Ұлт жанашырларының тілінде концепт болған «Дала» сөзі синхрондық және диохрондық аспектіде көрінеді, яғни, дәл сол уақытта қалыптасқан мағынаны беріп тұрғандай болғанмен, оның өсу жылнамасы бар, «дала» сөзі

халықтың тарихымен бірге, елдің басынан кешкен оқиғаларымен бірге даму үстінде. Тірі организм сияқты келешегі бар сөз. Бұл концепттің қазақтың санасына тарихи түрде терең тамыр жайғаны, оны түбірімен «жұлып» өшіру мүмкін емес. Тіпті әріден айтсақ, дала соты, дала заңы, дала даналары, дала перзенті, дала сазы деген ұғымдар қазақтың ұлттық белгісі, қазақтың қалыптасу кезеңінен бітекайнасқан ұғым іспеттес. Сонымен қатар бұл концепт қалыптасқан дәуірінде жалпылама және идеалды сипат алған. «Дала» тұжырымы, концепті қазақ халқының мирасқа қалар ұғымы. Бұл жерде концептінің тек қана тарих қойнауында қалмайтыны, жасампаз екендігін айтқымыз келеді. Оған дәлел қазіргі «Ұлы дала елі» тұжырымы, бұл тек сөз емес, ол тұтас бір халықтың тіршілік-тынысы.

Берілген лингвокогнитивтік үлгінің құрылымдық схемасы кез келген этникалық қоғамдастықтың тілі мен мәдениетінің аражігін, олардың ішінара байланысы мен өзара тәуелділігін дәлелдейді. В.В.Маслованың пайымдауынша, «кез келген мәдениетте өзіндік кілтті сөздер баршылық (немістер болса, зейін, тәртіп, нақтылық). Сөздің концепт мәртебесіне жетуі оның мәдениет тарапынан кілтті болып, жалпы қолданыстағы жиілілігіне, фразеологизмдер, мақал мәтелдер құрамында болуына байланысты»[167, б. 56].

«Дала» сөзі қазақтың дәстүрлі рухани құндылықтарының көрсеткіші. Төмендегі мысалдарда өткенді елестетумен, қазақтың дүниетанымында «не құнды» деген сұраққа жауап берумен қатар, қазақтың далаға деген шексіз сүйіспеншілігін, кіндігінің қаны тамған даласының санада жағымды бейнелі сөз болып қалыптасқандығын көрсетеді. Мысалдардан байқағанымыздай, өткен ғасыр басында «дала» концептісінің тіршілігі де өзінің халқының тіршілігіндей болса, оның кейінгі заманауи қолданысы да сол қазақтың қазіргі салтанатынан хабар береді.

«Дала» концептінің символдануы мен фразеологизмдер, мақал мәтелдер құрамындағы қолданылуына назар аударайық. Символизация, яғни сөздегі коннотациялық мәндердің қалыптасуы, сөздегі ішкі форманың заттық және нысандық мазмұнына модальды бағамдық және құндылық компоненттерін қосудан шығады. Мысалы, *кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс, исі аңқып, бетім сүйген самал желім. Кіндік болып мал менен жанды өсірген, жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін* [168, б. 56].

Келесі мысалда «дала» сөзінің кеңістік мағынасының мезгілдік мағынаға ауысуы орын алғаны байқалады: *Даладай кең, ен дала. Қанша көп жерге иелік жасап, ен даланың алқабын меңгермей жүрген уақытта жалғыз малдың соңында жүрем деу – надандық. «Топырағы алтын» (Қазақ газеті).*

Концептінің даму үрдісі барысында мағына өзгеруінің келесі сатылық бағыттары анықталды: «бейненің метонимиялық концентрациясы» және «бейнелік ұғымдардың мағыналық концентрациясы». Олар «мағыналардың өзгеруі мен кірігуінің байқалатын шегін кеңейтеді»[169, б. 56].

Метафоризация:

Еркін Дала, Еркің қайда? Қазақша өлең: Ахмет Байтұрсынов.

«Оған құлақ салмай жұрт өз біліминше істесе, оған не істерміз? Қазақ пен мұжық бірігіп іс қылғанда, Колпаковский бұйрығы да далада қалған...» *(«Жер жалдау жайынан»).*

«... Сеңдей тоғытылған қара шекпенділерді жатырқап, үркердей үрпиген қазақтың даласы...» *(«Қазақтың тірі я өлі болу мәселесі»).*

Сартқа сіңген шала қазақпен сөйлессең, қазақ қаны көрініп тұрады, дала қазағын көргенде жиырылмайды *«Шала қазақ».*

«Қалаға араласқан дала мінез қазақтардың бұлардан қалысатыны көрінбейді. Шала қазақ жастары өнер-білімге ұмтылса теріс болмас еді *(«Шала қазақ»).*

Қазақ даласы малды, мал қазақты асырайды.*(Алаш қозғалысы)*

Ахметтің пәтері – кәдімгі дала. Мал өнген дала. *(С.Сейфуллин. Жемістер.)*

Дала аңы. Дала аңы құсап бір-бірінен үркіп қашып жүреді. *(«Алаш азаматтары»).*

Дала өртке кеулеп тұрғандай Ә. Бөкейханов (*Халық ұғымы).*

Далалықтар. Бірақ далалықтар қаладағы үйдің жайын білмейді. *(«Топырағы алтын»).*

Ол дала тіршілігіне, қыр елінің кейпіне өзінің шыққан тегі – кедейдің көзімен қарайды.

Фразеологизация:

Даладай болу. *Бұрыннан шөбін шауып, егінін егіп, малын оттатқан таныс мекенді көріп көңілі бұзылды ма, даладай көңілі аңырап сала берді. («Ат үстінде көрген түс»).*

Даладай қылу. *Менің жағымсыздығым болса, қылмыстылардан сезген ісімді жасырмастан әшкерелеп, әдемі беттерін даладай қылушы едім. («Жауапкершілік »). Өкше даладай болып қажалған екен, қаны да сорғалап, майы көрініп, ауыртып жүргізбейді.(Ж. Аймауытов)*

Далада қалу. *Завод тоқтаса, дала қаңғырып қалмақ қырғыз-қазақ («Дала аймағы »).*

Даладай ұзақ. *Жер шегі, шеті жоқ дала болмаса, әркімге күн көруге лайықты өлшеп берген шамалы ұлыс болса, жылсайын егін егу ісі не болады? («Тіршілік жайынан»).*

Даладай кәрі. *Ауызы даладай қартаң тартып қалса да, бозінгендей жаулығын кірлетпей, шаң жуытпайтын, мақтан сүйгіш, өзі кеппе кісі еді. (Жүсіпбек Аймауытов).*

Далаға кетпеу. *Кемшіліксіз бұйым болмайды. Сонда да істеген бұйымды керек қылатын адам табылса, еңбегіңнің далаға кетпегені. (*С.Сейфуллин. Жемістер).

Жазық дала. *Ағашты жерді – лесная, жазық жерді – переселенский участок деп бөлді. («Жерін алдырған қазақтар тіршілігі»).*

Мидай дала. Түрікпен облысында өздері бөліп алған жер мидай дала, күн көру мүмкін емес. (*«Жер хақында шыққан жаңа заң»).*

Ақтақыр дала. Осы күні қазаққа пайдасыз ақтақыр дала қалды. («Лепсі-Қапал»).

Даладан-далаға қашу. Орыстан қорыққаннан даладан далаға қашып, әйел-баласы шулаған, салым төлеген қазақ. («Ішкі хабарлар»).

Сары дала. Құдайдың сары даласы ғой, анда барсаң, рахат жасаймыз деген пікір туады. («Ел қамынан бір-екі ауыз сөз»).

Қиырсыз дала. Қиырсыз даланың құба жонымен жөңкілтіп келеміз. *(*С.Сейфуллин. «Түркістанға жүру»).

Сұр дала. Бетпақдала – Өліктей қуарған сұр дала. *(*С.Сейфуллин. «Бетпақдала»).

Жапан дала. Жалғыз жапан далада қалғандаймын. (С.Сейфуллин. «Ақиқат анасы шындық»).

Дала қымызы. (Таза, қуатты) Құрт ауруын дала қымызымен емдеу үшін қымызхана ашу керек. («5 мың десятина жер»).

Мұңды дала баласы. (Бүркеншік ат).

Ащы татыр дала. Жыланды болысының қазақтары ащы татыр далаға қыстау салып жатыр. («Ішкі хабарлар»).

Қыр дала. Біздің қыр даласындағы қызметтегі қазақтарға орысша тіл білмек керек. («Ғылым-білімнің қажет екені»). Тақыр жер.

Кестелі жібек төсегендей дала. Кестелі кілем төсегендей даланы кездім. *(*С.Сейфуллин. «Қазақ оқытушыларының педагогикалық советі»)

Ақ теңіздей дала. Айналасы, бүкіл төңірегі тесіксіз аппақ, жылмиған, ақ теңіздей дала *(*«Қашып шыққан соң» С.Сейфуллин.).

Сарыарқаның даласындай. Сарыарқаның даласындай бейғам, бұрынғы қалыппен жүре береді. (Ы.Алтынсарин).

Жайылған дастарханда дала. Көк биені ақырындау тебініп, Сарыарқаның жайылған дастарханда даласына қарай ұшырта жөнелді. *(*С.Сейфуллин. «Айша»).

Кең даламдай. Кең даламдай еркін көсіліп, құлан-киікше сайран етіп жүрген күндер болған. («Қала болу керек деушілердің пікірі»).

Иен дала. Ал орыс иен даланың ортасында әдемі үйлер салып, һәм бақшалар егеді екен. («Топырағы алтын»).

Айдала. Айдалада жүріп мал бағуды оқымай-ақ үйрендіңіз ғой, оқу-білімді де үйренесіз. («Бүркеншік ат «Қазақ»).

Ала жібек бүркенген дала.

Көк торғын дала. Алыстағы аспанда көкпенбек, алдымдағы дала да көк торғындай. *(*С.Сейфуллин. «Ташкент»). Терезеден аңырап көк белес, көк далаға қараймын. *(*С.Сейфуллин. «Ақмола түрмесінде»).

Далаға шашу. Атадан қалған дәулетті ішіп-жеп, далаға шашып бітіріп, сұрапыл ашаршылықта қайыр сұрап тентіреп кетер түрі бар. (Ы.Алтынсарин).

Еркін дала. Еркін далада көшіп жүрген ер қазақ («Қазақ даласындағы мектептер»).

Туып-өскен дала. Туып-өскен даламызға ғылымның қуаныш жарық сәулесі қашан келер екен. («Қазақ өздерінің балаларын қалай оқытады»).

Жалпақ даладай кеңпейіл. Ол енді осыншама жерде *өзінің ұшы-қиыры жоқ жалпақ даласындай кеңпейіл* қазақтығы кінәлі. (Мұңлы дала баласы).

Шөл дала. Шөл дала қаншама шығын! («Топырағы алтын»).

Жұтаған дала. Қожыраған күнтақа қоңыр саулық тәрізді жұтаған дала. *(*С.Сейфуллин. Баянауылға келу.)

Өлі даладай. Жақсы жер қара шекпенге кетті, қазаққа өлі даладай қыр даласы ғана қалды. («Қазақ халқы жайынан»).

Фразеологиялық бірліктердің синонимизациясы:

Даладай кең. Даладай кең жерге үйренген қазақ қиналысып, үйреніп кетіп жатыр. (Ы.Алтынсарин).

Шөл даладай. *Шөл даладай* қуарған жерде қазақтың жайы не болмақ? («Қазақ халқы жайынан»).

«Антропоцентристік беталыстар» /Телия В.Н./ идиомалар мен басқа фразеологиялық бірліктерде ерекше байқалатыны сөзсіз. Олар жағдаяттардың этникалық айрықшылығымен қатар, мәдени ұлттық дүниетанымдағы өнегелі үлгі, таптаурын және символдарды таңдауды білдіреді [158, 77-80-б.].

"Жас иісті кең далам, самалыңды бетіме бүріксе (С.Сейфуллин. «Ақмола түрмесінде»).

Қазақ даласы Алаш қайраткерлері отарлау саясатының ойранына айналған қазақ даласының мүшкіл жағдайының себебін айқара ашып көрсетті. («Өлі я тірі болу хақында»).

Лингвосемиотизация деңгейлері мен олардың тұлғалық және тілдік көріністері төмендегі кестеге жүйеленген (1-кесте).

1- кесте – «Дала» концептісінің лингвосемиотизациясы

Деңгей	Концепт тұлғасы	Концептінің вербалдануы – тілдегі көрінісі. Ит-құсқа жем болу – иен далада өлу, кіндік кесіп, кір жуған жер. Сөзі далаға кету – атқан оғы далаға кетпеу, далада қалу. Далаға айтты: сөзінің зая кетуі. Далаға тастады: қараусыз қалдыруы, қадірлемеуі. Даланың шаңына ілеспеді: маңайламай қалды. Даланы басына көтерді: қатты сөйледі, даурықты. (фразеологизмдер, мақал–мәтел)
еенотативтік	Бейнелік	ТУҒАН ЖЕР Ата мекен, кіндік кесіп, кір жуған жер; кіндік қаны тамған жер, қара орман. ТЫНЫШТЫҚ /сәті/ Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтату; құлаққа ұрған танадай, сілтідей тыну, тырс етпеу, шыбынның ұшқаны естіліп тұру. ҚАЛЫҢ Адам аяғы баспаған жер, (қашықтық), адам өтпес, аң өтпес жер, далада ат құлағы көрінбеу, ит тұмсығы батпайтын дала. АЛЫС ЖЕР /салыстырмалы қашықтық/ Айшылық жер, адам аяғы баспаған, жер мен көктің арасындай, жер мойны қашық, жер түбі, жеті дарияның ар жағы, жеті қабат жер асты, жеті қабат тау үсті, жеті қырдың асты, ит арқасы қиянда, ит жеккен жер, ит өлген жер, көз көрмес, құлақ естімес жер, қиыр шет, қиырдың қиыры, су аяғы құрдым, түйенің тұяғы /түскен/ түсетін жер. ЖАҚЫН ЖЕР /салыстырмалы ара қашықтық / Бөрік тастар жер, қадамдай, иек астындағы жер, қамшы баспас жер, қарғаның адымындай жер, қарыстай жер, қозы көгендер жер, қол созым, оқ жетер жер,таяқ тастам жер.
1	2	3

1-кестенің жалғасы		
1	2	3
Сигнификативтік	Ұғымдық	Дала – солт. және оңт.жартышарлардың ішкі континентальды ауд. таралған биома түрі. Дала – шөптесін өсімдіктер өскен жазық. Даланың табиғаты: ағаштың жоқтығы, шөптесін өсімдіктердің басым болуы, ал жануарлар әлемінде кемірушілердің көптігі. Дала – жайылым. Дала – Кең байтақ құла түз жазық өңір. Су жоқ шөл дала. Есік алды – тыс, шет, сырт. Жалғыз жапан далада қалғандаймын.(С.Сейфуллин. «Ақиқат анасы шындық»). Ауылқонған жер, қыр. Даланың қосы: науқан уақытындағы үйшік. Далалық пошта: әскери бөлімнің далаң жерде орналасқан поштасы.
Коннотативтік	Символдық	-Жер-Ана (даланың тамыры жұмсарды) -Отан, туған жер (*Даладан айрылу елдігімізге нұқсан» (Ә.Бөкейханов)*; -Аспан (*Көз жеткісіз шексіз-шетсіз дала (көгілдір аспан)*; Ән-күй; «..Құда түсер тойлары, қыз ойнағы, Көңілдің тарқататын қайғы, шерін...»(Айтыс. С. Торайғыров) Тарих: «Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық, Арасын қоныс қылдым ірге жайып. Елім, жерім, қорғайтын ерім болып, Ер жеттім ен далада лықа байып...» Қара орман; «...Қазақтың қара орман даласы үшін Ахаң сөз алды» Ж.Аймауытов

2- кесте

«Дала» концептімен берілген қазақ дүниетанымының кейбір өлшемдерінің ара-қатынасы («Айтыс» поэмасы негізінде)		
Дала–күрес	«...Көп жақсы **дала** болып қалсам надан **Далалық** тілегімше еркін жасап..» Байқашы, **далам,** сенде не сиық тұр? Қайнаған намыс үшін жүрек бар ма? Бұрқ еткен бір ауыздан тілек бар ма?	Қазақ дүниетанымының басты ерекшелігі – олардың еркіндік пен бостандық сүйгіштігі.
Дала–теңдік	Ерікті **ен даланың** құсынша ұшып, Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп. Ақ көйлек **дала адамы** аңқылдаған, Жүрегінен мейірімі сарқылмаған.	Қазақ арасында әлеуметтік тұрғыдан теңдік, әділеттілік, теңгерімдік қалыптасқан. М/ы, құлдық болмауы.
Дала-намыс,ерлік	«Қобыландыда» қазақтың кең заманы, Жат қорқатын жауынгер ер заманы. **Ен даланың е**ркесі ен байлықта, Береке, бірлігі бір тең заманы.	Қазақтың дүниетанымында байлыққа жетуден гөрі ар-намысты жоғары ұстау.
Дала – қазақ – алаш	**Сарыарқа, Сарыдала туған жерім.** Көк күмбездің астында көк масаты, Сәулемен алтынданған сары белім.	Қазақ халқы көптің мәселесін, мүддесін жеке мүдделеден гөрі жоғары ұстауы.
Дала – тіршілік	**Кең дала**, шаңсыз ауа, таза қоныс, Бәрі тоқ, бәрі де шат, жүзі жарық. **Қыбырлар дала жаққа көзін салсаң,** Төрт түліктен жүрместей аяқ алып.	Дала тіршілігі түрлі қиындықтарды бастан кешкізді. Ол – ерлікті, бірлікті, батырлықты қасиет етуді талап етті.
1	2	3

2-кестенің жалғасы		
1	2	3
Дала–жалған дүние	Суреттер **дала көркін,** еркіндігін, Ішінде өзі бірге есіп жеткен. Айтады әділдердің жетілгенін, Залымның қор болғанын қай ретпен.	Қазақ өмірді бағалап, өмірдің өткінші екендігін барлық ұстанымына арқау еткен. Риясыз көңіл, қайырымдылық, қонақжайлық.
Дала – ән-күй	**Ұжмақтай кең даланы** бір ұмытып. **Даламның қыз ұзатар**, қыз ойнағы, Сауығы, салтанаты ас-тойдағы. Сол тілменен ойнадым **далада еркін.** Сол тілімнен бірінші сыртқа шыққан, Өмірден **ен далада** ұққан көркім.	Дәстүрі той-думанға айналып, шешен, даналық сөздер өруі, әртүрлі сайыстарға қатысу, «сегіз қырлы, бір сырлы болу».
Дала-тәрбие	Жүру жоқ **сары даламның әдетінде,** Болу жоқ **күнде айырылып, күнде ғашық.** Қыз кезінде бұлғақтар баламын деп, Онан өтсе, ойлайды анамын деп.	Қазақ болмысындағы құндылық – ата-ананы, үлкендерді сыйлау. «Тәрбие басы – тал бесік» демекші, осы дүниетанымдар негізінде түзіліп, соның негізінде өріс алған.
Дала-мешіт	**Даламның қандай еді абыздары,** Диуана, ишан, қожа, ғазиздары. «Құдайға жақын жан» деп ұғылғаннан, Көп ауруға ем болған лебіздері.	Байлық іздеп, оны мансұқ етуден гөрі, тығыз байланыста болып, қолында барына – бар затты қанағат тұту да қазақ халқына тән қасиеттің бірі.
Дала-тыныштық Туған жер береке	Мың - мыңнан жылқы менен қой өсірген, Сар **далам сайраңдатып ел** көшірген. Кең қолтық, жуан етік мен қазақпын, Бәрі мол - кең шалқайып, кең көсілген.	Қазақ ен даланың төсінде дала даналықтарын қалыптастырған

Адам өз ойын сыртқа шығаруда тіл бірліктерін қолданады. Олардың бір-бірімен байланыса отырып сөйлеуді қалыптастыруда сөздердің тіркесуінің рөлі ерекше. Қорыта айтсақ, қазақ көсемсөзінде қазақтың дүниетанымын берер «дала» сөзінің концептілер жүйесінде орны бар. «Дала» концептінің көсемсөз жанрының тәрбиелік мәнін, зияткерлік және эмоционалдық тұрғыдан таптырмас көркем құрал екенін дәлелдейді. Бұл сөздің шешендік тәсілдерде, күнделікті полемикалық қолданыс пен ұстанымдарда өте мықты эмоционалдық күші бар, тұлғаның саналы және санадан тыс деңгейдегі қабылдауына тікелей әсері бар. Сонда тілдегі ұлттық тұжырымдарды бойына тоғыстырған концептілер оқырманға жан-жақты әсер етеді.

Төмендегі кестеге «дала» сөзімен тіркесіп тұрған сыңар сөздердің мағыналық және тұлғалық тұрғыдан үйлесуін қамтитын сипаттары қарастырылған:

3- кесте

Сөз тіркесі	**Тіркес сыңары**
Дала тіршілігінің талап-талғамына лайық (3-б.)	Тіршілік. 1. Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік. 2. Ауысп. Белгілі бір шаруа, кәсіп.
Елсіз далада Құлазыған қу дала Елсіз құла дүз Қу медиен дала	Елсіз. 1. Ел мекендемеген, адам тұрмайтын жер. 2. Ағайын-туғансыз, ел-жұртсыз. (С.Сейфуллин. «Баянауылға келу»).
Далаға көшті. *«Жер хақында шыққан жаңа заң».* Далаға қонады; Даланың ортасында; Даланы шарлап; Даладан тауып алып келіпті.	1) Дала – кең байтақ жазық жер өңір, құла дүз. Сусыз шөл дала. (185-б.) Дала зат. 1. Кең-байтақ жазық өңір... 2. Ауылды жер, қыр (антонимі – қала). 3. Шабындық, жайылымдық жер. 4. Белгілі бір жазық жердегі өлке, аймақ. 5. Ауысп. Қазақ жұрты, мекені, елі деген мағынада. 6. Ауысп. Киелі мекен, атажұрт.
Ен даланы Байтақ дала, Ен дала, Құлан жортпас қу дала, Мидай дала	Ен 1. Телегей-теңіз, көл-көсір, ағыл-тегіл мол. 2. Кең-байтақ, шетсіз-шексіз. Ен дала – құла түз, жапан дала. Ен жайлау – жазғы кең қоныс. Ен жайлады – емін-еркін билеп-төстеді, еркіндеді. *Ер жеттім ен далада лықа байып, Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен.*
Айдалада келе жатып	Айдала – елсіз дала, құла дүз.
1	2

3-кестенің жалғасы	
1	2
Кең дала Жазық дала	Кең – 1. Көлемді, аумақты, үлкен. 2. Қолқылдаған, мол, байтақ. 3. Ауысп. Ақпейіл, мейірбан, кішіпейіл. Кең-байтақ – шексіз, шетсіз, ұлан-байтақ. Жазық – кедір-бұдырсыз, жайдақ, теп-тегіс (жер)
Дала қазағы	Қазақ – 1. Қазақстан республикасының негізгі тұрғын халқы. Қазақ ері – екі қасы да иіліп келген жайлы ер. Қазақсың – қазақ деп білу, қазақ деп санау. Дала қазағы қала өркениетінен тысқары, ауылды жердің, қырдың қазағы
Жалпақ дала	Жалпақ
Сары далада	Сары – 1. мидай жазық; ә) сусыз, елсіз, қаңырап бос жатқан жер. Далаға шығып жер бауырлап жатып алды
Қу дала.	Қу – 1. Кеуіп кеткен, құрғақ // Әбден кеуіп кеткен, құрғақ. 2. Ауысп. Опасыз, баянсыз, жалған. Қу басы – бір өзі, қарақан басы. Қу дала (медиен, жапан) – елсіз, сусыз құла түз.
Қазақтың сары даласына	Сары 1. Піскен егіннің немесе апельсиннің түріндей түс. Сары (сар) дала поэт. – а) ұшы-қиыры жоқ, шетсіз-шексіз, кең дала, мидай жазық; ә) сусыз, елсіз, қаңырап бос жатқан жер.
Бетпақ далада	Бетпақ – елсіз, сусыз, құла дүз. Бетпақ дала – мидай сусыз, шөл дала.
Адырлы даламен	Адыр 1. Бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан белесті дөңес жер. 2. Ауысп. Тұрпайы, дөрекі.
Ұшы-қиырсыз шөл дала	Ұшы-қиырсыз сын. Шетсіз-шексіз, ұшы-қиыры жоқ. Шөл дала. Сусыз, құнарсыз дала.
Жапан далада	(461-б. Қазақ әдеби тіл сөздігі. 15 том. 5-ші том).
Көк шалғын, кең, жазық далада (225-б. Ғанижамал). Жазық дала *«Жер хақында шыққан жаңа заң».* Мидай далаға *«Жер хақында шыққан жаңа заң».* Ми дала	Кең дала – самарқау жатқан жазық, ұшы-қиыры жоқ тегіс жер. Желі бар бетке тиген жылы еспе. Күн жылы, аспан жарық онды кеште. Қарасаң бұл уақытта кең далаға, әртүрлі қиял келіп түсер еске. (С.Торайғыров, Алаш ұраны).).

Жоғарыдағы мысалдардан «ДАЛА» концепті қазақ жанына етене жақын, ыстық, ерекше таныс, қазақтың бар тірлігі жүріп жатқан тұтас дүние бейнесін көз алдына әкеледі. «Дала» концепті қаламгерлермен, өзінің кейіпкерлерімен біте қайнаған. Үнемі олардың көңіл-күйін, сезімін, толғанысын, өкпесін, ашуын дәл көрсете алады. Дала тек ән-күйдің, салтанаттың, кеңдіктің белгісі емес, сонымен қатар дала қайнаған тіршілік, қызу еңбек, тіпті ауыр еңбек. Кей-кейде сол дала тым алыс, бөтен немесе жақын қимасы. Сонымен қатар теңдік, еркіндік. Бұл қазақ менталитеті үшін өте маңызды фактор. «Дала» концепті еркіндіктің ішкі де, сыртқы көрсеткіші болып табылады. Сонмен қатар сағыныш, әсемдік, қиындық болып та кездеседі.

Қорыта айтқанда «Дала» концепті алашордашылардың ішкі толғанысының көрсеткіші. Елдің дүниетанымында көптеген концептілер мен мәдениеттің көрінісі-кеңістік, уақыт, тағдырлар, сенім, сезім, ерік, еркіндік, достық, күрес. «Дала» концептіне тұтасып келіп, сол уақыттың суретін көз алдымызға әкеледі.

Тіл және мәдениет әр қилы семиотика жүйесіне арналғанмен, екеуара өзіндік ұқсастықтары жоқ емес. Мәдени құндылықтар тіл тәрізді этностың дүниетанымдық және қоршаған орта бойынша қатынастың бейнесін береді. Екеуі аса күрделі байланыста болады. Осы күрделілік, біріншіден, тілдің мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатындығында болса, екіншіден, сол тіл арқылы мәдениеттің өзіндік көрініс табатындығында және бұған қоса, тіл өз алдына дербес жүйе түзейді. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын дәлелдейтін тағы бір жайт – дүниетаным, дәстүр және әдет-ғұрып тілдік белгілерде көрініс тауып, тілдік дүние бейнесін құрайды. Дүниенің тілді бейнесі белгілі түрде ұлттық қауымдастықтың теңдесі жоқ ғажап тарихи қоғамдық тәжірибесі, заттар мен құбылыстардың, процестердің, белгілі бір халықтың өмір сүру салты және мәдениетінің ерекшелігімен байланысты, оған деген айрықша қатынас ұлттық маңыздылығынан туындайтын ұлттық тілдік ерекшеліктері көрініс тапқан дүниенің айырықша бейнесін құрайды. Тіл бойында сөздің вербалдануының көптеген қырлары бар, сол арқылы концептінің тереңдігі мен мазмұнын аша аламыз. Оның ішінде:

- тікелей ұғымы;
- ауыспалы мағыналары;
- синонимдік қатары, эффемиздер;
- туынды сөз, түбірлес сөздер;
- тұрақты сөз тіркестері;
- мақал- мәтелдер, жаңылтпаштар;
- концептке байланысты афоризмдер, концепттің әр қырын ашушы қыры.

Сол ретте қазақ тіліне қатысты лингвомәдени құзіреттілік, мәдени коннотациялық, басқа да ішкі ұғымдар айқындала түседі. Десек те, этнолингвистика термин мен ұғымдық ақпараты біз айтқан болмаса ғылымда зерттеліп айтылып жүрген белгілермен шектелмейді. Ғылым саласы ізденісінің жемісі сол – зерттеу барысы бойынша тереңдей беруі де мүмкін, сондай-ақ келешекте теория жаңалықтарының болуын да баса айтқымыз келеді.

Жоғарыда айтқанымызды жүйелеп, мынадай қорытынды жасауға болады:

- Ұлттың концептілер ауқымын зерттеу сол ұлттың мәдениетін зерттеу болып табылады. Дүниенің ғылымға дейінгі қарапайым бейнесі «ғылыми» бейнесінен, яғни дүниенің объективті көрінісінен гөрі, этникалық тұрғыдан ерекше болып келеді; әр тіл өзінше болмысты бейнелейді;

- Тіл иеленуші дүниесінің қалыптасқан бейнесінің ерекшелігі тілдегі семантикалық ұғым мен концептілер жүйесі арқылы беріледі, мысалы, табиғатқа байланысы, жаратқанға, еліне, ортасына қатысты болады;

- Концептуализация үрдісі бейненің метонимиялық концентрациясы, бейнелік ұғымдардың мағыналық концентрациясы арқылы жүзеге асырылып, мағыналас қатарлардағы бірліктердің кеңеюін – синонимизацияны және сол бірліктердің сатылық (вертикаль) өзгеруін – метафоризация, фразеологизацияны қамтиды; онымен біз қазаққа «Дала» концептінің жақын екенін сараптадық. Бұнда концепт адамдық кейіпті бойына жинаған, «дала» адам сияқты, тағдырлас, ол тынысы бар тіршілік, көнбіс сияқты, кейде күрескер, осынысымен ол күрескерлер өмірінде, көсемсөзінде ерекше орын алған;

Тілдегі бірліктердің (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін, күрделі синтаксистік тұтас құрылым) бір-бірімен тіркесуі олардың семантикалық және құрылымдық тіркесімділігінің жекеленген қасиеттеріне байланысты. Тілдік бірліктердің тіркесімділік қабілеттілігін зерттеу біздің «дала» концептін қабылдау көрінісін береді. М/ы, Кең дала, көк майса дала, сары дала, сары, алтын түс бұл байлықтың, барлықтың, қайнаған қуаттың белгісі. Дала – бұл еркіндікке тұнған өмір, бұл – әрдайымдағы қозғалыс, жол, ол күннен қуат алған өмір тудырушы құдірет, құнарлы, өнімді жер, бұндай жердің адамы да бақытты. Бұл тұста қаламгерлердің еліне, туған даласына мақтаныш сезімі, ұлтжандылығы анық сезіледі.

Ал ХХ ғасыр басында «Дала» концепті сағынышқа толы, үрейге толы, дұдамалдылыққа да бой алдырған. Көбінесе үмітті, сенімді. Ғасыр басында «дала» – тозған, қу дала, ми дала, қуарған дала, аңыраған дала, тапталған дала боп жалғаса береді. Әрине, бұл еркіндіктің шектелгенінің белгісі, үңіле оқысақ, қаламгерлердің танымын тани білсек, бұл ХХ ғасыр басының ерекшелігінің белгісі. «Дала» концептісіне олар даланың еркін саңлағы ретінде қарайды. Олар сол еркіндіктің тарылуымен, еркін ойлаудың шектелуімен (цензура), шығармашылықпен айналысу, өзіндік ерікті пікіріңді айту, көз алдында болып жатқанға өзіндік көзқарасыңды білдіру мүмкіндіктері шектелгендіктері осы «дала» концептісі арқылы танылады. Қамаудағы көңіл-күй. Далаға терезеден қарау. Аңсау, сағыну, арпалысу.

ХХ ғасыр басындағы көсемсөздік шығармашылықты зерделей отырып, қаламгерлердің саяси бақылау, аңду, айдап салу, түрмеге салу сияқты тағалы тегеурін көре жүре, ұлтының мүддесін әс көтерулері, өмірге деген, ұлтына шексіз сүйіспеншілікті, рухани және адами бейнелерін сақтап қалу, ұлттық құндылыққа берік болулары бүгінгі қазақ қоғамының азаматтарына үлгі боларлық. Сонымен қатар, талап тастауға дайын, талан-таражға түсіруге дайын сол заманда олар соңынан үлкен мұра тастады, мақсаттарына жетті, өздерін тани алды, өзгеге таныта алды. Шынайы талант, дара тұлға мәңгі өлмеске

жаратылады. Бұл тұлғалар, мұралар кейінгі ұрпаққа жарқын бейне, адастырмас бағдар. Алыптарды толғандырған мәселелер әлі де өзекті. Әр тұлғаны ұрпақ өз деңгейінде, өз заманының талабымен таниды. Біз, бақытымызға орай, тарихтың тартысты толайым тұстары мен кесірлі кезеңдерін егжей-тегжейлі зерттей алатын заманда тұрмыз, айтарымызды ірікпей айту мүмкіндігі бар бізде. Бұл – Тәуелсіздік жемісі. Биыл Алаш қозғалысына – 100 жыл. Қазір біздің даламыз – еркін дала, ерікті дала. Ұлы дала. Ұлы даланың ұланы Алаштықтардың арман еткен Тәуелсіздігін тұғырлы етсін.

3 ДАЛА» КОНЦЕПТІНІҢ “ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ” ҰҒЫМЫНА ҰЛАСУЫ: ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

3.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасының (“Туған жер”) «Дала» концептісімен сабақтастығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы қаңтар айындағы Қазақстан халқына Жолдауында жас ұрпаққа жаңаша тәлім-тәрбие беру мәселелеріне арналған «Ұлттық дүниетаным» бағдарламасы ұсынылған болатын. Бағдарламада бүгінгі өскелең ұрпақтың өз туған халқының әдет-ғұрыптары мен салт-санасын игеріп, ана тілін жетік білудің маңызы зор екендігі айқындалды. Осы ретте қазақ халқының ата-бабалардан қазіргі заманға дейін жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа тараған халық даналығының сарқылмас байлығын меңгеру мемлекет тарапынан атқарылатын игілікті істердің бірі деп танылды.

Халқымыздың тарихындағы ұлттық ұғымдарды қалыптастыруда «Ұлттық дүниетаным» бағдарламасының алатын орны ерекше. Кешегі тоталитарлық саясаттың әсерінен ұлттық болмыс ұғымдары, әсіресе ұлтымыздың дүниетанымдық құндылықтары ұмыт бола бастады. Осыған байланысты ұлттық білімді насихаттайтын этнологиялық жүйені дамытуды балабақшадан, отбасынан, бастауыштан бастау қажеттігі туындайды[118].

Этнология (грек. ethов– халық, тайпа, 1ogos – ғылым мен ілім деген сөз) – қоғам ғылымдарының тайпа мен халықты зерттеу саласы. Бұл салада көнеден келген этнос топтарының тегін, тарихилық, мәдениеттік ерекшеліктеріне тоқталып, ғылым сүзгісімен негізге алады[108].

Этнология термині шетелдік тарихнамада кеңінен қолданылды да, кеңестік кезеңде пәндер қатарынан орын алмады. Этнология мен этнография бірдей ұғым деп есептелді. КСРО тарағаннан кейін ғана этнология термині мен этнографияның айырмашылығы айқын көрінді. Этнология атауы этнос терминіне қарай өзгеріске ұшырады. Сол кезеңнің ғылыми еңбектерінде «халық» деген мағынамен анықталады. Бұл ұғым неміс этнологі А.Бастиан, орыстың ғалымы С.М. Широкогоровпен ғылыми анықтамасы зерттелген. Кеңестік ғылымда этнология дербес ғылым статусын иеленбеген соң бұл термин мүлдем қолданылмаған. Кейін 1960-70 жылдары кеңес зерттеушілері Токарев С.А., Бромлей Ю.В., Гумилев Л.Н., т.б. ықпалымен «этнос» түсінігінің ғылыми мағынасы мен қолданыс орны белгіленді. Қазақстанда этнологиялық ізденістердің дамуы ежелгі дәуірлерден бастау алған. Этнологиялық материалдардың бастаулары сонау темір дәуірінен бері жинақталды. Қазақтар туралы этнологиялық деректерді алғаш патшалық Ресейдің орыс шенеуніктері жинастырды.

XX ғасырдың I жартысында зерттеу жұмысына П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.П.Фальк, И.Г.Андреев, А.Левшин сынды орыс зерттеушілері мен Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Бабажанов, Ә.Диваев, Шәкерім т.б. зор үлес қосты.

XX ғасырдың 20-жылдарының соңында Ә.Х. Марғұлан мен С.И. Руденко бастаған ғылыми экспедиция құрылды. Экспедицияға қатысушылар «Қазақтар» атауымен бірнеше жинақ бастырды. Казақстан ҒА құрамында 1946 жылы «*Тарих пен этнология институты»* ашылып, ел арасында дерек көздер жинастырылып,

ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Қазақ халқын этнологиялық тұрғыда зерттеу тарихын Е.Масанов, ру-тайпалық құрамын В.Востров, М. Мұқанов, ұлттық киімдерді И.Захарова, Р.Ходжаева, Ө.Жәнібеков, ұлттық қолөнерді С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, сәулет өнерін Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков сияқты ғалымдар жүргізді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін этнологиялық зерттеулер қайтадан қарастырылып, тарихи шындық тұрғысынан ашыла бастады. Танымал ғылым ошақтары өркен жайып, бірнеше зерттеуші Ж.Артықбаев, С.Әжіғали, Ә.Төлеубаев сынды ғалымдар этнологиялық мәселелердің «ақтаңдақ» тұстарын қайта зерделеді. Әсіресе моңғолиялық қазақтардың тұрмысы мен кәсібін тұтас зерттеген этнолог ғалым Б.Кәмәлашұлының еңбегі өлшеусіз болды. Қазір зерттеулері «Мәдени мұра» бағдарламасының негізіне ұластырылып, елдің рухани және мәдени жетістіктеріне зор үлесін қосты.

Тәуелсіз Қазақстан жаһанданудың үдерісі бойынша оқыту, білім беру саласында түбегейлі реформалау міндеттерін қойып отыр. Әлемдік өркениетке ену жағдайында ұлттық мәдени- рухани мұраны жаңғырту мүмкіндіктерін толық жүзеге асыру қажеттілігі және мүмкіндігі туындап, оқыту мен тәрбиелеу жүйесін халықтың ұлттық ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін қарастыру көзделуде. Жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеген білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күшейе түсуде. Бұл мәселе күнделікті БАҚ-да қызу талқыланып, ел арасында әртүрлі пікір қалыптастырып отырғанына куәміз. Сол талаптардың бірі – жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда елеулі ықпал жасайтын білім мазмұнын жетілдіру. Білім – дүниетанудың кәусар бұлағы. Ол неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып, тұрақтана түседі.

Адам санасын дағдарысқа ұрындыратын құбылыстың бірі рухани мәдениеттің бедерсізденуі болып табылады. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымының өзіндік қайнар көздері мен түп-тамырларын елемеуге әкеліп соқтырып отырған мына үдерістерге жаңарған ұлттық сана тұрғысынан сүзгі керек. Бүгінде қазақ халқының бай рухани әлемімен және ұлттық психологиясымен түйіскенде түрлі қайшылықтарға толы мәселелер туындап отырғанын күнделікті қоғам тіршілігінен жиі байқаймыз. Сырт көзге елеусіз күнделікті қарекеттер халықтың тіршілік әлемінен, тәрбиеленген ортасынан бөлек тұрғандықтан, өзінің дүниетаным маңыздылығын, әлеуметтік құндылығын жоғалта бастаған. Жас ұрпаққа білім беруде ізденіс керегі құптарлық нәрсе, себебі бұл үрдіс қатып қалған қағидаттардан құралмайды. Әдіснамалық тұрғыдан да әлсіздікке ұшырамауды ойлаған жөн, сөйтсе де адамның өзгеруі, өзінің ұлт тарихынан, халықтық педагогикасынан жаттануы, тіпті адамның өз мәнін, тарихы мен мәдениетін, тілі мен дінін жатсынуына әкеп соқтыратын қадамдардан абай болған жөн.

Әрбір адам, мейлі қай ұлт болса да, өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасап алуы керек. Бүгінгі таңда әр қазақ өзінің төлтума бітімін, ұлттық болмысын, ұлттық ойлау машығын, ең ақыры ұлттық кейпін сақтап қалуы бәрінен де маңызды болып отыр. Сонда ғана біз жаһандану деген аждаһаға жұтылып кету қаупінен құтыламыз. Ұлтын сүйетін,

өзінің қазақ екенін мақтаныш санайтын ұрпақ тәрбиелеп, қоғамды осы бағытта ойлантып, ана тілі мен дінін, дәстүрлі мәдениетін сақтап қана қоймай, оны одан әрі дамыту жолында күресуге міндетті ете білуіміз үлкен ізденісті, қай салада болса да жаңашылдықпен орайластыра отырып кадам жасауға жөн сілтейді. «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деген екен қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай. Сондықтан да ұлттық дүниетанымды қалыптастыру арқылы біз ұлтжанды, елжанды ұрпақ тәрбиелей аламыз.

ХХ ғасыр басында алаштың арда ұлы Ж.Аймауытов білімнің негізі туған тілімен меңгерілетінін жазып «Ана тілін жақсы меңгере алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жаралғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» [170, 50 б.]– деп, оның әлеуметтік-қоғамдық рөлін, оны жан-жақты және терең меңгеру қажеттілігін баса көрсетеді. Ал М.Жұмабаев «Бір ұлт тілі сол ұлттың жерінің, тарихының, тұрмысының, мінезінің жүгін көрсетіп тұрады… Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» [171, б. 10],–дегенді айтса, Х.Досмухамедов тіл мен сөйлеу-мәдениетіндегі адам психологиясы ерекшелігін сөз етіп «Тілінен айырылған жұрт жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілі көркейіп, гүлденеді. Ал мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды. Өз тілін білмей тұрып, жат елге еліктеу қате»[172, б. 75]. Кейіннен оның ұлт, ұлтының тілі мен мәдениетін қастерлейтін шынайы азаматтығын байқап қана қоймай, оның айтқанының маңызы бөлектігін айтқымыз келеді. Сонымен қатар адамның жан қуатын күшейтіп, адамның дүниетанымдық қырын тәрбиелеудегі тарих пәнінің ықпал-әсерін атай отырып «Тарихты оқыту арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызу керек» [173, б. 29].

Сондықтан қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында халқымыздың рухани мұрасына сәйкес балаға білім беру тетіктерін әлеуметтік жаттану процессін оң шешу жолы мен ерекшелігін анықтау үшін бағытталуы тиісті. Бұл біздің ұлттық болмысымызға сай қазақ әдіснамасымен қаруландыруды қажет етеді. Бұл ретте қазақтың ұлттық рухы, менталитеті мен тәрбие ерекшеліктерінің қалыптасуын, даму тарихын тұжырымдай отырып, әлемдік мәдениеттің жетістіктерін өз бойына жинақтап, жалпыадамзаттық тәрбие тәжірибесіне жол ашылуы тиіс. Ж.Аймауытов осыдан бір ғасыр бұрын айтса да, әлі мән-мазмұнын жоғалтпаған мына ойына тоқталғымыз келеді. Ол «қандай тарихтың түрін оқытуды алғаш қолға алу керек?» деген мақаласында «Балалардың өздеріне күнделікті өмірден жақсы таныс өз жұртының тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігіне байланысты тарихты оқытудан бастаған жөн алдымен, басқа жұрттың тарихқа керек жерлерін ғана алу керек» [170, б. 102]. Міне, осындай тұжырымды ой айтылады. Ж.Аймауытов осы еңбегінде балаларды оқытуда туған өлкенің жағрафиясын оның тарихымен байланыстыра қарастыруды ұсынады. Өйткені, адам, табиғат, қоғам – біртұтас дүние. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және оларды үнемі бірлікте дамитынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып, түсінуі жолға қойылғаны жөн. Расында да, автордың сөзінің жаны бар, себебі

қазақ халқы табиғат құбылыстарына, неғұрлым табиғат сырына бойлап, танысып, табиғатпен етене араласып жақындасқан сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білді. Олар табиғатпен тіл табысу арқылы қалыпты өмір сүруге болатынын тәлім-тәжірибе деңгейінде таниды. Сол себепті, көшпелілер үшін тау мен тас, өзендер мен көлдер, дала, орман, табиғат құбылыстары, қоршаған орта тіпте аспан денесіне дейін «тұлғаланған», «кейіпке енген» не «жанданған», қалыпта қабылданады.

Білім алушылардың әртүрлі оқу әрекеттері нәтижесінде олар дүниені біртұтас бірлікте сезініп, қабылдау арқылы санасында білім қоры жиналып, ой-өрісі кеңейеді. Ж.Аймауытов ерте замандағы «половец», «кеченет» тәрізді көшпелі жұрттың шаруашылығын қазақ халқының ертедегі тарихымен байланыстыра жүргізуді қуаттайды. Көшпелілердің салт-санасы мен әдет-ғұрпы, шаруашылық кәсібінің жағдайы мен мәдениетінен мәлімет беру үшін 4-сынып бойынша әдебиет, тарих, жағрафия біріктіріліп, яғни, интеграциялау жүйесімен «Біздің Отан» оқулығымен оқыту қажет деп пікір білдірді.

ХХ ғасыр басындағы «Дүниетаным», «таным», «қазақ дүниетанымы» саласында көптеген құнды ой-пікірлер мен көзқарастар қалдырған қазақ ғылымының алғашқы қарлығаштары, алаш қозғалысы қайраткерлері, ғалымдардың қазақ даласында «Маса» боп ызыңдап, «бозторғай» боп шырылдауы, халқының қамын ойлап қарымды қадамдарға баруының бірден-бір үлкен себебі – еліне білім сәулесін төгу, сол алып ағартушылық ағыста ұлтының ұлттығын жоғалтып алмау болды. Іргесі нығайып, терезесі өзгелермен тең болудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Бұл қай уақытта да маңызын жоймас қағидат екені рас, себебі кемел білім болмай, елдіктің еңсесі еркін болмайтыны ақиқат.

Ж.Аймауытов адамның мәдени тарихында өнер саласының ерекше орын алуына, өнер болмай қоғам дамымайтынына, руханияттың, мәдениет дамуының өркен жаймайтынына тоқтала келе, қазақ мектебінде кескіндеме пен әуездік (ән) пәнін үйрету керектігіне, әр бала өнерге ұмтылып, өнерпаз болу қабілеті мен мүмкіндігін тәрбиелеу маңыздылығын басып сөз еткен.

Еліміз тәуелсіздік алып, жеке өзі мәдениеті мен тарихына мән беріп, жаңғыру жасап жатқанмен, күні бүгінге дейін Қазақстанда батысшылдық ықпалы шыға басым екендігін жасыру мүмкін емес. Ұлт болашағына алаңдаулы ғалымдар осы мәселені жан айқайымен көтеріп жүрсе де, әлі шешімін таппай отырған мәселелер көп, соның ішінде қазақы дүниетанымға тұсау болған мәселелер қордалануда. «Айрықша мән беретін мәселенің бірі – қазіргі еуропалықтардың мінез-құлқы мен рухани болмысына еліктеу мен солықтау жағынан біздің қазақ жастары бәйгенің алдын берер емес. Әсіресе, ұлы Абай «Арсыз болмай мал қайда, айлакер болмай бақ қайда?» – деп таңбалап айтқанындай, қазаққа қастары қоғам байлығын «заңды жолмен» талап алып, бойына сіңіріп қалу үшін азаматтық қоғам деген модельге бас ұрып, насихаттап жатуы жай емес» [173, б. 11]. Танымы ұлтсызданған тоғышар пиғылдағы кейбір саяси биліктегілердің мүддесі жақын тұрғандай сезіледі. Біздегі ұлтсыздану қаупіне көнбіс тобыр ғана көнеді. Қазақ әйелі арасынан тұңғыш әлеумет ісіне белсене кіріскен мұғалім, әрі педагог-ғалым, әрі журналист Нәзипа

Құлжановнаға жүгінсек, оның «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу», «Ана мен бала» атты еңбектері бар. Еңбекке алғы сөз жазған атақты ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов. [174.].

Автор мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұн-мақсатын баяндап, бала қимылына , сезім мүшелері мен сөйлеуге, ойлауға, ерік-жігеріне жетілдірудің жолдары маңыздылығын сөз етеді. Бала ойыны оның қалыптасуының қайнар көздерін айтады. Жас бала өсіп-жетілу үшін дүниетанымы қалыптасуына табиғат әсері ерекшелігін тоқтала қозғап, суға түсу, жүгіру, құстың дыбысына елігу, көбелек қуу, шыбын-шіркей және құрт-құмырсқаны зерттеп, олармен бірге шалғын, тоғай арасында сайрандап, көңілі, жан-тәні бірге дамып, өспек» [174, 85б.]. Яғни, баланың болмысына туған елі, тұрған мекені, қазақтың дүниетанымына қазақ даласының әсер ететінін айтқан.

Осы орайда автор қазақ баласының қазақ даласындағы әрбір құбылысқа төселіп өсуі үшін, еліктегішт, айналаға құмарлану қасиеттерін жетілдірумен тәрбиелеу үшін баса көңіл аудару керектігін атап көрсетеді.

Әлбетте, бұл пікірлермен толығымен келіспеске болмайды. Өйткені, қоршаған заттар мен құбылыстар жайында білім алып, оны нақты қабылдау барысында оқушы жетіледі. Алдымен затты не құбылысты көру әрекеті арқылы түрі, түсі, пішінін, көлемін анықтайды, танысады, ұстап көру арқылы оның қатты-жұмсақтығын және басқа да сапасын айқындайды, бақылау негізінде ой қорытып, заттардың айырмашылығы мен ұқсастығын табады. Міне, осындай түрлі таным әрекеттері нәтижесінде қазақ баласы өзінің даласын барлық оның кереметімен бірге қабылдайды және олардың ғылыми ұғымының негізі қаланады. Осы пікірмен үндесіп жатқан Жүсіпбек Аймауытовтың тәрбиемен байланысты жазған мақалаларына тоқталайық. 1922 жылы жеке кітап боп басылған «Тәрбие жетекшісі» еңбегі ерекше атауға тұрарлық. Онда «...Адам ақыл-қайратының, мінезінің әр түрлі болатыны – тәрбиенің түрлілігінен. Адам баласының ұрлық істеп, өтірік айтып, кісі тонап, өлтіруге баруы сияқты жамандықтары тәрбие аздығынан» [175, б. 153]. Отбасының рөлі бала тәрбиесінде ерекше зор екендігіне ерекше тоқталып, «Баланы бұзу да немесе түзету де – жас күнінде көргенінен, өнегесінен, ата-ана берген тәрбиесінен болады, ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі дегендей, бала болмысын қалыптастыруда отбасы мүшелері тікелей жауапты. Ол өнегелі үйелменнен де бұзық мінез бала шығып немесе тәрбие нашар берілетін отбасы мүшесі де тәрбие мен өнегесі тұнған бала болуы мүмкіндігін қозғайды, оған өскен орта, замандастары, жолдас-жоралары, жүрген ортаның әсерінен, еліктей жүріп тәрбиеленетінін дәлел етеді.

Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесінде туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыда көрсете білген. «Ойын-сауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді. Жастайынан кемдік, жоқшылық, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады» – дей келе қоғами сана мен әдеттің тәрбиелеуге тигізер ықпалын айтады.

Тәлімгер-ғалымның бала тәрбиесінде туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің елеулі дәрежеде ықпал ететіні қазір ғылыми дәлелденген қағида.

Мәселен, қазіргі кезде сөздік қорында «хиджаб» деген сөз жоқ. Сондықтан да қазақ «хиджаб» атаулы киім үлгісіне де тосырқауы, оғаш қарауына негіз бар. Ашық ақпараттық кеңістік пен ашық шекара саясатының салдарынан болған бір іркіліс, ең күрделісі де дінімізге қатысты болып тұр.

Дін мәселесін еңбектерінде жіті қарастырып жүрген Филология ғылымдарының докторы, Уалихан Қалижан өз кезегінде былай дейді: «Әрбір қазақстандық азамат өзі сенген, мемлекет мүддесіне қайшы келмейтін дінді ұстануға құқылы» [176] Басып айтқаны мемлекет мүддесіне қайшы келмеуін, сонымен қатар ұлттың ұстанған діни салтынан айнымауға шақырады. Ал ойндай мәселелер қазір өте қызу талқыланып жүр. Соның бірі – хиджаб. Бұл да қазақтың дүниетанымы жеткілікті дәрежеде оқытылмай, жеткізілмей отырғанының салдары. Қазақтың танымы мен талғамына, дала табиғатына сай қысқы, жазғы ұлттық киімнің де өзіндік ерекшеліктері болған. Қазақ қашанда әйелдер мен қыздарға қолапайсыз кең көйлек кигізбеген. Өйткені, бұл әйел затының сәніне сын және тұрмысына қолайсыз. Ыстығы мен суығы аралас далалық табиғатқа байланысты, әсемдікті айшықтай білген. Қазақ талғамында әйелдер жинақылау көйлек пен қынала тігілген камзол лайық деп танығаң. Қыз баланың қос өрім шашының өзі қазақ қызын болашақ отбасылық өмірге бағыттап, жалғыз емес, қосағымен салтанат құруын меңзеген. «Қыздың көркі – шаш» деген ұғымдағы қазақтың қызы бұрым өріп, жасырмай шолпымен, шашбаумен сәндеген. Қазақ орамалға қарсы емес. Бойжеткен қыз қызыл орамал тағып, үкілі тақия, құндыз бөрікпен жүрген, жалаңбас жүрмеген. Келіншек атанған соң қыздар ақжаулығын тастамай, кимешегін, күндігін сәндеп салған.

Хиджаб киген қыздардың мінез-құлқы, пайымдау ерекшелігі, өмір сүру мәнері де, яғни дүниетаным өзгеріп жатқанын БАҚ арқылы да, күнделікті өмірде де көріп жүрміз. Өкініштісі, Алланың парызымен өмір салтына ата-бабамыздың дәстүрін негізге алып, қазақы үрдіспен орамал таққандары некен-саяқ. Бұл алаңдарлық мәселе, себебі бұндайда тек дін үйретілмейді, бөгденің тілі де, мәдениеті де сіңіріледі. Ақ пен қараны айыратын дәрежеге жетпей, отбасы, мектеп қабырғасында қазақы таным-түсінігі қалыптаспаған жастар дінді кімнен үйренсе, соның мәдениетін озық, дәстүрін кемел деп таниды. Басқаның ділін, тілін мансұқтап жүргенін күнделікті көріп жүрміз. Дін дәстүрсіз таралмайды, оны таратушы сөзсіз өз дәстүріне бейімдейді. Өзгеден тәлім алып жүріп, өзін сақтап қалу екінің бірінің қолынан келе бермейді, оның үшінде көзқарасы қалыптаспаған жас буын үшін өте қиын. Олар үшін қазақта «кешіріңіз» деген сөз жоқтай, «хакымызды халал ет» кешірім өтінеді, қазақтың «бәрекелді!» дейтінін әлдеқашан ұмытқан, олар үшін «машаллахтан» басқа сүйініш сөзі жоқ. Өмірдегі күйініш, сүйініші, яғни, танымы жаттанған қандастар қазақ үшін қайта орала ма екен? Үлкенге сәлем салуды Аллаға серік қосу деп ұғатын, қазақтың дәстүрін күпірліктің көрінісі санайтын келіндер де - сол «хиджабтағылар» Бұл – ұлттың мәдениетінене тосқауыл. Ұлтымыздың таңғажайып ән-күйі де, әуен өнерін сөйлеткен музыкалық аспап та шайтаннан басқа ештеңе емес деп ұғыну бар бұларда. Қазақтың тәрбиелік мәнге толы ырым-тыйымдары мен тағылымға тұнған зиярат әдебін білмейтін жас та, жасамыс та көп. Қазақтар ешбіреуден де дін үйренетіндей мүшкіл емес. Қазаққа ата-баба ұстанған жолмен жалғастыру

қажет. Өзгеге өнеге боларлық тағылым тұнған тарих, ғибратқа толы дәстүр, хикметі мол діліміз тұрғанда, сананы сан тарап қылған әртүрлі ағымдардың жетегінде жүргізбес үшін, елдігімізге сын болмайтын реформаларды жасау қажет.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, бізге дала танымының ықпалымен қалыптасқан ұлттың өзіне тиіселі тарих жолын, тәрбиелік бағытта қалыптасқан, іске асқан өзіндік ерекшеліктерін зерттейді. Сол жолда дін ілімдерінде, халық шығармаларында, отбасылық өмірінде, тұрмыс тіршілікте, салт- дәстүрде бекіген ұлтымыздың бала тәрбиелеуі мен үйретуі (оқытуы) жөнінде білім-білігін, халық даналығы мен жеке адамдық әлеуметті, тарихи, мәдени тұрғыдан қалыптасуға ықпал етер көзқарастармен, яғни, тәрбиелеу барысындағы қалыпқа түскен педагогика қағида-ережелерін, заңдылық принципін, құралын, әдіс-тәсілі мен амалын, жолын жинақтап жүйелейді деп түйіндеуімізге себепші болды.

«Қазіргі уақытта бөтендік қалыптан шыға алмау Қазақстанда барлық қоғамдық мәселелерде анық байқалады. Ал, «түрік халықтарының көшпелі болмысы өзіне сай қайталанбас ерекшелігі бар өркениетті тудырды. Біздің халықтық танымымыз осы өркениет негізінде жасалып, ғасырлар бойы қолданыста толысты...» [177, б. 217]. Ұлт жанашыры М. Жұмабаев тәрбие мақсатын былайша айқындап беріп еді. Оның өз халқы тәлім-тәрбиелік жөнінен айтқан бай мұрасы игерілу керектігі жөнінен бағытмен бағдары да көңілге қонымды. «Ұлттың тәрбие жүйесі бұрыннан сыналған белгілі тақтақ жолы бар болғаны себепті, әрбір тәрбиелеуші, сөзсіз, ұлттың талайғы тәрбиелеу жүйесін жете меңгерген болуы керек және сол ұлттың тәрбие ұстанымы арқылы тәрбие беруге тиісті»178, б.16]. Мағжан қлттық тәрбиені негізге алу керектігін айтқанмен оған да сыни көзбен сүзіп, тозығын озығынан айыруға насихаттайды. «Кигіз үй зиянсыздығы өз алдына, пайдалы жағы да көп. Бастысы, сол кигіз үйде баланың жағдайын жасай білуде. Саф ауа сол кигіз үйде болмағанда ше? Ал сәбиге таза ауа әрқашан пайдалы. Мал бағып жүріп баласын өсірген қазақ үшін баласының тым нәзік болуы, үлбіретe тәрбиелемегені дұрыс. Қазақ баласы қазақ тұрмысы бойынша тәрбиеленгені абзал» дейді. Яғни, баланы жасынан шыңдап, өмірдің қыр-сырын үйрету қажеттігін айтады. Және де «Қазақтың бесігі – аса ұқыптылықпен жасалған нәрсе. Жөргегі, бесік баулары, астыңғы ойығы, шүмегі, түбегімен баланы таза, жинақы етуге себеп» деп, қазақ бесігінің құрылымын жетілдіре түсуді (бауларын тым жалпақ етпеу және аса тартпау) ұсынады, Ал А. Байтұрсынов білім берудің білімі мен таным жағы өз алдына, сонымен тең түрде тәлімгер қызметін де аса меңгеруге шақырады. Әр оқылар тақырыптың білім берумен қатар, тәрбиелеу қағидатын қарастыруын талапқа қойды. Бірінің ойын бірі жалғаған алаш зиялылары осылай үндесе отыра халқына қызмет етіп, ұлттығын жоғалпау жолында көптеген еңбектер жазды. Тарих бойынша, әдебиет пен тіл білімі ғылымдарыда елеулі ғылымға пайдалы еңбектер бар Х.Досмұхамедов: «Қазақ халық әдебиеті», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингормонизм заңы», «Шатай қозғалысы туралы», «Кенесары-Наурызbай», [179, б. 58]. еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің тәлімдік жағына баса көңіл бөлген. Қазақ ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда тұңғыш классификация жасаған. Ұлттық өнер туындыларына, әсіресе айтыс өнеріне, қазақта бар барымта,

аламандық жөнінде ұтқыр ой айтқан. Ұлт тұрмысы мен тіршілігіне, кәсіпкерлік мәселелеріне де аса мән берген. Қазақ ою-өрнегі, зергер бұйымдарының жасалу ерекшеліктері туралы жақсы жазған.

Біз де автор түйіндеген тұжырымға келісім білдіреміз, өйткені «әрбір халықтың тәрбиелік идеялары рухқа қаныққаны соншалық, оларды бөтен топыраққа, яғни басқа халықтың өзіндік ерекшеліктерін ескермей көшіре салу әсте мүмкін емес» [180, б. 21]. Бұл жеткіншіктердің руханилығын (білім, ана тілін қажетті дәрежеде білуін, мәдениеттілігін, адамгершілік парасатын, жеке танымын, ой-өрісін) бөгейді. Ал руханилық негіздер, ең алдымен, өзінің ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін игерумен, өмір салтында іс жүзінде қатысу процесінде қалыптасу керек. Ұлттың әдеті мен ғұрпы ұлттық намыс, патриотизм, ұлтаралық қатынастармен байланыса отырып, ұлттық сезімді дамытып, жәрдем етуге тиісті. Демек әрбір жас ұрпақ жалпыадамзаттық, әлем деңгейіне өз ұлтының дүниетанымын меңгерген кезде көтеріле алады.

Сондықтан қазіргі мектептегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерімен баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үлгілерін іздестіруге және оларды қолдануға бағытталғанын оңтайлы арнаға бұра отырып, оқытуды ізгілендіруге сүйену керек. Оны жеке тұлғаға бағдарлауды, жеке тұлғаның дамуы мен тануының нәтижесін қамтамасыз етуді қарастыру керек. Демек, оқушыларда ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру жұмыстарының маңызы ерекше. Сабақ мазмұнындағы оқушыларға берілетін құндылық бағдардың, ұлттық өрнектің дала ұстанымдарын қатар тізгіндеудің әсері мол болады. Әлеуметтік мәні зор ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, оны баланың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу тәлімгерден шеберлікті талап етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан жаһанданудың қызығын да, қиындығын да көріп отырғанымызды мойындауымыз керек. Біздің қазіргі халықтардың тұрмысы мен қоғамдық болмысы сол еліктеу негізінде жасалған. Қазіргі барлық оқу орындарындағы тәлім-тәрбие саласын ұлттық таным тұрғысынан елеген жөн.

Дала танымын санаға сіңіре оқыту жөнінде халық дүниетанымын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттей отырып, белгілі жазушы, педагогика ғылымдарының докторы С.Ғаббасов ұрпақ тәрбиелеудің негізі болатын екі сатыдағы әдіснаманы және тәрбиенің жеті жүйесін ұсынады. Ғалымның пайымдауынша, ұсынып отырған әдіснамасының «еуропоцентристік әдіснамадан өзгешелігі танымал әйгілі педагог мамандардың баланы туған күннен бастап тәрбие беру керектігін айтқан ұстанымына қарсы пікірді ұсынады. [181, б. 78]. Айтпақ ойы қазақтың тәмсілі бойынша баланы туған кезден тәрбиелеу кеш деген қағидат еді. Қазақ ертегілерін қарасаңыз «келіні аю етіне жерік бопты, оны бүкіл ауыл боп іздепті» деген сияқты боп келеді. Яғни , қазақ балаға, ұрпақ тәрбиесіне ауыл-ел болып атсалысады. Шынында, туғаннан бастап тәрбиелеу дегеніміз қисық біткен бұтақты түзеймін деумен бірдей. Осы қисық бұтақты түзеймін деп ата-ана немесе баланың беті қайтады. Ал дала даналығындағы «бесік құда, бел құда» болу келер ұрпақтың кім боларына алаңдаушылық болатын. Бүгінгі трагедияның үлкені – осы. С.Торайғыровтың «дала» ақыны жырлағандай, «дала күнде ажырасу, күнде

қосылу» жоқ болатын. Ұл да, қыз да бүгін қосылып, ертең ажырасып жатыр, тіпті шетелдіктермен отау құрып жатыр. Бұның себебі, әр адам өз алдына тұлға, өзі шешім қабылдайды дегеннің жемісі. Толық адам болуды Абай да айтқан, бірақ сол «тұлғаны» тұлғалық дәрежеге жеткіздік пе? Мәселе осында. Батыстық әдіснама баланы туа салып «тұлға» деп тануды ұсынады. Қызылшақа шарана тұлға болады деу қисынсыз. Бірінші баланы биологиялық тұрғыдан, содан соң сананы жетілдіру сатысынан өткізу керек. Сананы жетілдіру сатысынан ақыл тәрбиесі шығады. Екеуі де тәрбие тәсілін береді. Ана құрсағындағы жүрек тәрбиесі нәтижесінде жан он екі арнасын ашады, жанның қажеті дами түседі. Қазақта сәбиді қырқынан шығару дәстүрі бар. Бала қырық күнде ақ пен қараны ажыратып, санаға сәуле түседі, сана жетіле бастайды. Осы екеуі үндескенде рух қуаты қалыптасады. Оны біздің бесігіміз, бесік жыры үндестіреді. Адамның жаны он екі арнадан тұрады: ішкі бес сезімі, сүюі, түйсігі, ұяты, зердесі, жігері, табиғи қабілеті және мінез. Қазір осы арналар түгелімен жабық деуге болады. Қазіргі кезде ана тілін құрметтеуге, елін сүюге шақырамыз, бала бір қарағанда сүйетін кейіпте болады, босағадан әрі аттаған соң ұмытып кетеді. Себебі, арна жабық. Үлкендерден, мұғалімдерден үгіт, насихаттау естігенде сүйетін секілді, дәл қажетінде арна жабық болуы сүйгізе алмайды. Адам арналары ашық болмаған жаңдайда, адамзаттық, ұлттық санаға жете алмайды. Ұрпақ тәрбиелеуде бірізді әдіснама керек. Ұлттық таным тұрғысынан отбасы құруға дайындық, ана құрсағындағы бала тәрбиесі, нәресте кезеңінде тәрбие, балбөбек кезеңіндегі тәлім, сәбилік кезеңіндегі жан құмары, балиғат, жасөспірім кезеңіндегі тамырлы тағылымдар. Осы кезеңдердің әрқайсының өз тәрбие-тәсілдері бар.

Шынында, ғылым ұлттық болмайды, ол зерттеудің нысаны, қолданылар әдістері, заңдары мен заңдылықтары және т.б. тұрғысынан жалпыға ортақ. Бірақ ғылымның нысанасы ерекше, яғни, бір ұлттың тәрбие-тәлімі, екінші ұлттың тәрбие -тәлімінен өз обьектісімен, өз салдарымен ерекше, яғни, қазақтың нысаны қазақтың ұлттық тәрбиелеу ерекшеліктері [182, б. 11].

Қазіргі кездегі жас ұрпаққа білім берудің теориясы мен тәжірибесі әлеуметтік сұраныстың, қазақстанның оқыту жүйесін ізгілендірудің заманауи талабына толықтай жауап бере алмайтынын білеміз. Қазақстанның тәуелсіздік алуы, мемлекетіміздің ұлттық мәдени тұрғыдын кемелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен, игі дәстүрлерімен тереңірек танытып, сол негізде тәрбие - білім беруге жолын ашқанымен, тәрбие құралдары, дидактикалық материалдыр, БАҚ үлесі әлсіз, қиындықты көріп, жан айқайын жеткізумен қатар, алаштықтар сияқты халықты жоғымен жолықтыратын материал аз.

Біз өткеннен сабақ ала отырып бүгінгімізді жасауымыз керек. Ахмет Байтұрсыновтың тағы бір мақаласы «Оқыту жайындада»: «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді» [183, б. 51].- дейді. Қазір де білім саласына көптеп көңіл бөлініп жатқанымен, ұлтқа қаншалықты пайдасы бар дегенді қарастыру керек. Барлық оқу орындарында ағылшын тілі оқытылып жатыр, оны тіл білу деп түсінсек, танытып жатқаны не

екеніне көңіл бөлген абзал. Себебі бұл мәселе - үнемі кезектен түспейтін мәселе. Заман талабы өзгерген сайын оқыту талабы да сонылықты талап етеді.

«Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек». Ғасыр басындағы Ахметтің айтқан проблемасы бүгін де маңызды. Оның жазбасынан Л.Н.Толстой айтқан «Тәрбие бір адамның екінші адамға ықпал етуі», А.С.Макаренко адамдарды қоршаған орта тәрбиелейтіндігін, адамның тұтынған заттарының, тіпті табиғат құбылыстарының т.б. бәрі тәрбиелеуде ықпалды орны барын айтады. Сондағы ең әсерлісі – адамдардың қатынасы, әсіресе, анамен әкенің, ұстаздардың ықпалы ерекше деп айтқан пікірлерін жиі ұшыратамыз. Ғалым беру үрдісіндегі тәрбие ролі туралы айта отыра, зор көңіл бөліп, «Тумысында қанша зерек болғанмен, ғылым тәрбиеден бөлек кемелді емес. Әркім табиғатында қандай нәрсеге шебер болса, қабілетін сезінсе, сол жолды таңдаса ғана мақсатына жетеді» [183, б. 57] – деп мамандық таңдаудың адам өміріндегі маңыздылығына ерекше назар аударады. Бұл да қазіргі кезде бірнеше білім ошағының дипломы бар, бірақ жұмыссыз жүргендерге қатысты, соның салдарынан елдің экономикасы да еңсерілмей тұрғаны белгілі жайт. Бұл жердегі айтпақ ой, бала туғаннан бастап тәлімді тәлімгерлікпен тәрбиелену керек. Ұстаздардың мүмкіндігі зор, елдіктің шешуші тетіктеріне ие, сондықтан үйретушінің ұстанымы бекем болуы керек.

Ж.Аймауытовтың пікірінше «мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумай шектеліп қалуға болмайды. Сабақ үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер. Дидактика мұғалімге жиі жөн-жоба көрсетіп жетекшілік етеді. Сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды»– деуімен оқыту мен білім берудің әдістердің ізденуден туатын іс-әрекет екенін қадап айтады. «Комплексті оқыту жолдары» еңбегінде балалардың білімге ынта-ықыласы, зейін-зердесі арту үшін де мұғалімдер тарапынан төмендегі шарттардың орындалуын талап етті. Олар: берілер білімді баланың білетініне негіздеу, оқушының жаңа білімді меңгеруі үшін проблемалық сұрақ қою арқылы, олардың назарын жаңа білімге бұру, басы артық және қажетсіз мағлұматтан сақтану. Салыстыру, ұқсату, теңеу, тәсілдерін қолдану арқылы білімге деген қызығушылықты арттыру» [184, б. 31]. Тәсілдерді үнемі жаңартып жандандырып отыруды сөз етеді. Ол «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (екеуі де 1926 жылы шыққан) оқулықтар жазып, психология мен педагогика, әдістеме ғылымдарын ұштастыра оқытуға терең мән береді.

М. Жұмабаев орыстың, батыстық педагогика, психология ғалымдарын оқып, оны өзінің ұлтының тәрбиелеу өзгешеліктерін қаперінде ұстай отыра «Педагогика» оқулығына қалайша кіріскендігін, жазу барысындағы ұстаным бағытын былайша түсіндіреді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздері

қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым» [171, б. 5]. Мағжан Жұмабаевтың 1925 жылы жазған «Бастауыш мектептегі ана тілі» 1926 жылы шыққан «Сауатты бол», 1922 жылғы «Педагогика» кітаптары педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан жазылған, ғылымға қосылған соны жаңалық, салмақты үлес. Шынында, сол уақытта қазақтың педагогика терминдері жоқ еді. М.Жұмабаев жүз шақты педагогика бойынша терминді ойлап шығарып айналымға кіргізген. Оқулықта бірінші бөлім педагогика бойынша жалпы мәселелерге көңіл бөлінген. Пікірінше, тәрбие төрт салаға бөлінеді: ақыл тәрбиесі, сұлулық және әдеп-құлық, дене, жан тәрбиесі. Оның бұдан да өзге бірнешеу түрі бар, оның осы төртеуіне ерекше назар аударуы уақыттың талабы. Бүгінгіше экономика, экология немесе құқық тәрбиесі сол кездерде, 1930 жылдары соншалықты өзекті болмаған дерлік.

Мағжан тәрбиенің төрт түрі жайлы тәптіштей түсіндіреді де: «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Баланы келешек заманына лайық қылып шығару міндет»[171, б. 71]. Осы арқылы публицист сыртқы сезімдер: иіскеу, сипау (ет сезімі) көру, тату, есту деп бес бөлікте қарастырады, олардың қызметіне, өзгешелігіне сипаттау береді. Оны оң жетілдірудің жолдарын көрсетеді.

Бұларды жетілдіруде ұлттық дәстүрге сүйене отырып жүргізуді, мәселен құлынның кісінеп, қой маңырап, түйенің боздағанын айырта білдіріп тәрбиелеуге шақырады. М. Жұмабаев:«Адамның әдемілікті сүю сезімін тереңдететін де осы есту сезімі» [171, б. 21],– деп ойын гректің Орфейімен, қазақтың Қорқытымен тиянақтап жазады.

Қорыта айтқанда, алаш азаматтары туралы сөз болғанда, ең алдымен, олардың қазақ елінің бүгінгі басты қазынасына айналған тәуелсіздік мәселесіне қатысты ерлік істерін еске аламыз. Біз, тұтас қазақ халқы, дүниежүзіне жеріміздің аумағымен, ұлы дала тәмсілдерімен, байлығымен мақтансақ, ұрпағына осындай қазына қалдырған Алаш азаматтарын да әсте ұмытпағанымыз жөн. Олардың күресі дала үшін, далалықтар үшін, дала даналығы үшін, даланың болашағы үшін болған күрес болатын. Қазақтың кең даласына жетер, туған жерден асқан байлық болмақ емес. Екінші, барлық қазаққа өнеге болатын білімді, саналы да озықойлы Алашордашылардың дүниетанымы мен мақсаттарын іске асырудағы қажымаған жігерлі қайраты мен өршіл мінез көріністері. Өздеріне төнген қауіпті көре тұра, олар қазақ тағдыры, ұлт тағдыры жолындағы игі істерге ержүректілікпен, қазақ қанында бар өршіл намыс, қайратпен белсене бастады. Санасы бар қазақ қана мойындай алатын шындық XX ғасыр басындағы зиялылардың аманат мұраты – шексіз кең дала, қағілез ой, намысшыл рух, қайратты мінез. Біз оны ұмытуға қақымыз жоқ, қандай биіктен болса да ашып айтуымыз керек.

Қазақтың танымындағы өзіне тән өзгешелігі ізгілік пен парасатты, адамгершілікке сай құндылықтарды бағалайтын құнды ұлттық мұрасымен ерекшеленеді. Біз қазақты өсіру, өркендету жолын мұрат ете отырып, дамыту барысында тағы да батыстық үлгімен кетсек, қателесетініміз анық. Біз далалық төл дәстүрімізді сақтай отырып, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс өзгешелік-ерекшеліктерімізді нығайта түсіп, қазақтың болашағын өрістетер тұлғаларды қалыптастыру деңгейіне, оқыту үрдісіне қол жеткізуіміз керек.

Жасыратыны жоқ, қазақша оқыту дегенде өткен тарихқа көңіл аудару, оның мәселелерін зерттеу басым екені айқын, сондықтан да бүгінгімен үйлеспес ескі нарсе сияқты көрінуі әбден мүмкін, біздің мақсат болашаққа қызмет ететін күйге жеткізу. Сондықтан да қазіргі кезде қазақ дүниетанымын мойындамайтындар, табиғи болмысына күмәнданатындар барлығы шындық және өкінішті. Ұлт ұстанымы халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі мол тәжірибесін, оның өсіп-өркендеп дамуына еліміздің тәуелсіздігі мүмкіндік беретіні айдан анық. Мұның өзі білім берудің ұлттық тұжырымдамасын жасауға күш салу міндеттерін алға қояды.

Ұрпақты ұлттық дүниетанымда тәрбиелеу, ең алдымен, далалық өркениеттен бастау алады, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық болмысына сай мұраны өзге қоғами құбылыстармен, ғылыммен, саясатпен байланыстыра зерттеуді талап етеді. Ғылымға тән ерекшелігі оның табиғат, қоғам және ойлау заңының дамуына қатыстылығы, оның сырларын ашу,танып-білу керек. Осыдан қазақ ұлты дала мәдениетінен бастау алатын қазақ халқының ұлттық болмысына, халықтың тәжірибесіне орай бала мен ересек адамдарды тәрбиелеп, білім алдырып, оқытудың заң-заңдылықтарын бақылайтын сала болуы керек деген қорытынды жасауға болады.

Осы уақытқа дейін өзіндік сипаты бар дербестікке бағытталған қазақы әдіснаманың құрастырылмауы ойланарлық мәселе. Оған ұлттық тарихтың немесе ұлттық сананың тәжірибелік үлгісі ретінде көңіл бөлуіміз тиіс. Қазақ дүниетанымы қалыптасуының тарихи кезеңдеріндегі алаштықтардың тағылымын, оның ұрпақ тәрбиесіндегі өзара ықпалдастығы мен байланысын арттыру бүгінгі ұрпақтың еншісінде қалуы тиіс. Әсіресе, Алаш қайраткерлерінің қазақ даласына байланысты айтылған идеялары мен рухани бастауларының мәні мен маңызын көркемдік және әлеуметтік-психологиялық тұрғыда жеткізу – заман талабы. Себебі қазақ дүниетанымының дала мәдениеті мен өркениетінен нәр алатындығы ақиқат.

3.2 Қазіргі ұрпақтың ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру және «Дала» концепті мен “Рухани Жаңғыру” идеологиясы

Ұлттың ұлт болу жолында қазіргі жас ұрпақтың ұлттық ойлау жүйесін қалыптастырудың орны ерекше. Еліміздегі ұлттық ойлау, ұлтты ойлау тұрғысынан іске асатын жақсы іс-шарлар, бағдарламалар, ұлттық идеялар болумен қатар, кемшіндіктен кеткен келеңсіздік пен өрескелдіктер де қоғамда көптеп кездеседі. Қалыптасу мен даму ұлттық ойлаудың әлеуметтік ортасына тән көрініс береді. Бұл жерде тағы да айта кететін, айтыла беретін ұғымдар: салт-дәстүр, тіл мен дін, діл және философия.

Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық ойлау жөнінде сөз қозғағанда тұтастық, еркіндік, бірлік, патриотизм, ар, намыс, моралдық құндылықтарға тән адамгершілік мәселелерін айтуға болады. «Ұлттық ойлауға тән қасиеттердің үнемі даму үстінде болары белгілі. Себебі ой үнемі дамып отырмаса, қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтардан тысқары қалады, ал даму ойдың формасы. Ұлттық ойлаудың жүйесі дәстүр, наным-сенім, менталитет көрсеткіштеріне тікелей байланысты»[185, б 55.] Қоғамда қаншалықты жаһандану үрдісі жүріп жатса да, қаншалықты замана талабына сай қоғамды өзгертсек те ұлттық дәстүрге тиесілі ойлау формасынан алшақ кете алмаймыз да, алшақтауға құқымыз да жоқ. Қазақтың басқа алпауыт елдердің ырқында кетпеуі үшін ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру, дамыту, іздену аса қажетті мәселе. Дәстүрлі қазақ дүниетанымының құндылықтары батыстық ойлау жүйесіне қарағанда басым дамығанын қазіргі кезде мойындалумен қатар, әр түрлі салада қызығушылықтар да танытылып отыр. Атап айтсақ, қазақтардың гендік жүйесі, даламыздың сакральді жұмбақтары т.с.с. Қазір батыста материалдық құндылықтан гөрі, руханилықты танып білу үшін жасалған карекеттер батыстық еуропалық үрдістерде басымдау. Осыған сәйкес біздің өскелең ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтардың басым жақтарын жеткізе біліп, ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыру мен төл ұғымдарымызды ғылыми айналысқа енгізу мәселесі бағытында жұмыс жасау қажет.

Халық тілінің еншісі мәдениетпен толығып, ұлттық ойлау мәдениеті сол ұлттың тілінде сақталып, болашаққа аманатталатыны туралы ғылыми ой-тұжырымдар көп. Мұндай ой-пікірлер туындау төркіні тереңде жатыр. «Халық рухы тілінде, халықтың рухтылығы тілімен көрінеді» [159, б. 102],–деген В. Гумбольдттің тұжырымы осыған айғақ. Ал тарихты, мәдениетті, әр халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі тілі арқылы өрнектеліп, тілімен өзгелерге танылуын, оны сөйлету мен жеткізуді де ұйымдастырушы тек қана ана тілі қасиеті екенін біздің ХХ ғасыр басындағы алаш қайраткерлері де көптеп айтқан және соған қызмет еткен. Тіл және мәдениет ажырамайтын байланыс бөлік екені көрінеді. Мағжан Жұмабаев суреттегендей «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың тілі де бай, сар даласы да кең» [186, б. 62]. Өйткені, адам баласының ой-санасының жемісі – істеген еңбегі, Адам өз танымына сай өмір салтын қалыптастырады. Сондықтан тілдің табиғаты мен тегі ұлттың ойлауына байланысты халық рухының да көрінісі екені ақиқат. Адамның қабылдауындағы өзі қалыптастырған танымдары, оның ішінде отан сүйгіштік те өзінің бастауын халық рухынан алады. Ал осы ұлттық рухты жаңғыртатын факторлар адамның күнделікті өмірімен жымдасып жатса ғана, әлеуметтік рухани құбылыс деп тануға болады. Оның ішінде пәрменді фактор – тіл, ұлттық ойлау мен руханилық тілмен тікелей байланысты. Тіл – руханилықтың қалыптасу құндылықтарының ерекшеболмысы.

Адам бойындағы ұлтжандылығы, діни танымы, сенімі, қанында қалыптасқан менталитеті, тілдің жоғары дәрежеде меңгерілуінен деп білеміз.

Отанды сүю, ұлтты сүю құндылық ретінде адам болмысында, мемлекетте және қоғамда ерекше орын алуы керек, қойылып та отыр. Ендігі мәселе – ұлттық ойлаудың тетіктері ретінді ұлттық ұғымдарды ғылыми айналымға енгізу қажеттігі. Мұны осы істің бір тәсілі деп түсінген жөн. Мысалы, отан дегенде алдымен адам келеді санаға, себебі мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы адам, мұны біз ақыл-оймен анықтаймыз. Әрі қарай санамызға тіл факторы келеді. Одан кейін адам қоғамның жемісі болғандықтан, адам мен адамның қатынасы – тәрбие мәселесі құндылықтар әлемінде орны ерекшеленеді. Осыдан барып құндылықтар қатарына патриотизм де жатады. Сондықтан отансүйгіштікті жалындаған жалаң үгітпен, не қатаң талаптар арқылы қалыптастыруға болмайды. Біздің қоғамда кей-кейде отанды сүйдіру науқанға айналып кететіндігіне куә боп жатамыз. Мектептерде патриотизм тақырыбына қанша іс-шара өтілді деген өрескел сұрақтың қойылғанын да көрген едік, санын сұрағанға оның сапасының қажеті шамалы еді. Патриотизм – түсіне білсек отансүйгіштіктен гөрі адамсүйгіштік қағидат. Адамның адамға қатынасы оның махаббаты, құрметі, еліктеуі қандай құралдармен іске асады деген мәселерді алға тартқан жөн. Осы тұрғыда «Рухани жаңғыру» бағдарламысының «Туған жер», «Жүз жаңа есім» сияқты кіші бағдарламасы өте орынды. Отанды сүю, ұлттық ойлау мәселелері қоғамның барлық салаларын қамту керек, бұл экономиканың, саясаттың, ізгі мұраттардың, адам мәселесімен шұғылданатын барлық институттар мәселесі, себебі бұның бәрі адаммен тікелей қарыс-қатынаста жұмыс жасайды. Кейде бұл мектеп айналасында, мемлекет қызметкерлеріне ғана қатысты дүние сияқты қабылданатыны қынжылтады. Мәселен, жарнама жасаушылар, құрылыс пен айналысатын алпауыт компаниялар, қолында билігі бар министрліктер ұлтты сүю, ұлттық ойлау мәселесіне қатысы жоқ сияқты әрекеттер жасайтыны ойлантады. Патриотизм тек отан қорғау емес, ол бірінші кезекте мемлекеттің ұлтты сақтау, ұлтты өркендету, өзге елмен терезесін тең ету мүддесімен ықпалдасып әрекет ету, оны жүзеге асыру. Егер осы қисыннан шықсақ, онда отансүйгіштік мемлекеттік қызметтегі кадр мәселесіне тікелей қатысы.

Біздің заманымыз – БАҚ-тың бағы ашылып тұрған заман, олай дейтінім баланы көше емес, шеше, әже тәрбиелеу керек деуші едік, енді қазір электронды жүйелер – смартфон, планшет, интернет тәрбиелеп жатыр. Бұл заман талабы – асауға тұсау сала алмаймыз. Тіпті, үйдегі балаларымыз көмекке ата-анасына жүгінгеннен гөрі «гугл» мен «ютубтан» сұрағаны көп. Айтайын дегеніміз, акпарат құралдарының ықпалы өте зор, осы қарқынды күшті тәрбие арнасына бұрған жөн. Бұл қасаң тәртіп орнату дегендік емес, ұлт тәрбиесінде ұлттық ойлау тарапынан қарекеттер жасау керек. Мысалы, басқа танымды қалыптастыратын дүниетанымызға жат мультфильмдер, бағдарламалар, мәні жоқ шоу немесе уатсап жүйесі бойынша жіберілетін танымға жат роликтер мен сананы бұзар суреттер, оны талғамай оңды-солды тарату қоғамда орын алған. Бұл жерде тек қазақша сөйлейтін бағдарламалар керек деу емес ойымыз, қазақтың санасын оятып, рухани жан-дүниесіне әсер етер дүниелер жасау. Ұлтжандылық деген жанға, сезімге қатысты қалыптасатын болса, онда бірінші орынға өнер қойылары сөзсіз, себебі адам тәрбиесіндегі поэзияның, әдебиеттің, сәулеттің,

суреттің, яғни, мәдени құндылықтардың мазмұны мен орны ерекше. Оның жарқын мысалы, барша қазақ қанша көрсе де қайталап көре беретін қазақ мәдениетін әлемге паш еткен феноменділік тұрғыдағы «Қыз-Жібек» кинофильмі эфирге шыққанға дейін бірнеше рет өзгертіліп, соңғы нұсқасы осы екенін енді біліп жатырмыз. Неліктен солай болған? Қазақтың ұлттық ойлаудан туған туындыдан халықтың рухы оянуынан сескенгендік емей немене. Қанша жерден қыспақ көрсе де, сол замандағы қазақ ұлтының әдемі дәстүрлері мен астарынан сыр ұқтырар эпизодтары ұлттық-ойлаудың жемісі. Бұл бүгінгі азаматтарға көрнекті үлгі боларлық.

Қазақтың дүниетанымы қазақтың сары даласында жүріп қалыптасқан, табиғатына қарай ұстанымдары заңдылыққа ұласқан. Сондықтан да санаға әсер етер ауыз әдебиеті үлгілерін тудырған, кейінгіге тағылымды мұра еткен. Отансүйгіштіктің, батырлық пен ерліктің бастауын тәрбие мен өнерден іздегендігін қаншама зерттеулерде тілге тиек етіп келеміз. Сондықтан отанды, ұлтты, халықты сүю, оған деген махаббатты ояту уақыттың еншісіне берілген дүние емес, адамның бойында өзімен туа пайда болған қасиет деп білу керек. Қазақтағы ұлттық ойлаудың ықпалды күшінің бірі – дін мәселесі. Қазақ дүниетанымы даламенен үндесе өмір сүріп өзінің ұстанымдарында әлемді тұтастай қарастыра білді. Рухы мықты ұрпақ тәрбиелеу ен далада өмір сүрген қазақ үшін бірінші орында болды. Рух – адам болмысындағы ақыл мен парасаттылықты, сондай-ақ талабын алға дамытып отырған күш. Қазақ танымында ұрпақ жалғастығы, ол ұрпақтың сапалығы, саналылығы әрдайым жоғары дәріптелген. Қазақтың бала бер, бала берсең, сана бер деуі содан. Адам – ең жоғары байлық. Оның болашағына аса мән беру, рухани бай етіп өсіру барлық саналы ғұмырларының ұстанымы. Қазақ дүниетанымында ерлерді жоғары қою, ол әйел адамды төмендету дегендік емес еді. Ерді сыйлау, ердің мәртебесін жоғары қою қазақ әйеліне тән. Үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу, ауыл, елге қамқор болу – ердің мойнындағы жүк. Ерлері өз жерлерін қорғай білуге кішісінен баулыған. Жігітке жеті өнер аз деп тәрбиелеу де соның көрінісі. Демек патриотизм дінмен де тамырлас. Ислам дінін хақ дініміз деп түсінген аталарымыз өмірдегі көрінісін жетік білген. «Ел қорып жүріп ерлікпен өлмесең, үйіңде жатып қорлықпен өлерсің» деген аталарымыздан қалған нақыл сөз осыны меңзейтін сияқты. Ал қазіргі уақытта мектептегі дін мәселесін айту, оқыту терроризм төңірегінде ғана қозғалады, ол да ұлттық ойлаудың кемшін тұстарының көрінісі деп ұққан жөн. Ұлттық ойлау менталитеті халыққа патриотизм мен рухтың күшін сезіндіре білетін құрылым. Бұл істі ел болып жұмыла атқарсақ қана еліміздің жарқын болашағына сенім кәміл.

Дәстүрлі дүниетанымды жаңашыл көзқарастардың аясында жаңғырту бүгінгі күннің талабы. Сонда ғана қоғамның талабына сай өмір сүру адамның рухани игіліктерін, ұлттық ойлауды қалыптастырады. Сондықтан да адам жер бетіндегі жарқын бейнесі болса, ал асқақтық оны тұлға етіп қалыптастырады. Қазіргі қоғамда адамдар бұзылды, ал билік айнымалы деген сөздер көптеп айтылады, сондықтан да қоғам қалыптастыруда тұлғаның рөлі басымырақ болса, ол сырттың ықпалының әлсіздігіне бой алдырмайды. «Адамдағы рухани құндылық басымдығы жан азығының қажеттілігін өз талабына сай

қанағаттандыруда» [176, б. 97]. Адамның борышы жайлы Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп өте тамаша айтқан. Үш анық адам бойындағы ұлттық сезімнен туады. Шәкәрім: «Адамдағы: ынсап, әділет, мейірім – үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады. Мұны орысша совесть деп атайды, бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды, ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды» [187, б. 97].

Ал Мәшекең:

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен боламын,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! [188, б. 97]. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салған ұждандық қағида адамның өмірлік әрекеті, шешімі, ғибрат құдіреті нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді.

Оларша адамның ар-ұжданы, еркіндігі, намысы, адамгершілігі, әділеттілік пен шыншылдыққа деген ұстанымы басты құндылық. Осы тұрғыдан адамның ішкі сұранысын байытып, танымын қалыптастырудың негізгі қаруы – ұлттық ойлау мен ұлтжандылық. Руханияттың тіні ой мен сана уланудан сақтау керек. Тарих және уақыт – адамзат жайлы ең әділ баға беретін параметр. Ұлттық ойлаудың басты әліпбиі адам идеясы. Ұлттық ойлаудың жан-жақты бағыттарын ұйымдастыру керек. Әр адам өз заманының іргетасын қалаушы десек, кейін қоғамдағы жетістіктер мен кемшіліктер үшін жауап беретін кез болады. Кез келген дәуірдің ерекшелігі де, мәні де жеке тұлғалар арқылы анықталады.

Ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм әр адамның, әр халықтың ұлттық ойлау қабілеті мен ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Егер бір ұлттың бір бөлшегі басқа танымен, яғни өз Отанында бөлек ұлттың сана-сезімі негізінде тәрбиеленсе, онда ол қоғамның мүшелерінің басқа ұлттың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін қабылдайды, біраз уақыттан кейін сол ұлтқа сіңіп те кетеді. Оған мысалдар әлемде көп, біздің де қоғамда етек алған жайлар бар. Дін мәселесі, отбасы құру мәселесі деген сияқты жалғасып кете береді [189, б. 97]. Ендігі жерде халықты ұлт ретінде сақтайтын жалғыз жол – жас ұрпақты ұлттық сана-сезім негізінде тәрбиелеу (әсіресе мектепке дейін және мектепте). Ол үшін отбасылық институттарды күшейту керек, егер отбасында бала ұлттық тәрбие алмаса, балалардың ұлттық тұлға болып қалыптасуы екіталай.

Осы тұста ұлттық сананы кешегі тарихтың таптаурын қатпарларынан қалай аршып алып шыға аламыз, қазақтың қанында бар далалық рухты жаңғырту үшін не істеу керек деген мәселе төңірегінде ойлануымыз жөн. Сол себепті жұмысымызда ұлттық болмысты қалыптастырған дала өркениетінің бүгінгі ұрпаққа үлгі болар ұстанымдарын сөз еткіміз келеді. Ұлттың көне тарихынан тағлым ала отыра бүгінгінің қазағына ұлттық ойлауды қалыптастырудың

жолдарын қарастырдық. Тіршіліктің мәнін білген ата-бабамыз парасатты түрде көрсеткен дүниетанымдық ұстанымдары:

Бірінші байлықтың денсаулық, екінші байлығы – ақжаулық, үшінші байлыққа он саулықты жатқызуы. Әр қазақтың түтіні түзу шығуына ең алдымен денсаулық керек, бұл – басты фактор, денсаулық – он екі мүшеңнің саулығымен қатар салауатты өмір сүру салты болып табылады. Екінші байлығымыз сол отбасының ұйытқысы, берекесі, ұрпаққа жарық дүние сыйлаушы – әйел. Үшінші байлық – он саулық дегеніміз отбасынды бақуатты ету үшін жасалатын тіршілік қамы. Қазақ халқы далада дербес, тұрақты өндіруші күш ретінде қалыптасып, ен далада шаруашылықтың ебін келтіріп, еңбекті ұйымдастырудың ең тиімдісі – рулық тәсілді қолданып Қазақ Елі байлығын жыл өткен сайын арттырып, мәдениетін дамытып отырғанын қазір тарихтан білеміз. «Он саулығы» – төрт түлігі сай болған қазақ ешкімге тәуелді болмаған.

Мыңғыртып өргізген төрт түлік малының арқасында бабаларымыз Шығыс пен Батыстың тауарларын алып, «Ұлы Жібек жолы» саудасының негізгі тауар өндірушісі ретінде болған. Ал енді дала төсінде мыңғыртып мал өсіру оңай емес, қазіргі мал шаруашылығымен, қандай да шаруашылық түрімен айналысатындарға қаншалықты білікті мамандар керек болса, сол мамандық иелерінің бәрі сол ата-бабамыздың бойында болмаған деп кім айта алады. Елсіз жерде су абу, құдық қазу, жүтқа ұрындырмау, жем, шөбін табу, ауа-райының, жердің табиғатын тану барлығы үлкен білікті қажет еткен. Адамзат өркениетінің бір бесігі Қазақ Даласы екенін әлемдік тарих және археология ғылымдары әлдеқашан жазып та жатыр, қазып та жатыр. Бұл деректерге қазақтың қолы Тәуелсіздік алғалы ғана жетіп отыр. «Малдың көптігінен жердің беті көрінбейтін» қай ел екеніне қазақ даласын аралаған Марко Поло жазған екен. Осындай өркениет ақыры «Ұлы Жібек жолын» қазақ даласының үстімен өткізген жоқ па?! Азық-түлік және сол кездегі өнеркәсіптің негізгі шикізаты – жүн, тері, сүйек ең қымбат тауар санатына кірген, сондықтан осы тауарларға қызыққан елдердің саудагерлері Қазақ Даласына ағылған.

1916 жылғы санақ бойынша қазақ даласында тек жылқының саны 15 000 000-нан асып жығылған. Ал қазақ тарихында 16-ның дүмпуін біріміз білеміз. Шынында, рухы тапталған кедей халық көтеріліс жасай алмайтын еді. Бұдан шығар ой, қазіргі өскелең ұрпақты еңбек етуге тәрбиелеу керек. Еңбекпен нан табуға тәрбиелеу, оңай табыстың соңына түспеу, ешкімге телмірмей дербес рухты болуына бағыттау керек. Өйткені қоғамдағы жемқорлық, парақорлық сияқты сұрқиялықтардың бір тармағы – оңай ақшаға ұмтылу, материалдық құндылықты жоғары қоюдан шыққан дүниелер. Қазақ өмір сүру үшін тер төге еңбек еткен, қазақ жалқау деген стреотипті бұзу керек. Аязбен арпалысып, боранмен жанталасып жүргенде жалқаулық қайдан келеді. Ал үйде сары қымызын ішіп, қазы – қартасын кертіп жесе, ол өз шаруашылығын оңтайлы ұйымдастыра білгендігінің белгісі. Кейіннен малынан айыру, жанынан айыру, рухынан айыру, дүниетанымын өзгерту басталды. Ендігі жерде біз тарих беттерін дұрыс оқып, ұрпағымызға ұлтымызға деген мақтаныш сезімін оятуымыз керек, соның нәтижесінде ұлттық ойлау мәселесі көтеріледі.

ХХ ғасырдың басындағы саңлақтарымыздың шығармашылығында С.Сейфуллинннің «Тар жол тайғақ кешу», М.Әуезовтің «Абай жолы» романының алғашқы нұсқасын жазып болғанда СОКП «… қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, мәдениеті және рулық ұйымшылдығы тым жақсы жағынан бейнеленіп берілген немесе ұлт көсбасшыларын оң жағынан көрсеткен деп өзгерттіргенін біз білеміз. Себебі, «бұл кітапты оқыған қазақтарда, социализмге өткеніміз қате болыпты деген ұғым қалыптасады, сондықтан «соцреализм» тұрғысынан тиісті өзгертулер енгізілуі тиіс» делінген. Айтайын дегеніміз, ұлттық ойлауға тыйым салынған, өйткені ұлттық ойлау-рухтың дәні болғаны ғой. Сонда «далада мал соңында жүрген» қазаққа ұлттық болмысты қалыптастырған не деген сұрақ баршамызды мазалары анық. «Қазақ» сөзі күллі халық деген атау мағынасын береді екен. Ш.Уалихановтың зерттеуінде «қазақ» сөзінің екінші атауы ескі дәуірден «Алаш» деген мағына береді екен. [190, 107 б]. Ендеше, біз «Қазақ-Алаш», «Алаш-Дала» деген тұжырымға келдік, себебі қазақ халқы дала институттары арқылы өркениетті ел қатарында болды, дала табиғатымен үндесіп тіршілік жасады, кешегі алаштықтар далалық дүниетанымдар үшін жандарын пида етті, «Дала –жер» үшін күрес жүргізді емес пе?

Ата-бабадан қалған мұра қазақ ұлтының зор байлығы: қойны қазынаға толы байтақ дала, әлемді мойындатқан әдемі тіл, тағылымға толы бай әдебиет үлгілері, дамыған ұлттық өнер мен табиғатпен және қоғаммен үйлесімділік тапқан салт, әдеп-ғұрып және дін. Осының бәрін халықтық деңгейге жеткізіп, қазақ азаматтық қоғамына, дала демократиясына тән – төл ел басқару жүйесі бойынша ұрпаққа аман-есен жеткізген. Көршілес елдер қазақ қоғамының барлық артықшылығын толық сезініп, қазақ халқын бағындырып, құлдық психология қалыптастырудың сан қырлы сұрқиялылығын ойлап тапты. Қазақ даласында қалыптасқан дүниетанымдық жүйені уақыт өткен сайын жетілдіріп, ұлты үшін еңбек еткен, ұлттық ойлаудың озық үлгісін көрсетіп отырған қазақтың игі-жақсыларын, асылдарын құдалап жоюмен айналысты. Қазақтың қанындағы тарихи жадын өшірудің сан амалын жасады.

ХХ ғасыр басталғанда қазақ та, түрік те алты миллион болған, қазір қазақтар 12 млн, түріктер - 72 млн. Егемендіктің мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, өзінің қанындағы тарихи жадын ояту, құлдық психологиядан арылу, әр қазаққа ұлттық ойлау керек пе , жоқ па десеңіз көкірек көзі ояуы жауабын жақсы біледі. Кейде теледидардан орысша білмейтін кемпір, қыз деген сияқты бос «әзілсымақ» айтылғанда бойынды ыза кернейді немесе қазір қала қазағы, дала қазағы, орысша білетін, орысша білмейтін деген сияқты бөліністерге жол берілген. Бұл не? Мейлі қай тілде сөйле, жүрегіңді ұлт деп аққан қан, санаңды қазағым деген жаның басқаруы керек. Біле білсе, соңғы 300 жылда жер бетінен жойылып кеткен 100 ел бар, сондай нәубеттен қазақты аман алып қалған – қазақы ауылдар, ауылдың академик ақсақалдары», алтын құрсақ аналары, еңбексүйгіш азаматтары. Ауылдарымызда біздің ұлттың қазақ үні сақталды, өмірдің талай қиыншылықтарына төзе білді, төзіп те келеді. Ел іші – өнер кеніші. Ел ішіндегі рулық, ағайын боп өмір сүру тенденциясы нағыз тәрбие институты. Ілгеріде

айтылған қазақ үш байлығы – денсаулық, ақжаулық, онсаулық ауылдың тәжірибесінде берік сақталып келе жатыр.

Ертеректе қазақ елінде батырлар, билер, басшылардың өте көп болуы, олардың әр азамат артында қалың қандастарының алдындағы жауапкершілікті жан-тәнімен сезінген. Ауылына еңбегі сіңгені ауыл ағасы, еліне еңбегі сіңгені ел ағасы атанған. Дала заңы бойынша ел осы сыйлы адамдарына бағынған, сөзіне тоқтаған. Қазақтың маңдайына біткен үш би – Төле, Қазыбек, Айтеке билер қазақтың азаматтық қоғамын біртұтас етіп, ұйытып отырған. Қазақтың өмір салтындағы ата жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт, құдалық өз алдына жеке саясаты мықты жүйелер. Бірлікте ұстаған іс-шаралар: шілдехана, бесік той, тұсау кесер той, сүндет той, ерулік, құдайы тамақ, құда түсу, құдалық, үйлену тойы, жерлеу, ас беру.

Жоғарыдағы құралдар мен іс-шаралардың арқасында, бәрімізге ортақ қазақ даласы, ұлттық мәдениетіміз бен болмысымызды сақтап қалған. Бүгіндері біз Тәуелсіздікті тұғырлы ету үшін осы тағылымды тарихты, мәдениетті ұрпақ санасына сіңіруіміз керек. Қазір ұлттық ойлаудың қалыптаспағандығынан болып жатқан зардап көп: ауылдардан көшу, қаладағы жұмыссыздық, пәтер мен ипотека айналасында өрбіген талай мәселелер, бизнесті дұрыс жолмен жүргізбеу.

Бүгінгі, біздің елді жайлаған, келеңсіздіктердің экономикалық негізі жоқ, бұл ұлттық сана – ұлттық болмыс дағдарысының салдарлары. Санасында құлдық орнаған: құлқынның, арақтың, дүние-мүліктің, есірткінің, казино, ойын автоматтарының, шетелдік кірме секталардың құлдары ұлттық болмысқа мутациялық өзгерістер жасап жатыр.

Ұлттық сана ұлттық ортаның әсерінен ғана қалыптасады. Ұлттық қоғамдық сана азаматтық қоғамның ұйымдық құрылымдар жүйесі қалыптасқан елде ғана пайда болады. Қазіргі біздің мақсат біртұтас халық үні – қазақ үні арқылы санамызды тазартып, ұлт тарихын зерделеу.

«Қазақ «Асықпаған арбамен қоян алар» деген тәмсілінде бір тұңғиық сыр жатқан секілді. Ол «Сабыр түбі – сары алтынмен» сабақтасады. Тарихтағы Түрік қағанаты ұлан-байтақ даланың ұлы бірлестігі болғаны – қазір даусыз дерек. Біз қазір осынау тарихи тұңғиықты тың тұрғыдан ашып, әрі өткенімізді өнеге ете отырып, «Біз Ұлы Даланың еліміз» деген түсінікті жаңаша рухта жаңғыртуды ұсынып отырмыз. Бұл сөздер – біздің киеміздей өркендейтін жүйеміз. Жаңа тұрпатты мемлекет орнықтыру процесіндегі белгілі бір белесті қорыту тұрғысынан алып қарағанда, біз осынау салтанатты да сардар сөздерді әр қазақ баласының жүрегіне нұр мен сыр құятындай дәрежеде ұлықтауымыз қажет. Қылыш пен найзаның заманы өтті. Зіркілдеген зеңбіректеріңіздің өзі қазір қару-жарақ мұражайында тұр. Қазіргі рухты сөз – ұлттың танымын да, тарихын да толғайтын сөз «Мәңгілік Ел» болуы керек. Бұл сөз халықтың өз көкірегінен шығып, әр адамның жүрекжарды сөзіне айналуы қажет, сонда ғана ұлы мақсат өзінің межелі биігіне шығады Олар, ең алдымен, адам санасындағы сапалық өзгерістер, дүниетанымдағы тың байламдар, ұлттық рухты оятатын рухани сілкіністер, жаңа елордада мемлекеттік мүдденің мәртебесін көтеру, халықаралық қауымдастықтағы

қазақ жұртының ықпалды аймағын кеңейту, өзгермелі дүниедегі ұлттық салт-дәстүрімізді өзгермейтін өлшемге кіріктіру, ел іргесін бекітудегі ерлік дәстүрімізді саяси сергектікпен жүзеге асыру, бүгінгі жұртымыздың келер ұрпақ алдындағы парызын парасаттылық деңгейіне көтеру. Сөйтіп, Мәңгілік Ел болуға ұмтылып отырған Ұлы Дала елінің тәуелсіздік тұғырын тас-түйін етіп бекіту! Біз армандаған заман осы емес пе еді?!...» [191].

Жинақтап айтсақ, ұлттық ойлаудың жүйесін қалыптастыру мен төл ұғымдарымызды ғылыми айналысқа енгізу мәселесі туралы айтқанымызда «ҚАЗАҚ-АЛАШ-ДАЛА» синкреттік ұғымын ұсынғымыз келеді. Осы тұжырымдар төңірегінде ой қозғаған соң ұлттық ойлауды жүзеге асырудың мақсаттары туындайды:

- Бүгінгі ұрпақтың мақсаты – тірі жүру мен қарын тойдыру ғана емес, қасиетті жерімізді, Ұлы даланың «Ұлы ұрпағы» болуға ұмтылу;

- Ел экономикасының дұрыс бағытта өркендеп дамуы – халықтың ұлттық-ойлау қабілетіне тікелей байланысты. Ұлы даламыздың жер асты, жер үсті байлығын игеру, табиғат ресурстарын пайдаға асыруды ұлттық мүдде тұрғысында жүзеге асыру шарт. Ұлы дала – талай алпауыт корпорациялардың тұрағы бола алады, мәселе корпорацияның басында кім отырады деген сұрақ адамды бей-жай қалдырмауы керек ешкімді. Бизнес – сан-салалы, қыр-сыры мол сала. Қазақ маңдай терімен заманында «бизнесмен» болған.

- Ұлттық экономикамыздың негізі, алтын қазығы – ата кәсібіміз – мал шаруашылығы мен егіншілікке басымдық беру;

- Ауыл шаруашылығында ата-бабаларымыздың ғасырлар сынағынан өткен технологияларын қолдану,

- Экологиялық таза, әрі жоғары сапалы өнім өндіруде әлемдік ең соны техника-жабдықтарын пайдаланып, дүниежүзілік бәсекелестікке төтеп беретін ұлттық өнімдерді жаңғыртып, экспортқа шығару;

- Қазақтың санасын улап, рухын таптайтын нәрселерге жол бермеу: ауыл ел атаулары, мекеме, дүкен атаулары, жарнамалар.

-Ауылдарға жағдай жасау, қала деңгейіндегі мүмкіндіктерге қолдарын жеткізу;

- Мемлекеттің басты байлығы адам, ендеше оны көбейтудің, дені саудың – жаны сау, ендеше адам капиталын сақтаудың жолын баянды етудің, өмірге деген сүйіспеншілігін арттырудың амалдарын жасау;

- Отан отбасынан басталады, отбасы институтын нығайту, Отанын қадірлер ұрпақ тәрбиелеу;

- Байтақ жерде бай болудың қарекетін жасау, туған топырақта тірлік жасап, ұшқан құс, жүгірген аңына дейін, әрбір өсімдігіне дейін қадірлей білуге үйрену, себебі олар байлық көзі, сенің берекелі ғұмырыңның қайнары. Өзен, көл, бұлақ, ен даланың жел, шөлдаланың күн энергиясын халық игілігіне айналдыру. Тұнығыңды лайлама, даланды тұлдыр қылма, ағаш ек, қазыналы даланың барлық игілігі сенің ұлттық ойлауыңның жемісінен ұлттық өркендеуге апарады. Егін ек, мал өсір, ауылыңның ажарын аш.

- Айбының, айбарың, ұлттық абыройың ана тіліңді қадірле. Өзге тілдерді қоса меңгер, ол біздің қанымызда бар қасиет. Сан түрлі тіл мен сан түрлі

ғылымның майталманы болған Әл-Фараби соның жарқын үлгісі. Заманауи озық елдердің тілін меңгеру адам мәдениетінің басты шарты болумен қатар, дала игілігін іске асырудың, яғни, өнердің, бизнестің маңызды қатынас құралы;

-Ұлттық руханият ілімін нығайту, қазақ қоғамын нығайтудың алғышарты ретінде қарау: дін, тін, діл. Сананы жүдетпе, ешкімге телмірме, еңсеңді биік ұста. Алаштықтардың аманатын орында!

- Ұлы дала тұлғаларға кенде емес, дер кезінде танып, бағалау ісі керек.

- Тарихыңды, мәдени мұраңды әспетте. Ән-күй, музыка, театр, кино, сәулет өнерін дамытуға ат салыс, қай салада болмасын ұлттық нақышты ұлттық ойлаудан туған идеяларды ұсын, жаса. Отандық мүлікті тұтын, сұраныс ұсынысты тудырады, қазаққа қажеттіні жаса, кәсіп қыл;

- Босағаңнан төріңе дейін жасалған мүлік, жайылған дастархан, тігілген зат – бәрі қазақы ойлаудың жемісі болсын. Өз отбасыңнан баста, шаңырақка үлгі бол, ауыл ағасы далалық заңының байланысты ұлттық ойлаудан үлгі бол;

- Әр қазақтың қызы – қарындасың, анаң, әпкең, әр қазақтың баласы – бауырың. Ешкімнің ақысын жеме, руға, жерге бөлінбеу, ел тұтастығын сақта;

- Ешкімнің ала жібін аттама, заң көлемінде қарекет жасап, заң жүзінде құқығыңды қорға;

- Терең білім ал! Ұлтыңа пайдалы азамат бол, маман бол, Ұлы Даланың игілігіне қызмет ет. Әр іске ұлттық ойлау механизмін қос. Тектіңді түрткілеме, езіңді тезге сал;

- Ұлттық ойлаудың құрышын құятын мекен-мектеп, бала-бақша.

Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» [171, б. 10]–деген екен, ендеше ұрпақ тәрбиесінде ұлттық мәселелер сергек қарар қағидат. Бұл біздің қоғамымыздағы толайым мәселелердің ұлттық ойлауға кедергі боп отырғаны немесе ұлттық ойлауды күшейтудің тетіктері ретінде беріліп отыр. Бұл қағидалар еліміздің рухын көтеріп, ұлтымыздың рухани түлеуіне, жаңғыруына апарар жол болар еді.

Ұрпақ тәрбиесіне қашанда немқұрайлы қарауға болмайды. Бүгінгі бала – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын дара тұлға. Ахмет Байтұрсынұлы балам дейтін жұрты болмаса, жұртым деген бала болмайтындығын айтып кеткен еді. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі – адамның алдында тұрған міндеттердің ішінен басты жауапты орында. Н.Назарбаевтың «Қалың елім – қазағым» кітабында: «Қазақстан жерінде қоныс тепкен әр адам өзі осы ел перзенті екендігін сезінбейінше, өткені қызықтырып, болашаққа ұмтылмайынша біздің ісіміз алға жүрмейді. Біз Қазақстан патриотизмін Отан, жер мен суды беріліп сүю, халықтың өнегесін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мүддесін меже етіп, бостандығын, құқығын қорғау, әр адам күшін, жігер-қайратын ел бірлігіне жұмсаса, азаматқа тән татулықты баяндылыққа бағыттаса және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау деп жазған еді [192, б. 87].

Бұлай ерекше тоқталудың өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз тұғырын тұрақты етіп, оны болашаққа аманат етуді көздейді. Демек, мемлекеттік дәрежедегі

мәселе білім беру саласында ұлтжандылық сезімге тәрбиелеу мәселесінің өзектілігі арта түседі. Ата-бабамыздың ғасырлар бойғы қымбатты мұрасы салт-дәстүрлерін, әдеп-ғұрыптарын, адами құндылықтарын, қысқасы, ұлттық нақышты белгілерін жас ұрпақтың бойына сіңіру де бізге орасан міндет.

В.И. Даль сөздігінде: «Патриот – отанын сүю, оның қуатын арттырушы, отаншыл [147, б. 178]», – делінсе, басқа сөздікте «патриот – отанын сүюші, ұлтына шынайы берілген, сол жолда жанын беріп, елін қорғап, ерлік көрсететін адам», – деп анықталған. Жас ұрпаққа білім беруде адамгершілік сапа, Отанға шынайы берілуді қажетсіну, сүю және адал болу, даңқы мен рухани жағынан байланыс барын ұғыну, намысын, арын қорғау, қуаттылығы және тәуелсіздігіне іс жүзінде үлес қосу.

Бес түрлі шартқа толық жауап берген адамның қай бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезінуге болады. Біріншіден, сол ұлттың тарихи жадысын сөйлететін тілін жақсы білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең зерделегені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың салт-дәстүрімен етене таныс болуы қажет. Төртіншіден, тарихын жете білгені абзал. Бесіншіден, тұрғылықты жердің ой-шұңқырын жете меңгеруі абзал. Осы бес қағидатты болмысына сіңірген адам аталмыш ұлттың толыққанды өкілі.

Әлемде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық таным табиғаты, ұлтша ойлайтын болмыс, яғни, менталитет, салт-сана, әдет-ғұрып барлығына бірдей. Рухани байлығы, мәдени-тарихи аса құнды байлығы да – тұтастай ортақ қазына. Жастар туған еліміздің болашағы болып табылады, сондықтан қазақ халқының өн бойындағы ұлттық қасиеттері бала тәрбиесімен қатар, еліміздің ұлтаралық келісімінің баяндылығына, саяси тұрақтылықтың беріктігіне де ықпал ететін фактор болғандықтан ұлтжанды, ұлттық ойлауы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу қазір зор міндет. Сонда ғана еліміздің рухы көтеріліп, ұлтымыздың рухани түлеуі мен жаңғыруы арта түспек.

3.3. “Дала” концепті – ұлттық дүниетанымның алтын арқауы: Алаш мұраты және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы феномені

Елбасы Н.Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниеге келгелі бері елімізде қыруар істер атқарылуда. Осы ретте көшбасшымыз: «Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын „Мәдени мұра“ арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді ұсынамын» [193], – деп үкіметке арнайы тапсырма берген еді. «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлттық мәдениетті, соның ішінде ерекше маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, археологиялық зерттеулерді, ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін тоғыстыру жұмыстарын атқаруды қарастыруды мақсат еткен бірқатар бағыттарды құрайды.

Бұл бағдарлама көптеген нәтижелерге де қол жеткізді. Сан ғасырлар бойы тарих қойнауында жатқан ата-бабаларымыздан қалған асыл мұралар жаңартылып, ғылыми зерттеу айналымына енгізілді. Осы бағдарлама аясында 78 тарихи және мәдени ескерткіштер қалпына келтірілді. «Қожа Ахмет Яссауи» Кесенесі мен «Тамғалы» археологиялық кешені әлем мойындайтын «ЮНЕСКО» мәдени мұрасын толықтырды. Дамаск қаласындағы «Сұлтан Әз-Захир Бейбарс» кесенесі, Каир қаласындағы «Сұлтан Бейбарс» мешітінің реставрациясы, Дамаскідегі «Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығы» кесенесінің құрылысы да сәтті аяқталып, өз межесіне жетті. Ұлттың ұлылығын паш еткен жобаның бастауымен Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения мен АҚШ және Батыс Еуропа территориясына ғылыми зерттеу экспедициялары жіберілді. Экспедицияның көмегімен Қазақстанның тарихына, этнографиясына және өнерін айшықтайтын 5 мыңнан астам құнды мұрағаттық құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары елімізге жеткізілді [194].

Қазақстандағы бірқатар зерттеу институттарының еңбектері құнды тарихи құжаттар ретінде жарық көрді. Бұл ғылыми жетістіктер еліміздің тарих саласындағы оқулықтар мен оқу материалдарының мазмұнын толықтырып, оқырмандар мен келешек ұрпақтың санасын жаңғыртары сөзсіз. Себебі, табылған мәдени мұралар қазақтың туған елі мен жерін, мәдениетін әлем елдерінің толыққанды тануына жол ашып, басқа мемлекеттермен иық тіресіп тұра алатындығымызды ұлықтайды және оны дәлелдей түседі.

Міне, Елбасының да, ел жанашырларының да көздегені осы еді. Елеулі ерен еңбектің нәтижесінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі», «Әлемдік өнертану», «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Армян дерек көздеріндегі Қазақстан тарихы», «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», «Әлемдік философиялық мұра», «Әбу Насыр Әл Фараби», «Әлемдік әдебиеттану», «Қазақ хандығының тарихы мен мәдениеті жөніндегі Қытай мұрағаттарының құжаттары», «Әлемдік фольклортану», «Қазақтың қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері», «Шоқан Уәлихановтың шығармалары», «Қазақ өнерінің тарихы», «Византиялық және ежелгі дүние дереккөздеріндегі «Ұлы Дала», «XIX-XX ғасырлардағы Түркістан генерал-

губернаторлығы қорының мұрағаттық құжаттарындағы Қазақстан тарихы» [194] сияқты көптомдық энциклопедиялық сериялар тобы мен көне құнды еңбектер жарық көрді. Бұл бүгінгі біздің жаһандану жағдайындағы қазақ елінің одан әрі рухани-мәдени жағынан өрістеуіне көмегін тигізеді, сондай-ақ қазіргі ұлттық мүдденің үдесінен шығары сөзсіз.

Сонымен қатар «Казақфильм» АҚ киностудиясы ұлттық мәдени мұраларымыз сақталған аса маңызды тарихи орындар туралы «Мәдени мұра», «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістанның сәулет ескерткіштері», «Жүсіп ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» сияқты 20 деректі фильмдер желісін дайындап, болашақ ұрпаққа табыс етті.

Бағдарламаны іске асыру барысында қазақтың дәстүрлі әні мен мәдениет үлгілерін жүйелендіру жөнінен де ауқымды жұмыстардың жасалғандығын да тілге тиек еткіміз келеді. Осы тараптан «Қазақтың дәстүрлі мың күйі» және «Қазақтың дәстүрлі мың әні» жобалары да орындалып, халық игілігіне айналып отыр. Біздің өнерпаздарымыздың қазақтың Ұлы Абай бейнелеген «құлақтан кіріп бойды алған, әсем ән мен тәтті күйін орындап, әлемді таңқалдырған сәттері аз емес. Оның куәсі кешегі Әмірелер болса, бүгінгі күннің талантты Димаштары. Қазақтың коңыр домбырасы мен күйі де теңдесі жоқ әлемге танымал ұлттық бренд боларлық құндылықтарымыздың бірі. Дала төсін жұпар ән мен сазға бөлеген әншілеріміз бен күйшілеріміздің атақ-даңқының өрлеуіне осы қазақтың даласының, әсіресе Шығыс аумағы топырағының бір киесі бары анық. Оның даласына аяғы тиіп, бұлағынан суын ішкен адамдардың көпшілігі бүгін тарихи адамдарға айналғандығы белгілі.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» атты Жолдауында: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу», – [191, б. 15] деп атап көрсетті. Ғасырлар бойы ашылмай қалған халықтың тарихи мұралары мен ескерткіштерін қайта түлетіп, ұсынылған бағдарламаның бастауымен еліміздің мәдениетін көптеген тың мағлұматтармен толықтыру көзделіп отыр. Ал осы ұрпақ сабақтастығын құрайтын мағлұматтар Қазақстан халқының мақтаныш сезімдерін оятып, отансүйгіш қабілеттерін күшейте түсері сөзсіз. Рухы өр, тіні бекем, ділі руханиятқа толы елдің өкілі болғанынымызды жар салатын сәттер де жоқ емес сияқты.

Мәдени құндылықтардың жойылуы, бұзылуы, тоналуы, олардың зақымдануы кез келген елдің, халықтың рухани күйреуіне, жойылуына алып келеді. Бұндай фактілер тарихта көп кездеседі. Бұл тарихтың сыры, мәдениеттің мәйегі болар мұралар – көне тарихтың куәсі. Өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне жеткен ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

Әдебиет пен өнердің даму тарихы бойында негізгі нысан адам тұлғасы болған, бола да береді. Адами құндылықтар, өткеннен сабақ алу, адамгершілік мәселелер, білім мен білік адам өміріндегі аса құнды қажеттіліктер болып табылмақ. Себебі оларсыз өткен мен бүгінгінің, тіпті ертеңгінің де өзегі жоқ.

Қандай да ғылым болмасын жаңашыл идеяларға бағытталады. Содан соң барлығы да осы адам тұлғасының маңайына шоғырланады. Кез-келген шығармашыл адам өзінің алдындағы замандастарының көзқарасына жүгінеді, оның парасат-пайымын зерделейді.

Өз заманының асыл мұраларын ұрпағына қалдыруды мақсат тұтқан сөз зергерлері Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен Шәкәрім Құдайбердіұлының адами құндылықтар жүйесін қабылдауы мен дүниетанымдық мәдениетін салыстыра қарастырсақ, көп ұқсастықтарды анық көреміз. Олардың ұқсастықтары бір заманда туып, бір кезеңде өмір сүріп, бір-біріне жақын жерде өмір сүруінде болса керек. Сонымен қатар бұл екі сөз зергерлерінің арасында бір тылсым сакральды дүниенің, жұмбақтың бары анық. Өмірінің соңғы кездерін Шәкәрім Шыңғыстауда өткізсе, Машһүр де өмірінің соңында туған жері Қызылтаудан қазіргі мәңгілік тұрағы Ескелдіге орын теуіп, өмірінің соңғы түйіні іспеттес болған шығармашылығымен айналысады. Ел ішінде Ескелді атанып кеткен бұл жер «иесі келді» дегеннен шыққан деп айтылады, ақынның елсіз жерге осылай неге қоныстанғаны да жұмбақ болып қала бермек.

XX ғасырдың басында орыстандыру саясатымен переселендерді қоныстандыру салдарынан қауымдық жерлерді тартып алу әлеуметтік бөлшектенуге әкеп соқты. Қазақ жатақтарға айналды, отырықшылыққа беталыс басталды. Бұл енді мәжбүрлеу болғаны белгілі, қазақтардан жерді күштеп алғандықтан, отырықшылыққа, егіншілікке ыңғайлы жерлерден айрылған ел кедей-жатақ боп шыға келді.

1905-1907 жылдар аралығында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов сияқты тағы да басқа оқыған зиялылар патшалық үкіметтің қазақ жеріне жүргізіп отырған саясатына қарсы шыққан күресімен бірге Мәшһүр-Жүсіптің де саяси өзгерістерге үн қосуы азаматтық парыз еді. Оның публицистикалық қызметі және кітаптарының жарық көруі осы уақытқа дөп келеді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылы Қазан баспасы үш кітабын жарыққа шығарады.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» кітабы. Мәшһүр Жүсіп бұл үш еңбегінде де қазақ даласына дендеп кірген әділетсіздік пен теңсіздікті сынайды. «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кітабін баспаханада басып шығарған Қазандағы жарық көрген, кітап шыққан баспаның иелері ағайынды Хусайыновтар 12 мың сом көлемінде айып салып, 14 кісіні айыптап сотқа жауапты қылған» [99, б. 16]. Аталмыш кітаптардың шығуына байланысты ендігі жерде оның әрбір ісін бағып, ізін аңдығандар көбейеді. Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыдағы кітаптарының үшеуі де, қатал сынға алынып, қудаланғаны мәлім [195, б. 62].

Осындай қыспақты сезген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қазақ даласының оңтүстік аймақтарына жол тартады. «Жетісу сапары», «Түркістан, Ташкент сапары», «Қырғыз сапары», «Ереймен сапары» деген өлеңдерінде осы сапарлары туралы жазады. Осы жөнінде Дихан Әбілев жазады: «...Бұл жолы «Қашқын» тәрізді тағдыр тәлкегімен 1907 жылдан бері төрт жыл жүріп жиһан кезіп елге оралады» [195. б. 74].

Осы тұста зерттеу жұмысымызға қатысты Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегі туралы кеңірек айтсақ дейміз. Оның толық

нұсқасы Қуандық Мәшһүр-Жүсіповтің әулеттік мұрағатында сақталған екен. Кітаптың қара сөзбен жазылған көп бөлігінде қазақ тарихы қарастырылған. «1990 жылғы Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысының бірінші томында осы кітаптың өлең жолдары ғана еніп, қара сөздері енбей қалған». [98. б.152.]

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» кітапта даланың аграрлық мәселесі төңірегінде сөз қозғайды. Саясаттың салдарынан мал өрісі кеміп, ел ішінде арандатушылық өріс алғанын сынайды. Мәшһүр «Қазақтың осы күнгі әңгімесі», – деп бастап, Сарыарқаның кімдікі екендігі екенін әйгілеу үшін де еңбегіне осындай атау бергені айтпаса да түсінікті.

XX ғасырдың басы переселендердің қоныс аударуы кең етек алған кезең, әсіресе, «Столыпиннің реформасында» тіпті күшіне енді. Сол салдардан 1895-1905 жылдар аралығында шалғайдағы облыстар 294 296 адаммен, ал 1906-1910 жылдар ішінде 770 мыңдай келімсек қоныс аударған. 1893-1905 жылдарында қазақтан 4 млн. десятина жерді алса, 1906-1912 жылдарда 17 млн. десятина, ал 1917 жыл есебі бойынша барлығын қосқанда 45 млн. десятина жерді жергілікті тұрғындардан зорлықпен тартылып алынған. Отарлаудың басы екенін жақсы ұққан Мәшһүр Жүсіп осы уақыт қазағының тұрмыс-тынысын, тіршілігін, бейнесін:

«Еркектерде ақыл қала ма, Өз қонысын берген соң.

Ұрғашы ақылды бола ма, Біреуден сауын сауған соң!» [196, б. 35], – деп жазады. Аталған реформа мақсатымен переселенді жер иесі ету, қазақ жеріне жаппай көшіру, құнарлы жерді түрлі сылтаумен тартып алу, тұрғылықты елді еркінен тыс көшуге мәжбүрлеу, қазақ жеріне көшкендедің қайта кетпеуін қадағалау, оларға жағдай жасап, қазақтың даласына егін егіп, азық-түлік қорына айналдыру екенін жазбай таныған Мәшһүр Жүсіп газет беттеріне де көптеп мақалалар жазады.

1903 жыл 10 маусымынан тіркелген «Самарқан, Сырдария, Ферғана және облыстары қазына жерге өз еркі бойынша қоныс аудару туралы» заң ережесі заңсыз болған қоныс аударуды заңдастырып берді.

Ә. Бөкейханұлы: «Переселендердің бас мекемесі есебінше Қазақ жері 240 миллион десятина, сонда әрбір қазаққа қырық төрт десятинадан келеді. Орта есеппен бір үйде 5 адам болса, үй басына екі жүз жиырма десятинадан тиеді. Ал мұнда мұның оннан бірі де жоқ еді» [37, б. 35], – деп тұрғылықты халықты кемсіту мен әділетсіздіктің орын алғанына қынжылады. М. Тынышбаев: «Жер мәселесі қазақтар үшін маңыздысы: бұдан әрі жерлерін алу мен олардың мүдделерін кепілдеме етсе, тыныш болуға кепіл болу қиын»[197, б. 117] Отаршыл жүйе көздеген мақсатын ашық баяндайды. Үкімет жабайылық репрессиямен тіл, әдет-ғұрып, дін, ұлтқа тәннің барлығын жоймақ боп, қазақ ұлтын құртып, аймақтарды орыс жеріне айналдыруға ұмтылады. Екінші, түрлі әкімдік шара, бұйрық мен реформамен қазақты амалсыздықтан заңнан бөлек топқа айналдыру көзделді.Үшінші, кіндік қаны тамып, сүйегі көмілген жерінен айырып, қураған жерге өлім құшағына қуғаны ұмтылғаны анық болды.

Осындай сәтте М. Жүсіповтің Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегі өте құнды еді. Өйткені мұнде жер су аттарының шығу тегіне тоқтала келе, бұл даланың бізге бабамыздан аманатқа келгенін айтады. Сарыарқа жерінің

атаулары – барлығы да біздің ата-бабалар есімі екендігін жазып, Алаштың азаматтары, көкірегі ояу елдің ақылмандары, яғни, өзіне де, өзгеге де ой сала былай дейді: «Қазақ иесіз жерге жай келе сап иелік еткен жоқ. Ақ найза ен ақ білек күші кешегі қаракерей Қабанбайдан, қанжығалы Бөгенбайдан, Қаздауысты Қазыбектен, Шақшақұлы Жәнібектен қалды. Заманында жаннан безіп, сусын емес қызыл қан ішіп, жаулармен алысып, жатпен күресіп, күні-түні соғысып, қара қанға батып, шыбындай жанын нысана етіп, небір сардар мен сарбаз жаудан оққа ұшыраған солайша иелікке өтіп алынған жер – Сарыарқа. Жері киелі. Сондықтан батырлар ошағы болғанымен, осы жерлерде ерлік батырлық куәгері аталғанымен құнды екенін айтады. Сарыарқаның тарихын қысқаша шолумен жеткізген Мәшһүр-Жүсіп: «Күнбатысы Сырдария, күншығысы ұзыннан ағып жатқан Ертіс өзені, оңтүстігінде Жетісу, солтүстігінде Еділ мен Жайық. Сол төрттіктің ішінен заман қадамды тарихи еспірім деп «Дешті-қыпшақ» атанған» [98, б. 117]. Сөйтіп, Сарыарқа ертеден халқымыздың қоныстанған кең байтақ жері екенін көрсетеді.

Сондықтан Сарыарқа өңіріне қарасты Ұлытау, Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыстау, Баянауыл мен Ерейментау жерлері киелі мекендер болып саналады. Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаны ғана емес, Қазақстанның басқа да аумақтарын өз шығармаларына арқау еткен. Жалпы Сарыарқа – тарихи география атауы. Сарыарқа мен Қазақ тел ұғым. Көгінде қыран қанатын талдырған, тұлпар тұяғын тоздырып, батырлар бес қаруын сайлап өткен Сарыарқа қазақтың атажұрты, киелі мекені.

Асанқайғы желмаясымен Сарыарқаны аралағанда, барған жерлері жайлы айтқаны:

-Ұзыннан аққан Ертісті көріп: «Мына шіркіннің баласы тойдым демес, қарны ашып жыламас. Сиыр мүйізі мен доңыздың құлағы шығып тұрған жер», – депті.

-Түндікті өзені: «Он екі қазы Ойтүндік, маңыраған қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер», – деп қимастықпен соңына үш қарапты. Содан «Үш қара» болып аталған дейді .

- Қызылтауда «Тау мен тасы кешкілік қойдай ыңыранып жатады екен. Тоқтысы қысыр қалмайтын жер» екен депті. .

- Баянауыл тауында: «Аттан ерді алмай тұратын жер екен, жерінде тұз бар, тұзы ауыр, түн түнейтін адам, жұмалап тоқтайды екен. Тұз жібермейді», – депті.

-Ащыға келіп артына қарайды да: «Ааа, Баянауыл! Сенің қоныстығың мына ащы арқасы, мал көктемде бір апта, күздекүні бір апта ащылайды. Сол сосын бір жылға жетеді екен», – дейді.

-Шідертіге келгенде: «Мына шіркіннің топырағының асыл болғаны. Алты ай мінілген атқа бір айдың ішінде май бітер жер екен. Бос жылқылар шілдерленгендей тоқтар жылқы қонысы екен».

-Өлеңті өзеніне ешнәрсе айтпастан өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» дегенге аздан соң: «Өлеңтінің суы – май, Шідертінің шөбі – май», деп кете беріпті.

- Сілентіден өтіп Жалаңаштың тұзына ат басын бұрғанда: «Аттың төбеліндей Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай

жеріме тартайын, айналаң аз, онан басқа мінің болмас, таптырмайтын жер екенсің-ау», – депті.

- Есіл өзенінде: «суы жарына тірелген, жарлы мен бай теңескендей болатын жер», – депті.

-Нұра бойына келгенде: «Алты-ақ күн ат семіретін, жаратып мінер жер екен»,–депті.

-Торгайдағы өзенін көріп «аққан суы бал татыр, ақшабағы май татып тұр», – депті.

-Терісаққан деген өзенді көргенде: «Сарыарқаның тұздығы», – деген екен.

- «Жетіқоңырды көргенде: «Сарыарқаның маусымы екен», – депті. [198.] Міне, осындай киелі Сарыарқа даласы – сары төсінде ұлт тарихының айнасы мен сарқылмас қазынасы бар көрікті мекен.

Мәшһүр-Жүсіп сол Сарыарқадағы тарихтың көзіндей жер-судың аталу себебіне былайша тоқталады:

- Жасыбай батырдың қалмаққа соғыс ашып қазаға ұшыратқан жердің атауы– «Жасыбайдың асуы»;
- Олжабай батырдың қалмақтың меселін қайыррған жер атауы – «Қалмақ қырған»;
- Олжабай батырдың қоныс теуіп, қыста қоныстанған жер атауы – «Жалаңтөс асуы».
- Олжабай батырдан қаша соғысқан қалмақтардың ыдыс-аяқтары көмілген жері екен. Сондықтан «Шойынды көл». Кейіннен сол жерден әркездерде адамдар бірнәрселер тауып ала берген соң, солай аталып кеткен. [89, б. 267].
- «Баянауыл» – Сарыбайға Алла берген жалғыз қыз баласы Баян сұлу дүниеге келген Баянаула тауының атауы. Бұл тау «Баянаула» аталған.
- «Қарқаралы-Қазылық» – Бұл жерде қыздың қарқарасы жерге түскендіктен солай атаған екен.
- «Моншақлы», «Домбыралы»– Домбырасы мен моншағы түсіп қалған жер делінеді.
- «Жамшылы», «Тоқырауын»,– Жамшы түскен жер екен.
- «Алтынсандық пен Ақшатау» атауы – сандығы көштен түсіп қалған жер делінеді.
- «Өленті» – Өлең айтылып, той тойлаған жер.
- Аттың шідері түскен жерді «Жауырбұғы» – деп атаған [97, б. 256-258].

Жер-су аттары ел тарихымен тығыз байланысты екені қашанда белгілі нәрсе. Мәшһүр-Жүсіп: «Сарыарқа біздің қазақтарға ата құны болып, олжа болған еді, артымнан қалмайтындай, ата құны бар ма еді ?!» [97, б. 267]. Шындығында, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген еңбегі үшін басқаға жақпай қалғанын меңзеп тұрғаны анық. Жоғарыда аталған жерлердің баршасы да өз алдына жеке тарих, жеке зерттеу, жеке жаңалық боларына күмән жоқ.

Баянауылдың көркем табиғаты тамсантпаған адам болмас, сірә, талай ән-жырға өзек болып, шабыт шақырған, шырқау бола білген жер, осы топырақта талай дүлділ қазақ наркескендері дүние есігін ашты. Жердің кіндігі – Баянауыл таулары жоталарының аумағы, шынында, жердің киесінен хабар бергендей. Шоқтай жердің соншама сұлу жаратыла қалғанында бір сыр бары анық.

Тау қиясына жарыса өскен жасыл орманы, биік таулары, айнала орналасқан мөлдір көлдері, жұпары аңқыған гүл жамылған алаңдары, жеміс-жидекке толы табиғи бағы, жұмбаққа толы сай-салалары, ойнақтай аққан бұлақтары, ертегі әлеміндегі кейіпкерлердей жаратылған жартастары мен керімсал ауасы жанға жайлы бұл таулы алқапты «Қазақ Даласының» «Мәдени мұра» бағдарламасының аясындағы нысандар қатарына ілігуі заңды болмақ.

Онда «Туған жер», «100 жаңа есім» тақырыптарына арналған мәдени, тарихи мұрағаттық материалдар жетіп артылады. Сонымен қатар «Сокралды Қазақстан» аясында да қарастырылатын мәселелер баршылық деген ойдамыз. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеу жүргізілген Баянауылдағы тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауда Мәшһүр Жүсіп сынды көсемсөзшілердің материалдары арқау болғандығы анық. Шежірелерін мән берсек:

- Қоңыр Әулие үңгірі қажылық орны, Жасыбай орманының аймағында орналасқан. Қола дәуірі.

- Драверт үңгірі – Драверт үңгірі Жасыбай көлінің жағалауында орналасқан, үңгірде қабырға суреттері орналасқан. Қола дәуірі.

- Тастағы суреттер – Жасыбай көлінің сол жағалауындағы жазушы тасы. Тораптарға бағытталған компас суреті бар тастағы суреттер Қола дәуірі.

- «Булка» елді мекені – Елді мекен Жасыбай көлінің солтүстік бөлігінде Найзатас тауынан алыс емес жерде орналасқан. Қола дәуірі.

- «Булка» зираты – Зират Жасыбай көлінің солтүстік бөлігінде Найзатас тауынан алыс емес жерде орналасқан. Қола дәуірі.

- Найзатас тауының маңына «Булка-1» зираты орналасқан. Қола дәуірі.

- Найзатас тауының маңында орналасқан «Булка-2» зираты. Қола дәуірі.

- Найзатас тауының маңында «Булка-3» зираты орналасқан. Қола дәуірі.

- Баянауыл Сабындыкөлдің оң жақ бөлігінде орналасқан. Қола дәуірі.

- Әулиетас елді мекені Жасыбай орманының ішінде, көне мекен. Қола дәуірі.

- Жасыбай мекені ертедегі орны Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігіне орналасқан. Қола дәуірі.

- Жасыбай-2 мекені Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігіне орын тепкен. Орта ғасыр.

- Жасыбай-3 зираты – Зират орны Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Орта ғасыр.

- Жасыбай-4 елді мекені – Ертедегі мекен Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Қола дәуірі.

- Шойындыкөл зираты Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігіне орналасқан. Қола дәуірі.

- Жасыбай-6 зираты Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Қола дәуірі.

- Жасыбай- 7 зираты Жасыбай көлінің маңында орналасқан. Орта ғасыр.

- Жасыбай- 8 зираты Жасыбай көлінің маңында орналасқан. Орта ғасыр.

- Жасыбай- 9 зираты Жасыбай көлінің маңында орналасқан. Орта ғасыр.

- Кафарка мекені Баянауыл орманы, Факел демалыс үйінің маңында. Қола дәуірі.

- Жертвенный комплекс «Кафарка» – Баянауыл орманы, Факел демалыс үйінің маңында. Орта ғасыр.

- Кафарка зираты Баянауыл орманы, Факел демалыс үйінің маңында. Орта ғасыр.

- Жертвенник Кафарка - 2 Мемориалды құрбандық кешені. Орта ғасыр.

- Кафарка қорғаны – Баянауыл орманы, ескі қорғандық тұрғызулар. Орта ғасыр.

- Кафарка-1 қорғаны .Баянауыл орманы, ескі қорғандар. Орта ғасыр.

- Кафарка-2 қорғаны. Баянауыл орманы, ескі қорғандар. Орта ғасыр.

- Кафарка зираты Сабындыкөл көлінің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Кафарка зираты. Қола дәуірі.

- Кафарка отрадасы Сабындыкөл көлінің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Көне орта ғасыр.

- Жасыбай-10 зираты Баянауыл ауылдық аймағы, Жасыбай көлінің ауданы. Орта ғасыр.

- Жасыбай-11 қорғаны – Қорған Жасыбай көлінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Орта ғасыр.

- «Рыбный ключ» зираты – Сабындыкөл көлінің оңтүстік бөлігінде орналасқан, тарихи жерлеу орны. Орта ғасыр.

- Торайғыр-3 қорғаны Торайғыр көлінің маңында орналасқан. Қола, темір дәуірлері.

- Торайгыр - 4 қорғаны Торайғыр көлінің маңында орналасқан. Темір ғасыры.

- Торайгыр-5 қорғаны Торайғыр көлінің маңында орналасқан. Темір ғасыры.

- Торайгыр-7 қорғаны Торайғыр көлінің маңында орналасқан. Темір ғасыры.

- Жасыбай моласы Жасыбай және Баянауыл ормандарының шекара аймағында орналасқан. XIX ғасырмен саналады, Жасыбай батырдың жерленген орны [199].

Еліміздің "Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген тарихи-мәдени жетістіктер білім ошақтарындағы рухани білім беру жүйесінің бағыттарын өзгертіп отыр. Білім берудегі басты талаптар рухани жаңғыру мүдделеріне сәйкес орындалып, мектептер мен жоғары оқу орындары үшін ұлттық тәрбие беру және ұлттық ойлау машықтарын жетілдіру үшін жаңа мүмкіндіктер

ашылып отырғаны белгілі. Осы орайда атқарылған нәтижелі жұмыстар мен бағыттардың барлық оқу-тәрбие үрдістеріне оң әсерін тигізетіні анық деп есептейміз. Алдағы міндеттерді тұжырымдай келіп, «Мәдени мұра» бағдарламасы» аясында:

- ЖОО-да рухани-мәдени білім беру бағдарламасын дайындау және оны жетілдіріп отыру мақсатында «Мәңгілік ел» қоғамдық-гуманитарлық бағытта шаралар ұйымдастыру;

- Жобаны жүзеге асыру әдістерін оқу-тәрбие үрдістеріне енгізу, барлық жобада прагматизм қағидасын кеңінен насихаттау;

- «Мәдени мұра» бағдарламасына» арналған тақырыптық жобалар жасау, оның аясына тарихшылар, биолог және география, әдебиетшілер, журналистерді тарту;

- әлемдік 100 үздік оқулықты қазақ тіліне аудару жұмыстарын жолға қою;

- ғылыми салаларды қамтыған зерттеулердің интеграциялау;

- «Мәдени мұра» бағдарламасы» аясында зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, оған IT-мамандарын жұмылдыру қажет.

Осы міндеттерді алға тарта отырып, ең бастысы біз, болашақтың өкілдері, Қазақстанның әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыруға тырысамыз. Осы шаралар іске асу үшін оқу орындарының кәсіби тәжірибесі бағдарламасына «Ұлттық дүниетаным» курсын енгізуді ұсынамыз. Осы ретте жоғарыда айтылған танымдық-ағартушылық ойлардың алаш ардақтыларының кешегі білім алу жолындағы армандарымен үндесіп жатқандығын байқаймыз. Алаш көсемсөз мұралары ешқашан көмескіленбейді, көнермейді. Олардың ғылыми мұралары замана сұраныстарына лайықты рух беретін жауһарлардың қатарында бола береді. Сондықтан да Алаш зиялыларының еңбектері де жаһандану кезеңіндегі маңызды ұлы істердің орындалуына септігін тигізері анық. Осы тұста біздің де зерттеу жұмысымыздың құндылығы арта түседі. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдық сананы өзгерту бағытындағы гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпілістердің көрінісі рухани-мәдени жаңғырулардың жетістігі деп білеміз.

Қорытынды

ХХ ғасырдың басындағы қазақ көсемсөзі көне түркі жазбалары Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған мұраларынан бастау алатын, «қара қылды қақ жаратын» қазақ шешендік өнерінің заңды жалғасы болып табылады. Осы ретте қазақ көсемсөзін замана төрі биіктерінен мүмкіндігінше ақиқат айнасына түсіре білген ұлт зиялылары халқымыздың санасы мен рухына, оның жұлдыздай жарқырай түсуіне игі ықпал еткені белгілі. Қазақ журналистикасының тарихын зерделеуде тұңғыш әрі сүбелі қадамды ғалым Қ. Бекхожин осы салада мол еңбек еткен профессорлар Бейсенбай Кенжебаев, Темірбек Қожакеев, Тауман Амандосов, сыншы Шериаздан Елеукеновтер қазақ баспасөзінде жария етілген алашордашыл қаламгерлердің мақалалары мен шығармаларынан Кеңес өкіметінің қолдан жасаған таптық азаттығынан гөрі ұлттық бостандықты аңсайтындығын байқады.

Осы тұста қазақ зиялыларының ұлтжандылығы жала боп жабылса да, туған халқына деген шексіз махаббат оларды ұлты үшін күресе білуге үндеді. Қоғам қайраткерлері «Қазақ» газеті төңірегіне бірігіп, Абай мектебінің ізбасарлары ретінде ұлттық сананың дүниетанымдық үлгілерін қалыптастыруға үлес қосты.

Алаш баспасөзі ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тарихи шежіресі, дәлірек айтқанда, 1907-1925 жылдар аралығындағы халқымыз бастан кешкен күрделі кезеңнің айнасы бола білді. Ендеше, оған тыңғылықты зерттеу жүргізу арқылы қазақ даласының қайшылыққа толы тарихи жағдайларын жан-жақты айқындап, терең тани түсуге мүмкіндік туады деген сөз. Сондай-ақ, басылым материалдарынан біз сол кезеңдегі ұлттық азат ойдың басты арналарын танып-біліп, олардың басы-қасында болған қазақ зиялыларының ұстанған жол, мақсат-мұраттарын анықтай аламыз. Сонымен бірге ұлттық сананың ұйытқысы болған Алаш баспасөзінің халқымыздың өсіп-өркендеуіне қатысты ұсынған негізгі идеялары заман көшінің рухани даму жағдайын жалғастыра түспек.

Ахмет Байтұрсынов газеттің әдебиет тобы қатарына жататындығын, жазған сөздердің мағынасы толымды, көңілге қонымды, тізілу тәртібі дұрыс, сыны сымдай болуы тиіс екендігін айтты, осы қағиданы Алаш баспасөзінің журналистері өздеріне бағдаршам етіп ұстады. Осыған үндес «Шолпан» журналының 1923 жылғы 4-5 нөмерлерінде жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деп аталатын мақаласы жарияланды. Мақалада жазушының жазба әдебиет бойынша Абай атынан кейінгі аталатын «Қазақ» газеті деп баға беруінен Алаш мәртебесінің биіктей түскенін байқаймыз. Сондай-ақ «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп шырылдап, тілімізге араша түсіп, оның басқа тілдермен шұбарланбай таза сақталып қалуына көсемсөз арқылы үн қосып, әрекет еткен Ахмет Байтұрсынов бастаған алаш азаматтарының игілікті қадамдарынан үлгі-өнеге алу басты парыз болып табылады .

Осы мақсатты биік бағалаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [36] атты мақаласында «Мен халқымның тағылымы мол тарихымен ежелгі заманнан арқауы үзілмес ұлт салт-дәстүрін алдағы өркендеуіміздің берік діңі етіп, әрбір қадамының нық басуына, болашаққа сеніммен бет алуына еңбек етемін», – деді. Сондықтан да бүгінгі күні

ұлттық дүниетаным мәселелерін қайта қарастырып, ғылыми сараптаулардан өткізу тарихтың астарында жатқан терең әлеуметтік психологиялық ерекшеліктер мен іргелі ұстанымдарды қайта жандандыруды қолға алу өзекті мәселе. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін алаш көсемсөз зергерлерінің шығармашылығынан танып, сараптау маңызды деп есептейміз.

Бүгінде Алаш қайраткерлерінің осы бағытта жаны пида болып күрес жүргізген тәуелсіздік тұғыры орнады. Кеңес идеологиясы ыдырап, ұлт дүниетанымын құрайтын мақсат-мұраттарға қол жеткіздік. Мұстафа Шоқайдың ұлтшылдық идеясын халқымыздың жаны мен жүрегіне теңей отырып, егер ұлтымыз өмір сүрсе, оның да өмір сүретіндігін жеткізген сенімді сөздері ғасыр соңында жүзеге асты. Осы игі мұраттардың орындалу себебі тәуелсіз еліміздің ұлттық санасының қайта жаңғыруы мен ұлттық намыс пен ерік-жігерінің көрініс табуы дер едік. Сондықтан Алаш қайраткерлері ұсынған ұлт болашағы жайлы идеялары қазақ үшін қызмет етуін іске асыру бүгінгінің басты талабы болмақ. Ұлттық идея мұраттары кешегі алашордашылардың бойтұмары болып есептелсе, бүгінгі тәуелсіз елдің айқын бағдаршамы болуы тиіс.

Алаш қараткерлері кез-келген адам баласы алдымен өз халқы үшін еміреніп, егілсе керектігін айтқан қағидатты ұлт идеясы етіп ұстайды. Көсемсөз мұраларынан халқының болашағына қажетті сауаттылық, білімділік ұлтына қажет екендігіне анық сенімділігін байқаймыз. Ғылым, білім салалары бойынша елдікке шақырған мұраттар бой көтергенін көреміз. Олардың көзқарасы бойынша, қазақтың жаңашыл негізде ашылған мектептерінің көбеюін қалағанын бағамдаймыз. Шығармалары білім алуға құштар сезімдерін сілкіп, қазақтың жастары бос өткізген уақытты өкініш екеніне кездерін жеткіздіргісі келеді.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы баспасөз саласы жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптасып, дами түсті. Қазақ көсемсөзі идеялық, тілдік-стильдік, тақырыптық, бейнелік, жанрлық жағынан да жетіле түсіп, сөз өнерінің жазба әдебиетінің толығуына ықпал етті. Бұл тіліміздің бойындағы мүмкіндіктерді барынша көрсетуге, көркем әдебиет пен баспасөз стилінің дамуына жағдай жасады. Соның ішінде Алаш көсемсөзі арқылы ұлттық сөз өнеріміздің алтын қазынасы молая түсіп, тіліміздің байлығы мен оралымды тілі, сөз мағынасының алуандығы одан сайын арта түсті.

Алаш зиялыларының қазақ халқын оқыту, білім берудегі патша үкіметінің астарлы саясатын әшкерлеудегі істері, отарлаушылардың наразылығын тудырды. Себебі Ахмет Байтұрсынов осы тұста патша үкіметіне қарсы болып, орыс мектебін көбейтіп, қазақ тілін жою, тінді үзу мақсаты көзделгенін ашық айтқан болатын. Отарлау саясатымен оқыту тек орыс тілінде жүргізілсін деген жарлық шығаруы көзі ашық, көкірегі ояу алаштықтардың бас көтерулеріне әкеліп соқтырды. Осыған орай алаш көсемсөз зергерлері баспасөз беттерінде хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрінің бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы екендігін айтып, әр халықтың өз діні, тілі, жазуы сақталу қажеттігін өткірлікпен ұсынды.

Сол кезеңде жарияланған публицист Қошке Кемеңгерұлының «Мектеп қай тілде болу керек?» [39], – деген мақаласында ұлт мектебі ұлт тілінде болу керек деген өзекті мәселені көтергендігі ерекше назар аудартады. «Егер орталау мектептерде оқыту тілі орыс тілінде жүрсе, біздің арамыздан ешқашан дұрыс оқытушы-мұғалім шықпас. Ұлттық мектептер, ұлттық мәдениет болмайды. Және де өзге түрік ұлтты орта мектептер өз тілінде оқытып жатқанда, қазақ өз бетінше ауа жайылуы дұрыс емес. Орта мектептегі оқыту орыс тілінде жүргізілсе, қазақша кітап басудың қажеттілігі қаншалықты. Пәндік кітаптар қазақшаға аударылмай жатыр. Жеткілігінше кітаптар жоқ дегені күшті дәлел емес», [44, б. 111], – деген өткір пікірлер білдірді.

Осы орайда көсемсөзші Әлихан Бөкейхан да Абай мен Шәкәрім және Міржақып Дулатұлындай ақындары бар, өз жерінде бірлесіп отырған 5 милл. Қазақ халқының тілі қалайша жоғалады деп ашына отырып жеткізді. «Қазақтың ана тілін тастап, татарға мінгескелі адасқандық болар, жұртқа ыңғайлы болуы үшін ресми мекеме қағаздары әр жерде әр елдің тілінде жазылсын» [41]. Осылайша татар тілінен гөрі қазақ тілінің мәртебесін көтерген болатын.

Ақын М.Жұмабаев болса, ұлтқа тілінен басқа қымбат ешнәрсе болмауы тиістігін айтып, әр ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі анаадай көрініп тұратындығын көрсетті. Қазақтарда сайран салған сары даласы, бірде сілтідей тынып, біресе құйындай аласапыран тарихымен сары дала бойында көшп-қонып тұрмыс құрып, аспай-саспай сабыр тұнған мінез тауып, бойынан бәрі көрініп тұрады. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілінде қазақ тілінен бай, шешен, оралымды, сырбазтіл жоқа дерлік. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік баласы бір күндері қазақ тілінің айналасына топтасып келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде–ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол брікен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түріктердің болашақ тарихына қазақ халөы төрге озып орныгады. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік» [171, б.55], – деген мәнді-мағыналы пікірлері ерекше көңіл аудартады. Ақын сондай-ақ: ***«Мен қандай едім заманымда? Мен шешен, ақын, тілмар бабаның бұлбұл тілі едім. Мөлдір едім, таза едім. Толқындай жарды соққан екпінді едім. Наркескен өткір едім мен. Енді қандаймын? Былғанып, кірленіп бара жатырмын. Мұқалдым, жасыдым. Мен не көрмедім? Араб пен парсыны қосып жүр маған. Одан шұлдірлеген ноғай, былдырлаған орыс тілі араласты. Тіпті күндер өте мені мүлде өшіргісі келетіндер де бар***» [134, б. 301], деп қазақ тілінің жанайқайын білдіретін керемет сөздері бүгінгі ана тілінің тағдырын бейнелеп тұрғандай сезіледі.

Осылайша алаш көсемдері өз жұртының ұлттық идеялары мен ұлттық мүдделерін биік санап, сан ғасырларға жалғасқан рух пен мұраттың көк толқыны бола білді. Олардың қазақ тіліне арнаған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі азат, тілі азат уақытқа қол жеткізген қазақ ұрпағына тағылым боларлық өміршең өсиет. Алаш мұраларынан ұлттың

тағдыры тілдің аса терең негізін өте байыпты әрі жан-жақты түсінгендігін байқаймыз.

Өз заманында қазақ қоғамындағы осындай келеңсіз көріністерге қарсы күрескендердің бірі С.Торайғыров та өз ойын баспасөз арқылы ашық жеткізуге тырысты. Ол халықты Самарқан, Түркістан, Бұхар жағынан миды ашытқан дін жақиеттерінен құтылып, Европа мәдениетінен суарылған жаңа өнерлі тілді жасауға шақырды. Ол өнерлі тілдің үлгісін Абайдан үйреніп, содан-кейіп саф алтындай қымбат, күмістей таза халық ауыз әдебиеті мен бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйрену қажеттігін айтты. Бұл жәйттерден сол кезеңдерде көсемсөз тілінің тазалығына ерекше мән бергендігін аңғарамыз. Осы ретте қазақ көсемсөзінің алғашқы нұсқаларының қазақ ауыз әдебиеті мен шешендік сөздерден бастау алғандығын бағамдаймыз.

Шынында, осындай түрлі кедергілерге ұшыраған қазақ тілінің мерейін, мәртебесін арттыруға «Қазақ» газеті бастаған алашшыл басылымдардың үлесі зор болды. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» сияқты басылымдар ұлттың рухын көтеріп, тілдің мерейін үстем етті. Қазақ даласында үнжария қызмет атқарған олар мәнді де мағыналы материалдар басып шығарды, сөйтіп өзгенің іштартпа қаһарына іліккенмен, қазақ дүйім жұртының ризалығына бөленді.

Алаш азаматтары ғылымның салмақты да сара салалары ретінде тұңғыш рет тілді тану ғылымын дамытты. Мұндағы мақсат – қазақтықты сақтау, қазақты көркейтудегі көркем ой. Өйткені, барлық ұлттық ерекшеліктердің ішіндегі халықтық болмысты, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы алаштықтардың аса қисынды әрекеттері еді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жазу мәселесі әр түрлі пікірлер тудырып, баспасөз бетінде көрініс беріп жатыр. Бүгінгі таңдағы әліпби таңдау мәселесі бүгінгі ұрпақ еншісіне тиіп отыр. Қазір де халық ішінде полемика көп. Сол үшін де біздерге 1937 жылы кеңес үкіметінің қазақ елін кириллицаға көшіруінің саяси астарын ашу, сараптама жасау тарихи таңдау жасауда септігін тигізеді. Себебі біздерге тарихтан сабақ алған дұрыс. ХХ ғасыр басында дәл осындай тарихи құбылыс тұсында қазақ баспасөзі өз міндетін абыроймен атқара алғандығына куәміз. Қазақтың дүниетанымына төнген қауіпті алашордашыар әріден сезіп, кеңсе ісі, оқыту, жазу, сот ісінде қазақ тілін енгізу үшін қарқынды еңбек етті. Әрине, тегеуріні мықты жойқын күштер оның бірін жүзеге асыртса, бірін асыртпады.

Сол уақытта Ахмет қазақтың олжа табар жерде үлесінен айрылып отырған себебіне қазақтың надандығы мен білімсіздігін көріп тұрғандардың басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғанын ашып айтады. Қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер мен білім екендігін ескертеді. «Сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқаның аяғының астында тапталмас едік, біздің де жеке бір ел екендігімізді білдіретін едік» [1, б. 254], – деп шерін тарқатады.

Басылым беттерінде заманымыздың озық ойлы азаматтары отарлық езгі туралы толғанысқа жеткізген мақалаларын жариялай отырып, қазақ елін алдыңғы ел қатарына қосатын негізгі басты факторды ұлттық мемлекет құру

деп білді. Мемлекеттіліктің бірқатар іргелі мәселелерінің бірін оқу мен білім деп көрсетті.

Қазақ даласындағы оқу мен білім алудың пайдасын насихаттаудың нәтижесінде мектеп ісін дұрыс жолға қою деген мәселе төңірегінде жұмыстар артқарыла бастады. Ал қазақтарды орысша оқытатын орыс мектептері үкімет тарапынан қамқорлық көріп отырды.

Мұхтар Әуезов «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «Қазақ» газетінде жарияланған әсерлі анық сөздерден мектептегі жас балалардың сезімі де түзу жолға беттегендей болғандығын көрсеткен. «Мектепте сабақ оқымай жүрген бала «Қазақ» газетін көрсе, қадалғандай болып тұрып оқитын» деген сөздері «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсыновтың келешек қазақтың оқығандарын адаспайтын сара жолдың жөн көрсетушісі, бағыт сілтеушісі болғанын байқаймыз [49].

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газеті арқылы қазақтарға білімнің қажет екендігін халқының экономикасына, тұрмыс жағдайына байланыстыра отырып жеткізуге тырысты. Автордың көкірегімен сезіп, көңіліне түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен үндес келеді. Автор Қазақ жерінде өндіріс болмай тұр, шикізат сатқанмен, сол шикізаттан өндірілген өнімді екі-үш есе қымбат бағаға саудаласады. Бұл надандық деп жазғанын білеміз. Автор надандық дегенде халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығын айтқан. Оның себебін қазақ жеріндегі мектептердің аздығымен түсіндіреді. Сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқтығын тілге тиек еткен. Осы жазғанынан-ақ, қазақты қараңғы демей, халықта кінә жоқ, сол қиындық пен қараңғылық құрығынан құтқаратын мүмкіндіктер болмауын бейнелі түрдегі тілмен білдіреді. Публицистің бұл пікірлері жаңа технологиялық білімді игермегендіктен, өндіріс орындарын басқара алмай, шетелдік инвесторларға мойынсұнып отырған қазақтың қазіргі жағдайымен сәйкес келетіндігі ақиқат.

Ғалымның тағы бір ғылым саласына енгізген жетістігі қазақ тілі грамматикалық категориялардың бәріне қазақша терминмен атады. Бүгінгі таңда қолданыстағы сын есім, зат есім, есімдік, етістік, одағай, шылау, үстеу, бастауыш пен баяндауыш, жай , құрмалас сөйлемдер, қаратпа сөз деп аталып жүрген барлық дерлік лингвистика атауларының бәрі А. Байтұрсынұлынікі болып табылады. Бұл сәтті шыққан атаулар күні бүгінге дейін қолданыс аясынан түскен жоқ. Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы ғылыми еңбектерінің бірі – 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсар» атты еңбегі. Ол әдістемеде 1910 - 1928 жылдар аралығында біршама ізденіс жұмыстарын жасаған. Әліпбиді меңгерту әдістемесін түсіндіретін «Баяншы» деген кітабы 1912 жылы басылып шықты. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты методикалық еңбегінде тағы да көрсетеді.

XX ғасыр басындағы Алаш азаматтарының тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы бір өлшеусіз зор еңбектері термин жасау мәселелерін қамтыды. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ зиялыларының бас қосқан сьезінде қазақ терминологиясы туралы мәселе алғаш көтерілді. Оның дамуы

жөнінен қағидаттары қарастырылып, жат сөздерді тілдік қорымызға енгізудің шарттарын талқылап, сөзжасамдық жүйеде қазақ тіліне тән дыбыстарға мән беруді, ұстанатын алғы шарттарды алға тартты.

Нағыз ғылымды ашық, жүйелі пікірталастар тудыратындығын ескерсек, Қошке тіл маманы ретінде Юдахин, Поливанов, Шмидт сияқты алпауыттармен қазақ тілінің күрделі мәселелері жөнінде келіспеушіліктері болған. Мәселен, 1929 жылдың мамырында орфография мәселелеріне өткізілген конференция жұмысында орфографияны, терминдерді жаңалап жасайтын ұстанымдары туралы Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы орнықты пікір білдіріп, «өздерінің қара шекпенін жапқысы келген» еуропалық ғалымдармен айтысқан. Бұл қазақтың жаңа қалыптасып келе жатқан тіл ғылымының еуроцентристік көзқараспен текетіресуінің көрінісі еді.

Ахмет Байтұрсыновтың термин жасауға қосқан үлесі туралы профессор Р.Нұрғалиев пікір білдіре отырып, оның «Әдебиет танытқышта» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөздерді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-біріне сабақтастыра білгендігін көрсетті. Әсіресе, ұйқас, ұялас, ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап бергендігін жария етті. Алаш зиялылары орыс миссионерлерінің қазақты орысқа айналдыруға жасаған әрекеттерін жақсы түсінді. Соның нәтижесінде сол кезеңде қазақтың ұлттық дүниетанымына жақын, санасына өшпестей қонымды, жеңіл, мазмұны, тәрбиесі толық оқулықтар жазылды.

Әдебиеттегі ұлттық рух! Бұл басынан бостандығы таймаған қуатты елдер үшін кәдімгі, күнделікті нәрсе. Ағылшын, француз, неміс т.б. елдер әдебиеті оны ешқашан біздегідей өткір сезінген емес. Ал бізде мәселе мүлде басқаша қалыптасты. Қазақ ұлтының мәдениетіндегі ұлттық рухты жоюды мақсатты түрде жоспарлаған «бұратаналық кезең» одан кейін Кеңес үкіметі үнемі ұлттығымыздан қауіптенген сияқты. Ұлтшылдық дегенді рухы берік жандарды басу, жаншу үшін алғашқы күндерден бастап қолданған. Нақты ұлттың тұрмыс-салтындағы қалыптасқан тұрақты, дәстүрлі белгілерді бұзып беймәлім, жат, жаңа қатынастар мен үлгілерді күшпен таңа бастау текті халықтың ашу-ызасын, қарсылығын туғызатын нәрсе. Отарлаушы мемлекет үшін отар елдің халқынан гөрі, байлығы, жері ғана қымбат екендігі белгілі. Ресей тәрізді отаршыл елдің басты міндеті оны еркін иемдену жолында қызмет ету болды.

Қазақтың дүниетанымдық бірлігінің бір сарасы – ән, күй, өлең, жыр. Онсыз өмірдің қызығы, сән-салтанаты жоқ. Осы ойларды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Өлең һәм айтушылар» атты мақаласында жан-жақты талдап өтеді. Автор халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар деген пікірлері өткір айтылғандығын аңғартады. Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу қажетігін ұсынады. [200, б. 121]. Сұлтанмахмұт өлең-жырды, әдебиетті халықтың жан-жүрегіне теңеп, оның атқарар қызметінің орасан екендігін айтып, жұртшылық назарын аударған.

Ж. Аймауытов адамзаттың мәдени тарихы өнерді көрнекті орынға көтергеніне, өнермен ғана қоғам дамитынын, руханияттың молығатын

мүмкіндігіне ой тоқтатып, қазақ мектебінде алдымен кескін мен әуез пәні зор талап етілу керектігін, әр бала өнер жолына ынта қойып, өнерпаз қабілеттілігін тәрбиелеуде осылардың маңызын баса айтқан.

Бұл күндері қазақ өз мәдениеті мен тарихын қайта жаңғыртып жатса да, батысшылдықтың екпінінің басым екендігін растаймыз. Ұлттың болашағын ойлаған ғалымдарымыз бұл мәселе төңірегінде қанша ұсыныстар жасаса да, әлі де шешімін таппай отырған мәселелер көптеп орын алуда. Соның ішінде қазақы дүниетанымға тұсау болған мәселелер қордалануда. Бұл жөнінде Мекемтас Мырзахметов біздің қазақ жастарының қазіргі еуропалықтардың мінез-құлқы мен рухани болмысына еліктеу мен солықтау жағынан бәйгенің алдын бермей отырғандығын айрықша мән беретін мәселелердің бірі деп көрсетті. Әсіресе автордың Ұлы Абайдың арсыз болсаң ғана мал табасың, бағың асу үшін айлакер болуың керек дегенін тайға таңба басқандай етіп, ұлттық болмыс пен санадан алыс қазақтар мен дүбара қазақтар қоғам байлығына заңды түрде қол салып, өзіне сіңіріп қалу үшін азат қоғамның моделін жасап, насихаттауы бос емес» дегені көп ойға қалдырады.

Осы орайда ұлт жанашыры М.Жұмабаев тәрбие мақсатын да бізге өз заманында айқындап берген еді. Оның өз ұлтының тәрбие беру жолында жинаған тәжірибесін санасына сіңірем дегені өте дұрыс. «Ұлттың тәрбиесі бұрыннан сынға алынып соқпақ салынғандықтан, әр тәрбие ісімен айналысушы ұлтының тәрбие жағдайымен етене таныс болуы керек. Сол ұлттың тәрбие жүйесімен тәрбиелеуі керек» [33]. Ол сонымен қатар ұлттың тәрбие заңына сынай зерттеп, тозығын тастап, озығына ұмтылуға шақырды.

Мәселен, автордың киіз үй туралы айтылған ойларында әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде екендігіне басты назар аударады. Тазалық, саф ауа қазақтың киіз үйінде болмағанда ше? Ал жас организмге саф ауа өте қажет. Мал бағып, төлмен қоса ержеткен қазақтың баласы ешқашан нәзік болмайды, әлжуаз етіп тәрбие бермеу керек. Қазақтың қара домалақ баласы ұлтының тұрмыс тіршілігіне жанасуы керек дегенді айтады. Яғни, бала жас кезінен шыңдалып, өмірге бейімделуі керек. Осылайша қазақ көсемсөзінің тәлім-тәрбиелік мәні зор еңбектері бір-бірімен үндестік тауып, халқына қызмет етті.

Халық тәрбиелік дүниетанымын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттей отырып, белгілі жазушы, педагогика ғылымдарының докторы С.Ғаббасов ұрпақ тәрбиелеудің негізі болатын екі сатыдағы әдіснаманы және тәрбиенің жеті жүйесін ұсынады. Ғалымның пайымдауынша, ұсынып отырған әдіснамасының «еуроцентристік әдіснамадан» өзгешелігі, А.С.Макаренко сияқты әйгілі педагог ойынша бала туылғаннан тәрбиелену керек айтқанына кері ой білдіреді. Айтпақ ойы қазақтың тәмсілі бойынша «бала дүниеге келген сәттен тәрбиелей бастау кештеу » деп ұстанымын білдіреді. Қазақ ертегілерін қарасаңыз «келіні аю етіне жерік боптыы, оны бүкіл ауыл боп іздепті» деген сияқты боп келеді. Яғни, қазақ балаға, ұрпақ тәрбиесіне ауыл-ел болып атсалысады. Шынында, туғаннан бастап тәрбиелеу дегеніміз қисық біткен бұтақты түзеймін деумен бірдей. Осы қисық бұтақты түзеймін дегендіктен екеуіне тиімсіз ақырына апарады. Ал дала даналығындағы «бесік құда, бел құда» болу келер ұрпақтың кім боларына алаңдаушылық

болатын. Бүгінгі трагедияның үлкені – осы. Осы орайда ұрпақ тәрбиелеуде бірізді әдіснама керек. Ұлттық таным тұрғысынан отбасы құруға дайындық, ана құрсағындағы бала тәрбиесі, нәресте кезеңінде тәрбие, балбөбек кезеңіндегі тәлім, сәбилік кезеңіндегі жан құмары, балиғат, жасөспірім кезеңіндегі тамырлы тағылымдар. Осы кезеңдердің әрқайсының өз тәрбие-тәсілдері бар. «Публицистика ең алдымен бүгінгі күннің жұрт назарын аударып отырған, түсіндіруді, пікір айтуды, шешуді қажет етіп отырған қоғамдық-саяси мәселелерін көтереді, соған әлеуметтік талдау жасайды. Сол туралы жұрттың қандай пікір, қандай позицияда болу керектігін аңғартады. Сөйтіп қоғамның ілгері дамуына ықпал жасайды» деп көсемсөз мақсатын нақты түсіндіріп берген ғалым Т.Қожакеев айтқандай көркем публицистика «көтеріңкі екпін-леппен, асқақ пафоспен, қызу құлшыныспен жазылған, «рухты көтеретін, жігерлендіретін» мақала, материалдардан тұрады»[201, б. 182].

ХХ ғасыр басында тіл тазалығы мен сөз қолданысында түрлі өзгерістер орын алды. Қазақ көсемсөзін эмоциялық бояуы қанық, көркем тілде жеткізе білу, сөздің астарына мән беру, ойната білу үрдістері анық байқалды. Бұл публицистердің газет бетіне мақала жариялаудағы тілдік-стильдік ерекшеліктердің маңыздылығына басты көңіл бөлгендігін білдіреді. Мұндай жазбалардағы астарлы ойлар мен қазаққа таныс сөз ұғымындағы концептілердің айырықша орын алуынан тілдік-семантикалық бірліктердің нығая түскендігін көреміз. Мұндай концептілік сөз қолданыстарын тіпті газет атауларынан да байқауға болады. Мысалы, «Дала уалаяты», «Қазақ», «Айқап», «Серке», «Алаш», бұл тек қана газет атаулары ғана емес, бойына бірнеше мағына тоғысқан концептілік ұғымдар. Баспасөздегі қарапайым күнделікті қым-қуыт тірлікті суреттеген жазбаларда метафора, символ болған концептілер астарында үлкен танымдар айтылған еді. Оған мысал: «Дала – Алтын бесік», «Дала – кіндік», т.с.с. Бұл сөздердің астарлы ұғымдардан хабар беретін дүниелер екендігі анық. Кейбір қарапайым ғана сөздің, жай ғана детальдің қайталануы, сезіммен суреттелуі оны тамырлы метафралық ұғымға айналдырады. Шағын ғана детальдің-концептінің санада жаңғыруы күнделікті істерден «тіршілік тынысын аңғартуға, одан әрі тарихи, саяси мәселелерге жетелеуге апаруы кездейсоқтық емес, бұл – ұлтымыздың көсемсөз шеберлігінің үлгісі» [202, б. 182].

Қазақ көсемсөзінде осындай ұлттық танымға сай, қазақ үшін құнды концептілік ұғымдар жүйесі көптеп орын алады. Атап айтсақ: жер, атақоныс, ар-ождан, сана, жайлау, жылқы, дала. Осылардың ішінде біздің жеке тоқталғанымыз «Дала» концептісі. Бұл қарапайым кеңге танымал, көпке ұғынықты сөз көсемсөзшілердің барлығында дерлік кездеседі. Іс-қағаздардың рәсімделуіндегі атауларды алсақ, онда «Дала өлкесі», «Дала комиссары», «Дала ережесі» деген сөздер көзге түседі. Одан ілгеріде «Дала биі» т.б. сөздерден бастау алды.

Жазушы Б. Майлиннің «Қара шелек» әңгімесінде «Дала концепті» былайша көрініс тапқан:

...Түн. Терезе қармен көмулі! Дала боран, жел дүрілдейді, ысқырады, ұлиды. Қараңғы үйде, Қуандығын бауырына басып, бүк түсіп Айша жатыр. Үйқы қашқан. Ауыр ой кернеп, оқта-санда күрсінеді. Қаратоқалдың күйеуі

Қожақұлдың «ортақ мүлікке» бола шу шығарған Айшаны «сот-потпен» қорқытқаннан кейінгі күй. Бұл Айшаның ғана күйі емес – Даланың, қазақтың күйі.

С. Сейфуллин «Колчак әкімшілігінде»: ...Қала мен далаға құтырған қасқырлар тиді. Қасқыр тұмсығын тықпаған жер, таламаған ел қалмады.

« *...Терезеде отырып көк белес, көк далаға қарадым. Анау қазақты-ай, өгізге жеккен ырдуанмен тезек теріп жүрсе де, шіркін, бостандық артық екенсің! Мынау ана құшағын, ақ төсін ашқан кең даладан келеді-ау!»,* – деп еркіндікті аңсайды. Бұл жердегі әрбір сөз концепт десек артық емес. Қазақтың даласыз өмір сүре алмайтынын, жан-тәнімен даланы сағынып тұратынын әрбір адам мойындайды. Қазақтың даласыз тынысы тарылады, өз-өзімен өше бастайды, сондықтан «қазақ пен дала сөзі біртұтас ұғым, «дала» концептісінің басқа мағыналарын айтсақ – «теңдік» (табиғаттағы теңгерім), «құқық», «еркіндік», «әділеттілік», «тыныштық», «ән-күй». [203, б. 12].

Қазақ көсемсөзінің тілінде концепт болған «Дала» сөзі синхрондық және диохрондық аспектіде көрінеді, яғни, дәл сол уақытта қалыптасқан мағынаны беріп тұрғандай болғанмен, оның өсу жылнамасы бар, «дала» сөзі халықтың тарихымен бірге, елдің басынан кешкен оқиғаларымен бірге даму үстінде. Тірі организм сияқты келешегі бар сөз. Бұл концептің қазақтың санасына тарихи түрде терең тамыр жайғаны, оны түбірімен «жұлып» өшіру мүмкін емес. Тіпті әріден айтсақ, *«Дала соты», «Дала заңы», «Дала даналары», «Дала перзенті», «Дала сазы»* деген ұғымдар қазақтың ұлттық белгісі, қазақтың қалыптасу кезеңінен бітеқайнасқан ұғым іспеттес. Сонымен қатар бұл концепт қалыптасқан дәуірінде жалпылама және идеалды сипат алған. «Дала» тұжырымы, концептісі қазақ халқының мирасқа қалар ұғымы. Бұл жерде концептінің тек қана тарих қойнауында қалмайтыны, жасампаз екендігін айтқымыз келеді. Оған дәлел қазіргі «Ұлы дала елі», «Мәңгілік Ел» тұжырымы, бұл тек сөз емес, ол тұтас бір халықтың тіршілік-тынысы.

«Ұрпақты ұлттық дүниетанымда тәрбиелеу, ең алдымен, далалық өркениеттен бастау алады», сонымен бірге қазіргі ғылым салалары қазақ халқының ұлттық болмысына сай мирасты өзге қоғам құбылыстармен, ғылым салаларымен, ұлттық мұратпен қатар зерттеуді талап етеді. Ғылымға тән ерекшелігі табиғат, қоғам және ойлау заңына байланысы болуы, оны ашып және танып дамыту болады. Осыдан дала мәдениетінен бастау алатын қазақ халқының ұлттық болмысына, халықтық тәжірибесіне лайықты бала мен үлкендерге тәрбие беру, білім беріп оқыту ережелерін қарастыратын сала болуы керек деген қорытынды жасауға болады. [204, б. 182].

XX ғасырдың басындағы қазақ көсемсөзіндегі ұлттық дүниетанымдық көзқарастар мен «Дала концептісіне» қатысты ой-пікірлерді қорытындылай келіп, мынандай тұжырымдар жасауға болады:

- XX ғасыр басындағы қазақ дүниетанымы қалыптасуының тарихи кезеңдерін жан-жақты талдап, оның ұрпақ тәрбиесіндегі өзара ықпалдастығы мен байланысын ашып көрсету;

- XX ғасыр басындағы Алаш көсемсөз үлгілеріндегі қазақ дүниетанымына байланысты айтылған идеялар мен рухани бастауларды көркемдік және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан талдау;
- Қазақ дүниетанымының «Дала концептісі» мен дала өркениетінен нәр алатынын ғылыми тұрғыдан негіздеу;
- Ұлы «Дала» кеңістігі жөніндегі Алаш көсмсөзіндегі дәстүрлі түсініктердің тарихи-этнографиялық, мәдениеттанушылық және философиялық құндылықтарын айшықтау;
- Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің ұлттық деңгейі мен көрінісін тұтас алып, жалпы адами рухтың мұқтаждарын шешу үшін жұмыс жасап, оқулықтар жазып, ұстаз дайындау, қоғам әлеуетінің деңгейін көтеру;
- Қазақ дүниетанымының әдіснамасы мен оның мазмұндық құрылымын жасау.
- Алаш ардақтыларының тіл, әдебиет, есептеу төңірегіндегі еңбектерін, терминдерді мектептің бағдарламасына бекітіп, тиісті жерде арнайы курстар етіп өткізу.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басындағы қазақ көсемсөзі туралы сөз болғанда, ең алдымен, Алаш қайраткерлерінің қазақ елінің бүгінгі басты құндылығы болған тәуелсіздік мәселесіне байланысты ерлікке пара-пар қадамдарын айтамыз. Қазақ халқы, дүниежүзіне жеріміздің аумағымен, «Ұлы Дала» тәмсілдерімен, байлығымен мақтансақ, ұрпағына осындай қазына қалдырған Алаш азаматтарын да әсте ұмытпағанымыз жөн. [205, б. 182].Олардың күресі дала үшін, далалықтар үшін, дала даналығы үшін, даланың болашағы үшін болған күрес болатын. Қазақтың кең даласына жетер, атамекеніңнен асқан не байлық бар? Демек, біздің ұлтқа бағыт ұстар басты нысана – білім-білігі келіскен саналы түрде елі үшін жан қиған еліне ерен еңбегі сіңген зиялылыардың уақытындағы дүниетанымы, межелі мақсаттарына жетудегі қайратты да қарымды қадамдары, қайсарлылығы, жігер-еркі, мінезі. Түбі неге апарарын біле тұра, ұлтының болашағы үшін, елінің ертеңгі күні үшін игілікті істі асқан батылдықпен, жанкештілікпен, қанда бар өр намыспен белсеніп бастаған болатын. Қазақтықтың жадысы өшпеген әр қазаққа тайға таңба басқандай анық нәрсе – «қызыл қырғын» құрбандарының мәңгілік мұрасы «байтақ дала», «сергек ой», «қайсар рух», «намысшыл болмыс». [206, б. 182]. Біз қашанда есімізде ұстайтын, жадыда сақтап, кейінгіге аманатты аман сақтап апаруға міндеттіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары.– Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 147-148.
3. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // РАН. Серия лит.-ры и яз. – М.: Наука, 1993. – Т.52. – № 1. – с. 96.
4. «Мәшһүр Жүсіп» Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – Т.3. – 260 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1988. – 450 б.
6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. –Алматы, Жібек жолы, 2010. – 232 б.
7. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. –Алматы, Атамұра, 2003. – 370 б.
8. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. –Алматы, Ғылым, 1998. – 280 б.
9. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Жетінші кітап. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Білім, 1993. – 248 б.
10. Амандосов Т. Современная казахская публицистика: автореф... док. филол.наук. –Алматы, 1982. – 46 с.
11. Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Рауан, 1990. – 450 б.
12. Сұхбанбердина Ү. «Айқап» журналы.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.
13. Омашев Н. Жиырмасыншы жылдар журналистикасы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1992. – Т.2. – 470 б.
14. Калижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. –Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
15. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. Астана: Ел-шежіре, 2008. – 357 б.
16. Әбдіманұлы Ө. Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы: филол. ғыл. канд...автореф. – Алматы, 1992. – 23 б.
17. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 450 б.
18. Алдаберген Қ., Қозыбаев С., Рамазанова А. Әлем баспасөзі тарихынан. – Алматы: Санат, 1998. – 300 б.
19. Мектеп А. Халел Досмұхамедұлының публицистикасы: филол. ғыл. канд... автореф. – Алматы, 1999. – 24 б.
20. Сақ Қ. Алаш мұрасы – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 260 б.
21. Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы, 1989. – 160 с.
22. Жарқынбекова Ш.К. Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках: автореф... док.филол. наук. – Алматы, 2004. – 49 с.
23. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: фил. ғыл. канд... автореф. –Алматы, 2003. – 29 б.
24. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
25. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру.//Егемен Қазақстан, –2017. Сәуір – 26

26. Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. – Алматы: КГИХЛ, 1961. – 440 с.
27. Бекхожин Х.Н. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1964. – 263 б.
28. http://old.e-history.kz/kz/video/view/781
29. Валиханов Ч. Собр.соч. в 5-ти томах. – Алматы: 1985. – Т. 4. – 280 с.
30. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
31. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық жинағы. А., 1961, – 480 б.
32. Бөкейхан Ә. Таңдамалы –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 472 б.
33. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.
34. Қарашев Ғ. (Ғабдолла Мұштақ). Қарлығаш. – Қазан, 1911. – 300 б.
35. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. – Алматы: Мектеп, 2003. – Т.4. – 342 б.
36. Дулатов М. Шығармалар жинағы –Алматы: Мектеп, 2002. – 367 б.
37. Бөкейханов А. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
38. Алаш қозғалысы. Құжат пен материалдар жинағы – Алматы: Алаш, 2004. Т.1.– б. 552.
39. Аймауытов Ж. Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
40. Мукушева Қ. XX ғасыр: зиялылар ісі ұрпаққа үлгі. С.Торайғыров атындағы ПМУ //Хабаршы ғылыми журналы. – 2016. – №4. – Б. 335-338.
41. Шоқай М. Қазақ жеріндегі ашаршылық.– Алматы: Жалын, 1992. – 182 б.
42. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. Алматы: Білім, 1991. – 287 б.
43. Қойгелдиев М. Алаш Орда // Егемен Қазақстан. –1992, қаңтар – 18.
44. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б.
45. Елеукенов Ш. Өмірі мен шығармагершілігі. – Алматы, 1995. – 322 б.
46. Нұсқабайұлы Ж., Алдаберген Қ. Көне басылымдар. Құнды деректер. Алаштың ардақтылары. – Алматы: Білім, 2016. – 384 б.
47. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Алматы, 1992. – 83 б.
48. Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
49. Әуезов М. Ақаңның 50 жылдық тойы // Ақ жолы, –1923. ақпан– 4.
50. Мукушева Қ. Міржақып Дулатовтың қазақ публицистикасына қосқан орасан үлесінің айнасы – «Айқап». // С.Торайғыров атындағы ПМУ: Хабаршы ғылыми журналы. – 2017. – №3.– Б. 296-301.
51. Дулатов М. Шығармалары: мақалалар мен зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1997. – Т.2. – 344 б.
52. Бейісқұлов Т. Майлин мұрасы // Қазақ әдебиеті. –2006, қаңтар – 13.
53. Амандосов Т., Қожакеев Т., Елеукенов Ш., Ыдырысов Т., Газет жанрлары. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 208 б.

54. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚМБ, 1958. –308 б.
55. Мукушева Қ. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында үштілді білім берудің ғылыми-әдістемелік ерекшеліктері. XIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференция материалдары «Гуманитарное пространство науки: опыт и перспективы», 2017. – Б. 111-116.
56. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1981. – 239 б.
57. Жапанов Қ. Қарлығаш. – Уфа: Восточная печать, 1913. – 96 б.
58. Мукушева Қ. Ғасырлар тоғысындағы көсемсөзші – Қорабай Жапанов. // С.Торайғыров атындағы ПМУ: Хабаршы ғылыми журналы. –2017. –№2. – Б. 431-437.
59. Жақып Б. Отыншы Әлжановтың публицистикасы: Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – Б. 163-170.
60. Сұхбанбердина Ү. Дала уалаятының газетіндегі қазақ елінің қоғамдық-саяси мәселелері. Дала уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 11-12 б.
61. Алаш қозғалысы. Құжат пен материалдар. – Алматы: Алаш, 2005. – Т. 2. – 552 б.
62. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. –Алматы: Әдебиет әлемі, 2012 – Т.9. – 420 б.
63. Ларионов Д. Опаленный беспощадной эпохой (О Кошке Кеменгерове) //Регион. КЗ. –2013, – март 1.
64. Әнес Ғ. Таңдамалы. – Алматы: Алаш, 1998. – 400 б.
65. Байтұрсынұлы А. Ақ жол / құраст. Р.Нұрғали – Алматы: Жалын, 1991. – 356 б.
66. Құрманбайұлы Ш. Терминолог. 2008. //http& abai.kz/node/770
67. Ахметов Қ. Қазақстан мәдениетінің қилы тағдыры (XX ғасырдың 20-30-жылдары) – Алматы: Ғылым, 2002. – 278 б.
68. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 112 б.
69. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 185 б.
70. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: таңдамалы ғылыми зерттеулері. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 512 б.
71. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
72. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш –Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – б. 384.
73. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1996. – 345 б.
74. Әуезов М. Қазақ оқығандарына ашық хат // «Қазақ тілі» газеті. – 1920, ақпан 5. – № 15.
75. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 420 б.

76. Алаш ақиықтары: мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар ҚР мәдениет және ақпарат м-гі; құраст. Т. Қ. Жұртбай. – Алматы: Алаш, 2006. – Т. 5. – 387 б.
77. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. // Д.Қамзабекұлы. – Алматы: Алаш, 2003. – 250 б.
78. Еспенбетов А.С. Шәкәрім және Сұлтанмахмұт. Ғылыми зерттеу. – Алматы, 2008. – 240 б.
79. Ергөбек Қ. Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы // Жас алаш. –1991, желтоқсан 20.
80. Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты. – Астана: Фолиант, 2002. – 152 б.
81. Дөнентаев С. Шығармалар. – Алматы: Рауан, 1990. – 426 б.
82. Ыдырысов Т. Баспасөз – өмір айнасы.– Алматы: Қазақстан, 1977. – 204 б.
83. Латышина Д.И. История педагогики (История образования: педагогической мысли): уч. пособие. – М. Гардарики, 2002. – 419 с.
84. Айтбайұлы Ө. Ұлт мәдениетінің хан тәңірі // Ана тілі. –2012. – № 43.
85. http://kazakhadebieti.kz
86. Лаптев И. Материалы по казах-киргизскому языку. – М., 1900. – 300 с.
87. Абдиров М. Завоевание Казахстана: борьба казахского народа за независимость –Астана: Елорда. 2000. –302 с.
88. Қожакеев Т. Асылқожа Құрманбайұлы кім? // Сұхбат. –1995, мамыр 12.
89. «Қазақ» газетіндегі публицистика : «Жоғары оқу жүйесінде журналист даярлау мәселелері». // Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Қарағанды, 2004. – Б. 29-86.
90. Дулатова Г. Шындық шырағы. –Алматы: Мектеп, 1995. –211 б.
91. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы, 1995. – 300 б.
92. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Зерттеу. –Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
93. Жүсіпов Н. Қазақ фольклорын жинау мәселелері: XX ғасыр бірінші жартысы: оқу құралы – 2011. – 250 б.
94. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. –Алматы, 1990. – 200 б.
95. Мукушева Қ. «Publicism of the early 20th century: manuscripts of Maspkhur Zhusup»Man in India. –2017. 97(14): – P. 419-429.
96. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. –Алматы, 1990. – 200 б.
97. Копеев М. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары. Павлодар, 2006. –Т.8. – 276 б.
98. Дәуітов С. «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». Таңдамалы. –Алматы: Ғылым, 1990 – 360 б.
99. Шалғымбаева Ж. Қыспақ көрген кітаптар // «Мәдениет» газеті, – 1993. №13.
100. Қалижан У. Мәшһүр Жүсіп . –Алматы: Атамұра, 1998. – 290 б.

101. Мечковская Н.Б. Общее языкознания. Уч.пособие для студентов фил. и лингв. специальностей. – М.: Флинта: Наука, 2001. – 312 с.

102. Бектурова Ж.Б. Функционально-семантическое поле «пространство» – Алматы: АГУ им. Абая, 1999. – С.113-118.

103. Мукушева Қ. «ДАЛА» концептісінің деңгейлік, тұлғалық және әдеби тілде вербалдануы. Бекхожин оқулары республикалық ғылыми -тәжірибелік конференциясы және студенттер мен жас ғалымдардың "Жас зерттеушілер" атты ғылыми форумы. – 2014. –№ 2. – Б. 222-226.

104. Иманалиева Р.Б. О когнитивном аспекте этнолингвистических исследований. Материалы международной конференции, посвященной памяти проф. М.М. Копыленко, –А. 1999. – с. 45-51.

105. Топоров В.Н. Пространство и текст: исследования по этимологии и семантике. –М.: языки славянской культуры, 2005. –Т.1. – 792 с.

106. Карымсакова Р., Смагулов Г. Казахский язык: страноведение через фразеологизмы. – Алматы: Жибек жолы, 1996. – 176 с.

107. Нефедова Е.А. Экспрессивная лексика языковой личности: спекты ее лексикографического описания – М.: Наука, 2003. – 451 с.

108. Мостепаненко А.М. Проблема универсальных свойств пространства и времени, – Л., 1969. – С. 36-37.

109. Наурызбаева А.Б. Гуманизм как концепт антропологического дискурса культуры: автореф... док. философ.наук. – Алматы, 2003. – 56 с.

110. Уалиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы.–Алматы, 2010. – Т.2. – 496 б.

111. Шакенова Э. Художественное освоение мира. Кочевники. Эстетика. –Алматы: Ғылым, 1991. – 62-93 с.

112. Абишева К.М. Казахско-русские языковые контакты, вопросы ассимиляции иностранных слов в системе реципиента: социолингвистический аспект. – Алматы: РИОВАК РК, 2000. –276 с.

113. Гумилев Л. Тысячелетие вокруг Каспия. – М.: Айрис-пресс, 2003. –. 384 с.

114. Маняпова Т.Қ. Лингвоспецифический компонент языковой картины мира. //Вестник Павлодарского государственного университета им.С.Торайгырова. – Павлодар: Изд-во ПГУ, 2005. – № 4. – С. 77-80.

115. *Алтынсарин* Ы. Тағлым: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 355 б.

116. Масанов Н.Э. Особенности кочевого хозяйства казахов // Культура и история: проблемы, перспективы. – Алматы: Ин-т философии МН-АН РК, 1997. – С. 112-132.

117. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы әдебиет тарихының мәселелері. –Алматы, 1958. – 404 б.

118. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Жанұзақов Т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

119. Кодар А. Мировоззрение кочевников. Культурные контексты Казахстана. // сост. А. Кодар, З. Кодар. – Алматы: Ниса, 1998. – С. 56-66.

120. Акатаев С. О специфике культуры кочевья // Кочевники. Эстетика. – Алматы, 1993. – С. 208-237.

121. Бичурин Н.Я. Собрание сведений. –М.: Айрис-пресс, 2002. 4.1. –229 с.

122. Бокейхан А.Н. Исторические судьбы киргизского края. Культурные его успехи. – Алматы, Қазақ Энциклопедиясы, 1995. – С.45-65.

123. Бектурова Ж.Б. Фунционально-семантическое поле «пространство» в русском и казахском языках. – Алматы: АГУ им. Абая, 1999. – 113 с.

124. Гачев Г.Д. Национальные образы мира: курс лекций – М.: Академия, 1998. – 426 с.

125. Турганбаева Л.Р. Очерки истории материальной культуры и дизайна. – Алматы: ФСК, 2002. – 448 с.

126. Масанов Н.Э. Феномен кочевого общества казахов. Культурные контексты Казахстана: история и современность // сост. А.Кодар, З.Кодар. – Алматы: «Ниса», 1998. – С. 46-55.

127. Карутц Р. Среди киргизов, туркменов на Мангышлаке. – СПб., Изд-во Девриена, 1910. – 107 с.

128. Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. филол. ғыл. док...автореф. –Алматы, 2004. – 49 б.

129. Акатаев С. О специфике культуры кочевья: Кочевники. Эстетика. – Алматы, 1993. – С. 208-237.

130. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармалары. Екі томдық жинақ.– Алматы: Ғылым, 1977. – Т.1. –375 б.

131. Мукушева Қ. Қазақ тілдік бейнесіндегі «Дала» концептісінің дүниетаным мәдени ерекшелігі.Общественные науки в Синьцзяне. – Бейжің. 2014 – Б. 33-36.

132. Сейдімбеков А. Геродот. Қазақ әдебиеті. –19946 – қазан 24.

133. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. Оқу құралы, – Алматы, Қазақ ун-ті, 1998. – 203 б.

134. Молдабеков Ж. Қазақ осы мың өліп, мың тірілген. –Алматы: Санат, 1998. – 325 б.

135. Лотман В. Миф-имя-культура (Совм. с Б.А.Успенским) Учен.зап.Тарт.гос.ун-та. –1973. – 308 с.

136. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. –Алматы: ҚазМУ, 1988. –Т.3. – 480 б.

137. Аязбекова С. Ш. Картина мира этноса. Коркут ата, философия музыки казахов. – Алматы, Ин-т философии и политологии МОиН РК, 1999. – 285 с.

138. Алпамыс батыр хикаясы. Төрт батыр. Қазақ қаһармандық эпосы, – Алматы: Жазушы, 2003. – Т.2. – 192 б.

139. Гегель Г.В. Феноменология духа – М.: Основы, 2004. – 398 с.

140. Акатаев С. О специфике культуры кочевья –Алматы: Эстетика, 1993. – С. 208-237.

141. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. –Л., Наука, 1974. – 727 с..

142. Сұлтанов Қ. Қазақтың жаңа дәуірі: публицистикалық, саясатнамалық мақалалар, естеліктер – Астана: Елорда, 2010. – 224 б.
143. Журнал «Аманат», Алматы: Раритет, 2001. № 1. – 210 б.
144. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ.Орхон ескерткіштерінің толық атласы. KULTEGIN. – АСТАНА: Күлтегін, 2007. – 360 б.
145. «Мәшһүр Жүсіп» Шығармалары. Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2004. – 450 б.
146. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.
147. Даль В.И. Толковый словарь русского языка. – М., Академия, 2000. – с. 623
148. Рубрук В. Путешествие в восточные страны Вильгельма. 1253 – Алматы, Гылым, 1993. – С. 76-173.
149. Кестль Д. Дневник путешествия из Оренбурга к Абулхаир хану Киргиз-Кайсацкой Орды. в 1736-м г. – Алматы, Жибек жолы, 1998. – 152 с.
150. Малова С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.: Л., 1961. – С.34-38.
151. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алма-Ата: Казахстан, 1966. – с.268
152. Залесский Б. Жизнь казахских степей. – Алма-Ата: Өнер, 1991. –с.168
153. Аймауытов Ж.Шығармалар жинағы – Алматы,Ғылым,1996.Т.1.– 512 б.
154. Ауэзов М. Времен связующая нить. – Алма-Ата, 1972. – с.112
155. Гумилев Л. Тысячелетие: вокруг Каспия. – Москва, «Айрис-пресс», 2003. – с.384.
156. Кәкішев Т.Сұлтанмахмұттың Айқаптағы қаламгерлігі хақында /Ақиқат – 1993. №6.
157. Әлімжанов Т. Жаушы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 367 б.
158. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 томдық. – Алматы, 2011. – Т.5. – 752 б.
159. Гумбольдт В. Характер языка, характер народа. Язык и философия культуры – Москва, Прогресс, 1985. – с. 451
160. Молтобарова К. Специфика отражения конкретных проблем науки в казахской культуре / сост. А. Кодар, З. Кодар. – Алматы: Ниса, 1998. – С. 124-128.
161. Сабитов А.Р., Турганбаева Л.Р. Пространственное представление «равнина» как невидимая сфера, круг, восьмиугольник // Межвузовский сборник научных трудов, посвященных 20-летию КазГАСА: В 2-х ч. – Алматы: 2000. – С. 83-89
162. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры // Евразия. – 2001. –№ 2. – С. 91-138.
163. Мухамбетова А.И. Пространство и время кюя. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 229-235.
164. Мукушева Қ.С. Суреткер позициясындағы «Дала» концепті.// Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. 2016. № 3 (112)
165. Майлин Б. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1988. Т.3. – 320 б.

166. Сейфуллин С. Шығармалар // 6 томдық. – Алматы, 1964. – Т.6. – 130 б.

167. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / В.А.Маслова - М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 259 с.

168. Алефиренко Н.Ф. Методологические основания исследования проблемы вербализации концепта // Вест. ВГУ. Серия Гуманитарные науки, 2004. – № 2. – С. 60-66.

169. Маняпова Т.Қ. Этапы концептуализации и вербализации концептов. Вестник КазНУ им.Аль-Фараби. – Алматы: Изд-во КазНУ им.Аль-Фараби, 2005. № 8 (90), – С. 77-80.

170. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.

171. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

172. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы, 1991 – 150 б.

173. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 272 б.

174. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова. Алғашқы қарлығаштар. Құрастырған Д. Дәуренбекова. – Алматы: Қазақстан, 1993. – Б.17-29.

175. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. Психология, жанжүйесі мен өнер таңдау. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т.4. – 382 б.

176. Қалижан У. https://egemen.kz/-zhiyrma-bes-zhyl-zhenister-men-zhemister

177. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрі. – Алматы, 2004. – 270 б.

178. Байменова Б. М.Жұмабайұлының педагогикалық мұрасы.Ұлт тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 185 б.

179. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –Алматы: Ататек 1995. – 256 б.

180. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения. М.: Педагогика, 1988. – Т.2. – 496 б.

181. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Әл-Фараби баспасы, 1995. – 461 б.

182. Қалиев Қ. М.Жұмабаев педагогикалық көзқарастар. Этнопедагогика. –Астана. 2003. – 326 б .

183. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.

184. Ж.Аймауытұлының әсемдік әлемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 320 б.

185. https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/44612/

186. Әбдешев Б. Мағжан Жұмабаевтың публицистикасы . Ақиқат. 2000. № 7. – 376 б.

187. Әбжанов Х. Шәкәрім қажының бес сауалы және ұлттық элита. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Әл-Фараби баспасы, 2006. – Б. 108-116.

188. «Мәшһүр Жүсіп» Шығармалары. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2004. – Т.3. – 305 б.

189. Дербісәлиев Ә. Ислам және заман. – Алматы, 2003. – 560 б.

190. ШоқанУәлиханов. Таңдамалы. – Алматы, 1980. – 200 б.

191. https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru

192. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. – 300 б.

193. Назарбаев Н. Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі. –Астана: Жібек Жолы», 2012. – 425 б.

194. http:// www.madenimura.kz/ru/

195. Әбілов Д. «Жұлдыз» журналы. 1992. №12. – 124 б.

196. Мусаева Ә. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық жағдайы. Қазақстан тарихы мен этнологиясының мәселелері.
–Қарағанды, 2001. –140 б.

197. Тынышбаев М. Қазақтар және азаттық қозғалысы // Жұлдыз. – 1992. №8. – Б. 144-145.

198. https://goo.gl/VY8GF3

199. http:/ www.bayanaul.pavlodar,gov.kz/

200. Торайғыров С. Алашұраны: таңдамалы шығармалары /– Алматы: Жазушы, 2004. – 251 б.

201. *Кожакеев* Т. Из истории казахской молодежной печати. –Алматы, 1999. – 320 б.

202. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: Алматы: Сөздік, Т.10. – 500 б.

203. Зиманов С. Общественно-политические воззрения Ч.Валиханова – Алматы: Арыс, 2009. – 365 с.

204. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құрастығандар: З.Ахметов, Г.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

205. Тұрысбек Р. Ар айнасы. – Алматы: Қазақ университеті,2000. Т.2. – 578 б.

206. Қазақстан ғылымы: энциклопедия / бас ред.: Б.Жақып –Алматы, 2009. – 544 б.